

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫ**

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ӨНЕРДІҢ РОЛІ МЕН ОРНЫ**

Алматы, 2017

УДК
ББК

*ҚР БжҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

Жалпы редакциясын басқарған:

Анар Еркебай – өнертану кандидаты

Пікір жазғандар:

Гүлмира Мұсағұлова – өнертану кандидаты, доцент

Меруерт Жақсылықова – өнертану кандидаты

Мүмкіндігі шектеулі жандар шығармашылығындағы өнердің ролі мен орны. – Ұжымдық монография. – Алматы, 2017. – 194 б.

ISBN

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салалары бойынша жүргізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулер аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жас ғалымдары дайындаған «Мүмкіндігі шектеулі жандар шығармашылығындағы өнердің ролі мен орны» ұжымдық монографиясы Қазақстан өнеріндегі мүмкіндігі шектеулі азаматтардың шығармашылығына арналған.

Бұл еңбек қазақ өнерін зерттейтін мамандарға, мәдениеттанушыларға, арнайы орта және жоғары өнер оқу орындарының студенттері, театр өнері мен мәдениетінің тарихына қызығушылық танытатын жалпы жұртшылыққа арналған.

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2017

КІРІСПЕ

Өнер – дүние тану тәсілдерінің бірі, ол болмысты тұтастай ғана емес, нақтылаған нәзік айшықтармен көрсетеді. Бұл кез-келген адамның дүние танымын, руханиятын және сезімталдығын қалыптастыратын орта. Өнер – танымдық-сезімдік және тәрбиелік бірліктің көрінісі. Яғни өнердегі таным мен тәрбиенің үйлесімді қатынасы адамның өз тіршілігінің мәнін түсінуі, оның жеке басының жан-жақты дамуы үшін қажетті фактор болып табылады.

Адам мүгедек болып қалғандағы төтенше жағдай оның рухани қуатын арттырады және тығырықтан шығуына жол сілтейді. Тығырықтан шығудың мұндай жолы өнермен шұғылдану. Өнердің қуатты күші адамды сұлулық пен мінсіздікке жетелейді және мұнды ойлардан сейілдіреді. Шығармашылықтың өмірлік маңызы бар түрлі қасиеттерді жетілдіретін, адамның жеке басының бағасын арттыратын, көркемдік қырын ашатын, қарым-қатынас дағдыларын дамытатын, белсенді өмірлік көзқарасын қалыптастыратын ғажап білімдік және шипагерлік күші бәрімізге белгілі.

БҰҰ-ның мәліметтеріне қарағанда, жер бетінде тұратын әр оныншы адам мүгедек. Бұдан тыс, Бүкіләлемдік денсаулық ұйымының (БДҰ) мәліметтеріне сәйкес, әлемде 20% баланың психикалық нормадан паталогиялық емес шектегі ауытқушылықтары бар. Сондықтан дені сау адамдардың мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген көзқарасы, қарым-қатынасы өте өзекті мәселе болып отыр.

Өзіміздің ресми мәліметтеріне сүйенсек, бүгінгі таңда елімізде 563 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрады, бұл жалпы халқымыздың 3 пайызын құрайды. Оның ішінде 58 мыңы мүгедек балалар. Әрине олардың тағдыры әртүрлі, біреулері туа бітті кемтар атанса, енді біреулері тағдырдың тәлкегін басынан кешіріп отыр. Ал, осындай адамдарға қамқорлық көрсету – қоғамның үлкен парызы. Бүгінде мүгедектік және мүгедектерді әлеуметтік қолдау ұғымы өзгеріп, жанаша іске асырылу қолға алынды. 2015 жылы Қазақстан мүгедек адамдардың құқығы туралы Конвенсияны ратификациялады. Соған сай, мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты халықаралық стандарттарға сәйкес міндеттерді қолға алды. Сонымен қатар, «ҚР мүгедектердің құқығын қорғауға қатысты заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы» заң және 2012-2018 жылдар аралығында мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау және өмір сапасын жақсарту мақсатында бағдарлама қабылданды. Яғни, егер бұған дейін Үкіметтің алдында тек әлеуметтік төлемдерді уақытылы төлеу мәселесі ғана тұрса, қазіргі таңда бұл міндеттің ауқымы кеңейіп, мүгедектерді оналту, оларды қоғамға кіріктіру мәселелерін де қамтиды.

Оларды қоғамдағы тіршілік жағдайларына әлеуметтік машықтандыру және машықтарын қалпына келтіру мәселелері қазіргі қоғамның маңызды және өткір мәселелерінің бірі болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға деген қатынастағы елеулі өзгерістерге орай, соңғы кезде аталған мәселенің маңызы ерекшелене түскендей. Мүгедектік мәселелері тұтастай қоғамның мәселесі ретінде қарастырыла бастады. Соның ішінде әлеуметтік машықтану немесе қоғаммен қосылу – адамның түрлі әлеуметтік әдістер көмегімен өзгермелі ортаға белсенді түрде дағдылану үрдісі болып табылады. Дұрыс әлеуметтік дағдыланудың көрсеткіші жеке адамның аталмыш ортадағы жоғары әлеуметтік мәртебесі, сондай-ақ оның осы ортаға тұтастай қанағаттануы болып табылады.

Қазіргі кезде әлеуметтік машықтану мен машықтарды қалпына келтіру барысында арт-терапияны қолданудың мол тәжірибесі бар. Әлеуметтік терапия мен психотерапия тәжірибесінде арт-терапия мейлінше кең тараған тиімді бағыт болып отыр. Нақтылап айтсақ, арт-терапия әлеуметтік-психологиялық технология ретінде әлеуметтік машықтану мен машықтарды қалпына келтірудің тұтастай кешенді міндеттерін шешуде үлкен роль атқарады. Шығармашылық тәсілдер мен бағыттар қатарына жататын арт-терапия, әлеуметтік жұмыста әлеуметтік терапияға кіретін инновациялық технология болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда мыңдаған мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады. Олардың көбі талапты, қалағанына қол жеткізуге ұмтылатын адамдар. Мемлекет басшысы өзінің халыққа арнаған «Мәңгілік ел» жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғам өмірінен тысқары қалып қоймауын, оларға қолдан келетін барлық жағдайды жасау қажеттігін айрықша ескерткен болатын. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі жандар арасында түрлі байқаулар мен фестивальдер жиі өтіп жүр. Бұл ерекше жандардың өз ойын жеткізу құралы болып табылатын шығармашылықтарына тосырқап қарамай, аяушылық танытпай, керісінше мейірім-шапағатпен қарап, лайықты бағалаған жөн болар. Өнердің құдіреті сонда – адамдарды бөліп-жармайды. Осы жандар арқылы отандық өнер толыға түсіп, дамуда. Театр, кино, музыка, бейнелеу өнері және әдебиет – адамның рухани жан дүниесін паш етеді. Мұндай іспен шұғылдану мүмкіндігі шектеулі жандар мен сау адамдар арасындағы шекті жойып, бір ықпалдастықта болуға әкеледі және қайғы-мұңнан арылтатын терапия да бола алады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің әлеуметтік және гуманитарлық ғылым салалары бойынша жүргізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулер аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жас ғалымдары дайындаған «Мүмкіндігі шектеулі жандар шығармашылығындағы өнердің ролі мен орны» ұжымдық монографиясы тағдырдың тәлкегімен мүмкіндігі

шектелген жандардың шығармашылығын жарыққа шығарып, сол кісілердің өміріндегі өнердің алатын орнына арналған.

Адамдар оқу, спорт, мәдениетте тең құқылы. Бүгінде қоғамдағы мәселе – кембағал жандарды қалыпты жағдайға түсіруден гөрі, айналадағы адамдардың оларға деген пікірін өзгерту болып отыр. Өйткені, зағиптық не денсаулығында ақауы бар адамдарға атақты, жетістікті, мейірімді, қарапайым болуға кедергісін тигізбейді. Ал саңыраулық – адамның әдемілікке құштарлығын жоя алмайды.

Егер өнер тарихына үңілетін болсақ атақты мәдениет қайраткерлерінің арасынан мүмкіндігі шектеулі адамдарды табу қиынға соқпайды. Олардың да басқа адамдар секілді қоғамның белсенді мүшесі бола алатындығын тарих дәлелеп отыр. Монографияда аттары жер жарған мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлемдік мәдениетке, ғылымға, өнерге және әдебиетке қосқан үлесі зерделенеді. Өздерінің дене зақымдарына қарамастан рухани құлдырамай, керісінше әлемді өздерінің өнерімен таңқалдырған қазақстандық мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірбаяндары мен шығармашылығы қарастырылған. Құлағы естімесе де, музыка тыңдай алатын, көзі көрмесе де, өлең жаза алатын, қолы жоқ болса да , сурет сала алатын мүмкіндігі шектеулі жандар арамызда көптеп саналады. Олардың да өздерін қоғамға қажет екендігін сезіндіру – біздің тікелей міндетіміз. Бұл ауқымды іс мерзімдік, науқандық іс болып қалмау керек. Сондықтан жарымжан адамдардың ішінде осы өнер жолына төселген, өз «мені» шығармаларынан көрінетін өнерлі жандарды іздеу, оларды көпшілікке танымал ету өте маңызды шаралардың бірі болып табылады.

Психология мен тифлопедагогика дәлелдегендей, мінсіз есту, ырғақты сезіне білу, түрлі бояуларды ерекше қабылдау, қиялмен суреттеп ойлау – жоғалтылған көру және өз бетімен қозғалу мүмкіндіктерінің орнын толықтырады. Нақ сол себептен, зағиптардың қатарында керемет жазушылар мен музыканттар, ал жүре алмайтын мүгедектер қатарында ерекше сәулетшілер мен суретшілер көп. Арнайы мектеп-интернаттар мен мүгедектер өндірістерінде хорда ән айтатын, аспапты ансамбльде ойнайтын, қолөнер көрмелеріне қатысатын, театр қойылымдарында ойнайтын көркемөнер үйірмелерінің өте кең тарағаны және танымалдығы да осының айғағы. Ағза дамудағы ауытқулар адамның бақытты болу құқығының жоқтығын немесе бақытты бола алмайтынын білдірмейді, қайта денсаулығы қалыпты адамдардан көрі нақ осы ауытқуы бар адамдар өмірді тереңірек түсінеді және сезінеді деп тұжырымдайды монография авторлары.

«Мүмкіндігі шектеулі жандар шығармашылығындағы өнердің рөлі мен орны» жобасын жүзеге асыруға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жас мамандары, театртанушы, өнертану кандидаты

А.С.Еркебай, кинотанушы, философия магистрі А.Мұратқызы, өнертанушылар, өнертану магистрлері А.Кенжекұлова мен Ә.Еспенова, филологтар, Институттың PhD докторанттары Г.Сәулембек пен Е.Сұлтан монографияның тарауларын жазды.

Ұжымдық монография өнертанушыларға, әдебиеттанушыларға, мәдениеттанушыларға, арнайы орта және жоғары өнер оқу орындарының студенттеріне, өнер мен мәдениетке қызығушылық танытатын жалпы жұртшылыққа арналған.

*Жоба жетекшісі
өнертану кандидаты Еркебай Анар*

І-БӨЛІМ

ТЕАТР МЕН КИНОДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫҢ ОРНЫ

Қазақстан мен шет елдердегі мүмкіндігі шектеулі жандардың мәдениет пен өнер арқылы ашық орталарда дамуы

Әлемде миллиондаған танымалда, дарында да емес, олар туралы мақала да кітапта жазбайтын мүмкіндігі шектеулі адамдар өмір сүруде. Бірақ олар құдайдың құтты күнін күреспен, тағдырларына берілмей, қиыншылықтарды жеңумен өткізеді. Олар – күн сайын, бүкіл өмір бойы ерлік істер жасап отырған данқсыз қаһармандар. Өйткені мүмкіндігі шектеулі жандар сау адам жеткен жетістіктерге жету үшін он мәрте көбірек күш салуы керек. Тағдыры ерекше адамдардың табыстарының құпиясы да осында – олар өз мүмкіндіктерінің барлық 100 пайызын колданады.

Десек те, әлем тарихына үнілсек денсаулығы нашар, мүмкіндіктері шектеулі болғанына қарамастан өздеріне жоғары талап қойып, қабілеттері зор актерлер, әншілер, суретшілер, бишілер, ақын-жазушылар, саясаткерлер мен ғалымдардың қоғамның дамуы мен өміріне үлкен әсерін тигізген адамдар аз емес.

Әлемдік мәдениет тарихында денсаулығында біраз ақаулары бар адамдар арасынан біраз мысал келтіруімізге болады. Көне грек ақыны, «Илиада» мен «Одиссея» авторы Гомер (зағип), немістің ұлы композитор Людвиг Бетховен (жасына қарай саңыраулық), француздық әртіс Сара Бернар (аяғының кесілгені), американдық музыкант Рэй Чарльз бен Стиви Уандер (зағиптар), американдық әртіс Марлин Матлин (саңыраулық, «Кіші құдайдың балалары» атты фильмде әйелдің ролін жақсы ойнағаны үшін «Оскар» сыйлығын жеңіп алған алғашқы және жалғыз саңырау әйел болды), американдық әртіс Кристофер Рив (сал), орыс суретшісі Григорий Журавлев (аяғы да, қолы да жоқ), жазушы Николай Островский (зағип және сал), американдық жазушы Елена Келлер (зағип және тілсіз), россиялық грузиндік әнші Диана Гудаевна Гурцкая (зағип).

Әлемдік тарихқа өшпес үлесін қосып кеткен қоғам қайраткерлерінің шығармашылығына тоқталсақ, олардың жұмыстарына, жеткен жетістіктеріне қарап еңбекке жарамсыз, зақымдалған, кемтар, байқұс, көмекті қажет ететін адамдар деп айтуға тілің бұралмайды. Олар – денелерінен рухы мың есе мықты нағыз толыққанды тұлғалар.

Альберт Энштейн (1879-1955) – математик әрі физик, когнитивтік процесінде үлкен қиындықтары болған (оқу, өмірді қабылдау, есте сақтау қабілеті төмен болды). Ол 7 жасқа дейін сөйлемеген. Мектепте

математика, жазу пәндерінен артта болды. Александр Грэхем Белл (1847-1922) – Бостон университетінің сөйлеу мүшесі физиологиясының профессоры, телефонды ойлап тапты. Белл телефонның көмегімен құлағы естімейтін балаларды сөйлетемін деп үміттеніп жасаған еді. Өзінің диагнозы – танымдық қабілеті төмен болды. Томас Эдисон (1847-1931) – американдық ғалым, өнертапқыш. Америкада 1093 патенттің, әлемнің басқа елдерінде 3000 патенттің иегері. Фонограф, телеграф, электр лампасын және басқа да мындаған біз күнделікті қолданып жүрген заттарды ойлап тапты. Сондай-ақ, телефон соққандағы бәрімізге үйреншікті «Алло» сөзінің авторы. Кішкентай кезінде оны «ақыл-ойы кем» деп мектептен шығарып жіберген. Қызыл (скарлатина) ауруынан кейін құлағы нашар естіді. Джордж Вашингтон (1789-1797) – АҚШ-тың тұңғыш президенті. Когнитивтік қабілеттері төмен болды, әріпті әрең танып, грамматиканы мүлдем үйрене алмай кетті. Франклин Делано Рузвельт (1882-1945) – АҚШ-тың 32-президенті және елді мүгедектер арбасынан басқарған алғашқы елбасы. Жұлын қабынуы ауруына шалдыққан (полиомиелит). Дэвид Бланкет (1947 ж.т.) – Ұлыбританияның саясаткері, туғанынан көзі көрмейді. Өзінің зағиптығына қармастан ол алты оқу орнын бітірді: Шеффилдтегі мектепті, Шропширдегі Корольдік колледжді, Шресберидегі техникалық колледжді, Шеффилдтік колледж бен университетті және Хадерсфилдегі педагогикалық колледжді. 56 жасында ол Англияның ең атакты саясаткері болды. Білім министрі және ішкі істер министрі қызметін атқарды. Стефен Хокинг (1942 ж.т.) – әлемдік деңгейдегі физик және математик. Бүкіл денесімен сал. Ғылыми қызметін компьютер арқылы жүргізеді.

Дәл сондай, өнерде де шексіз мүмкіндіктерімен тарихта қалған өнер тарландары қаншама. Франсииско Хосе де Гойя-и-Лусьеентес (1746 – 1828) – испан суретшісі, романтизм дәуірінің ең жарқын шеберлерінің бірі. 46 жасынан бастап саңырау. Марианна Кирхгесснер (1769 – 1808) – шыны гармоникасында ойнаған неміс орындаушысы. Төрт жасында көзі көрмейді, бірақ соған қарамастан 1791жылдан бастап бүкіл Еуропаны аралап өнерін көрсетеді. Сол жылы Марианнаның ойынын Вольфганг Амадей Моцарт естіп қалып, оның орындаушылық өнеріне тамсанып, оған арнап шыны гармоника, флейта, габой, скрипка мен виолончельге арналған екі кішкене пьеса – адажио мен Рондоны жазып береді. Бұл шығармалар Моцарттың камералық жанрдағы соңғы дүниелері болып есептеледі. Людвиг ван Бетховен (1770 – 1827) – неміс композиторы, вена классикалық мектебінің өкілі. 1798 жылдан бастап құлағы естімейді, бұл оның концерттік қызметін қысқартуына әкеледі. 1802 жылдан мүлдем саңырау болады. 1815 жылдан кейін концерттерді беруді мүлдем доғарады. Бірақ осы кезеңде ол өзінің ең танымал «Салтанатты мессасы» мен «Тоғызыншы симфонияны» жазып шығады. Бетховен еденнің дірілін

(вибрациясын) анығырақ сезіну үшін өз роялінің аяқтарын алып тастағаны белгілі. Сөйтіп ол есту аппараттарың жоқтығын осындай тәсілмен алмастырған дейді. Сара Бернар (1844 – 1923) – француз актрисасы. Көптеген танымал театр қайраткерлері, соның ішінде Константин Станиславский Сара Бернардың өнерін техникалық жағынан үздік үлгісі деп есептеген. 1914 жылы ол бір аяғынан айырылғанына қарамастан сахна өнерін тастамайды. Тіпті сексен жастағы актриса «Гүл таққан келіншек» қойылымында креслода отырып ойнап жүрді. [1]

Заман өтіп, уақыт өзгеріп, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі жандардың да өмірге деген талпынысы, қызығушылығы артып, өнер жолын таңдаған дарынды адамдардың мүмкіндіктері көбее түсті.

Андреа Бочелли – атақты итальяндық опералық әнші, Тоскана провинциясының Ладжатикода жерінде 1958 жылы дүниеге келген. Көзі көрмейтіне қарамастан ол қазіргі заман операсы мен поп-музыкасының ең танымал әншісінің біріне айналды. Ол классикалық репертуар мен қатар поп-балладаларды да керемет орындай алады. Селин Дионмен, Сара Брайтманмен, Эрос Разацоттимен және Эл Жарремен бірге дуэтпен ән орындады. Соңғысы онымен 1995 жылы «The Night Of Proms» әнін орындағаннан кейін «Мен әлемдегі ең әдемі дауыспен ән салу құрметіне ие болдым» деген екен.

Андреа Бочелли 6 жасында фортепианоны, ал кейін флейта мен саксафонды меңгерген. Кішкентайынан көз ауыруымен ауырған ол 12 жасында оқыс жағдайдың арқасында толық зағип болды. Өзінің анық байқалып тұрған музыкалық дарындылығына қарамастан Бочелли музыканы өзінің болашақ карьерасына жолдама деп қарамады. Ол Пизадағы заң факультетін бітіріп, доктор атағын алды. Сол кезден бастап Бочелли атақты тенор Франко Кореллимен өз дауысымен жұмыс жасап, сондай-ақ түрлі топтарда фортепианода ойнап ақша таба бастайды.

Бочеллидің әнші ретінде бірінші талпынысы 1992 жылы Зуккеро Форначиари «Miserege» әнінің демосын жазу үшін тенор іздегенінен басталады. Іріктеуден табысты өткен Бочелли Павороттимен дуэтте орындаған композициясын жазады. Форначиаримен 1993 жылғы бүкіләлемдік турден кейін Бочелли 1994 жылдың қыркүйегінде Моденада өткен Паворотти халықаралық қайырымдылық фестиваліне қатысты. Сондай-ақ, Бочелли Брайан Адамс, Андреас Волленвейдер, Нэнси Густавсонмен бірге қосылып ән айтты. 1995 жылдың қарашасында Бочелли Нидерланды, Бельгия, Германия, Испания мен Францияда «Night Of Proms» қойылымымен гастрольдік сапармен жүрді. Бұл қойылымда сондай-ақ, Брайан Ферри, Эл Жарре, Supertramp-тан Роджер Хлдгсон және Джон Майс қатысты.

Бочеллидің «Andrea Bocelli» (1994) мен «Bocelli» (1996) атты екі дискісі тек опералық орындауындағы әндерді құраса, үшінші дискі

«Viaggio Italiano» танымал опералық ариялар мен дәстүрлі неопалитандық әндерден тұрды. Бұл CD тек Италияда шыққанына қарамастан ол 300 000 данамен таралды.

Төртінші «Romanza» (1997) альбомы поп-әуенді қамтып, ішінде Сара Брайтманмен дуэтте орындалып танымал хитқа айналып үлкен танымалдылыққа «Time To Say Goodbye» ие болды. Бұдан кейін Бочелли табыс пен ақша әкелетін поп бағытын ұстап 1999 жылы өзінің бесінші «Sogno» альбомын шығарды. Бұл альбомге оның Селин Дионмен дуэтте оындаған «The Prayer» әні енді. Синглде шыққан бұл ән АҚШ-та 10-миллиондық данамен тарап оның орындауы үшін Бочелли Golden Globe Awards алып, «Best New Artist» категорисында Grammy жүлдесіне ұсынылды. Соңғы альбомы «Ciele di Toscana» 2001 шықты.

Андреа Бочелли поп-музыка мен операны бірге байланыстыра білген ерекше әнші. Бес құрлықта жиырма төрт миллион таралыммен сатылған компакт-дискілердің өзі әншінің танымалдылығын байқатады.

Дауысы Сан-Ремо әндерімен мелодраманы ұштастыра білген итальяндық әнші бүкіл дүниежүзін жаулап алды. Ол әрдайым Германияның хит-парадтарына қатысты. АҚШ-та тұлғалық табынушылыққа айналып, тіпті кезіндегі президенті Билл Клинтон өзін Бочеллидің жансүйерімін деп, өлеңдерін жатқа айтып, Ақ үйдегі іс-шаралар мен демократтармен кездесулерде ән айтуға қонаққа шақырған.

Көп кешікпей дарынды музыкантқа Рим Папасының да көңілі ауады. Әулие әке өзінің жазғы резиденциясында Бочеллиді қабылдап оның орындауындағы 2000-жылдықтың әнұранын тыңдап өз батасын берді.

Оның репертуарындағы әр орындаған әні бірден танымал болып отыр. Россини, Верди, Пуччини ариялары («Богемадан» «Che gelida manina» бастап «Турандоттан» «Vincero» дейін) әншінің репертуарында берік орын алды. Соңғысы Бочеллидің арқасында барлық американдық дантистер конгресінде «My way» әнінің орнында орындала бастады. Газтано Доницеттидің «Махаббат сусынындағы» Неморино бейнесінде шығуы да («Любовный напиток»), Энрико Карузоның «O sole mio» мен «Core 'ngrato» әндерін орындауда әр әнге жанаша тыныс берді.

Бочелли өз танымалдылығын зағип болғанының арқасында жетті дегендер де аз болмады. Әрине, оның көзі көрмейтіні тағдырына үлкен сын болумен қатар, оның табысына, тағдырында үлкен роль де ойнады. Дегенмен де, ең негізгі факт – оның дауысының халыққа ұнауы болып отыр.

Бочеллидің танымалдылығына оның қайсарлығыда себеп болып отыр: ол шаңғы тебеді, ат спортымен шұғылданады, сонымен қатар ең бастысы өзінің зағиптығына қарамастап қарапайым өмір салтымен өмір сүреді. Ол бақытты отбасының отағасы, екі баланың әкесі. Бос уақытында Braille клавиатурасы бар компьютеріне отырып Л.Толстойдың «Соғыс пен

бейбітшілікті» оқуды ұнатады. Сондай-ақ, Андреа өзінің «Тыныштықтың әуені» атты автобиографиялық кітабын жарыққа шығарды.

Оның дауысының тембрінің көркемдігін жұртшылық мойындағанымен, жоққа шығарушыларда баршылық. «La Repubblica» газетінің музыка сыншысы Анджело Фолетти: «оның техникасы опера театрының сахнасында тұрып көрерменді жаулап алуға әлі жеткіліксіз. Оның техникасы микрофонға арналған» деп айтқан. Бірақ, қазіргі таңда микрофонмен ән айту жалпы тенденцияға айналып жатыр. Мәселен, Нью-Йорк Сити Опера әншілердің дауысын ұлғайта түсу үшін микрофондарды пайдалана бастады. Бұл Бачеллиге тек операмен айналысу үшін өте қолайлы болушы еді. Бірақ ол өзі бұны қаламай отыр. Ол қарапайым халық пен операны ары қарай байланыстырып жүруші болғысы келеді.

«Мен операны орындағанда ақша жағынан табысым едәуір аз әрі көптеген мүмкіндіктерден айырылам. Менің Universal дискографиялық фирмамда маған көпшілікке ұнайтын әндерді орындап бай болуға мүмкіндіктен айырылып отырғаныма қынжылады. Бірақ бұл мен үшін маңызды емес. Мен бір нәрсеге сенсем, сол ойымды соңына жеткізбей тыным таппаймын. Басында поп-музыка мен үшін маңызды болды. Өйткені бұл мені қалың бұқараға өзімді таныту үшін керек болды. Поп-музыка саласындағы табыссыз ешкім де менің тенорлығымды көрмес еді. Сондықтан да енді мен поп-музыкаға тек керекті уақытымды ғана арнаймын. Қалған уақытымның бәрін операға арнап, өзімнің маэстром Франко Кореллиден сабақ алып, дарындылығымды дамыта түсемін» – деп әнші соңғы сұхбаттарында айтып кетті.

Михаэль Кройцер – немістің атақты мим артисі, 1952 жылы туған. Кішкентай кезінде менингит ауыруымен ауырғаннан кейін естімей қалады. Жас кезінде хореографиямен шұғылданып, би мектебінде оқиды, сахна қозғалысы мен актерлік шеберлік бойынша дәріс алады. Бірде ол Францияның атақты мими Марсель Марсоның өнер көрсететінін және сол кезде бірінші рет «пантомима» сөзін де естіген еді. Марсель Марсоның пантомимасын көргеннен кейін бұл өнерге ғашық болып, бүкіл өмірін соған арнайды. Сөйтіп, Михаэль атақты париждік мимнің өзінен дәріс алады. Сонымен қатар, ол оның жалғыз саңырау шәкірті болды. «Өз өнерім арқылы мен өмірдің мәнін қалай түсенетінімді жеткізгім келеді. Мен бүгінгі уақытта маңызды тақырыптары: лириканы, пародия мен элеуметтік сынды пантомима тіліне аударамын» – дейді актердің өзі. Ол өзіне Йоми деген лақап ат таңдап алды. Оның пантомимасы керек әрі тілсіздер сөйлейтін ым-ишарадан мүлдем бөлек. Мим бүкіл денесімен жұмыс жасап, артистік тілмен керемет жеткізеді.

Өзінің виртуозды пантомималарының арқасында Йоми әлемге танымал болды. Бүгінгі таңда ол өзінің жеке бағдарламасымен дүниежүзінің ең күшті сахналарында өнерін көрсетуде.

1988 жылы Михаэль Кройцер Саарда халықаралық пантомима фестивалін ұйымдастырды. Ол «Тыныштықта үнсіздікті сындырып, көрушінің көзі арқылы оның жүрегіне жету» – деген актердің өзі ойлап тапқан ұранымен жүрді. Йоми Мүмкіндігі шектеулі актерлер шығармашылығының Еуропалық ассоциациясының мүшесін.

2009 жылы басталған «Мүмкіндігі шектеулі әлемдік өнер жұлдыздары – Ресейде» атты халықаралық жобаның шеңберінде Михаэль Кройцер 2011 жылы Ресейдің 18 қаласында гастрольдік сапармен өнерін көрсетіп, мүмкіндігі шектеулі адамдарға шеберлік-сыныптарын жүргізді.

«Әр елдің ым-ишара тілі әр түрлі болып келеді. Сондықтан құлағы естімейтіндер үшін бұл үлкен мәселе. Ал, пантомимада – проблема жоқ. Пантомима – халықаралық ым тілі, оны барлығы түсінеді» – деп мимнің өзі айтады. Оның бағдарламасында әлем классикасының үздік дүниелері, сонымен қатар Інжіл оқиғаларына негізделген пантомималар көп орын алады.

Марли Матлин Бет – АҚШ-тың танымал актрисасы, Иллинойс штатының Мортон-Гроув қаласында 1965 жылдың 24 тамызында дүниеге келген. 1 жас 6 айында қызылша ауыруынан кейінгі асқынудан оң құлағы мүлдем, сол құлағы 80 пайызға естімей қалады. Әке-шешесі сүйікті қыздарын басқа балалардан кем қылмай өсіреді. Дәрігерлердің кеңесіне қарамастан олар Марлиді саңырауларға арналған арнайы мектепке бермейді, оның орнына есту қабілеті бұзылған балаларға көмек беру бағдарламаларын қолданады. Ата-анасы кішкентай қызға өнерге деген қызығушылығын кішкентайынан баулиды. Олар оны әрдайым басқа естімейтін балалар кездесіп, ойнап, демалатын ICODA-ға (Саңырау әрі мылқау адамдарға арналған Халықаралық өнер орталығы) апарып жүрді. Осы Орталықта Марли 7 жасында «Оз елінің сиқыршысы» қойылымында Дороти бейнесін шығарды. Бұл оның алғашқы көлемді ролі еді. Осы рольден кейін кішкентай қыз кәсіби актерлікті армандай бастайды. Бірақ, ол қиялымен көкте қалықтамай, егер актерлік бұйырмаса басқа жағында қарастыруды мақсат етеді. Сөйтіп, Марли Иллинойстағы Харпер колледжінде қылмыстық заң ісін оқып шығады.

Оқуын бітіргеннен кейін де ол театр өнерін тастамайды. Сөйтіп «Кіші құдайдың балалары» атты пьесадағы Сара Норманның ролімен ол «Тони» театрлық сыйлыққа ие болады. Бұл жұмысы Матлинді танымал қылады. Оның кейіпкері құлағы естімейтін өзінің ұстазына ғашық қайсар қыз көпшіліктің жүрегін жаулап алды. Тіпті «Paramount Pictures» кинокомпаниясы бұл пьесаның киносын түсіруге шешім қабылдап басты рольге Матлинді шақырады. Студияның мүлдем бейтаныс актрисаға

басты кейіпкерді берген қауіпті ісі оң болып шығады. Бұл роль Матлинг «Алтын глобус» (1987) пен «Үздік әйел бейнесі» номинациясы бойынша Оскарды (1987) сыйласа, фильмінің өзі бокс-офистің (кассалық жиналым) хитіне айналады. Ол кезде актриса бар-жоғы 21 жаста еді. Сөйтіп ол әлемдік кинематография тарихындағы дебюттік ролі үшін Оскар алған төрт актрисаның бірі болды.

Бұдан кейін Матлиннің кинокарьерасы өрге көтерілді деп айту қиын. Қайта керісінше, оны киноларға шақырмауының себебінен актриса тіпті депрессияға ұшырайды. Ол түскен «Уолкер» фильмін сыншылар қатты сынға алуынан киноға түсуді доғарады. Қаржы жағынан да жағдайы төмендеп кетеді. Осындай жағдайларға байланысты актриса экраннан телевидениеге ауысады. «Тыныштыққа көпір» драмасында алғашқы сөзі бар рольді ойнайды. Ал, «Against Her Will: The Carrie Buck Story» телехикаясында Матлин саңырау емес, бірақ ақыл-есі кемтар болса да баласын өз қамқорлығында қалдырғысы келетін әйелдің ролі бұйырады. Жалпы, актрисаның телевидениеде бағы жанды деуге болады. Ол төрт рет жоғарғы телевизиялық сыйлық «Эммиды» алды: 1994 жылы «Сайнфелд» пен «Семсершілер бекеті», 2000 жылы «Тәжірибе», ал 2004 жылы «Заң және тәртіп: Арнайы корпус» сериалдардағы ролі үшін. Ол 1991-1993 жылдар аралығында шыққан «Негізделген күдік» атты чикаголық криминалды сериалдағы ролі «Алтын глобус» сыйлығын эпеперді. Актрисаның жетістіктері оған «Батыс қанаты» атты танымал сериалдың продюссері әрі жасаушысы Аарон Соркинге батыл түрде хабарласып, сол жобаға қатыса алатынын дәлелдеп беруіне батылдық берді. Бастапқыда Джои Лукас атты кейіпкер қарапайым орындаушыға арналған еді, бірақ кейін бұл рольді арнайы құлағы естімейтін Матлин үшін қайта жазылды.

Марли Матлин тек актерлік шеберлігімен ғана емес, сондай-ақ ол жазушылық жағынан да танылды. Ол «Deaf Child Crossing» атты балаларға арналған романды, кейін оның жалғасын «Nobody's Perfect» және өзінің мемуарларын жазды.

2008 жылдың басында ол саңырау адам үшін өмір қойған тосқауылдарды ары қарай жеңіп, «Жұлдыздармен би» шоуының алтыншы маусымына қатысады.

Марли әйел бақытына да ие болды. Жолдасы полиция офицері Кевин Грандаласкидан Сара Роуз, Брэндон Джозеф, Тайлер Дэниел және Изабель Джейн атты төрт балалары бар. Барлығының да анасының айықпас дертінен сау, құлақтары естиді.

Марли Мэтлин өнердегі жетістіктері үшін Голливудтағы «Даңқ аллеясындағы» өзінің жеке жұлдызына ие болды.

Судха Чандрен – атақты үнді бишісі, 1963 жылы дүниеге келген. 3 жасынан бастап классикалық биді меңгере бастайды және сыныбындағы ең

үздік биші дәрежесіне көтеріледі. Бірақ, 1981 жылы 18 жасар Судха ата-анасымен демалыстан қайтып келе жатқанда жол апатына ұшырайды. Дәрігерлердің сауатсыздығынан оң аяғынан айырылады. Аяғына протез таққан жас қыз, тағдырына мойынсұнбай сүйікті биін ары қарай жалғастыруды ұйғарады. Үнді бишілері бүкіл әлемге өзінің жеңіл қимылдарымен, нәзіктігімен, аяқ-қолдарының әдемі суретімен ерекшеленетіні аян. Судха екі жылдан астам аянбай тер төгеді. Ақырында алдына қойған мақсатына өзінің би ұстазымен, физиотерапевтпен және ата-анасының қолдауымен, көмегімен жетеді. Сахнаға қайта оралған Судха туралы кинопродюссер Рамоджи Рао естіп оның өміріне негізделген кино түсіруді ұйғарады. Бастапқыда басқа актрисаны тағайындаған ол кейін бұл оқиғаны өз басынан өткерген Судханы шақыртады. Әрине, үнді киносының дәстүрі бойынша фильм мелодрама жанрында болып, оқиғаны шытырман қылу үшін қиял жүйріктігі де қолданылды. Сөйтіп, фильмде өмірде болмаған қатал өгей шеше, қалыңдығы аяғынан айырылғаннан кейін тастап кеткен жігіт сынды кейіпкерлер енгізілді. Фильм басты кейіпкердің есімімен «Маюри» деп аталып 1984 жылы режиссер Сингитама Шриниваса Раоның түсірілімімен телуға тілінде шықты.

Судханың осы алғашқы дебюты үлкен киноға жол ашты. Бірнеше фильмдерге түскен ол кейін толық телевидениеге кетіп, телехикаяларға түсіп, бағдарламалар жүргізе бастайды.

Көріп отырғанымыздай, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүмкіндіктері шексіз. Өздерінің тағдырына мойынсұнбай өнерді өмірінің басты құралына айналдырып, бүкіл әлемді өздеріне қаратып, шығармашылығымен тамсандыра алды.

Қазақстанда да тағдыр тәлкегіне ұшырап, аяқ-астынан мүгедек болып қалғанына қарамастан өмірге деген, өнерге деген құштарлығын жоғалтпай, қайта шығармашылықтарының жаңа қырларын ашып өмірлеріне сеніммен қараған жандар аз емес.

Мажит Сапарғалиұлы Бегалин (1922-1978) – кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1966), қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы Дегелең ауылында дүниеге келген.

Мәжит Бегалин соғыстан бір қолынан айрылып елге оралады. «Бір басқа – бір көз» дегендей бір қолым аман ғой, әйтеуір біреуден іргелі, біреуден кейін күн көрермін. Майданда қыршын жастар да келмеске кетіп жатқан жоқ па...» [2. 38 б.] – деп ата-анасына жазған хатында жұбатқан болады. Алматыда ол кезде «Мосфильм», танымал театрлар мен актерлер эвакуацияланып келген еді. Кинорежиссер болуды армандаған ол 1943 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық кинематография институтына (ВГИК) оқуға түседі. Аталмыш оқу орнына түспес бұрын әкесі Сапарғали Бегалинмен ақылдасады, көп ойланады. ВГИК-ке түсуі оның арманына бір қадам жақындағанының белгісі еді...

Ол атақты Сергей Герасимовтың шеберханасынан білім алады. Оқып жүріп танымал режиссердің ассистенті болып, «Жас гвардия» («Молодая гвардия») фильмін түсіруге атсалысады. Орыс кинематографистерінен көптеген тәжірибие жинақтайды, өзіне керек дүниелерді үйренеді. Оқу қабырғасында жүріп Мәжит Бегалин Бондарчук, Чухрай, Шукшин секілді алпауыт режиссерлермен дос болады.

1947 жылы ВГИК-ті бітіреді, ал 1950 жылы «Қазақфильмге» жұмысқа орналасады. Осы уақыттары режиссер өз саласының қыр сырына қанық болады. 1952 жылы Е. Дзиган «Жамбыл» фильмін экрандайды. Аталмыш фильмге Мәжит Бегалин екінші режиссер қызметін атқарып, екі жыл киностудияның көркемдік жетекші қызметінде болады.

Ал оның дебюттық жұмысы 1953 жылы шыққан «Бұл Шұғылада болған еді...» атты фильмі болды. Алғашқы жұмысы болғандықтан фильм режиссерге шығармашылық тұрғыдан қанағаттанарлық сезім әкеле қоймады. Кинокартинаға жазушы-драматург Әбділдә Тәжібаев сценарий жазады. Фильмнің қоюшы суретшісі Құлахмет Қожықов болды. Ыдырыс Ноғайбаев, Кененбай Қожабеков, Серке Қожамқұлов, Сәбира Майқанова, Шахан Мусин сынды актерлер түрлі кейіпкерлерді сомдаған.

Режиссер Мәжит Бегалин институт қабырғасында жүргенде Шоқан Уәлиханов туралы фильм түсіруді көп армандады. Арманын жүзеге асыру мақсатында талай ізденіп тер төкті. Бұл арманына әкесі Сапарғали Бегалиннің ықпалы мол болатын. Өйткені жазушы Шоқан өмірі мен ғылыми жолын тыңғылықты зерделеп, зерттеген. Әке жұмысын, ендігі жерде режиссер, кино тілінде сөйлетуді, бейнесін көрсетуді өзіне мақсат тұтты. Сөйтіп 1957 жылы «Оның уақыты келеді» атты биографиялық фильмді дүниеге әкеледі. Фильм төңірегінде айтылған оңтайлы пікірлер кинокартинаның сәтті шыққанын аңғартса керек. Ғалымның сырға толы портретін, асқақ арманын фильм барысында аңғару қиын емес. Шебер актер Нұрмұхан Жантөрин ғалым Шоқан бейнесін шынайлықпен көрсете білді.

Кешегі алыптар шоғырында Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаевтармен бірге классикалық дүниелер жасап, ұрпақ игілігіне қалдырды. Мәжекең Шоқан Уәлиханов, Мәншүк Мәмбетова, Бауыржан Момышұлы туралы көркем туындылар жасады. Ал, «Тұлпардың ізі» фильміне мал баққан қарапайым шаруа отбасының өмірін арқау етті. Режиссер ең алдымен адам жанының тылсым сырларына үңілді десек, жаңылыспаймыз.

Өз замандастары туралы «Бұл шұғылада болған еді» (1955), «Жерге қайта оралу» (1959), «Тұлпардың ізі» (1964) атты көркем фильмдерін түсірді. Жоғарыда айтып өткендей, Ш.Уәлиханов туралы «Оның күні туады» (1957) картинасын түсірді, Б.Момышұлы жайындағы «Ел басына күн туса» фильмі сценарийінің авторы әрі қоюшы режиссері болды.

Мәжит Сапарғалиұлы Бегалин – қазақ өнеріндегі ұлы тұлғалардың бірі. Ол ұлттық киноның дамуына сүбелі үлес қосты. Басқа режиссерлерге ұқсамайтын, тек өзіне ғана тән қолтаңбасы бар шеберлік иесі. Бұл ерекшелік оның түсірген барлық фильмдеріне тән еді. Ол ұсақ-түйек, жеңіл-желпі туындыларды түсіре салудан аулақ болды. Алдына үнемі зор міндет қойып, әлеуметтік маңызы бар тақырыптарға барды. Ол туған елі мен Отаны үшін от кешкен қаһарлы күндерде қайыспаған қаһармандарды асқақтықпен жырлап, биік өнерге қол созған ардагер азамат еді.

Кененбай Молданұлы Қожабеков (1928 – 1988) Алматы облысы, Жамбыл ауданының Ақсеңгір ауылында дүниеге келген. Қазақстанның халық артисі. Кененбай Қожабеков – қазақ өнеріндегі, қазақ театры мен киносындағы елеулі тұлғалардың бірі. Арбаға ерте таңылғанына қарамастан, бар өмірін кино өнеріне арнады. Образ сомдауда, бейне жасауда қазақ кино өнеріндегі Кенағаның еңбегі өлшеусіз.

Анасынан ерте айырылып, балалық шағы ІІ дүниежүзілік соғысымен тұспа-тұс келген он бес жасар бозбала еңбекке ерте араласып, Алматы қаласындағы «Октябрьдің 20 жылдығы» атындағы зауытта слесарь, жүргізуші болады. Алайда ойламаған жерден Алматы қаласындағы үш жылдық актерлік мектепке шақырған афишаны көріп, бағын сынаған К.Қожабеков сол мектепке қабылданады. Сөйтіп, 1950 жылы Алматы театр училищесін бітірген. 1950-1961 жылдары республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында қызмет етті. Сол театрдың сахнасында ойнаған басты рольдері: Алдар, Ғани (Ш.Құсайыновтың «Алдар көесі» мен «Біздің Ғаниында»), Доброходов (М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсаринде»), Шагабудинов (Д.А.Фурмановтың «Бүліншілігінде»), Протей (Шекспирдің «Вероналық боз-баласында»), Әбдірахман (Н.Хикметтің «Әпендісінде»), т.б. Роль сомдауда кейіпкердің өзіне тән болмысына, мінез-құлқына қарай сахналық жаңа тәсіл, форма іздеуден жалықпады. К.Қожабеков өзі ойнаған жағымды немесе жағымсыз бейнелердің мінездерін қоюлатып, жаңа үн қосып отыратын. Мәскеуде өткен Бүкілодақтық Театр фестивалінде Шагабудинов пен Доброходов рольдерінің сәтті шығып, актердің лауреат атануы оның осындай ерекшелігінен болса керек.

К.Қожабековтың жан дүниесіне халқының бостандығы, азаттығы үшін басын қатерге тіккен халық ұлдары, қаһармандық тұлғалар жақын болды. ХХ ғасыр басында белең алған қоғамдық өзгерістің болашағын, төңкерістің қазақ халқы үшін маңыздылығын түсінген Ғани Мұратбаевтың есімі революционер, патриот ретінде тарихта қалды. Ұрпағына ақыл-парасатымен, ерлік істерімен белгілі Ғани Мұратбаевтың сахналық тұлғасы жарыққа шыққан уақытында жастарды рухтандырған рас. Ш.Құсайыновтың «Біздің Ғани» («Алғашқы ұшқындар»)

пьесасындағы Ғани ролін жалынды жігермен ойнаған К.Қожабеков ерліктің, қайтпас қайсарлықтың символына айналды. Ол – Ғани бейнесін қазақ сахнасында тұңғыш сомдаған актер. Қоғамдық істерге ерте жасынан-ақ араласқан, жаратылысы ерекше Ғанидың оңы мен солын тани білудегі зеректігі актердің парасатты ойынында жарқырай көрінді. Жалпы өзінің жазылу, қойылу кезеңінде көрерменін, әсіресе жастарды отаншылдыққа тәрбиелеген «Біздің Ғани» қойылымы театрдың да, К.Қожабековтың да ірі шығармашылық табысына айналды.

XIX ғасырдың аяғында қазақ жеріндегі сауатсыздықты жою, халықты білімге баулып, рухани байыту істерінде мол еңбек сіңірген, қазақ әліпбиін құрастырушы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық еңбегі орасан зор. Демократ-ғалымның ұлттық білім саласындағы өзіндік орны драматургиялық шығармаға өзек болып, «Ыбырай Алтынсарин» пьесасы жазылып шықты. Пьесада ағартушының «Білімдінің алар қамалы биік болмақ» идеясын түсінбеген Найзақара, Мықыбай тәрізді қарсыластармен бірге жақтастар да, нағыз достар да табылады. Соның бірі – Ыбырайдың рухани досы Доброходов. Бұл рольдегі К.Қожабеков құлдықты ғана кездейтін патшалық биліктің астарын түсіне біледі, революцияның орнауы, халықтың көзі ашық, сауатты болуы жолында өзінің бар мүмкіндігін пайдаланады, күш-жігерін аямайды. Доброходов – Қожабеков осы жолда қанша қиындық көріп, «қашқын» атанып жүрсе де өз принципін өзгерткен емес. Доброходов «қазақта тарих жоқ, тіпті болмаған» деген орыс отаршылдарына қарсы пікірін өзі қазақ тарихын зерттеу арқылы білдіріп, қазақ ұлтының өзіндік болмысын барынша нақты көрсетуге тырысады. Осы тұста талантты актер ізденісі өзге ұлт өкілінің қазақ ұлтына деген достығын, сол халықтың болашағына деген риясыз көңілін шынайы гуманистік тұрғыда көрсетіп берген. Үнемі Ыбырайдың жанынан табылатын Доброходов әліпби құрастырудың азапты күндерінде де, мектеп өртенген тұстағы қиын кезде де ғалымға сүйеу болып, пікірлестігін аңғартып отырады. К.Қожабеков кейіпкерінің осындай парасатын, адамгершілігін әрбір сахна, әрбір диалог сайын дамыта түседі. Сол кездегі қоғамдық-саяси көзқарастан туындаған екі жол, екі идея тартысында сауаттылықты, теңдікті насихаттаудан, алдағы өмірдің айқындығын айтудан жалықпайтын Доброходовтың сахналық тұлғасын актер көркемдік биікке көтерген.

К.Қожабеков осындай сахналық кейіпкерлермен бірге кинодағы бейнелеріне ерекше дайындықпен, олардың мінезін ішкі дүниесімен сезініп келетін. Кинодағы алғашқы жұмысы – «Аласталған Алитет» фильміндегі (1950) Аэнің ролі. Ол сонымен қатар «Жамбылда» Нәдірді (1952), «Шабандоз қызда» Айдарды (1955), «Бұл шұғылада болған едіде» Бақытжанды (1955), «Мазасыз көктемде» Атабаевты (1956), «Біздің әрқайсысымызда» Имашты (1961), «Менің атым Қожада» Әмірқұлды

(1963), «Қыз Жібекте» Сырлыбайды (1970), «Жаушыда» Манайды (1970), «Құлагерде» Батырашты (1972), «Қан мен терде» Алдабергенді (1978), «Қасқырдың апанында» Бабаханды (1984), тағы басқа фильмдерде көптеген бейнелерді ойнады. Актер әр кейіпкерінің жан дүниесін ашуда психологиялық тереңдікке, бейнелілікке жетті, типтік жинақтау үлгісін көрсетті. К.Қожабеков – кейіпкерлерінің түрлі мінез-құлқы мен ішкі жан дүниесін олардың психологиялық толғаныс-тебіреністері арқылы жеткізудің шебері. Ол үшін сахнада да, экран алдында да адам тағдырын моральдық тартыс үстінде шешу, адамдық-азаматтық рух бірінші тұратын. Актердің өнерге, кейіпкерге деген махаббатын киноға ешқандай дублер-орындаушысыз түскенінен-ақ байқаймыз. Аттан секіру, қасқырмен жекпе-жек айқасу көріністері актердің шынайы ойынымен өмірдің өзіне айналды. 1972 жылы Тбилисиде өткен V Бүкілодақтық кинофестивальда «Қыз Жібек» фильміндегі Сырлыбай ролі үшін әділқазылар алқасының «Драма өнерін экранда дамытуға сіңірген еңбегі үшін» атты дипломына ие болуы актердің ерен еңбегінің жемісі еді. «Халықтар достығы» орденімен, медальдармен марапатталды.

Кинодағы ең алғашқы ролі – «Аласталған Алитет» фильміндегі Аэден басталған. Осы фильмдегі қасқырмен алысқан азаматтың ерлігі мен «Біз Жетісуданбыз» фильміндегі жалынды жас Нартай болып, асудың үстіне екінші қабаттан секіріп мінетін қайтпас қайсарлығы көрерменнің көз алдында.

Өнердің асқар шыңына құлашын енді ғана кең сермеп, биік белесіне қанат қаққан сәтте мұзбалақ актердің қанаты қайырылды. Балалар мен жасөспірімдер театрынан шығып келе жатқан кезінде Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөрин үшеуіне көше басбұзарлары шабуыл жасап, жұлынына әлденеше жерден пышақ салып, омыртқасын зақымдайды. Осы бір қарғыс атқан 1960 жылдың 10 қаңтарын актердің өзі «құлап түскен күнім» деген екен. Сөйтіп, талантты актердің өмірлік арман-мұратына балта шабылды. «Арбамен сахнаға шыға алмайды» деп театр сахнасынан шеттетілген кезінде жанашыр азаматтар өнердің бір өрмегі сетігененін сезіп ерекше қынжылған еді. Сөйтіп, абзал достары Сұлтан Қожықов пен Нұрғиса Тілендиев бар күш-қажырын салып, талай есіктерге кіріп жүріп, ақыры киностудияға жұмысқа орналасуына көмектеседі. Кино өнеріне аяқ басқан актер тағдырдың басқа салған тәлкегіне қайыспай қарсы тұрып, өзін қайраттандырады. «Күндердің күнінде жүре алмай қаламын» деген үрей жанын жегідей жесе де, ол ешқашан өзін мүгедек санап, мойымайды. «Егер біз бәріміз» фильмінде суға ағып бара жатқан шопан мен қызын құтқаруда режиссер қанша үгітесе де, дублердің көмегіне сүйенбей, Сырдарияның қара күздегі мұздай суына өзі түседі. Француз актері Жан Поль Бельмандо, қытай актері Джеки Чан сондай қауіпті эпизодтарды өздері жасайды ғой.

Кененбай да ержүрек, қайсар, намысты азамат еді. Аяғы сырқат, жаны жаралы актер намысын қамшылап, осындай ерлікке барады. Соның салдары болуы керек, бір жылдан соң балдақпен жүруден қалып, біржола мүгедектер арбасына таңылады. Ойламаған жерден өмірінің астаңкестені шыққан актер ағамызды жан досы Сұлтан Қожықов: «Сен қалайша басқа өмір бастап кетпексің, сен үшін әлі де басты мәселе өнер болуға тиісті, әйтпесе өмір сүріп не керек?» деп сөзбен серпілтіп, тағдырына қарсы тұруына ерекше дем береді.

Көзкөрген адамдар Кененбай Қожабековті «Мүгедек болғанына карамастан, дені сау адамдармен тең қимылдаушы еді. Тұлпардың тізгінін ұстап атқа отырып, ол өзгелерге үлгі-өнеге көрсетті» дейді. Бұл орайда Кененбай Қожабеков – он екі мүшесі сау адам жасамайтын іс-әрекеттерге барып, мүгедектігі өнерге кедергі келтіре алмайтындығын ісімен дәлелдеген табиғи талант иесі. Ол шыншыл, ашық-жарқын адам болған.

Кененбай Қожабеков ұлттық театр сахнасы мен кино әлемінде өшпес із қалдырып, кейіпкерлерінің жан дүниесін ашуда психологиялық тереңдікке, бейнелілікке жетті, типтік жинақтау үлгісін көрсетті. Өнер саңлағының саф алтындай шеберлігін, шарықтап асқақтаған табиғи талантын, өмірін насихаттау – болашақ ұрпақ еншісінде. Кененбай аға Асқар Токпанов айтқандай, «аяғымен емес, жүрегімен жылжыған» нағыз тағдырды жеңген тарлан. Тума талантының есімін аялай білсе, елдің де мерейі биіктей берері сөзсіз. Оның өмірі – күрес, намыс үшін арпалыс.

Белгілі театртанушы, сыншы, профессор Әшірбек Сығай былай деп жазады: «Көзінің оты әлсіреген емес. Кененбай Қожабеков ағаны кино саласы арқылы таныдық. Ол кісінің киноларының бәрін кішкентайымыздан асқан құмарлықпен тамашаладық. «Шабандоз қыз» фильміндегі Айдарды ойнағаны менің жадымда жақсы сақталған. Айдарға еліктедік, Айдар болып атпен жүйіткіп, Айдар секілді ғашық болсақ дедік. Айдар сияқты мінезді, Айдар тәрізді тапқыр, ақылды болғымыз келді. Осының бәріне жетелеген – актердің қабілеті, таланты. «Қыз Жібек» фильмінде Сырлыбайды ойнады. Қандай кең, маңғаз, асықпай сөйлеп, байсалды шешетін, түйіліп отырып түйінін айтатын, қазақ сахарасының кеменгер, данагөй ақсақалының бейнесін жасады. Ол кісінің актерлік көзқарастары, психологиялық сәттерде толқымай, не асып кетпей, не кем түспей, өмірдің өзіндей етіп дәл беруі кез келген жағдайдағы жан дүние құбылулары актер ретінде мені ылғи тәнті ететін. Қазіргі Ғабит Мүсірепов атындағы академиялық жастар театрының негізін қалаушылардың бірі болды. Сондағы басты кейіпкерлерді ойнады. Сондай талантты адамның өнерін қиып тастаған қатыгездерге не айтуға болады? Қоларбаға отырып қалғандағы театрға деген ынтықтығын қарасаңызшы! Екі-үш жігіт көтере-мөтере қай театрдан болса да қалмайтын.

Екі көзі жалт-жұлт етіп, қайратты шаштарын қарымды қолымен қайырып тастап, қоларбада болса да, жан-жағына жұтына қарап отырған күйінде мен талай кездестірдім және өзіміз арбасын көтерістік те. Шын мәніндегі өнер адамы еді. Халық ұлы еді. Халық перзенті еді. Өнері мен өмірі қаншама қиындықта, қапыда, қиналыста жүрсе де, езуінен күлкі кетпей, жарқ-жүрқ еткен көзінің оты әлсіремей, өмірден құлшынып өткен жан. Мұқағалидың жырларын ақынды тірілткендей бір үн дірілдерімен, жан дірілдерімен, көркем поэзияны терең түсінуімен құныға оқитын. Домбыра шерткені қандай еді?! Өзі бір жайдары, жайбарақат, адамға іш тартып тұратын, кішіні кеудесінен итермейтін, үлкенді айналасынан алыс жібермейтін бір магнитизмі бар еді. Ол кісінің фильмдерін көрген сайын, ойнаған спектакльдеріне жазылған рецензияларды оқыған сайын қазақта Кененбай Қожабеков атты ақтангер, алып актердің болғанын тәубелікпен еске түсіріп, ол кісіні ылғи да сағынып жүреміз. Ұрпақ ұмытпайды. Шын мәніндегі өнердің сәйгүлігі болатын». Мұндай сағынышты төгілтіп айтылған керемет пікірден артық не дерсің?!

Өнер ағамызды бір жағынан емдеді де. Егер киноға түспей үйінде отырып қалса, баяғыда-ақ қартайып, өзін-өзі жоғалтқан болар еді. Киелі кино өнері ағамыздың өмірінің айтарлықтай ұзаруына себепкер болды. Иә, ол ірілі-ұсақты отызға жуық фильмге түсті. Бірақ жан жүрегінде бірнеше түрлі ауру диагнозы бар, екі аяғынан бірдей айырылған «Қазақ Островскийі» атанған Кененбай аға мүгедектігіне мойымады. Берік шыдамдылық, табандылық қана жеңістің, жемістің кепілі. «Мен үшін әр күн – арпалыс. Мен тән азабыма қарамастан елімнің зор жеңістіктеріне қуанамын. Қиындықты жеңгеннен артық қуаныш жоқ» деді абзал азамат. Кененбай Қожабеков жайында баспасөз беттерінде әңгіме, очерк, мақалалар жарық көрді. Бәрінде де айтар ой, түйер түйін – біреу. Ол – адамгершіліктің асыл қасиеттерін өз бойына дарытып, табиғи дархан дарынын өз халқына аямай жұмсай білді, қазақ азаматының биік рухын басқаларға адал еңбегімен, өрелі өнерімен көрсете алғандығы, адам баласының осыншалық ерік-күшінің молдығын, егер төзімділік жасаса ажалмен де айқасып, жеңіп шыға алатынын дәлелдеп шығуы, ең негізгісі – оның өмірге қайта оралуы.

Боранбаев Әнуар (1948 – 1999) – Қостанай облысы Амангелді ауданында дүниеге келген, Қазақстанның халық артисі (1998). 1970 жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының актерлік бөлімін бітірді. Ұзақ жылдар бойы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының актері болды. Алғашқы ойнаған рольдері – М.Әуезовтің «Түнгі сарынындағы» мұғалім Сапа мен Ә. Әбішевтің «Белгісіз батырындағы» Жандос. Әнуар Боранбаевтың актерлік шеберлігінің қалыптасуына М. Әуезов пьесалары бойынша қойылған спектакльдерде ойнаған рольдері ерекше ықпал етті. Олардың

ішінде «Қарагөздегі» Сырым, «Айман – Шолпандағы» Арыстан, «Қаракыпшақ Қобыландыдағы» Бірсімбай, «Еңлік – Кебектегі» Кембай, ұлы жазушы аударған У.Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Люченцио бейнелері – актердің үлкен шығармашылық жемісі.

Ал, актерді жаңа қырынан көрсеткен ролі – 1971 жылы Құдыс Мұқашевтың «Дала дастаны» қойылымындағы басты кейіпкері қазақтың аяулы ақыны Ілияс Жансүгіров еді. Әнуар Боранбаев албырт жас Ілиястың қызулығымен бірге, жан дүниесін, төңірегін қоршаған адамдармен қарым-қатынасын, оның бітім-болмысының қалыптасуын нанымды суреттеген. Мұнда жігері жалын атқан, шындықты бетке айтатын, әрі турашыл, әрі табиғатынан мейірімді адамның мінезі белгі-бедерлері біртіндеп қалыптаса бастағаны байқалады.

Бұл рольден кейін Әнуар ағамыздың жұлдызы жанды деуге болады. Сонда театрдың абызы атанған Серке Қожамқұлов: «Әнуар, жас болғанымен, талантының бастамасы тым тәуір. Өзіне тіл қатсаң беті ду етіп қызарып шыға келеді. Мінезі жібектей, даурықпа емес. Асылы осы жігіттен дуалы өнерпаз шығады. Аяқ алысы биязы болғанымен, ішкі сарайы күміс шашып тұр... Құдаш Мұқашевтің «Дала дастанындағы» Ілиясты ойнағанда мен осындай ой түйдім» – деп ойынына жоғары баға берді. Бұл сөздер жас актерге үлкен демеу болды.

Сондай-ақ, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен теріндегі» Еламан, Қ. Мұхамеджановтың «Біз періште емеспізіндегі» Жәкен, Ш. Айтматовтың «Ақ кемесіндегі» Момын шал мен «Ана – Жер-Анасындағы» Майсалбек, Т. Ахтановтың «Антындағы» Бөгембай, М.Әуезовтің «Қилы заманындағы» Тергеуші, С. Ахматтың «Келіндер көтерілісіндегі» Полковник, А.Н. Островскийдің «Жазықсыз айыптыларындағы» Незнамов, т.б. бейнелері актердің сахналық табыстары болып табылады. Боранбаев кинофильмдерге де түсіп, ірі экрандық бейнелерді сомдады. Мысалы, «Гаухартастағы» Тастан, «Біздің үй көгілдір таулар ортасындадағы» қойшы, «Түркісібтегі» Рысқұлов, т.б.

Өкінішке орай, Әнуар Боранбаев актерлік нағыз толыққан сәтте жазылмас дертке душар болады. Аяғына шыққан кішкентай қотырдың аяқ астынан асқынып, ақырында бір аяғынан айырылуына әкелді. Актер үшін бұл үлкен трагедия болды. Тәнімен бірге жаны күйзелген Әнуар ағаның сол кездегі жағдайын Ә.Сығай былай суреттейді: «Сүйегі сырқырап, аяғы жансыздана түскен сонау сәттерінде «өнерден қалсам, өмірдегі қызығым не болмақ, жалғыз ұлым, тұңғышым Ілиясым ол да кетті бақилық анау жалғанға, балдақ ұстап, шойқандап, тірі жүргенде кімге тұлға болмақпын. Сырбаз, Сырым шолақ Әнуарды неғылсын» деген күңгірт ойлардың актер қиялын тегіс торлап алғаны да шындық еді. Асау сезім бірте-бірте сабасына түскендей ме, қалай? Соның ішінде, актер сезімі, актер эмоциясы, кернеуі жөнінде, жалындай жанып, жан-

жағын жалмаған қып-қызыл өрт, лапылдаған от тәрізді емес пе? Ыстық қанды, қызу жанды актердің жанына жалау болардай, ағайын-туыстар, дос-жарандар тарапынан айтылмаған жұбату сөздері қалмады. Осылайша, бүкіл ел-жұртының, сүйікті көрермендерінің өтініш-тілегін өзінің сыңар аяғынан төмен қойғысы келмеген күрескер актер рухы оны аурухана керуетінен жарық дүние сәулесіне қарай жетелейді, тіршілік әрекетіне қарай саңылау ашты» [3].

Әнуар Боранбаев тағдырдың сынағына сынбай, керісінше, өнерді, театрды тастамай соңғы күндеріне дейін еңбек етеді. Үлкен роль болмаса да, эпизодтың рольдерде таяғына сүйеніп, аяғын сылти басқан сүйікті актерін жансүйер көрермені тамашалады. Оның соңғы рольдерінің бірі М.Әуезовтің «Қилы заманындағы» прокурор болды. Ә.Боранбаевтың прокуроры өзіне берілген билікке тым сенімді, оның қимылы баяу, асып-саспайды, әр сөзіне мағына бере, екпін түсіре сөйлейді. Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкірлердің батыл, кейде тіпті өрескел, намысқа тиетін жауаптарын шыбынның ызыңындай көрмей, елемей, өзін олардан жоғары тәкаппарлана ұстайды. Оларды адам құрлы санамай, бір ұлттың тағдыры шешіліп жатқанына мән бермей графиндегі арақты асықпай, байыппен құйып, рахаттанып тұрып ішуі – қойылымның ең мықты мизансценаларының бірі болды. Сахнаға бір рет қана шыққанымен, актер орыс прокурорының зиялылығымен қатар зұлымдығын нанымды жеткізді.

Әбдіқадиров Жұмахан – 1953 жылдың 12 қаңтарында Жамбыл облысы Қаратау қаласында дүниеге келген. 1973 жылы Алматыдағы Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваторияның драма және кино актері бөлімін бітіргеннен кейін облыстық қазақ драма театрында 1976 жылдан бастап тапжылмай қызмет етті. Шығармашылық жолға түскен жас актердің алғашқы сомдаған кейіпкері – режисер Ш.Бейсембаевтың «Бұлақ» фильміндегі Абылай рөлі еді. Содан кейінгі жылдары театр және кино әлемінде көптеген кейіпкерлерді сомдап, көрермендердің де, әріптестерінің де ризашылығына бөленді.

Ол белгілі режиссер, ұстаз, Қазақстанның Халық әртісі А.Токпановтың курсына кезінде жазушы-драматург, кинорежиссер Т.Теменовпен, радиожурналист Ә.Бөлебаевпен, сахна саңлақтары М. Әджібеков, Ж.Нағашыбаевтармен бірге оқығанын, әр жылдарда А. Сәлімбаев, Ә. Құлданов, Е.Оразымбетов, Қ. Қасымовтармен тізе қоса еңбектеніп, бірқатар қазақ, орыс, шетел классикалық туындылары кейіпкерлерін сахнаға шығарған.

1985 жылы Ұлы жеңістің 40 жылдығына орай Алматыда өткен Республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты атанды (Ю.Щацковтың «Волокалам тас жолы» спектаклінде Б.Момышұлы рөлін тамаша сомдағаны үшін). Осы жылы Қызылорда қаласында өткен театрлар

фестивалінде Г.Боровиктің «Буенос-Айрестегі интервью» спектаклінде Хосе рөлі үшін дипломға және бағалы сыйлықтарға ие болды.

1986 жылы Қазақ КСР-і Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2000 жылы Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, осы жылы «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған.

Театр өнерінің дамуына қосқан орасан зор үлесі үшін және жастарды отансүйгіштікке баулитын көптеген рухы жоғары көркем бейнелерді сомдағаны үшін әр жылдарда бірнеше дүркін «Құрмет грамоталармен» марапатталды.

Жұмахан Әбдіқадыров талай таланттар мен дарындарды қанаттандырған Қаратау өлкесіндегі қара шаңырақ – облыстық драма театрында бірде Қодар (М. Әуезов, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), бірде Тимур (Д.Исабеков, «Әпке»), бірде Әбілхайыр (Т.Ахтанов, «Ант»), Есен (М.Әуезов, «Еңлік-Кебек»), Лаэрт (Шекспир, «Гамлет»), Оберон патша (Шекспир, «Дуалы түнгі думан»), Бауыржан Момышұлы (Ю.Шацков, «Волоколам тасжолы»), Моцарт (О.Бодықов, «Жан азабы»), Сталин (Ш.Мұртаза, «Сталинге хат»), Арыстан (М.Әуезов, «Айман-Шолпан»), Демесін (Д.Исабеков, «Кішкентай ауыл»), Эдуард патша (Шекспир, «Ричард III») бейнелерімен танылса, кино әлемінде режиссер Ш.Бейсенбаевтың «Бұлақ» фильмінде – Абылай (1974 жыл), Д.Манабаевтың «Сұрапыл Сұржекей» фильмінде – Әзберген (1989 жыл), С.Тәуекеловтің «Батыр Баян» фильмінде – Баян (1993 жыл), «Махамбеттің қылышы» – Әзірбай (2007 жыл), Қ.Қасымбековтің «Жамбылдың жастық шағы» фильмінде Сараның әкесі (1996 жыл), Д.Манабаевтың «Кек» фильмінде – Уап, «Көшпенділер» фильмінде – И.Пассер рөлдерінде ойнап, халықтың ризашылығына бөленді.

Халық арасында «Батыр Баян» атанып кетті.

Тағдыры тар жол, тайғақ кешуге толы өнер иесі осыдан жиырма екі жыл бұрын жол апатына ұшыраған болатын. Осыдан зардап шегіп, жүруі қиындаған Жұмахан ағаны қазір тағдырмен күрескен Батыр деуге әбден лайық. Актер үшін халқының құрметі, сол елі берген «Батыр Баян» атағы бәрінен де биікте тұрғаны да анық. Содан бірте-бірте қозғалысы қиындай бастаған соң актердің өзі еңбек етіп жүрген облыстық театрмен 2009 жылы қош айтысуына тура келген. Алайда жаны мен жүрегі өнер деп соққан батыр Баян әрдайым өнердегі адалдықты қалайтынын, өнерге қиянат жасауға қорқатынын айтады. Кезінде Тараздағы «Қайқармет» базарындағы автотұрақтың қарауылы болып та жұмыс істеген қазақтың «батыр Баяны» қазір елеусіздеу күн кешіп жатыр. Бірақ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі арнайы іздетіп, кездескені өміріндегі үлкен маңызды кезең болғаны анық.

«Мұндай жағдайда көп адамдар тұра алмай жатып қалады екен. Дәрігерлер «Балдақпен жүргеніңе де Аллаға шүкір деңіз» деді. Бірақ онысы да кесімді сөз емес. Жүріп кетесің, я болмаса мүлдем жүрмейсің деп ешкім тура айта алмайды. Үміттену керек, бір ғажап өзгерістер болып қалуы әбден мүмкін! – дейді. Өз басым еш түңіліп, уайымдап, қайғырып жүрген жоқпын. Талпынысымды тоқтатпадым. Тұрып, жүріп кетуге әлі де үміттенем. Сол кездері қиналғанда қасымнан табылған адамдарға мың да бір рахмет айтам. Әсіресе, жарым Гүлшатқа ризамын. Сол кісінің арқасы ғой. Мені сүйрелеп қайда алып бармады. Қысқасы ол да, мен де ауруды жеңу жолында аянбай күресумен келеміз. Қарапайым актерге көмектесіп, көңіл бөлген Елбасыға айтар алғысым шексіз. Әлі күнге дейін белгілі режиссерлер киноға түсуге, спектакльде ойнауға шақырып тұрады. Әрине, бұл оңай шаруа емес. Денсаулығым оған мүмкіндік бере ме, жоқ па, ол жағы да белгісіз. Дегенмен де жаным сүйетін өнерге деген құлшыныс басым» – деп актердің өзі рухынын сынбағанын дәлелдеп отыр.

Қазақ киносында тағдыр мен өнерді адами таразысында тең ұстап, денсаулық жағдайы мүмкіндік бермесе де сүйікті ісін тастамаған қайсар актерлер болған. Белгілі қазақ актері Кененбай Қожабековтің «Қасқырдың апаны» фильмінде қоларбада отырған күйі басты рөлдердің бірін керемет ойнап шыққанын киносүйер қауым өте жақсы біледі. Ендеше, Жұмахан Әбдіқадыровтың да кино алаңы мен киелі сахна төріне оралуына мүмкіндігі бар. 2014 жылы облыс әкімдігі батыр Баянның туғанына 300 және фильмнің шыққанына 20 жыл толуына орай, Жұмахан Әбдіқадыровтың «Батыр Баян – байрағым» атты шығармашылық кешін өткізіп берген болатын. Жары Гүлшат Қыпшақова да бұл күнде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі актриса. Өнерді өмірім деп ұққан Жұмахан Әбдіқадыровтың есімі әрдайым елге елеулі.

Міне, бұл адамдар өздерінің кемістіктеріне, «қалыптан тыс» жайларына қарамастан, өздерін әлемге мойындатып, адам нанғысыз жетістіктерге жетті.

Оларға қарап отырып, жарымжан жандардың дербес, қоғамның толыққанды мүшесі екеніне көзіміз жетеді. Жоғарыда аталған кембағал жандарды өмір сүру мен уақыт аландатпайды.

* * *

Мүгедектер әлеуметтік топ ретінде сау адамдардың ортасында өмір сүреді және әлеуметтік қорғауға, көмекке, қолдауға басымырақ мұқтаж. Бұл көмек түрлері заңнамамен, тиісті нормативтік актілермен, нұсқаулықтармен, ұсыныстармен белгіленген. Барлық нормативтік актілер мүгедектердің өмір сүруін қолдауға, материалдық игіліктерді тегін пайдалануға бағытталған түрлі жеңілдіктер, жәрдемақылар,

пенсиялар, әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін қарастыратынын атап айтқан жөн. Бұнымен қатар, мүгедектерге оларды жинақыландыратын, ширататын және белсендіретін, асырауда болушылық тенденциясының тым таралып кетпеуін көздейтін көмек керек. Денсаулықтың шектеулілігі объективті және өзгермейтін сипатта болғандықтан, осы жағдайда машықтандыру және белсенді өмір салты негізгі міндетке айналуы керек. Қалпына келтіру жұмысының негізгі өзегі мүгедектің жеке басының қалауы, оның кедергілерден өтуге дайындығы және ықыласы, өзінің қабілеттері мен таланттарын жемісті дамытуға деген құштарлығы болып табылады.

Табысқа қол жеткізуге ұмтылған белсенді тұлғаны қалыптастыру мақсаты үшін, жеке бастың ішкі мүмкіндігін жандандыратын тәсіл ретінде өнер мен шығармашылық қызмет аса маңызды болып табылады. Мүгедектер толыққанды белсенді өмір сүруі үшін оларды қоғамдық пайдалы қызметке тарту, дені сау ортамен, түрлі бағыттағы қоғамдық кәсіпорындарымен, басқарушы құрылымдармен байланысын дамыту және қолдау қажет. Мәселенің негізгі мәні, қалпына келтірудің түпкілікті мақсаты мүгедектердің қоғаммен әлеуметтік бірігуі болып табылады. Қалпына келтіру жұмысы адамның жас кезінде, жеке бастың әлеуметтік қалыптасуы кезеңінде ерекше маңызды, себебі, жас шақта адамдармен байланысу, тіл табысу және ішкі мүмкіндіктерді ертерек жандандыру мүмкіндігі жоғары. Әлеуметтік белсенділіктің бір факторы ретінде жұмыс кезінде, демалыс үстінде адамдармен араласу жүзеге асады. Психологиялық-әлеуметтік жұмыс технологиясы мен қолданбалы психология тәсілдерін қосу бірінші кезекте «әлеуметтік терапияның» нысаны болып табылатын мүмкіндігі шектеулі адамдардың өзгешелігіне байланысты қажет. Жас мүгедектерге қатысты мәселелер сөз болғанда, көбіне жалғыздық, өзін төмен бағалау, әлеуметтік тұрғыдан сенімсіздік, түңілу, өз кемістіктеріне орай дақ салынғандай және шеттетілгендей сезіну, психологиялық және тәни тәуелділік, сондай-ақ өз қиындықтарымен бөлісуге қабілетсіздік.

Жеке және отбасылық өмірде басқа жынысты адаммен қарым-қатынас жасау және оны дамыту қиындықтарының, бала тууға немесе тудыруға медициналық тыйымның болуы сияқты мәселелер өте өткір. Мүгедектердің көпшілікпен араласуын жандандыру үшін еңбекке камту, әуесқойлық шаралар, қоғамдық пайдалы қызмет, спорт шаралары, қызықты көңіл көтерудемалысын ұйымдастыру, мамандыққа баулу, шығармашылық ұжымдар құру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды өнерге тарту сияқты әрекеттерді жүзеге асыру керек.

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі адамдармен арт-терапия бағытында жұмыс жасау күннен күнге артып барады.

Арт-терапия – бұл өнерге, ең алдымен бейнелеу және шығармашылық іс-әрекетке негізделген психотерапияның мамандандырылған түрі. Арт-терапия (ағылшын тілінен art – өнер, therapy – терапия, емдеу, күтім жасау, қамқорлық) – өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапия және психологиялық түзету түрі. Тар мағынадағы арт-терапия – пациенттің психоэмоционалды күйіне ықпал ету мақсатында бейнелеу шығармашылығына негізделген терапия.

«Арт-терапия» ұғымын 1938 жылы суретші Адриан Хилл санаторийдегі туберкулезбен ауыратын аурулармен жұмыстарын суреттеу кезінде енгізген. Бұл әдіс АҚШ-та екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік лагерьлерден әкелінген балалармен жұмыс жасауда қолданылған. Арт-терапия өзінің даму кезеңдерінде З.Фрейд, К.Г.Юнгтың психоаналитикалық көзқарастарын бейнелейді, психоаналитикада клиенттің көркемдік іс-әрекеті (сурет, мүсін, инсталляция) оның ұғынылмайтын психикалық процестерін бейнелейді. 1960 жылы Америкада Америкалық арт-терапиялық ассоциация құрылды [4].

Арт-терапия адамның бейнелеу қызметінде және психотерапевтикалық қатынастарында әртүрлі денсаулық шектеулері, көңіл-күй және жүйке бұзылушылықтары бар адамдарды психологиялық түзету, психологиялық алдын алу, қалпына келтіру және дағдыландыру үшін қолданылатын психологиялық тәсілдердің жиынтығы болып табылады. Арт-терапиялық тәсілдердің айрықшалығы арт-терапевт түйсіктен тыс материалмен жұмыс істейтінінде. Арт-терапия көңіл-күй, ішкі өмірлік қуаттарды жандандыру аясындағы, сондай-ақ психологиялық соматикалық мәселелері бар әлеуметтік психологиялық жұмыстағы күрделіліктерді шешуде тиімді.

Арт-терапия өзінің дене және психикалық ерекшеліктеріне байланысты көбіне әлеуметтік тұрғыдан тіршіліктен тыс қалған, әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға қатысуы шектеулі адамдарға көмекке келеді.

Шығармашылық тәжірибе, өзін-өзі түсіну, жаңа машықтар мен дағдыларды дамыту бұл адамдарға қоғам өміріне анағұрлым белсенді және өз бетінше араласуға мүмкіндік береді, олардың әлеуметтік және кәсіби таңдау жасау кеңістігін кеңейтеді. Шығармашылық қызмет қиялдау, түйсіну, ақыл-ой белсенділігінің белгісіз құрамдарын дамытуда, сондай-ақ адамның жеке басының өсу қажеттілігін, туындатушылық мүмкіндіктерін ашу мен кеңейтуде маңызды роль атқарады.

Арт-терапиялық қызметтің басты мақсаты денсаулығында шектеулілігі бар адамдардың психологиялық және әлеуметтік аяда жағымды өзгерістерге қол жеткізуі болып табылады. Арт-терапия ширеңістік шешуге, ішкі тіршілік күштерін оятуға ықпал етеді, әлеуметтік машықтануды жеңілдетеді, адамдармен қатынаса білуді

қалыптастырады. Өнер адамдардың жоғалтқан мүмкіндіктерінің орнын толтырады, өмір сүру құлшыныстарын оятады, ішкі үйлесімге келуге, өз өзімен болуға көмектеседі және тұтастай алғанда, өмірін қалпына келтіруге ықпал етеді.

Өнер адамды рухани дамытады, шығармашылық қабілеттерін ашады және жеке басының қасиеттерін көрсетудің жолы болып табылады. Өнер арқылы мәдениеттің рухани құндылықтарына қол жеткізген мүгедек қоғамдық өмірге араласады, демек, әлеуметтік тұрғыдан қалыпқа келеді. Өнер түрінің әрқилылығы адамнан жан-жақтылықты, ұдайы өсуді, дамуды талап етеді. Драма өнері түрі жағынан өте бай: мұнда рухани, дене мүмкіндіктерін, сұлулықты сезінуді жетілдіруге болады. Шығармашылық үрдіс тоқтауды, біреуге күнінді салуды және тоқырауды қаламайды, сондықтан да шығармашылық қызметті ұдайы қамшылап отыру жеке тұлғаның дамуының кепілі болып табылады. Бұдан тыс, өнердің көңіл күй, сезімге әсер ету, эстетикалық-мәдени тағылым беру арқылы әлеуметтік дерттердің алдын алуға, аздыратын бағыттарға тосқауыл қоюға мүмкіндігі зор. Сондықтан да өнер арқылы әлеуметтік қалпына келтіру мүгедектерді қоғамға қосудың, олардың әлеуметтік-психологиялық мәселелерін шешудің ең өтімді жолы болып табылады. Драма өнерінің адамға әртүрлі аспектіде, атап айтқанда: тән, көңіл-күй, психологиялық терапиялық, әлеуметтік жағынан әсер етуде зор мүмкіндіктері бар. Философиялық түсінік бойынша, өнер терапиясы өмірдің мәнін іздеу, адамдар арасындағы, табиғаттағы орнықты іздеумен ұштасатын шығармашылық іс-әрекеттермен емдеу. Арт-терапия – бұл тек емдеу емес, кезкелген мәселені оңтайлы шешуге көмектесетін жеке бастың тартымдылығын, жағымды қасиеттерін дамыту. Шығармашылық терапия көркем өнер арқылы жанды сауықтыру мен жаңартудың табиғи және мейірбан тәсілі. Арт-терапия бағыты барлық өнер түрлерімен сәйкес келеді, ал бүгінгі таңдағы техникалық әртүрлілігі шексіз. Өнермен емдеу, сауықтыруда еш шектеу және қарсы көрсеткіш жоқ, ол қашанда жан-жақты, бай және психотерапия, педагогиканың барлық бағыттарында, әлеуметтік жұмыста және бизнесте кеңінен қолданылады. Арт-терапияның бір бағыты драматерапия болып табылады, оның терапиялық мүмкіндігі өте қуатты, себебі, ол: қимыл-қозғалыс, музыка, көркем өнер, әдебиет, сондай-ақ айрықша образды роль ойынын қамтитын құрама тәсіл. Ойын еш қиналыссыз қажетті қимылдарды үйрету, қабілеттер мен қарымдарды қалыптастыру арқылы тән мен жанды жеңілдетуге көмектеседі.

Эриксонның анықтамасы бойынша, ойын «өзімшілдік функциясы, түйсіктік және әлеуметтік урдістерді өзіндікпен үйлестіруге әрекеттену» [5, с. 94]. Яғни, ойын шынайы өмір мен жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін байқаусыз біріктіреді, қарым-қатынас және мінез-құлық түрлерін

қабылдауға, әлеуметтік рольдерді сомдауға, оларды қателік жіберуден қорықпауға болатын арнайы жасалған жағдайларда «сипаттап көруге» мүмкіндік береді.

Жеке компьютерлерді қолдану және Интернеттің әлемдік желісіне ашық кіру мугедектерді шығармашылық жағынан қолдау бойынша жобаларды жүзеге асыруды көздейтін белсенді топтардың жұмыстарын жеңілдетеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. http://www.ravnye.ru/publ/samye_izvestnye_ljudi_mira_s_ogranichenymi_vozmozhnostjami_ili_bezgranichnymi/1-1-0-14
2. Кенжетаев К. Кинорежиссер Мәжит Бегалин: Естелік. – Алматы: Өнер, 1994. – 112 б.
3. Сығай Ә. Рухы мықты актер // Егемен Қазақстан. – 1998. – желтоқсан-11.
4. Психотерапевтическая энциклопедия / под ред. Карвасарского Б. Д. – 2-е изд. – СПб.: Питер, 2002.
5. Эриксон Э. Х. Детство и общество. – СПб: Ленато, АСТ, Фонд «Университетская книга», 1996. – 592 с.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың театр өнеріндегі ролі

Театр өнері – денсаулығында шектеуі бар адамдарды әлеуметтік-мәдени қалпына келтіруге мүмкіндік беретін шығармашылық түрі.

Қазір денсаулығында шектеуі бар адамдарға көмектесу туралы сөз болғанда олардың ерекше қажеттіліктеріне – оқу-білім, мәдени және т.б. назар аударылады. Әр адамның өзіндік ерекше қажеттілігі бар – ол өз ішкі сәйкестігін сезіну, алайда, бізді қоғамда жетістіктерге жеткізетін басқа мүмкіндіктерді жүзеге асырғанда бұл терең қажеттілікті ұмыта аламыз. Ерекше театр эстетикасы өз ішкі сәйкестігіміз жайында, оның құндылығы туралы ойлануға жетелейді.

Ерекше өнер бізді қоршаған адамдар қауымдастығының жаңа құндылықтарын ашады. Ол бізден өзіміздің ішкі сәйкестігіміздің бір көрінісі ретінде көрермендік ортақтасуды талап етеді.

Театр терапиясы да ширақ, жедел психотерапиялық тәсіл болып табылады. Нақтылап айтсақ, жалпы дайындық пен театрлық тәсіл түрін көрерменге көрсету болып табылады. Ол тек актердің ғана емес, билет сатушылардың, киім ілгіш қызметкерлерінің, сахнадан тыс адамдардың, киім тігушілердің, дыбыс режиссерларының, жарық берушілердің және басқалардың кешенді дайындық және көрсетуінің кешенді үрдісі болып табылады.

Театр терапиясы – өнер мен терапияның қиялдағы шекарасында тұрған пән. Бұл ретте, басқа терапия түрлерінде өнер тек тәсіл болса, бұл жерде мақсат түрінің бірі. Театр терапиясының нақты мақсаттары мынандай болуы мүмкін: сөз, жазу және одан тыс қатынастарды дамыту; әлеуметтік қорқыныштарды бәсеңдету; әлеуметтік оқшаулықты төмендету; өзіндік сезінуді жақсарту; ішкі тәртіп пен жауапкершілік сезімін дамыту; тартымдылық қасиеттерін дамыту; өзіне сенімділікті көтеру; өз көңіл-күйіне ие болу қабілетін және басқаларды сіңіру.

Театротерапияның құрылымының үрдісінде әлдеқандай жобалық үлгі жайында айтылады. Демек, театротерапия жеке жоба, жекелеген театрлық түрлерге арналған жұмыс болып саналады. Әр жоба бірнеше кезеңге бөлінеді: театрлық пьесаны таңдау және көркемдеу; пьесаның мәтінін талдау және зерделеу; пьесаны ойнауға болатындай етіп ықшамдау – жеке драмалық жұмыс, қоғамдық спектакль. Театр терапевтінің кәсіби ойлары театрлық терапияның екіұшты мақсатынан туындайды, біз оны былай жіктей аламыз:

1. Жасанды Тәрбиелік драматика (драмика) – әуесқойлармен жұмыс істеудің театрлық тәсілдері; Театрлық терапевт клиенттердің театрлық шеберліктерін орынды әдіспен дамыта білуі керек. Режиссура – режиссерлік көру ұстанымдары театрлық терапиялық жұмыстың негізгі сәттерінің бірі болып саналады, ол бойынша театр басшылығы қызметіне

клиенттер де қатысуы тиіс. Драматургия – театр пьесаларын таңдау және өңдеу. Драматизация – өзіндік театр ойынын құру. Актерлік дайындық – сахналық қимыл-қозғалыс, сахналық сөйлеу мәнері, рольге ену және т.б. Сахна графикасы, театрлық техника (жарық беруші, дыбыс режиссері).

2. Терапевтік. Педагогтік – тәрбие негіздерін білу. Арнайы педагогтік – клиенттің өзіндік қажеттілік түрлері үшін. Психологиялық – көп жағдайда терапевт педагог пен психолог арасындағы саты деп танылады. Жеке икемдер – мінез-құлықтық (шынайылық, ұстамдылық, мақсаткерлік), темпераменттік (шыдамдылық, өміршендік), қоғамдық (акжүректік, әдептілік).

Ерекше театр – сәйкес ойын театры. Ерекше театр актерлері үшін спектакль – ойыннан жоғары ұғым. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың ойынының шынайылығы сонша, оған сенбеу тіпті мүмкін емес. Ерекше театр – не жасанды дүние, не кәсіби театрды көшірмелеу емес. Ерекше театр – шетелде танылған, қазір Ресей мен Қазақстанда қалыптаса бастаған мәдени айрықша құбылыс. Актерлермен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби біліктілігі мен денсаулығында шектеуі бар адамдардың қайталанбас шынайы ойыны театр өнері мен тұтас мәдени даму аясында мүлдем жаңа бағыт ашты.

Мүгедектер театры дене, ақыл-ой немесе есту, сөйлеудегі ауытқушылықтарына орай өмір сүру қабілеті мен әлеуметтік бұзылған адамдардың шығармашылығын танытатын өнердің түрі. Театрдың бұл түрі шетелдерде жақсы дамыған, ал посткеңестік елдеріне өткен ғасырдың соңғы ширегінде ғана өз дамуын тапты.

Қазіргі таңда Ресейде, соның ішінде Мәскеуде осындай адамдарға арналған бірнеше театр бар. Мимика мен қимыл театры, театр Простодушных, «Жест» театры, т.б. мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған ғана емес, бұл театрлардың басты ерекшеліктері – сол мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өздері актер болып өнер көрсетуінде.

Сондай үлкен өнер ұжымының бірі – 1963 жылы Мәскеуде құрылған Мимика мен қимыл театры. Ол Ресейдегі мемлекеттік кәсіби есту қабілеті төмен актерлер қатысатын театр болып келеді. Театрдағы қойылымдар құлақтары естімейтіндердің тілінде – ым-ишарамен жүріп, орыс тіліне аудармашының көмегімен беріліп отырады.

Есту қабілеті төмен адамдардың өмірінде театр өнерінің алатын орны ерекше. Саңыраулар әлемінде, әлемді тек көріп қана жүретін адамдарға сөзсіз қарым-қатынастар ең маңызды роль ойнайды. Сондықтан да театр оларға өнегелік әрі эстетикалық жағынан өсуге көмектеседі, қоршаған ортамен таныстырады, өнерге баулиды. Мұның барлығы адамға толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Мимика мен қимыл театры тек құлағы естімейтін көрермендерге емес, сонымен қатар кәдімгі адамдарға да арналған. Театрдың басты ерекшелігі

– сахнада сөздің орнын басатын ым-ишара мен қимыл-қозғалыстардың жарқын да бояуы қанық болуында. Орындаушы актерлердің сөзсіз ойынын актер-дикторлар үлкен шеберлікпен синхронды дубляж жасап отырады. Сондықтан да кәдуілгі көрермендер үшін де бұл театрдың қойылымдары қызықты болып табылады.

Мимика мен қимыл театрының репертуары көбінесе балалар спектакльдеріне құрылған. Дегенмен де үлкендерді қызықтыратын қойылымдар да жеткілікті.

Бұл театрдың актерлері – барлығы дерлік құлағы естімесе де кәсіби білім алып шыққан мамандар. Олардың басында Б.В.Щукин атындағы театр училищесінің ректоры КСРО халық артисі Б.Е.Захава тұрды. Сол кісі алғашқы болып есту қабілеті төмен адамдардан да театр құру керек, олардың өз театры болу керек деп кәсіби білім беруді жүйеге қойды.

Оның ынтасымен құлағы естімейтін актерлер Щукин атындағы театр училищесінің бағдарламасы бойынша оқытыла бастады. Өзінің даму мен қалыптасу жылдарында Мимика мен қимыл театры бүкіл әлемді гастрольдік сапармен аралап шықты, түрлі фестивальдерге қатысып жүлделі орындарға ие болды. Өзінің тарихи шығармашылық жолында театрда жүзден аса спектакльдер қойылды. Олардың көбі осы театрға, оның ерекшелігін түсіне отырып жазылған пьесалар болды.

Мимика мен қимыл театрының репертуарында А.П.Чеховтың «Шие бағы», Эсхилдің «Бұғауланған Прометей», Д.Пристлидің «Артур Уи карьерасы», Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат», Шекспирдің «Он екінші түн», және тағы да басқа қойылымдары жүрді. Спектакльдерге музыканы атақты композиторлар, мәселен В.П.Соловьев-Седой жазып беріп жүрді. Әр спектакль өзінің қайталанбас платикасымен, актерлердің мимикасымен және тақырыптың қызықтылығымен ерекшеленеді.

Кеңестер одағының ыдырауы, қайта құру кезеңі мен демократия жылдары мәскеулік Мимика мен қимыл театрының жабылып қала жаздауына әкелді. Дегенмен де театр жұмыс істеп, өз ұжымын сақтап қалды.

Қазір театрда бүгінгі күн драматургиясын игеру процесі жоғарғы деңгейде жүріп жатыр. Орыс драматургиясымен қатар шетелдік шығармалар да сахнада бой көтерді.

Сондай-ақ, бүгінгі Ресейдің әлеуметтік-мәдени феномені деп «Театр Простодушныхты» айтады. Бұл – Мәскеулік сахналармен қатар, облыстарда, тіпті шетелдерде өнерін көрсететін коммерциялық емес театр труппасы. «Театр Простодушных» ұжымының да басты ерекшелігі – біз білетіндей үйреншікті кәсіби актерлердің жоқтығы. Олардың орнында – Даун синдромымен ауыратын адамдар. Өкінішке орай, бұл театрдың өз мекен жайы жоқ, сондықтан олар әр театрдың сахнасында ойнауға мәжбүр.

«Театр Простодушных» 1999 жылы құрылып әрдайым қазіргі театр процесінің алдыңғы қатарында болуға тырысады. ДОС театрымен тағыз қарым-қатынаста. Көптеген халықаралық және бүкілресейлік фестивальдер мен байқаулардың жеңімпазы. Мәселен, олар қатысқан осындай фестивальдер қатарында: «Протеатр» фестивалі, еуропалық «Орфей» фестивалі (Версаль), «Балтийский дом» халықаралық фестивалінің аясында болатын Санкт-Петербургтегі «Доверие» фестивалі, «Нить Ариадны» фестивалі, Мәскеудің жоғарғы «Хрустальді Турандот» театр премиясы, тағы басқалар. Құрылғаннан бері театр екі астанада – Мәскеу мен Санкт-Петербургтан басқа Воронеж, Ярославль, Екатеринбург, Иванов, Уфа, сонымен қатар Париж бен Киевте өнерлерін көрсетті.

Денсаулықтарының күрделі ауруларына, қаражат тапшылығына, репетициялық зал мен ойындарын көрсететін сахнаның жоқтығына қарамастан актерлер және олардың жақын туыстары театр өнерін жақсы көргендіктен оны тастамай жұмыс жасауда. Олармен бірге, бүкіл қуаныштары мен өкініштерін жарық пен дыбыстың құлағында тұрған Стас Губин, өздерінің сайтын жасаған Слава Бухаров, ойынды ұйымдастырушы Севиль Набиева, суретші Вера Бучкина және кәсіби актриса Ольга Борисова бірге бөлісіп жүр.

Мүлдем басқа – ерекше театр бүгінгі адамдарға өздерінің өмірінің бір пұшпағын көрсетіп, қарама-қайшы болмыстың бір түрін ұсынып отыр. Бұл орындаушылардың үйреншікті актерлерден мүлде басқа болуы, ойындарының ерекшелігі көркемдік маңызға толы. Осындай актерлерден құралған ансамбль ұжымдық тұлғаға айналғандай. Мұндағы барлық орындаушылар бір ғана «инженю» амплуасында өнер көрсетеді. Француз тілінен аударғанда «инженю» – ақкөңіл, қарапайым, аңқау дегенді білдіреді.

Экспериментальдік ізденістің арқасында аңқау театрдың элементтерімен қоса, символизм өнері және жеке шығармашылық бір арнаға тоғысқан. Бұл элементтер бірігіп жартылай кәсіби формаларға тоғысады, өйткені қатал кәсіби салада бұл орындаушылардың потенциалы іске жарамай қалуы мүмкін.

Сарапшылар «Театр Простодушныхтың» шығармашылығын Art Brut (француз тілінен Art Brut – «Шикізат», кесілмеген өнер деген мағана береді) бағытына жатқызады. Ол сананың қойнауынан риясыз жарқылы ретінде құрылған, қалыптасқан дәстүрлі өнердің әсерінен еркін таза көрінісі, шығармашылық акт болып табылады. Бұл мағанаға жақын көріністер деп: интуитивті шығармашылықты, аутсайдерлердің шығармашылығын айтуға болады. Бұл өнер түрінің міндетті белгілері – кезбе саяхат пен кездесулер элементі, мүлдем басқа, бейтаныс әлемді көруге мүмкіндік.

«Театр Простодушныхтың» сахнасында жеңіл-желпі ойнақы қойылымдармен қатар, философиялық мәнге толы күрделі шығармалар да орын алған. Жарымжан адамдардың орындаушылық мүмкіндіктеріне қарап таң қаласын. Әсіресе балалар қойылымындағы өздері де бала секілді аңқау, қарапайым актерлердің барлық іс-әрекеті нанымды. Оларды тамашалаған көрерменнің айтуынша даун ауыруымен ауратындар соншалықты қорқынышты адамдар емес екендігіне, өздеріндей күле де, жылай да, уайымдай да алатын пенделер екеніне көздері жетеді.

Қазақстанда мұндай театрлардың болмағаны өкінішті. Бірақ соңғы жылдары сахнадан өнер көрсетіп, жұртшылыққа өздерінің ерекшелігімен көзге түсіп жүрген мүмкіндігі шектеулі жандар аз емес. Оларға қазір қолдау да көрсетіп, түрлі байқаулар да өткізіліп жүр.

Мүгедектер театры дене, ақыл-ой немесе есту, сөйлеудегі ауытқушылықтарына орай өмір сүру қабілеті мен әлеуметтік бұзылған адамдардың шығармашылығын танытатын театр өнерінің түрі. Қазақстанда мүгедектердің театр өнері салыстырмалы түрде алғанда жаңа құбылыс, ол мемлекет пен қоғамның жан-жақты қолдауын қажет етеді, өйткені мұндай театрлар мен студиялар мүгедек адамдардың қарым-қатынастағы кедергілерден өтуіне, қоғамға қосылуына, қаланың, ал кейде аймақтың мәдени өміріне араласуына мүмкіндік беретін шипагерлік арт-терапия болып табылады. Қарағанды қаласы саңыраулар қоғамының Мәдениет үйінің жанынан құрылған Мимика мен қимыл халық театрының көп жылғы тәжірибесі осыған куә.

Шығармашылық жолын 1964 жылдан бастау алатын Мимика мен қимыл халық театрының негізін қалаушылардың бірі Свердловск театр училищесінің түлегі, К.Станиславский атындағы Қарағанды облыстық орыс драма театрының актрисасы Тельма Александровна Федоренко тұрды. Бастапқы кезде тек оңай этюдтармен жұмыс істеген үйірме, ақырындап бір актілі қойылымдар қоя бастайды. И.Эвальдтің «Батыл жүрегі» мен «Қаңтар аязы», А.П.Чеховтың «Мерейтойы», «Ұсынысы» мен «Аюы», т.б. актерлердің деңгейін көтеріп, өнерге деген қызығушылығын оята түсті.

Т.Федоренко актерлермен үлкен жұмыс жүргізіп, театр репертуарын енді күрделі қойылымдармен толықтырды. А.Григорьевтің «Орыс актерінің қызы», А.Афиногеновтың «Машенькасы», В.Орловтың «Көңілді маскарады», М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», С.Жүнісовтің «Ажар мен ажалы», Қ.Аманжоловтың «Досымның үйленуі», т.б. спектакльдер үлкен табыспен жүрді. Сол жылдары гастрольдік сапармен Алматы, Ақмола, Шымкент, Балқаш, Жезқазған, Қостанай, т.б. еліміздің қалаларында өнер көрсетті.

Әсіресе, 1984 жылы қойылған А.Афиногеновтың «Машенькасы» үлкен табыспен жүріп көрерменнің ілтипатына ие болды. 1940 жылдары жазылған пьесадағы негізгі тақырып – адамдар арасындағы қарым-қатынас. Осыдан да бұл тақырып құлағы естімейтін адамдар үшін өте қызықты болды.

Пьесаның басты кейіпкерлері кәрі академик Окаемов пен оның он бес жасар немересі Маша. Пьеса екеулерінің алғаш рет кездесуінен басталады. Басында бір-біріне салқын қараған атасы мен немересінің арасында шынайы достық туындайды. Окаемов өмірдің қуанышын қайта сезінеді, жас Машенька ересек адамның қолдауымен өмірлік қиындықтары жеңеді.

Қойылымда Машеньканы – Татьяна Фомина орындады. Ол жас қыздың өмірге құштарлығын, жайдары мінезін, алғашқы махаббатын нанымды жеткізеді. Әсіресе, уақыт өте келе атасына деген ыстық сезімін актрисаның бет-бейнесінен аңғару қиынға соқпады. Ал, академик Окаемовты сомдаған Иван Гайдин аспай-саспай жүрген жүрісімен, әр нәрсені байыппен жасайтын нағыз өмірді көрген, бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнаған адамды шығарды. Актер Шподырь Владимир орындаған Туманский Павел Павлович нағыз әйелқұмар адамның бейнесін көрсете алды. Ол Нина Александровнаны (актриса Лариса Вильдяксова) көргенде, түлкіше бұралаңдап, бүкіл бет-әлпетімен махаббаттан басы айналып жүрген адамды суреттеді. Геннадий Ждановичтің орындауындағы Леонид Борисович бастапқы сахналарда жеңілтек, терең ойламайтын, көңілді адам ретінде көрінгенімен, келесі сахналарда көрермен оның Нинаға шынайы ғашық екеніне сенеді. Сондай-ақ, қойылымға қатысқан келесі актерлер де, атап айтқанда Валентина Бодрягтна (Моя), Галина Несговорова (Вера Михайловна), Сергей Остапенко (Виктор), Саша Гаук (Сеня), Нина Казакова (Леля), Айгүл Тусупова (Галя) өз кейіпкерлерінің мінез ерекшеліктерін даралатып, олардың жан-дүниесін бет-әлпеті мен іс-қимылдарының көмегімен ғана жеткізуі керемет болды.

Әрине, режиссерлік қызметті атқарып жүрген Тельма Александровнаға бастапқы жылдары өте ауыр болды. Бұл актерлермен жұмыс жасауда да, репертуар таңдауда да сезілді. Осы жылдары оған Қарағанды саңыраулар қоғамының төрайымы Давыдова Тамара Леоньеваның көмегі зор болды. Талай жылдар саңыраулар мен мылқаулардың арасында қызмет атқарған Тамара Леоньева бұл адамдарды өте жақсы түсінді, олардың тілін де білді. Тельма Александровнаның да ым тіліндегі алғашқы ұстазы болды. Және ең бастысы, оның қойылымдарының бас сыншысы да, кеңесшісі де өзі болды.

Құлағы естімейтін мүгедектердің театрлық қызметін ұйымдастыру олардың танымдық, қарым-қатынастық қызметтерінің ерекшеліктері, жеке бастарының көңіл-күй аясы, құлағының мүкісі бар адамдардың

қабылдау мүмкіндіктері, яғни олардың көру, сезіну, дыбыс толқындарын қабылдау, жазба сөзді түсіну қабылеттерін Тельма Александровна ескере отырып жүргізді.

Өзінің негізгі жұмысы Станиславский атындағы театрдан репетициядан шыға салып Тельма Александровна Саңыраулар мәдениет үйіне асығатын болды. Бұл оның екінші үйіне айналды. Әр актер оның туған баласындай болып кетті. Өйткені олар шынымен де бала секілді еді. Өкпелеулері де тез, қайтуы да тез. Әрқайсысы өз сырын режиссерлеріне айтып беруге асығатын. Осыдан болар, Тельма Александровна әр қойылымға бар жүрегімен келіп, ондағы кейіпкердің мінез ерекшелігін түсіндіріп, актерлік шеберліктің қыры мен сырын айтудан жалықпады. Өзімен бірге актерлерін Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы қазақ және К.Станиславский атындағы орыс театрларына апарып, қойылымдарын түсіндіріп отырып бірге тамашалайтын. «Мен өз актерлерімнің әрдайым бір сөзді болсын білсе екен деп отырамын. Бірде біз Станиславский театрында «Париж Құдай-анасының шіркеуі» атты спектакльді ойнадық. Актриса Ирина Солодовникова басты кейіпкерді сомдады. Мен оның құрбысының ролін орындадым. Бұл рольдің сөзі көп емес еді. И.Солодовникованың монолог оқитын сахнасында мен қасында жай отыратынмын. Бірде осы сахна кезінде мен өз театрымның 14 саңырау актерлерінің залда отырғанын есіме түсіріп оларға осы монологты аударып берейінші деп ұйғардым. Ирина монологын айтып жатса мен қолыммен сілтеп ым-әрекетпен аударма бастадым. Актриса түсінбей қалып, қайта-қайта тоқтап, абыржып қалды. Сосын менен «бұл не болды?» деп таңырқай сұрады. Ұялып, кешірім сұрады. Түсіндірдім. Бұл спектакльдің ең әдемі сахналарының бірі еді. Сахнада қаракөлеңке, әдемі музыка, жақсы монолог. Бірақ сахнада әрекет жоқ болғандықтан саңырау актерлеріме түсіну қиынеді. Мен олардың да бұл әдемі сахнаны түсінсінші деген ниетпен жасадым» – деген Тельма Александровнаның сөздері оның өз актерлеріне деген шексіз махаббатын, жан жылуын байқатады.

2001 жылы Тельма Александровна Федоренко отбасылық жағдайымен Қарағандыдан көшіп кетеді. Актерлер ұстазымен, режиссерімен қимастықпен қоштасты. Көп кешікпей театрдың көркемдік жетекшісі әрі режиссері болып сол Станиславский театрының актрисасы Пекушева Людмила Михайловна келеді. Құлағы нашар еститін актерлермен бірден тіл табысып, халық театрының жұмысы ары қарай жалғасады. Бастапқыда Людмила Михайловна ым тілін білмегендіктен аудармашының көмегіне сүйенсе, қазіргі күні актерлерімен емін-еркін қолын сермеп тұрып өз ойын жеткізеді.

Соңғы жылдардағы Мимика мен қимыл театрының үздік қойылымдарының бірі АҚШ драматургі Уильям Гибсонның (1914-2008)

«Ғажайып іс жасаған» («Сотворившая чудо») қойылымы болды. Бұл шығарма шынайы оқиғаға құрылып, оның басты кейіпкері Хелен Келлер 1 жас 6 айында қатты ауырғаннан кейін көзі көрмей, құлағы естімей, мылқау болып қалған қыз. Ал, «ғажайыпты» жасаған оның ұстазы – кезінде көзі көрмей, емделген Энн Салливан. Осы ұстазының арқасында Хелен өзін қошаған ортамен танысып, жақындарымен тілдесуді үйренді. Тіпті, колледжді бітіріп жазушылық қызметпен айналысты, бүкіл дүниені шарлады. Ал, Энн Салливан өмірінің соңына дейін сүйікті шәкіртін бір еліге де тастамады. Хелен Келлердің өзінің өмірі, дүниені түсінуі туралы жазған танымал «Менің өмірімнің оқиғасы» атты кітабы барлық тілдерге аударылып, жер шарына тарап танымал болды. Осы кітапқа сүйенген У.Гибсонның пьесасы 1959 жылы Бродвей сахнасында қойылып бірден 5 номинация бойынша атақты «Тони» сыйлығын жеңіп алды. 719 рет қатарынан қойылған спектакль жұртшылықтың сұранысына ие болып, сыншылардың жоғары бағасын алды. 1962 жылы режиссер Артур Пенн пьесаны экранизациялап, ондағы рольдерді қойылымда ойнаған актерлер орындады. 1979 жылы режиссер Пол Аарон бұл фильмнің ремейкін түсірді. Екінші ремейк 2000 жылы Надя Тэсстің режиссерлігімен кең экранға тарады. Сондай-ақ, Х.Келлердің кітабы бойынша 2005 жылы Болливудта (Үндістанның киноиндустриясы) «Соңғы үміт», ал 2013 жылы Түркияда «Менің әлемім» фильмдері жарыққа шықты.

Осындай қызықты пьесаны дайындауға актерлер құлшыныспен кірісті. Оларға бұл тақырып өте жақын әрі түсінікті болды.

Хеленді ұжымның ең жас актрисасы 10 жасар Дарья Головченко ойнады. Бұл оның дебюті еді. Кішкентай Дашаны Мимика және қимыл театрына өзі де сонда ойнайтын анасы әкелді. Құлағы нашар еститін, әрең сөйлей алатын Дарья сонымен қатар көре алмайтын қыздың бейнесін нанымды ашты. Ол тастай қараңғыда, жым-жырт тыныштықта өмір сүріп жатқан кішкентай баланың ішкі сезімін, эмоциясын, ата-анасының аяушылығымен тентектігі мен бетімен кеткендігін сахнада еркін қимылымен, жата кетіп жер тепкілеп, не сөз ұқпайтын, не қол көрмейтін жабайы аңның күшігіндей күн кешіп жүрген кембағыл жанды шынайы суреттеді. Дегенін істеп үйренген Хеленге ұстазы Энн келгенде оның тәрбиесін ұқпай, жұлқынып, алысып, өзінен не талап етіп тұрғанын түсінбей дал болады. Ал, соңғы көріністе, қолына құйылған суды сезген қыз, мұның алдында қаншама рет Энн қолына «су» деп жазғанын енді ұғып, сол «су» мына салқын, ылғалды, сылдырлап саусақтарыңның арасынан жүгіріп өтетін зат екенін түсінген кездегі кішкентай Дарья – Хеленнің бірден мимикасы өзгеріп, беті нұрға бөленіп, дыбдырлап «Суу» деп айтқаны нағыз ғажайып іс болды. Бүкіл қойылым бойы тырп етпей қарап отырған көрермен залының осы кездегі қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жас актрисаның бұл ойыны болашағынан үлкен үміт күттіретіні ақиқат.

Ал, Хеленнің бүкіл болашақ өміріне үміт әкелген ұстазы Энн Салливанның ролінде театрдың беделді актрисасы Айгүл Тусупова сомдады. Ол сақырау-мылқау-соқыр қызды сөйлеуге, көруге үйретуге бар күшін жұмсайды. Өзінің қолдары талса да Хеленге әріп үйретіп, сөздерді түсіндіруден жалықпайды. Жүрегі аяушылықтан елжіреп тұрса да қатан тәртіпті талап етіп, тіпті өрескел іс-әрекеттерге де баруына тура келеді. Актриса Энді ойнауда оның психологиялық толғаныстарын мимикамен, қимыл-қозғалысымен ашып, жалпы сырт пішінімен толыққанды бейне жасады.

Мәңгіртке айналып кеткен баласының тағдыры жанына батқан Кэти Келлер роліндегі Татьяна Головченко ойыны тынымсыз әрекетке құрылыпты. Ұстатпай қашып жүрген баласын қуалап, бетпе-бет жүздесіп қалғанда аналық сезімімен аймалауға ұмтылған Кэтидің жүрек лүпілі, тұла бойын шарпыған өкініш өртін сезгендей әсер алады көрермен.

«Ғажайып іс жасаған» қойылымы ұжымның зор табысы. Актёрлер сахнада бір-бірін қас-қабағынан ұғысып, бір оқиға екіншісін алмастырып керемет ансамбльдік жұмыс болып шыққан. Бұл дүние залдағы отырған әр көрерменнің жүрегіне жол тапқанына кәміл сенеміз. Өйткені, Хеленнің тағдыры толғандырады, ойландырады. Қараңғылық пен тастай тыныштықта өсіп жатқан жұдырықтай қыздың өмірдің мәнін түсінуі, сол қалпында қалып қоймай алға ұмтылуы, құштарлығының оянуы оның батылдығын, өжеттігін, қайсарлығын танытады. Көрерменнің көбі құлағы нашар немесе мүлдем естімейтін адамдар болғандықтан оларға бұл қойылым бір үміт сыйлағандай болды.

2015 жылы Ұды отан соғысының 70-жылдығына орай атақты белорусь жазушысы Андрей Макаенконың «Трибунал» трагедиясының шығарды. Басында қарапайым отбасылық оқиға секілді басталатын шығарма өрістей келе трагедиялық үн алады. Белорусьтің кішкентай ауылының тұрғыны немістер келгенде полиция болуға келісімін береді. Бұл партизандармен келісілген шаруа екенін ешкімге тіс жармағаннан оны әйелі мен балалары, ауыл тұрғындары «соттай» бастайды. Ақырында шындықты білгенде кеш болады, оқиға кіші ұлының өлімімен аяқталады.

Комедиялық бояуға бай басты кейіпкер Терешконы театрдың майталман актері Александр Лапин орындады. Ол әрбір қимыл-қозғалысынан үйлесімді күлкі есіп тұрған комедиялық бейне жасады. Мимикалық, пластикалық бояулары қанық актёрдің Терешкосы шынымен де күлкі тудырады. Басында күйгелектеп, әйеліне ештеңе сездіргісі келмейтін А.Лапиннің қимыл-қозғалыстары, ал оны жіппен байлап тастағанда да бой бермей, бәрімен жанжалдасып, ұрсысып жаттуы да қызықты. Тек соңында ғана, әкесінің немістерге сатылып кетті дегенге кәміл сенген, намыстан өртенген ұлы Володька қаза болғанда А.Лапин кішкентай адамның ішкі сезімін, сол сәттегі қайғысын трагедиялық биіктікке көтерген.

Ал, Терешконың әйелі Полинаны Айгүл Тусупова бойындағы психологиялық толғаныстарды қимыл-қозғалыс, ішкі толғаныстан туындайтын мимикалық тәсілдермен жеткізген. Оның күйеуіне ыза болып ұрысып, үстелді ұрғылап, аһ ұруы да нанымды. Ал, кейін Терешко оған шындығын айтқан кездегі күйуінің үлкен іс атқарып жатқанына қуануын, басқаларға сыр білдірмеуін де актриса нақты бояулармен жеткізе алған.

Дәл сондай-ақ, қойылымдағы немістердің ролін ойнаған Ербол Тоқтарбаев пен Виктор Гайдиннің ойындары да көрерменді немқұрайлы қалдырмайды. Олар маң-маң басып Терешконың үйінде өздерін қожайынша сезінген, фашистік тәртіптің сүйектеріне өткен солдафондарды керемет бейнелеген.

Жалпы спектакльде көркемдік тұтастық, соғыс жағдайындағы өмірдің ащы шындығы бар. Сонымен қатар мұндағы көпшілік сахналарының дұрыс құрылуы, актерлік ансамбльдің болуы тікелей режиссер Людмила Михайловнаның үлесінде. Бұл қойылым да театр репертуарынан өзінің берік орын алатынына сенеміз.

Тәуелсіздік жылдарында халық театры өз жұмысын ары қарай жалғастырды. Бұл кезеңде актерлер тобы «Браво» клоуындық тобын құрып кала мен облыс мейрамдарында күлкілі пантомималық ойындарымен жұртшылықтың көңілінен шығып отырды. Клоун өнері драмамен қатар, пантомима, жонглерлік өнер мен акробатиканы да талап ететінін ескерген театр артистері өздерімен әрдайым жұмыс жасауды доғармайды. Олардың репертуарында балаларға да, ересектерге де арналған ойын түрлері бар.

Бүгінгі таңда Мимика мен қимыл театрының құрамында 16 актер тіркелген. Бұл актерлердің көбі өндірісте, т.б. жерлерде жұмыс істейді. Жұмыстан кейін қаншалықты шаршаса да олар өздерінің екінші үйі болып кеткен Мәдениет үйіне асығып келеді. Мұнда олар бір-бірімен жүздесіп, мауқыларын басып қана қоймайды, өмірлерінде үлкен орын алған – өнермен тілдеседі. Бұл актерлердің бір де біреуі кәсіби білім алмаған, сахнаға шыққандары үшін көк тиын да алмайды. Бірақ олардың театрға деген құлшынысын көргенде өнерге деген махаббаты кәсіби актерлерден де асып түсе ме деп ойлайсың.

Ал, оларды осы Мәдениет үйінде туған аналарындай қарсы алып күтіп алатын Раиса Бисакова апайдың жұмысы ұшан-теңіз. Ұзақ жылдар бойы осы мекемені басқарып келе жатқан Раиса Сабырқызының зор еңбегінен бұрын, үлкен жүрегін айтпай кетпеуге болмайды. Неше түрлі мерекелік іс-шаралар ұйымдастырып, түрлі үйірмелерді ашып мүмкіндігі шектеулі адамдардың мұқтажын шешу мақсатымен талай есіктерді қағудан жалықпаған адам. Басқарып отырған мәдениет үйінің штаттық кестесінде өзімен бірге бар-жоғы 10 адам. Тіпті осы кішкентай штатқа қарапайым

еститін адамдарды емес, өздерінің «балаларын», құлағы нашар еститіндерді алып, оларды жұмыспен қамтамасыз етуге тырысып отырады. Қаншама рет өз қалтасынан ақша шығарып оларға мүмкіндігінше көмек жасауға дайын.

Құлағы естімейтін мүгедектердің әуесқой театр ұжымдарының жұмыс тәжірибесі күрделі көркем шығармаларды аталмыш ұжымдарда қою мүмкін емес деген кең тараған ұғымды жоққа шығарады. Біздіңше, естімейтін орындаушыларға репертуар таңдаудағы осындай көзқарас олардың шынайы мүмкіндіктерін шектейді. Мимика және қимыл театрының сахнасында қойылған барлық шығармалар өте өміршең, олар терең өмір танымдық мәселелерді қозғайды, әдеби шығарма кейіпкерлерінің психологиялық жан құбылыстарының нәзік ерекшеліктерін ашады. Мұндай театрлардың репертуары құлағы естімейтін адамдардың өмір танымының дамуына, әлеуметтік құбылыстар мен тіршілік жағдайларының біртекті болмайтын сыни көзбен қабылдау қабілетінің өсуіне ықпал етуге тиіс. Қарағандылықтардың жұмыс тәжірибесі естімейтін мүгедектерге кез-келген жанрдағы шығармалардың жат емесін, олардың: терең психологиялық шығармадан аясы шектеулі шығармаға дейін, айқын азаматтық, әлеуметтік өткір шығармадан сатиралық, комедиялық және ашық пародиялық шығармаларға дейін қабылдай алатынын көрсетті. Олардың репертуарындағы шығармалар тізімі осының дәлелі.

Естімейтін мүгедектердің әуесқой театрларының маңызды ұстанымдарының бірі түрлі кәсіби бағыттағы мамандардың: лагoped, қимыл-мимикалық сөйлесу оқытушылары, психологтар, орыс тілі мамандары, театр пәні мамандарының өзара әрекеттесе қызмет етуі болып табылады. Спектакль қойылымы кезінде дайындық кезеңге, әдеби шығарманың мәтінімен жұмыс істеуге (үстел басындағы кезге), шығарманы әдеби талдауға ерекше назар аударылады. Құлағының мүкісі бар мүгедектер театрында құлағы еститін педагогтың саңырау орындаушылармен жүйелі жұмыс істеуі маңызды болып табылады. Режиссура дәрістері естімейтін адамға қандайда бір кейіпкердің мінез-құлық иірімдерін, бір фактінің негізінде оқиғаның себеп-салдарлық байланысын, әрекеттердің логикасы арқылы кейіпкердің сан қырлы сезімдік өміріне көруге мүмкіндік береді. Жақсы еститін оқытушы саңырау оқушыны ол сахнада бейнелейтін кейіпкердің өмірін әртүрлі тіршілік ассоциациялары арқылы, орындаушының өзі көрген немесе басынан кешірген жағдайлармен байланыстыра отырып түсінуге жетелеп әкеледі. Бұл оның рухани ой-ұстанымдарын анықтауы, күрделі әлеуметтік мәселелерге тікелей сезінуі үшін маңызды.

Спектакльмен жұмыс істеу барысында драматургиялық материал мен ауызша сөздің және көрермен қабылдауының бірлігіне қол жеткізу өте

маңызды. Режиссерлік жұмыста педагог шығарманың әрекеттік-көрсету сипатына мән беруі тиіс. Режиссерлік дәрістерде еститін педагог құлағы естімейтін адамдардың қоршаған ортаны көзбен қабылдауына баса назар аударуы қажет. Солай бола тұра, кинестетикалық түйсік пен сезінуге негізделген пластикалық қимыл-қозғалыс тәсілдері өте маңызды орын алады. Бұл мизансценаның көрнекі суреттерін жасауға айтарлықтай көмектеседі. Құлағы естімейтіндерге пластикалық сипатта автордың ойын жеткізетін негізгі және жанама бейнелі мизансценалар ұсынылады. Сахнадағы әрбір дәріс ширақ, серпінді театрлық оқиғалармен байланысты, ол ым арқылы тіл қатысудың айшықты шеберлігімен пьесаның мәнін түсіндіру ғана емес, естімейтін адамдармен бүкіл спектакль бойына пластикалық, әрекеттік үрдісте жұмыс істеуді білдіреді. Естімейтін мүгедектер үшін зор орнын толтырушы қызмет атқаратын дыбыс толқынын сезіну негізінде орындаушылар әртүрлі жанрдағы би өнерінде, ыммен ән айтуда, пластикалық пантомимада тамаша жетістіктерге жетеді.

Есту қабілеті бұзылған адамның айтарлықтай қиындығының бірі басқа адамның көңіл-күйін жағдайын аңғару қабілетінің аса дамымағандығы болып табылатыны белгілі. Талдау көрсеткендей, құлағы естімейтін адамдар үшін әдеби шығармаларды, кейбір кейіпкерлердің әрекеттерінің себептері мен салдарын, күйзелістерін, кейіпкерлер арасындағы байланыстардың сипатын түсіну оңай емес, сондай-ақ әдеби кейіпкерлерге жан ашу қабілеттері де жеткіліксіз болып жатады. Осының бәрі құлағы мүкіс адамдар үшін басқа адамдардың сезімін түсінуде қиындық тудырады, адамдармен қалыптасқан өзара қарым-қатынасты жайдақтатып жібереді. Құлағы естімейтін орындаушылар үшін сезімдік дамуда театрлық қызметтің маңызы зор екені күмәнсіз. Театрлық әрекеттерде әдеби шығарма кейіпкерлерінің өмірлік өзекті мәселелері мен жан күйзелістері көрсетіледі. Көркем бейнелер сезімге әсер ету арқылы адамды бірге күйзелуге, қиналуға және қуануға итермелейді, олардың жан сезімге әсері өмірдегі оқиғалардан да күштірек болуы мүмкін. Театрлық бейнелілік арқылы бастан кешкен толқыныстар, құлағы естімейтіндер үшін шынайы өмірдегі қиындықтар мен күйзелістерді шешу мүмкіндіктері ретінде қабылданады. Әдеби кейіпкерлердің, сахналық бейнелердің әлеміне еніп, олардың өмірін өз басынан кешірген құлағы мүкіс мүгедектер басқа адамдардың бақытсыздықтарына, қайғыларына, қуаныштарына ортақтасу сезімдерін жетілдіреді. Басқа адамның жан сезімінде болған толқыныстарды басынан кешірген адам оның әрекеттері мен сөздерінің мәнін жақсы түсінері анық. Бұл ретте кейіпкердің көңіл-күй жағдайы бет-әлпет құбылыстарымен, ыммен, патомимамен, дауыс толқындарымен берілетін болғандықтан, әдеби шығармаларды талдау бет-әлпет қимылдары, ыммен

сөйлесу арқылы және кейіпкерлердің түр-әлпетінің айшықтылығы арқылы жүзеге асырылады.

Мүгедек адамдардың өнері мүгедектік болып саналмайды. Оның өз көрермендері бар және қазіргі заманғы өнерде лайықты орын алуға қабілетті. Ерекше өнер – мүгедектігі бар адамдардың жеке басының ішкі сәйкестігін сезінуі үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ерекше театр эстетикасы жеке басымыздың ішкі сәйкестігі туралы ойлануға жетелейді. Ерекше театр – бұл әлдебір деңгейде көрермендердің ішкі дүниесінің сәйкестігіне жасалған сын сияқты, сондықтан денсаулығында шектеуі бар актерлердің ойынын қабылдау ерекше терең және әдеттен тыс сезімдермен байланысты.

Ерекше театр – өнімді әлеуметтік үлгі. Ерекше театрлардың қызметі дамуында өзгешелігі бар адамдардың әлеуметтік қоғамға оңтайлы араласуының жақсы үлгісі. Бұл ретте әлеумет бұрын өзінің бөлігі санамаған адамдардың қосылуы арқылы рухани байи түспек.

Ең бастысы, қалыпты өнер мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қоғамда дағдылануының әлеуметтік-еңбектік құралы бола алатынын түсінген жөн.

Қамтылмаған сауалдардың барына қарамастан, өнер, оның ішінде театр, дене және ақыл-ой шектеулілігіне қатыссыз адамның өзін танытуының кілті болып табылатынын растай аламыз. Ол терапияның мүмкіндігін кеңейтеді, қоғамда әлеуметтік төзушілікті дамытады, денсаулығында шектеуі бар адамдардың бірлесуіне негіз болады.

Театрда қоғам өзімен өзі бетпе-бет қалады. Ол өзіне өз бейнесін көрсетеді, өзін не толғандыратынын, қандай қайшылықтар мен құндылықтарды ой елегінен өткізгісі келетінін анықтайды. Өткен жылдары театрда әртүрлі тәжірибелерді жинау немес ішкі қабылдауды өзгерту сияқты аспектілер өте өзекті болды. Бірақ қабылдау парадигмасындағы өзгерістерге қарамастан, театрдың басты қызметі қоғаммен қарым-қатынасты қалыптастыру болып қалды.

Демалыс қызметінің театрландырылған түрі әртүрлі міндеттерді: ақпараттық, тәрбиелік, біліми, жеңілдету (ішкі ширығуды, мазасыздықты босаңситу және басқа.), денсаулығы шектеулі және әртүрлі дәрежедегі мүгедек адамдар үшін өте маңызды әлеуметтендіру қызметін атқарады. Театр өз табиғатына қарай, түрлі өнер түрлерін қамтиды (әдебиет, музыка, хореография, дауыс және т.б.), демалыстық театрдық қызметті дамыту әуесқой спектакльдерге қатысушылардың жеке басының түрлі бағытта дамуына (танымдық, қатынастық, көңіл-күй және басқа) мүмкіндік береді. Қарағанды қаласы саңыраулар қоғамының Мәдениет үйінің жанынан құрылған Мимика және қимыл халық театрының көп жылғы тәжірибесі осыған куә.

Әдеби шығарманы жіктеп талдау кейіпкерлерге әбден қалыптасқан, таптаурын болған үлгі бойынша (жаман-жақсы, мейірімді-қатыгез)

мінездеме берумен шектелмеуі керек. Құлағы естімейтін орындаушы шынайы өмірдің біртекті емесін, нақты кейіпкердің кейде мүлдем қарама-қайшы, сәйкеспейтін белгілерден тұратын, әртүрлі жағдайларға, басқа кейіпкерлердің әрекеттеріне орай ашылатын психологиялық портретінің күрделілігін сезінуі керек. Спектакль қойылымында жарықтық және музыкалық көркемдеуді көркем шығарманың негізгі идеясына бағындыру аса маңызды болып табылады. Осылайша, құлағы мүкіс мүгедектердің сақталған түйсіну, талдаушылық, орнын толтырушылық мүмкіндіктері кейіпкердің әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін, оның мінез-құлық иірімдерін түсінуге, бір фактының астарынан себеп-салдарлық құбылыстарды көруге, әрекеттер логикасы арқылы кейіпкердің сан қырлы сезімге толы өміріне бойлауға көмектеседі.

Құлағы мүкіс адамдардың қатысуымен спектакльдер қоюда педагогтардың ерекше назар аударуы тиісті қиындықтар туады. Мәселен, бет-әлпет қимылдары, ыммен сөйлесу арқылы тілдескенде сөздік мәтінді ыммен барабар жеткізетіндей, сөздің терең мәнін түсіндіретіндей аудару оңай емес. Құлағы естімейтін орындаушылармен А.Пушкин, С.Есенин, Абай, М.Мақатаев сынды ақындардың композицияларымен жұмыс істеу барысында, бет-әлпет қимылдары, ыммен сөйлесу арқылы олардың өте нәзік, дара ақындық өзгешеліктерін толық жеткізу оңай емес. Осыған байланысты, бейнелі мизансцена мен сөзбен бейнелеудің өзара ортақ әдісін табу қажет. Алайда мәтіндік материал ешуақытта пластикалық мизансценаларға қосымша болмайтынын айтқан жөн. Сонымен қатар, көзге айқын көріністер бет-әлпет қимылдары, ыммен сөйлесуге суреттеме болмайды.

Қойылым үрдісіндегі мінсіз вариант – бет-әлпет қимылдары, ыммен сөйлесудің диалектикалық өзара әрекеттесуі және театрлық сценарийді бейнелі, көрнекті етіп көрсету болып табылады. Педагог кейіпкердің ішкі жан дүниесін нанымды көрсетуі үшін орындаушының дұрыс интонациялық ырғағын табуы керек. Осылайша, әуесқой театрлық ұжымдарда әртүрлі жанлық, тақырыптық, шығармашылық сипаты айырмашылықтары бар дүниелерді игеру – құлағы мүкіс адамдардың бет-әлпет қимылдары, ыммен, дене қимылдарымен шығармалардың сезімдік мән-мағынасын жеткізуге тәрбиелейді. Бұл түптеп келгенде, өзінің ішкі жан сезімін дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастырады. Жанрлардың әртүрлілігі құлағы естімейтін орындаушылардың өзіндік ойлау қабілетін қалыптастырады, құлағы мүкіс мүгедектердің мәдени-демалыс қызметінде қолданылатын кез-келген көркем шығармашылық олардың рухани және интеллектуалды әлемінде өшпес ізін қалдырады. Мәселен, көпшіліктік көріністер (балаған театры) саңыраулардың қоршаған ортаны қабылдауының ерекшелігіне жақсы үйлеседі, құлағы естімейтін

орындаушының жан дүниесі барынша ашық болуын талап етеді. Сайқымазақтардың ойдан шығара отырып күлдіретін тамаша ойыны ерекше қабілетпен қоса, дауысының болуын талап етеді. Балаған театры жанрында жұмыс істейтін әуесқой орындаушылар дауыс және бейнелі бет-әлпет кимылдары, ым арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын (А.С. Пушкинның белгілі ертегісі бойынша жасалған спектакльдегі Поптын көлгірлігі, арамдығы, екіжүзділігі, қорқақтығы; Дадон патшаның билікқұмарлығы, нәпсіқұмарлығы; шаруа Балданың шексіз батылдығы, тапқырлығы және басқа) жеткізеді. Сондай-ақ М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал» және басқа спектакльдерді қою барысында құлағы естімейтін орындаушыларға күрделі интеллектуалдық, шығармашылық міндеттерді шешуге тура келеді. Аталған шығармалар орындаушыларға өз актерлік талантарын ашып, ауызша сөйлеуде белгілі бір нәтижелерге жетуге мүмкіндік берумен қатар, инсценировкаға қатысушылардың өзін еркін сезінуіне, ішкі ширығысын босаңсытуына көмектеседі. Осылайша, ерекше театр қызметінде қолданылатын технология өзіне педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени аспектілерді біріктіреді. Демалыс театр қызметі құлағы мүкіс мүгедектердің дүние танымын кеңейтудің, мәдени және рухани құндылықтарға қол жеткізуінің, азаматтық ұстанымдарын қалыптастырудың маңызды жолы болып табылады. Театр өнеріне қатысу мүгедектердің сақталған және жоғалтылған түйсік жүйелерінің сезімталдығы артуына ықпал етеді, бұл жүйке дамуындағы бастапқы кемістіктеріне қатысты пайда болған қосымша ауытқушылықтардың орнын толтырудың маңызды факторы болып табылады.

Режиссерлік мен актерлік шеберлік дәрістері құлағы мүкіс адамдардың ұдайы туындаған жағдайларға орай, жаңа сөздер, терминдер, сөз тіркестерін игеру қажеттіліктерін өсіреді, бұл өз кезегінде олардың сөйлеу мүмкіндіктерін дамытады. Әдеби шығармалардан қойылым жасау жұмысы құлағы мүкіс адамдардың ішкі сезім сөздігін жандандыруға, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін, интонациялық құрылымын, диалогтық сөйлесуді, оның грамматикалық құрылымын жетілдіруге мүмкіндік береді. Театрландырылған қызмет терең сезімдердің, күйзелушіліктердің дамуының бастауы, жеке бастың көңіл-күйі, сезім иірімдерін көрсетудің, әлеуметтік тәжірибені кеңейтудің маңызды тәсілі. Құлағы естімейтін мүгедектердің мәдени-демалыс қызмет жүйесіне кіретін көркем шығармашылық жеке тұлғаны адамгершілік, рухани-эстетикалық тұрғыда тәрбиелеудің өтімді, маңызды факторларының бірі болып табылады. Жеке тұлғаның дамуы мен ішкі мүмкіндігін пайдалануындағы мәдениеттің айрықша ролі, мүгедектердің демалыстық театрландырылған қызметін ұйымдастыру жұмысының жағымды тәжірибесі, әлеуметтік-

мәдени қалпына келтіруді құлағы мүкіс мүгедектерді қалпына келтіру жүйесінің өзіндік бір бағыты деп санауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мәдени-демалыс қызметінің психологиялық-педагогтық және орнын толтырушылық мүмкіндіктерін, осындай мүгедектердің машықтану-қалпына келтіру мүмкіндіктерін жетілдірудегі әуеской театрлық қызметтің мәнін бұдан әрі зерттеу ерекше өзекті болып қала бермек.

Драмотерапияның негізін ХХ ғасырдың 70-ншы жылдары Ұлыбританияда Sue Jenings салды және содан бері бүкіл әлемге тарады. Драмотерапияның түбірі терең, көне. Ол адам жаратылысының түрлі салт- жоралары мен жоралық театрларынан бастау алады. Драмотерапия ұстанымдары адамның сөзінен де ертерек пайда болған, оның әмбебаптық күші сезімге құралған.

Драмотерапия драмалық жағдайларды терапиялық (емдік) мақсатта қолданатын ширақ, жедел психотерапиялық тәсіл болып табылады. Оған туыстас терапияның мынандай түрлері бар, мәселен:

- музыкотерапия (терапиялық мақсатта музыканы пайдалану);
- арттерапия (көркемсурет техникасын пайдалану);
- би терапиясы (стильдік қозғалыс ретінде пайдалану) және басқа.

Бұдан әрі драмотерапия классикалық психотерапиялық бағыттардан тарайды (мәселен, Гесталт терапиясы, отбасылық терапия және басқа).

Я. Л. Морено Венада бастаған бағыт «аяқ астынан туған театр» атауын алды. Морено драманың шипагерлік терапевтік қасиетін байқады және психодраматикалық әрекет адамдардың көңіл күй құбылысын, қатынастардың жаңа түрлері мен мінез-құлық типтерін зерттеуді жылдамдататын әдіс екенін түсінді. Оның айтуынша, психодраманы емдеу тәсілі деп қарастырған ой оған бір актрисаның жігітімен ренжісуі туралы әңгімесінен кейін келіпті. Театр труппасының көмегімен Морено актрисаның оқиғасын сахнада қойған. Бұл тәжірибе аталмыш жұп үшін де, труппа мүшелері үшін де маңызды және табысты болған. Содан кейін Морено осындай топтармен сипаты айқын тәжірибелік топтық қойылымдар жасауға көшеді, ол кейіннен психодраманың маңызды бөліктеріне айналған түрлі тәсілдер ойлап табады; қойылымға қатысушылардың ерекше атауларын енгізеді (режиссер, протогоншы), олардың рольдері мен қызметтерін айқындайды (терапевт, продюсер, көмекші «Мен»). Топтық психотерапевтік жұмысты К. Рудестам жақсы жүйеледі. Ол дәрістерді кезең-кезеңімен ұйымдастыруға және шарықтау шегіне (катарсис) жеткізуге баса назар аударды, ол осы тәсіл жеке бастың дамуы мен өсуінің маңызды тетігі деп санады. Кейіннен драмотерапия тәжірибеде барынша жиі қолданыла бастады: Ресейде және шетелдерде негізгі құрамы мүгедектерден тұратын көптеген шығармашылық ұжымдар құрыла бастады.

Драмалық ойын бейнелеу ойынының бір түрі болып табылады, ал драматерапевтикалық ойын одан басқа ереже бойынша қиялдау және ойнауды қамтиды, яки ойын үрдісінің барлық түрін қамтиды. Драматерапевтикалық жаттығулардың мақсаты сондай-ақ психологиялық әлеуметтік қиындықтардың алдын алу және шешуге, адамның онтайлы өсуі мен дамуына бағытталған. Драматерапевтикалық сеанстар кезінде ішкі мәселелер шешіледі, әркімнің жеке ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс әрекет жасау дағдысы, қауіпсіз ортада белсенді болу әдістері қалыптастырылады. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі адамдармен жұмыс істегенде әркімнің жеке ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Осы себептен ойын терапиясы ұстанымларына негізделген драматерапевтикалық жұмыс мүгедектің жеке басына жан-жақты әсер етеді. Бірақ ойын үрдісі мен театрландырылған қызметтің арасында бірқатар айырмашылықтар бар: ойын күн өткен сайын мінсіз болуды мақсат етпейді, ал драмалық қойылымның басты мақсаты – көрерменнің мүддесі, көпшілікпен жұмыс істеу. Сондықтан оның ойы әуел бастан тек бір құбылысты көрсетіп қана қою емес, оны эстетикалық жағынан тартымды және қызықты ету. Ал драматерапевтикалық жұмыстың дағдылану мүмкіндігі оның жеке адамға кешенді әсеріне байланысты: көңіл-күй аясына, адамдармен қатынас барысына әсер ететіндіктен қатысушылар өте тығыз өзара байланысқа кіруге, идеяны соңына дейін түсінуге мәжбүр. Туындаған қиындықтарды ұдайы шешу, шығармашылық ойлау мен жіті қадағалау, түйсік пен іштей реттеуді үнемі іске қосу арқылы әлеуметтік маңызды мінездемелер, жекелей мінез-құлық стилі және қайшылықты жағдайларды шешу түсінігі қалыптасады, мүмкіндігі шектеулі денесінің кемістігін және ол үшін ұялу сезімдері жойылады. Жеке бастың эмоциялық аясына әсер ету арқылы адамның санасында зор өзгеріс болады, енді ол үшін өсу, даму, қоғамға араласу қажеттілікке, өмірінің табиғи бөлігіне айналады. Бұнымен қоса, драматерапия мүгедекті өз тәнінен қысылудан босата отырып, оған жаңа мүмкіндіктер ашады, өз ерешелігін, өз мүмкіндігін жақсы білетін кемтар адам оны барынша тиімді пайдалануға тырысады. Драмалық шығармалар актерден терең күйзелістер, ішкі қопарылыстар, өз әрекеттерін сезіну мен көңіл күйін игерісте ұстауды талап етеді. Аталмыш өнер түрінің өте бай мүмкіндіктерін пайдалану белгілі шығармашылық ұжымдарды құруға, мәдениет тарихын байытуға жол ашады. Драма өнерін мүмкіндігі шектеулі адамдардың мұқтаждықтарына қарай бұру адамның даму мүмкіндіктерін кеңейтеді, ішкі дүниені көрсетудің жаңа қырларын ашады, жеке адамның көптеген әлеуметтік-психологиялық мәселелерін шешеді, мүгедектерді әлеуметтік дағдылануға және қоғамға араласуға көмектеседі.

Мүгедек үшін дағдылану барысы, біріншіден, жаңа әлеуметтік ролімен және өз мәртебесіне сәйкес қоғамнан өз орнын табуымен байланысты. Бұл ретте, әлеуметтік ортаның мүгедекке жаулықпен

қарайтынын және өз уақытында, еш қиналыссыз қоғам өміріне дағдылануға жағдай жоқтығын ескерген жөн. Бұл бағыттағы кедергілер мен олқылықтар мүгедектер отбасының тұрақтылығын төмендетті, психологиялық тұрғыдан мүгедектік топтардың көбейуіне әкеліп соқтырған дерттерге ұшырауды көбейтті. Әлеуметтік қалпына келтіру – мүгедекті ойдағыдай әлеуметтік қалпына келтірудің ең сенімді жолы және жағдайы. Тән тұрғысынан мүгедектердің мүмкіндіктері шектеулі, бірақ рухани мүмкіндіктері зор және көбінесе айрықша. Ағза қызметінің бұзылуына байланысты кемшіндіктің түріне және дәрежесіне байланысты, жас мүгедектермен (14 пен 30 жас арасындағы) драматерапиялық жұмыс жасауға болатыны иә болмайтыны туралы тұжырым жасауға болады. Негізінен, мүгедектермен драматерапиялық жұмыс жасау олардан ерекше дағдыларды, арнайы білімдерді талап етпейді, яғни бұл шығармашылық түрі сан қырлы. Тәндік мүмкіндіктерді, ағзаның негізгі қызметтерінің айқын бұзылғанын ескере отырып, мұндай жұмысқа ақыл-ес қызметі толық (ойлау, ерік-жігер, еске сақтау, сөйлеу, түйсіну), кейбір сенсорлық қызметі шектелген (көру және есту), стат-қозғалыс бұзылушылықтар (қимыл-қозғалыс аппараты) адамдар тартылатынын айтқан жөн. Бұдан басқа, мүгедектердің жеке басының ерекшеліктерін ескеру керек. Көп жағдайда оларға қатып қалған ұстанымдар, таптаурын ойлар тән болғандықтан жаңашыл идеяларға сенімсіздікпен немесе тіпті жаратпаушылықпен қараулары Бұл мәселені біртіндеп, бірлесуге жағымды жағдай жасай, талпыныстарды қолдай отырып шешуге болады, сондай-ақ неғұрлым жақсы қозғалатын жолдастарының табыстары да үлгі бола алады.

Адам жаратылысының ерекшеліктері ойынға, түрлі жағдайларды ойша елестетуге, қиялдауға бейім тұрады, бұл әр адамға тән, сондықтан қандайда бір шын жағдайларды, сонымен қатар ойдан шығарған оқиғаларды елестету интеллектуалдық көңіл-күй ерекшеліктерді дамытуға, елестетіліп отырған жағдайдағы адамдардың өзара қатынастарын әр қырынан көруге, өзін кейіпкерлермен теңестіруге, рольдерді алмастыруға, бұрын таныс емес мінез-құлық түрлерін қарастыруға болады. Драматерапияның жағымды мүмкіндіктері шығармашылық еліктеуге, болып жатқан оқиғаларға қызығушылықпен қарауға және ұжымның жұмысына белсене араласуға итермелейді.

Театрдың міндеті – адамды басқа әлемге көшіру, бейтаныс әлемде ол жаңаша әрекет жасауды, шешім қабылдауды үйренеді, өзінің тәнінің қабыршағынан шығып, шексіз қиялдауға мүмкіндік алады. Дәріс кезінде осындай көңіл толқыныстарын сезіну адамның өзін тануына жаңа жол ашады, түсінігінің көкжиегін кеңейтеді, бұл оның қоршаған ортаны, өз басының жағдайын басқаша бағалауына, қабылдауына, сондай-ақ қоғаммен жағымды қарым-қатынасқа түсуіне көмектеседі. Жағымды

қарым-қатынас тәжірибесі белсенді әрекеттер жасау және басқа қатысушылармен байланыстан қорқынышты сейілтеді. Ең әуелі мынандай қиындықтарды бөліп айтқан жөн: коммуникативтік қарым-қатынастағы қиындықтар, дені сау адамдармен араласудан қашқақтау, сөйлесе алмау, әңгімеге кірісе алмау және т.б.; жеке бастың қиындықтары – өзін лайықсыз бағалау, өзін кеміс сезіну, өзінің жеке басын қабылдамау, денсаулығында бұзылушылықтар барын жоққа шығару, өмір танымы теріс болу, қорқыныштар; тән жағдайы – дененің әлсіздігі, қимыл ыңғайсыздығы, бұлшық еттерінің тартылуы, денені белсенді қозғалысқа келтіруден қорқу және басқалар; әлеуметтік енжарлық – табысқа ұмтылыстың болмауы, әлеуметтік өмірде болып жатқан оқиғаларға қызықпаушылық, асырауда болуға үйрену тенденциясы, білім мен дамуға енжарлық; еңбек және кәсіби машықтанбаушылық – білім алуға, қосымша машықтарды алуға, жаңа мамандықтарды игеруге құштарлықтың жоқтығы, жалақы табу туралы ескірген ұстанымдардың болуы, жұмыс іздеу жөнінде өз еркіндігінің болмауы және т.б. Аталған қиындықтар формальді түрде бөлінген, себебі, олардың өзара байланыстылығы және өзара шарттылығы жағдайды күрделендіре түседі. Кез-келген жағдайды қабылдау, оны жағымды жаққа өзгерту – мүмкіндігі шектеулі адамның жеке басының өсуіне және әлеуметтік қалпына келуіне жасалған үлкен қадам. Егер, адам өзі қатарға қосылғысы келсе және жағдайды жақсартуға күшін салса, қалпына келтіру қызметі бірнеше мәрте тиімді болар еді. Коммуникативтік өзара қарым-қатынаста мүгедекті ұжымның қызметіне белсенді түрде араласуы барысында түрлі қатынастар адамдармен араласудың дағдылары қалыптасады. Негізінен шығармашылық ұжымдарда қарым-қатынас белгілі бір деңгейде мәжбүрлік сипатта болатындықтан – қатысушылар еріксіз өзара әрекеттесуді, өз мүдделерін қорғауды, танысуды, жеке адамдар арасында тығыз байланыстар орнатуды, сондай-ақ кикілжіңдерді шешудің оңтайлы жолдарын іздеуді, жаңа рольдерді игеруді үйрене бастайды. Сонымен қоса, драматерапиялық дәрістер серіктермен белгілі бір қарым-қатынас этикасын қалыптастырады, басқа адамдардың мүдделерін құрметтеуді және өз ұстанымына, көзқарасына ұқсамайтын ұстанымдарды қабылдай білуді үйретеді.

Ұжымның бірде-бір мақсаты ынтымақсыз, жеке адамдардың қарым-қабылеттерін үйлестіругіз жүзеге аспайтындықтан, драматерапия командада жұмыс істей білу, ортақ идея үшін әркімнің үлес қосу тәсілі ретінде әрекет етеді. Қойылымның ой-түйіні де өзара қатынас, байланысқа қозғаушы болады – сахналық бейнелер бір-бірімен тығыз байланысты, ойын барысында белгілі бір мінез-құлық үлгісі қалыптасады, тіпті нақты жағдайда жағымсыз саналатын мінез де қарым-қатынас тәжірибесіне айналады. Тығыз байланыстар және бірге уақыт өткізу драматерапия жұмысының қатысушыларына бір бірін жақсы білуге, ашылуға және

достық қарым-қатынастар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жағымды қарым-қатынас тәжірибесі бір мезгілде жеке бастың кейбір психологиялық мәселелерін шешу – өзгелердің қабылдауына қарай өзінің қадіріне сенімсіздік сияқты жағымсыз жағдайды жеңу арқылы өзінің шығармашылық, туындатушылық бағыттағы мүмкіндіктерін дұрыс бағалау жолы болып табылады. Драматерапиялық дәріс барысында әртүрлі тіршілік жағдайлары, жеке басты қызықтыратын және өзекті оқиғалардың болуы мүмкін сценарийлері ойынға қосылады, бұл жеке тұлғаны толғандыратын өзекті мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Шығармашылық қызмет уайымды жояды, өз жеке басын дұрыс қабылдауды жеңілдетеді, жеке басының құндылығын арттырады және өз мүмкіндіктеріне басқаша қарауға үйретеді.

Драматерапиялық үрдіс барысында драмалық шығармалармен танысу, яғни мүгедектің мәдени және эстетикалық байуы, шығармашылық өсуі жүзеге асады. Жеке басқа әсер ететін аталған жағдайлардан басқа, драматерапиялық жұмыс бәсекелестік қасиеттерді қалыптастыру үшін өте пайдалы – өзіңді танытуға және жарыс құштарлығы даму, түйсіну және ширау үшін қуатты ұмтылыс болмақ. Жеке тұлғаның ішкі мүмкіндігін өсіру ұжымдық жұмыс машықтарын игерумен қатар жүреді, яғни жеке және қоғамдық бастаулардың үйлесімді байланысымен жүзеге асады. Көптеген жеке бастың мәселелерін шешу әлеуметтік белсенділікті өсіруге ықпал етеді – адамның өз мүмкіндіктерін және болашағын сезінуі қажеттіліктер мен қызметтердің деңгейін көтереді және жандандырады. Өз бағасын дұрыс және жоғары сезіну адамның өз мүмкіндіктерін айқын бағалауына және оны өз сұраныстарымен орынды теңестіруге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде, алға қойылған мақсатты дұрыс жүзеге асыруды жеңілдетеді. Бұның бәрі жас мүгедектің өмір сүру белсенділігін, оның әртүрлі тіршілік жағдайларында тиімді әрекет жасауын арттырады. Алдыға қойған мақсаттарға жету үшін неғұрлым аз көңіл-күй және уақыт жұмсау тиімділігі артады.

Драматерапиялық жұмыс жас мүгедектердің еңбек аясында да өздерін толыққанды сезінуіне көмектеседі, жеке басының құндылығын сезіну және шығармашылық жұмыс машықтарының болуы оның кәсіби тұрғыдан ашылуына қосымша мүмкіндіктерге жол ашады. Жағымсыз жағдайларды реттеу жұмысқа орналасу кезінде кездесетін бірқатар қиындықтардан құтқарады. Күрделі жағдайларда жол табу, шешім қабылдай білу, ұжыммен өзара байланыста жұмыс істеу, күйзеліс жағдайларын шеше білу, жұмыс берушінің көз алдында дұрыс бейне жасай білу – бұл жұмысқа қабылдау кезінде шешуші мәні бар жағдайлар. Сондай-ақ драматерапиялық дәрістердің мүмкіндігі шектеулі адамдардың адамның жеке тәни және рухани жағдайына жағымды әсеріне назар аударған жөн.

Театр өнерімен шұғылдану мүгедектерге денесін қалыпты ұстауға, денесін игеру мүмкіндігін жоғарылатуға, көңіл-күй әсерінің ықпалымен бұлшық еттерін босаңсытуға, ептілік қимылдарын еркіндетуге және қалыптастыруға, қымыл шапшаңдығы мен айкындығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дененің икемділігі, қозғалмалылығы мүгедектің денесін анағұрлым «жайлы» етеді, кемістіктердің орнын жабуға және қозғалыс қызметтерін неғұрлым мол қолдануға ықпал етеді. Дене икемділігін дамытудан басқа, драматерапиямен шұғылдану қажетті нәрсеге назар аударуға, тән қуатын жұмсауда жинақы болуға және есепшіл болуға (актер шеберлігі ұстанымдарының бірі) – бұлшық қуатын ақылмен пайдалану, яғни оны нақты дене міндетіне қанша жұмсау керек болса, сонша жұмсауға мүмкіндік береді. Тренингтік жаттығулардың қимылдарын игеру, әлеуметтік-тұрмыстық ортада дене мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге жол ашады.

Даматерпия шығармашылық ұжымдардың өзара әрекеттестік арқылы әлеуметтік қалпына келуін қарастырады, оған жеке жұмыс, дене дамуы, көркем шығармалармен танысу, жеке тұлғаның мінез-құлық және рухани тәрбиесі кіреді. Барлығы қосылып келгенде, бұл бағыттар мүгедектердің әлеуметтік қалпына келуіне, олардың әлеуметтік өмірге толық араласуына зор ықпал етеді. Шығармашылық өзін таныту арқылы жағымсыз энергетика, ашу, ыза, күйіну шығып, жеңілдену пайда болады – бұлшық еттерінің босауынан қозғалыс серпіні пайда болады, адам ағзасының гармондық тепе-теңдігі қалпына келеді, адамның көңіл-күй қалпы, өзін сезінуі, осыған байланысты коммуникативтік мүмкіндігі, қатынасқа дайындығы, әлеуметтік ашықтығы артады. Төңірегіндегі адамдарға жағымды көзқарасы қарым-қатынас кедергілерін жояды, байланыстарды кеңейтеді, әлеуметтік өзара қатынас сапасын жақсартады, адамдармен қарым-қатынастағы қиындықтарды жояды. Кешенді түрде осы жағымды өзгерістердің бәрі мүгедектің әлеуметтік өмірге, жағдайға дағдылануына, кіруіне әкеледі. Психодраманың тарихи қалыптасуы, түптеп келгенде, «таза» театрлық қызметтен басталған.

Жүздеген жылдар барысында сахнада бізді кім бейнелеуге лайықты деген қаншама қатаң ұстанымдар болды. Соның бірі би өнеріне де қатысты. Биге қатысу үшін болашақ биші жігіттер мен қыздардың дене мүшесінің белгілі бір өлшемдері болуы тиіс еді. XX ғасырда билеймін деген жастардың барлығы классикалық балеттің техникасын үйренді. Техникаға шебер және дене қимылы тәртібі қалыптасқан бишілер нәтижесінде мінсіз дене сулулығын көрсетті.

Олардың сахнадағы арақатынасы, кордебалеттен прима-балеринаға дейінгі дәрежелер сатысы қоғамның мінсіз құрылымын сипаттайтын. Қазіргі заманғы би техникасы, мәселен, өзара жанасу импровизациясы, аталмыш дәстүрлі сатыларға күмәнмен қарауға итермелейді. Алайда би

техникасындағы өзгерістер түбірлі туындатушылық қызметке әкелмеді. Би өнеріндегі қатып қалған ұстанымдарға қарамастан, белгілі бір машықтардың көмегімен сахнада серпінді, икемді және қоғаммен өзара байланыс ұстанымдарына негізделген қозғалыстар жүзеге асуда.

Соңғы жылдары сахнада дене бітімінің небір жаңа, баламалы түрлері пайда болуда. Бұл жарнама индустриясы көрсетуден еш жалықпайтын жас және талшыбықтай сұлу дене бітімінің мінсіз канондарына сәйкес келмейтін басқа дене бітімдері. Не классикалық, не қазіргі заманғы би техникасын меңгермеген денелер. Сахна төрінде бұрын-соңды болып көрмеген жандар енді сахнаға шығуда. Бұл – дене немесе жүйке мүмкіндіктері шектеулі адамдар, бұл – көптеген жылдар бойы қоғамдық-саяси назардан тыс қалып жүрген, қоғамымыздың ауқымды бөлігін құрайтын кәрі адамдар. Британдық хореограф Ллойд Ньюсон өзінің DV8 шығармашылық ұжымымен сонау 1997 жылы әлемге *Bound to Please* қойылымын паш етті, онда қоғамға не жағымды, көрерменнің сахнадан не көргісі келетіні туралы сауалдар қойылды. Ол үшін хореограф егде жастағы биші әйелді өз қойылымының басты кейіпкері етіп алды. Осылайша, Ллойд Ньюсон театр босатушылық қызметін қолға алады, қоғамда бұрын болмаған құбылысты көрсетеді, сол ерекше құбылысқа сөйлеу, ой айту құқығын береді. Әдетте сахнада билеуге рұқсат берілмейтін осы адамдардың көз алдымызда пайда болуы бізді, көрермендерді жеке құндылықтарымыз бен жалған нанымдарымызды еске алуға мәжбүр етеді. Көптеген көрермендер *Disabled Theatre* қойылымын қабылдаудан бас тартып, оны «сұрықсыздар шоуы» деп атады. Олар өз кемістігі бар адамдардың өзін ашық көрсетуін қаламады, өздерін вуайеристік (әдеттен тыс) үрдістерден қорғауды қалады. Бірақ мұндай кесім қашанда қосымша сұрақтар тудырады: неге біз оларды «сұрықсыздар» деп қараймыз, неге жай адамдар деп қабылдамаймыз? Сахнадан бізге батыл, сенімді түрде тіл қатқан бұл адамдар біз үшін маңызды болуы керек. Бұрын бізге өзге және бөтен болған жандар театр есіктерін айқара ашты, шектеулер мен шектер жойылды, олармен бірге қоғамның өзі жайындағы ұғымы өзгерді.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі адамдардың шығармашылығына баса назар аударылады, талантты жастардың жетістіктерін көрсететін және ынталандыратын түрлі фестивальдер мен байқаулар өткізіледі. Негізінен бұл Ресей қалаларының әуесқой театрларынан тұрады, бірақ қазіргі кезде мүгедектерден құрылған кәсіби театрлардың қалыптасуы жүріп жатыр.

Бүкілресейлік мүгедектер қоғамы мүмкіндігі шектеулі дарынды адамдарға берілетін «Филантроп» халықаралық сыйлығын тағайындады. Оның ішінде театр өнері де бар. Ерекше театрлардың неғұрлым белгілі фестивалі Мәскеу қаласында өтетін «Протеатр» болып табылады, оған Ресейдің түрлі аймақтары мен жақын шетелдерден келген әртүрлі кемістіктері бар мүгедектер қатысады. Осындай дарындардың бірі,

көптеген халықаралық конкурстарға қатысқан өнерпаз, Дельфий ойындарының бірнеше дүркін жеңімпазы, театр және пантомима өнеріндегі айрықша табыстары үшін «Филантроп» халықаралық сыйлығын алған Павел Давыдов Пенза мәдениет және өнер үчилищесінің түлегі.

Мүгедектерді әлеуметтік қалыпқа келтіру және қоғамға қосу, олардың жеке басының шығармашылық мүмкіндігін барынша қолдану міндеттерін драматерапиялық жұмыс жемісті жүзеге асыратыны жайында тұжырым жасауға осындай тәжірибе мен теориялық тұғыр негіз болады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың шығармашылық қызметіне неғұрлым мұқият қарау оларды экономикадан тыс қолдаудың жаңа тетігін жасауға жағдай жасайды. Осы санаттағы адамдардың рухани дамуы мен өсуін, бастамалары мен еркіндіктерін қолдау арқылы осыған қол жеткізуге болады.

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдар мен қоғамның арақатынасы мәселелері күрделі және сан қырлы. Әдетте олар тек әлеуметтік аспектіде жария болады. Фестиваль бұл өзекті мәселеге жалпы мәдени тұрғыдан қарауға, даму ерекшеліктері бар адамдардан әлеуметтік көмектің нысандары мүгедектерді емес, шығармашылық тұлғаларды көруге көмектеседі. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалар және жастардың шығармашылық жұмысын жақсартуға көмектесу, осындай адамдардың өнері туралы жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы фестиваль қоғамдағы бірлесу және жалпы рақымшылдық үрдістерін қолдайды.

Фестиваль әртүрлі дәрежедегі мүгедектерді театрлық қызметке қатыстыру арқылы оларды әлеуметтік-мәдени қалпына келтірудің неғұрлым тиімді тәсілдері мен түрлерін іздеуге ықпал етеді. Фестиваль сондай-ақ мүгедектерді әлеуметтік-мәдени қалпына келтіру саласында жұмыс істейтін мамандардың ғылым-әдістемелік мүмкіндіктерін өсіруге көмектеседі.

Ерекше өнер бізге қабілеттеріміздің өзіміз білмейтін ішкі өзара байланысын ашады. Фестивальге қатысушы әр театрдың міндеті – актер мен көрерменнің қазіргі әлемдегі ішкі сәйкестігі қалай пайда болатынын және сәйкестік пен қазіргі заман қалай үндесетінін түсіну.

Қамтылмаған сауалдардың барына қарамастан, өнер, оның ішінде театр, дене және ақыл-ой шектеулілігіне қатыссыз адамның өзін танытуының кілті болып табылатынын растай аламыз. Ол терапияның мүмкіндігін кеңейтеді, қоғамда әлеуметтік төзушілікті дамытады, денсаулығында шектеуі бар адамдардың бірлесуіне негіз болады.

Қазақстанда мүгедек өнерпаздардың шығармашылық фестивалі сирек өтеді. Дегенмен де, соңғы жылдары елімізде бұндай байқаулардың саны өсіп келеді. Алматы мен Астанадан басқа да облыс орталықтарында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған фестивальдер мен байқаулардың өтуі қуанарлық жай.

Қазақстан театр сахнасындағы мүмкіндігі шектеулі жандар бейнесі

Әлем әдебиетінде мүмкіндігі шектеулі жандар туралы суреттелген шығармалар молынан кездеседі. Мәселен, Виктор Гюгоның «Париж құдай-анасының шіркеуіндегі» Квазимодо, И.Тургеневтің «Мумуындағы» Герасим, Ч.Диккенстің «Рождестволық оқиғасындағы» Тини Тим, «Питер Пендегі» капитан Крюк, т.б. кейіпкерлер оқырманға, одан кейін экрандық және сахналық бейне ретінде танымал болды. Қазақ әдебиетімен драматургиясында мүгедек жандардың бейнесі біраз суреттелді. Бұл ретте, бірінші кезекте М.Әуезовтың «Абай жолындағы» Құнанбай мен Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысындағы» Мылқау балуан бейнелері есімізге түседі. Әрине, бұл кейіпкерлер театр сахнасында өзіндік көркем шешімін тауып, біраз актерлердің репертуарында өшпес ізін қалдырды.

1993 жылы режиссер Б.Атабаев бельгиялық жазушы, Нобель сыйлығының лауреаты Морис Метерлинктің 1890 жылы жазылған «Соқырлар» атты драмасын М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының сахнасында қоюы арқылы замана оқиғасын өзінше өрбіте отырып замандастар бейнесімен атастыра бейнелейді. М.Метерлинк бұл драмасында адамды жазмыштың құлы ретінде көрсете отырып, тағдырға қарсы күресуге дәрмені жоқ адамдарды бейшара халге жеткізген. Дарамның кейіпкерлері бірнеше туа біткен соқыр, кейін соқыр болып қалғандар, кейбірі тас керең әрі соқыр адамдар. Әулиенің бастауымен өздері тұрған маңдағы жақын аралға бірге келген тоғыз соқыр тағдыры драма желісіне өзек болған. Тіпті ертіп келген әулиенің қайда кеткенінен де бейхабар олар соны күтумен таңды атыруда. Көз көрмейді. Көңіл сезбейді. Араларында тіпті көзінде кішкене болсын саңылауы бар бір пенде жоқ. Жалғыз әулие еді, оның да келуі, келмеуі екіталай. Санасыз, бастаушысыз әлемнен бейхабар пақырлар өз беттерімен шешім қабылдауға да дәрмендері жоқ.

Режиссер соқырлар арасындағы бір-біріне сенімсіздік, өзімшілдік, қара басының қамынан әрі аспау, ойсыздық секілді адамның жағымсыз қасиеттерін алғы планға шығарған. Тіпті ит әулиенің яғни қожасының өлімін көріп зарлап жылап тұрғанда соқырлар оны жоқтаудан гөрі енді қалай қайтар екенбіз деген ойдан әрі аса алмайды.

Мұндағы әрбір соқыр бейнесі бір-біріне ұқсамайды. Туа соқырларды бейнелеген халық актрисалары Ш.Жандарбекова, Х.Бөкеева, Б.Римова, соқыр әйел – Б.Жанғалиева, соқыр шал – М.Сүртібаев, керең соқыр – Ғ.Сүлейменов, соқыр жігіт – Т.Мейрамов, сұлу соқыр қыз – Д.Темірсұлтанова, жынды соқыр әйел – Ш.Мендиярова, ит – Ә.Серіков ойындары жалпы соқырлар әлемінен бұрын-соңды беймәлім жәйттарды көрермендер алдына жайып салды.

Соқырлар өмірі сол уақытта қоғамымыз басынан кешіп отырған кезеңді де көрерменнің көз алдына әкелді. Бұрын кеңес өкіметінің басшылығымен, партия нұсқауымен өмір сүріп қалған кеңес адамдары тәуелсіздікті иемденсе де біреудің басшылығына үйреніп қалған әдеттен арыла алар емес. Қойылым біреудің басшылығы болмаса орнынан қозғалмас тобырдың тағдырын көрсеткендей. Жетпіс жыл бойы империя табанының астында ойлаудан да, ойланудан да жұрдай саяси құқығы жоқ тобырды айдағанына жүргізіп, айтқанына көндірген заман еді. Спектакльдегі соқырлар секемшіл, сенімсіз өмірді, басшысыз тағдырды басынан кешіреді. Тіпті өздеріне қамқоршы болып жүрген дін жолына адал беріліп жүрген әулиеге де сенімсіздік көрсетеді. Қит етсе бір-бірін өсектеуге, жамандауға жақын. Адамзат өміріндегі ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ой сабақтастығы, мінез-құлық қасиеттерінің сол қалпында сақталған. Өмірдің мақсаты – алға ұмтылу. Спектакльдің түйіні де осында.

«Соқырлар» спектаклінің сахналық көрінісінен режиссер ұжымның шығармашылық мүмкіндігін толық пайдаланып, өзінің ой-тұжырымын нақты жүзеге асыра білгендігі байқалады. Ол шығарманың идеясына жету жолын дұрыс анықтап, соған қарай әрбір көріністердегі, жеке оқиғалардағы кейіпкерлердің логикалық әрекетін белгілеп алған.

Қойылым өзінің сонылығымен, режиссерлік тың ізденіспен сахнаға келген. Бірақ, «Соқырлар» қазақ театрының репертуарында ұзақ тұрақтамаған қойылымдардың бірі болды.

Қазақ сахнасындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың ащы өмірін шынайы көрсеткен келесі қойылым – «Мәңгілік бала бейне» болды.

Кеңес дәуірінде ұзақ жылдар бойы қазақ даласында үздіксіз жер асты, жер үсті ядролқ сынақтары өткізілгені, оның жасырын түрде, бүркемеленіп жүзеге асқаны, сол жарылыстардың зардаптарынан қандастарымыз баудай түсіп, шыбындай қырылғаны ащы ақиқат еді. Табиғаттың тартқан зардабы туралы ой толғаған ақынның адамдардың тартқан азабы туралы ащы шындыққа келіп тірелетіні сондықтан.

Жиырмасыншы ғасырдың құбыжығы атанған Семей полигонының зардабы бүгінгі отандастарымыз үшін ғана емес, болашақ ұрпақтарымыздың өміріне өте қауіпті. Атомдық жарылыстардан ауа қабаттары бүлініп, жеріміз шекарасы қызыл сызықпен қоршалған экологиялық аймаққа айналды. Ұрпағымыз қанында жоқ, бұрын-сонды көріп-білмеген дертке ұшырады. Қырық екі жылға созылған ядролық сынақ 1991 жылы өшті. Бүкіл әлем «Семей – Невада» шеруіне шығып, ядролық апатты жою мәселесі қызу жүріп жатқанда театрлар да осы тақырыпқа өз үлесін қосты. Ақын Олжас Сүлейменов пен драматург Баққожа Мұқаевтың «Заманақыр» (1992 ж.) қойылымымен Қазақтың Ғ.Мүсірепов атындағы академиялық жастар мен балалар театрының сахнасына қияметтің ауыр трагедиясын шығарды. Семей жеріндегі

ядролық жарылыс салдарынан ел басына түскен қасіретті сахнаға шығарған шығарманың «... негізгі желісі Семей полигонының халқымызға салған зардабын, кешегі кеңес империясының саясатын әшкерелеуге құрылған» [54, 118 б]. ТЮЗ-дың сахнасында қойылғаннан кейін бұл пьеса қазақ театрларының сахнасында өз орынын ала бастады. Соның ішінде «Семей қасіреті» деген атпен Семей театрында режиссер Ш. Зұлқашев қойған спектакль Ашхабад қаласында өткен «Наурыз-93» халықаралық театр фестивалінде лайықты баға алып қайтты.

Осындай ұлтымыздың айықпас дертін айна-қатесіз суреттейтін Роза Мұқанованың «Қаралы той» атты повесі бойынша сахналанған «Мәңгілік бала бейне» деп аталатын спектаклі 1997 жылдан бастап М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының репертуарынан ұзақ жылдар өз орнын берік алды (режиссері Б.Атабаев).

Пьеса тұтас философиялық топшылауларға, астарлы ойға құрылып, келісті тілмен жазылған. Автордың өткенімізді айта отырып, оған бүгінгілік астар, мән-мағына беруі сол идея айқындығынан туындаған. Бұл шығарма ертеңгі күні қазақ елі шашырап, Қарауылдың жеріндегі құритыны ғажап емес деген ойды меңзейді.

Спектакльде сахналық шешім тапқан басты кейіпкер – тағдыр тәлкегіне ұшырап, қайғы мен қасіреттен көз ашпаған мүгедек қыз Ләйлә. Ғасыр трагедиясы осы қыздың өмірі арқылы суреттелген. Сахналық бояуы күрделі, жаны жаралы жанның ішкі сезім дүниесін, күйініш-арпалысын, сондай-ақ, балғын жастың рухани эволюциялық жолын Нұржан Бексұлтанова өте әсерлі бейнелейді. Актриса Ләйлә өміріндегі драмалық оқиғаларды баса көрсетуге ден қоя тұрып, әйелге тән нәзіктігі мен ішкі сезім иірімдерін лирикалық бояуда беруге ұмтылған. Н.Бексұлтанова жасаған Ләйлә шытырман өмірдің адам айтқысыз небір қиындықтарына мойымайтын, бүкіл дүниеге адам құдіретін паш еткен қайсар жанның сом тұлғасына айналды. Осы рольде бар талантын көрсете білген актриса бірде жынданып күлсе, бірде ызалана жылайды, енді бірде бар дауысымен айғайлап, айға мұңын шағады, бірде Құмарға деген махаббат сезімін алғаш түсінген Ләйләнің қысылып-ұялуын контрасты бояулармен керемет жеткізеді. Бүкіл жалған дүниеде жарық Айдан басқа ешкімі жоқ Ләйлә – Н.Бексұлтанова бүкіл мұң-зарын, қуанышы-реніші мен арман-қиялын тек жарық Айға ғана айта алады, тек соған ғана еркелеп, наздана алады. «Ел қызығар сүп-сүйкімді, эп-әдемі қыз болғым келеді» деп айға мұңын шаққан кезде мүгедек қыздың арман-елесі болып, тал-шыбықтай бұралып, «аяғы октаудай, түп-түзу» қыздың билеуі Ләйләнің басқалардай би билеп, ғашық болып, тұрмыс құрып, өмір сүруді аңсауын көрсететін детальдар. Актриса дүниедегі ең жақын адамы –

апасы Қатираның намысына тиген сөздеріне шыдай алмай, жүгіріп барып кішкентай балаша ұруын да келістіріп бейнелейді.

Бала кезінен бірге өсіп, бірге ойнаған, бірге оқыған Құмарға деген Ләйләнің сезімі ерекше! Бірақ, Құмар оған тек аянышты көзбен қарайды. Ал, қыз болса «ол мені сүйеді» деген түсінікпен жүреді. Бүкіл Қарауылдың жұртына сайқымазақ болып қорланған қыз, енді сатқын Құмардың құрбаны болады. Ол қызды пайдаланып, депутаттарға 200 долларға сатып кетеді. Құмардың сатқындығын кездейсоқ біліп қойған Ләйлә тек жарық аймен ғана тілдесіп, ақыры отқа түсіп күлге айналады. Актриса кейіпкерінің сұлулығын, оның ішкі психологиясының нәзіктігін, өмірге деген пәктігін түсінген. Қолының өскеніне қуанып, енді бойының өсетінін де армандаған Ләйләнің кішкентай қуанышы арқылы Н.Бексұлтанова қыз арманының астында үлкен қасірет жатқанын ашық жеткізе алды.

Спектакль финалындағы Ләйләнің жер астына түсу сахнасында елес-қыздың инеге шаншылған көбелектей ілініп тұруы арқылы режиссер қатыгездік пен лириканы бір-біріне қарама-қарсы қойған. Сондай-ақ, Ләйләнің қолындағы үлпілдеген жеңіл ақ орамал – оның әдемі өмірге апаратын арманы. Оны билеп жүріп беліне де байлайды, басына бантик етіп орайды, әдемі елес-қызды көргенде артынан жүгіріп сол орамалды бұлғап, арманын шақырғандай болады. Бұл орамал Ләйлә үшін сұлулықтың символы.

Екінші құрамда ойнаған Д.Темірсұлтанова да Ләйләнің ішкі жандүниесін ашуға бар күшін жұмсаған. Дегенмен де, дене бітімі өспей қалған қызды актрисаның бойынан аңғармайсың. Қайта бойжетіп, ақыл-есі тоқтаған бейнені көріп тіпті мүгедек қыз дегенге қимайсың. Орындаушы бойында балаға тән сенгіштік пен аңқаулық басым кейіпкерді, Құмарға ғашық бойжеткенді және өз құқығын білетін, айтқанынан қайтпайтын бірбеткей күрескер қызды сахнаға шығарды. Бұл Ләйлә қалай тез ашуланса, солай бәрін тез ұмытып жарқылдап жүре береді. Д.Темірсұлтанованың Ләйләсі зарлы, өмірге өкпелі. Актрисаның әрбір сөзінен өкпе, ыза байқалады. Ол кейіпкерінің жанындағылардан қыспақ көріп жүргенін ашуға тырысқан. Темірсұлтанова – Ләйләға Қатира «Қайда жүрсің?» деп ұрсатын кезде үндемей бір уыс болып бүрісіп отыра кетеді. Бұдан Ләйләнің амалы таусылғаннан күресуге шамасы жоқ екендігін байқайсың, бар қарсылығын мұңға толы көзқараспен ғана білдіреді. Ал Бексұлтанованың Ләйләсі үнсіз қалмай, «Адам болғанан кейін жүрміз де» – деп тәтесінің өзіне тап береді.

Құмардың (Ғ.Құлжанов) Ләйләға сыйлаған ерін бояғышын Д. Темірсұлтанова жақсы ойната алды. Бір қарағанда Ғ. Құлжанов ерін бояғышты ұсынды да кетіп қалды. Ал қыз оған ден қойып, ғашық жігітінің бергенін Болтайға мақтанып, өзіне қаншалықты бағалы екенін

көрсетті. Ал, Н.Бексұлтанова Болтайға «мен үшін қалды», деп балаша қуанып асыр салады. Қыз қуанышын қос актриса екі түрлі көрсетті.

Өз ойынын аналық жүрек пен ашкөз пайдакүнемдіктің іштей тартысына құрған Торғын Тасыбекованың Қатирасы ер тұлғалы, өжет мінезді әйел болып шыққан. Тіршіліктің күйбенінен барынша қалжыраған, кейіпкерге көп жүк артылады. Оқиғаның дамуына қарай Қатираның көңіл-күйіндегі арпалыс сәттері орынды суреттеу тапқан. Қатираның Ләйләға деген қатыгездігі, оның кемтарлығын пайдаланып жанды тұстарынан шымшылауы оны жеккөргендіктен емес, болымссыз өмірден шаршағандығының салдары.

Қойылымдағы жынды Шөкіш – тартыс тудырушы бейне. Автор осы кейіпкердің аузына Семей полигоны жайлы шындықты салған. Тәжірибе жүргізуге айналған Қарауыл жайлы билік басындағылардың не айтып жатқанын «жынды Шөкіш» ашық, бұрмалаусыз жеткізеді. Ф.Шәріпованың орындауындағы Шөкіш әр сөзін зілді, нысанаға дөп тигізіп айтады. Сахнадағы әрбір жүріс-тұрысы үйлесімді. Аяғын жаймен басып, асатаяққа сүйеніп сахнаға шыққанда көретініміз «жынды Шөкіш» емес баласынан айырылған ана мен сұлулыққа құштар кейіпкер. Ф.Шәріпова аяғын басқан сайын неге бұлай істегісі келетіні үшін өзін-өзі ақтап бара жатқандай. Баскышпен көтеріліп бара жатып әлі де еркелетіп Ләйләні алдауға талпыныс жасайды. Ф.Шәріпова ана махаббатын, қайғы зарын Шөкіштің жынданатын сахнасында мұңға толы көзқараспен көрсетті. Туа сала баласын өлтіргенін айтқанда орындаушы авансценада бір нүктеге қадала қарап қалады. Сол сәтте актриса барлық өмірін көз алдынан саралап өткізіп отырғандай.

«Қарауылдың қайғысын түсінемін дегендер Ләйләға қарасын!» – дейді жынды Шөкіш. Өспейтін, өнбейтін мына дүниеге сәби әкелмейтін Ләйләнің жарымжандығына күйгеннен, ашынғандығынан осылай күйінеді. Ол бүкіл қойылым бойы қайткенде Ләйләнің көзін жоюды ойлаумен болады. «Сұлулықты мазақ етіп ол неге жер бетінде жүруі тиіс» – дейді. Ф.Шәріпова бейнесін табиғатынан өркөкірек, сынауға бар, майысуға жоқ, ешкімге бас имейтін қайсар және еш сырын ашпауға бел буған адам етіп суреттейді.

Интеллигенцияның халықтан қол ұзу қағидасын шығармасының негізгі тақырыбы етіп алған Р.Мұқанова олардың қоғам өмірінде өтіп жатқан тарихи-әлеуметтік қозғалыстарды көрмей, жалған иллюзиялық арманды аңсаған, характерсіз философиясын шенейді. Автор өзінің бұл ойын ауылға келген депутаттыққа кандидат Күләштің (М.Өтекешова) көбірек дауыс жинап, депутат болу жолында халықты алдап-арбауы арқылы көрсеткен.

Б.Атабаев спектакльдің жекелеген көріністерін контрасты шешімдерге құру арқылы оқиға желісі мен драмалық тартысын

шиеленістіріп, кейіпкерлердің әрекет-қимылын, жалпы спектакль драматизмін күшейте түсті. Режиссердің басты мақсаты актерлік шеберлікпен бірге, спектакльдегі әрбір детальды шынайы ойнату. Туғанынан екі аяғы жоқ Болтайдың (Б. Тұрыс) қолы қалт етсе құмарлана бәтеңкелерін тазалауы, жалтыраған аяқ-киіміне қызыға да рахаттана қарауы – өкініш тудыратын құбылыс. Бұл бәтеңке Болтайдың орындалмас арманы.

Сахнада әрі-бері теңселген Қатираның жаны күйіп, қайғыру психологиясын, сахна ортасында көрерменге теріс қарап отырған тойдағы адамдардың бірдей қимылмен сілтей ішуін және противогаз киген жастардың сахна төрінде билеуін білдіретін мизансценалар ұтымды шыққан. Режиссердің ауыл адамдарының жаппай арақ ішуін көрсетуінде де үлкен ой жатыр. Арақ ішіп олар бір сәтке болса да өз дерттерін, яғни бақытсыз тағдыры мен ауру балаларын ұмытады, бүгінгі күнмен, осы минутпен өмір сүреді. Және режиссердің осы көріністермен айтпақ ойы – бұл тек Қарауыл мен Семейдің дерті емес, бүкіл ұлтқа төнген қасірет.

Режиссер кейіпкерлерді үш топқа бөлген: бірінші топқа мүгедек қыз Ләйлә, жынданған кемпір Шөкіш, аяғы жоқ Болтай жатса, екінші топтағылар ауыл адамдары, ал үшінші топқа қалаға қашқан ауыл жастары мен Қарауылдың мүддесін қорғағансып жүрген депутаттыққа кандидат пен оның шашбауын көтеруші «Тамашаның» артисі және соңғы екі әлеуметтік топты бір-бірімен жалғастырып, арасында дәнекер болып жүрген ауыл Басқармасы.

Осындай психологиялық көңіл-күйге құрылған спектакльге суретші жасаған декорациялық жасау-жиһаздар сай келген. Режиссер мен суретшінің басты мақсаты – көрермен назарын жалаң эффектiге құрылған сахналық жасауларға емес, адамның ішкі жан дүниесіне, шытырман ой тартысына аударту. Суретші Есенкелді Тұзақов қойылымның эскизін философиялық дүниетаныммен ерекшелеген. Яғни жеті қабат жер асты, жер үсті және зеңгір көктің айналып-зерделенуі табиғи мүмкіндік береді. Қара түнек секілді түстерге толы болып көмкерілген көрініс кейіпкерлердің жан-дүниесін ластанғанын көрсеткендей.

Адамзаттың болашағы үшін спектакльдің көтерер қоғамдық жүгі ауыр. Режиссер полигонның зардабын қозғай отырып бүгінгі күннің талабын байланыстыра отырып қамтыған. Өмір болмысын бүгінгі жастардың көзқарасымен және ескі сарынмен салыстыра отырып топшылауды көздеген. Әдемілік қай заманда да адамның асыл арманы, идеалы. Соны біз қалай жоғалтып алдық. Режиссер осы бір қасиетті де күрделі рухани құрылысты философиялық астармен зерделеуді ойластырыпты. Яғни Ләйланың әдемілігі, денсаулығы ядролық

жарылыспен жарылып кеткенін ашып көрсеткен. Атабаев осы қойылым арқылы бүкіл қазақтың қасіретін көрсеткісі келетіндей әсер қалдырады. Елдің басында осындай қиындықтың болғанын естен шығармайық, әр уақыт ойымызда ұстайық деген ұранды алға қояды.

Шығармаға бүгінгілік үн беруге, оған бүгінгі күн талабынан келуге ұмтылмайтын режиссер жоқ. Режиссер қазіргі заманғы көрерменге жеткізер мақсатын спектакльдің идеясынан, гуманистік ойы мен кейіпкердің тұлғасынан іздеген жөн. Біздің сахнамызға керегі де осындай тозбайтын, өшпейтін, адамгершілік болмыстың тамаша қасиеттерін уағыздайтын идеялық қасиет қой.

Б.Атабаев қосқан комедиялық ситуациялар спектакльдегі трагизмді тереңдетіп, комактандырып көрсетуге қызмет етеді. Драманың көркем-идеялық астарын ашып жеткізуде режиссердің қолданған әдіс-тәсілдері мен ұтымды мизансценалары спектакль табиғатына шынайы үйлескен. Мұндай режиссерлік шешімі көп көріністі трагедия оқиғасының үзіліссіз әрі жинақты дамуына, кейіпкерлер тағдырының шиелініскен тартыс үстінде ашылуына қолайлы жағдай туғызды. Сонымен бірге режиссура айналмалы сахна алаңын, жарықты сәтті пайдалану арқылы спектакль ауқымын кеңейте түскен.

Соңғы онжылдықта Қазақстанның барлық дерлік облыстық театрларында қойылып жүрген режиссер, драматург Әлімбек Оразымбетовтың «Бір түп алма ағашы» пьесасын 2016 жылдың 11 қаңтарында режиссер Мұрат Ахманов Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында сахналады.

Спектакльдің маңыздылығы қазіргі уақытта өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қойылым бір ұйыған отбасының уақыт өте келе жан-жаққа тарыдай шашырап, берекелері кетуін, бала күнде тату-тәтті күн кешіп, өсе келе бірін-бірі тергеулерін, бауырлар арасындағы қызғаныш, көреалмаушылық деген сезімдердің пайда болуын, материалдық құндылықтардың алға шығып, адамгершілік қасиеттердің ұмыт қалуы мен ақшаның, биліктің қазіргі таңдағы адамдардың санасын билеп төстеуін баяндайды. Ә.Оразбеков қазақ халқының, соның ішіндегі жастардың, жас отбасылардың адасуын пьесада да шебер жеткізе білген. Ащы судың кері әсерінен бауырлардың өзара қырық пышақ болулары көптеген жанұяларда кездесіп жататыны сөзсіз. Әркім бақытты әртүрлі түсінеді. Біреулер бақытты ақшадан іздесе, ал кейбіреулер бақытты барға қанағат етіп, жоққа сабыр таныту арқылы тату-тәтті өмір сүру деп түсінеді. Автордың ерекше назар аударған мәселелерінің бірі – адамдардың материалдық жағдайы, қоғамдағы әлеуметтік орны. Негізінен қоғамның бет алысын, адамзаттың неден ұтып, нендей жағдайлардан ұтылып жатқанын әрбір жазушы өз уақытында жазып та,

айтып та кетті және айтып та, жазып та жатыр. Демек, бұл – мәңгілік тақырып. Осындай шығармалар арқылы өз қате-кемшіліктерімізбен күресуге мүмкіндік аламыз. Автордың айтар ойын режиссер М.Ахманов өмір шындығына жақындатып, қарапайым әрі әсерлі сахналады.

Сахна кеңістігін қойылым суретшісі Серікқан Омаров басы артық дүниелермен толтырмай, автор ойына сай қарапайым детальдармен шешкен. Күнделікті өзіміз көріп жүрген, кішігірім алма бағы бар, ауласын да әткеншек пен демалып отыратын үстел орындықтары орналасқан шағын үйді көреміз. Театр әрқашан жанды процесс. Оқиға орны мен мезгілі, жазылған, айтылған, көрсетілген дүниенің атмосферасын, көрермен қауым сезінулері қажет. Сонда ғана қойылымның көркемдік деңгейі жоғары болмақ. Осы жолда суретші мен режиссер ойларының бір арнаға тоғысқандарын көрдік. Режиссер бір кішкене әткеншекті үйдің ауласына орналастыра отырып, балалық шақтағы керемет естеліктер мен тазалықты осы бір деталь арқылы керемет жеткізген. Бәріміз есейсек те, жүрек түкпірінде әлі де болса баламыз. Уақыт өз дегенін алса да, біздің көңіліміз еш қартаймайтыны даусыз. Сахна түкпірінде орналасқан алма ағашын үйдің ұйытқысы мен берекелері ата – анаға теңей отырып, ондағы ағаштың жемісі алмаларын балаларына теңеген. Жайқала өскен мәуелі алма ағашы өз жемісін салып, өсіп-өніп, әрі қарай тамырын тереңдете түседі деген ой бәрімізге еріксіз келеді. Алайда қанша баптап, суарсаңда, кейбір жемістер бүршік атпастан көктемейтіні көңілге еріксіз қаяу салады. Осындай жағдай үлкен үйдің ошағын түтенкен Дәметкен анамыздың басына түседі деп кім ойлаған. Қай пенде өз баласын жамандыққа қияр дейсіз. Төрт азаматшаға бар жиған тергенін ауыздарына тосып, мәпелеп өсірген балалары, неліктен өсе келе бір-бірінен алшақтай түсті. Екі қызы Әлия мен Лейлені қияларына қондырып, үлкен ұлы Ерғалиде өз сүйген қызына қосқан Дәметкен ана, ендігі кезекте бақытты ғұмыр кешуді ойлаған еді. Алайда кіші ұлы Мақсат, бала кездегі арманы ұшқыш боламын деп, шатыр төбесінен құлап, белінен төмен қарай жансыз денеге айналып, мүгедектер арбасына танылады. Бұл жерде пьесаның орталық шеніне айналып отырған кесек тұлға Мақсат бейнесі. Оқиғада Мақсат төңірегінен бастау алып, Мақсат тағдырымен шешу табады. Үйден шыққан дау-дамайға араласқан Мақсаттың спектакльдің көркемдік шоқтығының бірде биіктеуіне жетелесе бірде құлдырауына септігін тигізеді. Бірақ, Мақсаттың жүрегі мүгедек емес, кей жандарымыздың аяқ – қолы сау, бар мүмкіншіліктері болғанымен, ішкі жан дүниесі мүкіс. Бәрінен де сорақысы осы. Рухани байлықты азықтандырудың орнына, көп жағдай да нәпсілік қажеттіліктерді қанағаттандырып жататынымызды мойындауымыз керек. Міне қазіргі адамдардың мәселесі осында. Жастардың үлкендерді беттен алып, төске шабатындарын көріп,

қынжыламыз. Отбасы тәрбиесі мен қоршаған орта әсері, жастарға тікелей әсер етуші факторлардың бірі. Ұрпақ тәрбиесінде нендей жерден қателік жіберудеміз. Осылайша бір отбасынның тағдырмен басталған күресін, спектакль барысында көреміз.

Ә.Оразбековтың «Бір түп алма ағашы» психологиялық драмасы көрерменге туған ауыл, өзі өскен шаңыраққа деген әрбір адамның парызын қайта оралтып, көп ойларға жетелейді. Ауылда науқас баласымен қалған ана мен қалада тұратын балаларының кереғар тірліктері жаныңды күйзелтіп, еріксіз мұңға бөлейді. Психологиялық драманы көре отырып, әрбір көрерменнің туған ел ғана емес, туған шаңырақ пен ата-аналдындағы перзенттік парызы атойлап шыға келеді. Басты кейіпкер Ана мен оның мүгедек баласы, қаладан келгенұлкен ұл, тұрмыстығы қыздар мен күйеу балалар – сан түрлі мінез-құлықтың иелері. Көрерменге көп ой салып, жанарына жас үйірілтетін осындай шығарма жан дүниенің таза болуына үндейді. Оқиға барысы кіші ұлы Мақсаттың ұйымдастыруымен, анасының жетпіс жылдық мерей тойын атап өтуге жиналған ұл-қыздарының бас қосуынан оқиға барысы өрби түседі. Осы рольді екі құрамда майталман актрисалар Гүлжамал Қазақбаева мен Роза Әшірбекова орындады. Г.Қазақбаеваның ана жүрегін, ананың толғаныс-тебіреністерін шебер жеткізді. Ішкі иірімдері мол актриса өзіне жүктелген рольді түп-тамырымен қопара зерттеп, өне бойына сіңіріп алған. Әр перзентіне алаңдаулы көңілін, әрқайсыларының бабын табамын деумен жүрген ананы сахнадан көрдік. Көз жанарынан нұр шашып, кейде қуанып, кейде мұнайған сәттер де актриса жанары мөлтілдеген жасқа тола болуы, бойыңды еріксіз шымырлата түседі. Сахнада жүріп-тұруы, өзін-өзі ұстауы, әр оқиға баға беріп, соған орай түрленуі, тәжірбиелі мол актриса екенің тағы да дәлелдей түсті. Г.Қазақбаеваның Дәметкен анасы эмоцияға толы күйінде орындаса, ал Роза Әшірбекованың орындауы мүлдем бөлек. Актриса спектакль барысында өзінің күш-жігерінің мықты екендігін алғашқы сахнадан-ақ байқатты. Қойылым барысында басына түскен бар қиыншылықтарды актриса эмоциясы арқылы емес, ішкі психологиялық тебіреністермен жеткізді. Жанына батқан ауыртпалықты, сыртқы көңіл-күйімен емес, ішкі жан дүниесінің өртке айналып, мүжіліп жатқандығын актрисаның ауыр күрсінуі мен, мұңға толы көз жанарынан байқаймыз.

Мақсат ролінде үш құрамдағы жаңа толқын жас актер Дархан Сүлейменов, Әсет Үмбетбаев және Мерей Әжібековке бұйырды. Арбаға танылса да көкірек көзі ояу, білімді, бауырмал Мақсатты үш құрам актерлері жақсы жеткізе білді. Д.Сүлейменов орындауында көңілі қалып, дегені болмай қалған сәттерде, мұнайған қалпын еш білдіртпей, ақырын ғана көз жанарының төмен қарауы арқылы жеткізді. Арбаға таңылса да, әр істің басы қасында жүріп, бірде анасының жанында, қолы қалт етсе,

етікшілік жұмысымен айналысып жүрген Мақсатты көргенде, өмір сүруге деген құлшынысының жоғары екендігіне, басына түскен қайғыға берілмей, батылдық танытуы, өзге жандарға үлкен сабақ болары хақ. Тәлім-тәрбиеге толы қойылым да, әр түрлі тағдыры бар жандарға қарап, қолдағы барыңа шүкіршілік етесің. Ә.Үмбетовтың орындауы үлкен әсер қалдыра білді. Актер өздігінше терең зерттеу жүргізгендігін байқатты. Қолынан келер шарасы болмаған күйін, терең күрсінуімен және көз жанары жасаурап, арбасын тездетіп жүргізуі, бәрі-бәрі Мақсаттың жан күйзелісін жеткізуге себеп болды. Ал, Мерей Әжібековтың бойынан әлі де болса есейе қоймаған, кішкентай сезімтал Мақсатты көреміз. Жұмсақтық пен сабырлықты осы актер ойынынан байқадық.

Ерғали – Дәметкеннің тұңғышы. Ерекше жақсы көріп, арқа сүйейтін азаматы. Үлкен азаматпын, бақытты әкемін деген Ерғалидің де өз жасығаны бар, өмірінің ауыртпашылғы жетерлік. Анасының жетпіс жылдық мерейтойына жиналған бауырлардың бас қосуында, бұлда жылдар бойы жасырған, бейнетке толы өмірінен сыр шертеді. Өмірде ең қиыны өзінді және өзгені алдап өмір сүру. Осы рольде қос құрам актерлері Сәкен Рақышев пен Әсет Иманғалиев орындайды. С.Рақышевтің бастық кейпіндегі Ерғалиді орындауы нанымды шықты. Табиғатына біткен салмақтылық пен кірпияздықты шебер жеткізе білді. Ә.Иманғалиевтың орындауында кесапаттылық пен эмоцияға толы Ерғалиді көреміз. Актердің бетінде пайда болған ым-ишараты мен сахнада өзін-өзі ұстауы ерекше болды.

Әлия – үнемі көңілі ештеңеге толмайтын, өмірдің бар бақытын ақша мен әулім үй деп санайтын жан. Аналарының мерейтойындағы бас қосудың арты дау-дамайұрысқа ұласуы мен әр кім өз шындығымен бетпе-бет жолығулары осы Әлияның ішіне сыймаған ащы зарын, бауырларына, өмірге, жан-жарына деген көңіл толмастығы әсерінен туындады. Осы рольде қос құрамдағы актрисалар Хазима Нұғманова мен Райхан Қалиолдина орындады. Х. Нұғманованың ойынынан қатігездік басым болса, ал Р.Қалиолдинаның орындауында жұмсақтық, қанша ұрысып, бауырларына ренжісе де, жүрек түкпіріндегі мейірімділік пен қайырымдылық сезіліп тұрды. Екі актрисаның да орындау шеберліктері өздігінше ақталып тұрды. Режиссер тарапынан жүктелген трактовка, орындаушылардың табиғаттарына лайықталып берілген.

Тұрсын – Әлияның Құдай қосқан қосағы. Табиғатынан әділдік пен жұмсақтық осы жанға тән. Мансап қуу мен жағымсыну Тұрсынның қолынан келмейтін дүние. Сондықтан да мына заманда, өз орнын таба алмай жүрген жан. Қазір қалтасы қалын азаматтарға білімділігі мен қатар көңілдерін табу керектігі бар болып тұрған да, адал әрі момын жандардың жомарттығын, әлсіздік деп санайтын замандамыз. Кей жандар секілді ар намыс пен ұятты ысырып қойып жүргендері үшін

өздерін мақтан тұтып жүргендері де жетерлік. Осындай бойында жомарттығы мен адалдығы басым, өз ойын ашық жеткізуге қымсынатын, біреудің ала жібін аттамайтын Тұрсынды актер Қуаныш Тұрдалиннің орындауында көрдік. Дәл осы рольде өзінің тазалығы мен ұяндығы басым актер Ержан Жарылқасынұлының ойынынан да көреміз.

Зарқымбек ролінде қос құрам актерлері Рахман Омаров пен Ербол Садырбаевтың орындауларында көрдік. Зарқымбектің біреу үшін бас қатырар жайы жоқ. Өзінің қарны тоқ, көңілі тыныш болса болғаны, Дәметкен апаның кіші қызы Лейленің жары. Қайын енесінің отбасында болған жағдайға, сырттай тек аянышты хал танытып, үстерінен мысқылдап күлген кездегі кейіпі, көрермендердің осы кейіпкерге жек көрініш сезімін туындатады. Осындай Зарқымбекті актер Р.Омаровтың ойынынан көреміз. Актердің қылжыңбастығы, көз жанарының бір орында тұрмай жалтақ-жалтақ жан-жаққа қарауы арқылы кейіпкер бейнесінің бояуын қанық қыла түскендей. Ал, актер Е.Садырбаевтың орындауында, ештеңе үшін бас қатырмайтын, тек бос әңгіме мен ащы суы болса болғаны, жан рахаты үшін, бәрін ысырып қоятынын ойынбарысында байқаймыз.

Лейле ролінде актрисалар Лиза Серікова мен Раушан Байзақова орындайды. Табиғатынан іштей тынып, сабырлыққа салатын, көмбіс Ляйлені актриса Л.Серікованың орындауында көрдік. Ал, қолдағы барыңа көңілі толмайтын, кірпияз, ел қатарлы үлкен үйде тұруды қалайтын, өзін бақытсыз санайтын кейіпкер бейнесін актриса Р.Байзақованың орындауында куә боламыз.

Спектакльдің музыкалық көркемдеушісі Торғын Рақымбаева, өзіне жүктелген міндетті анық ұғынған. Себебі оқиға барысы мен қойылым темпоритмін түрленуіне байланысты, әртүрлі әуенді әрлеулермен қойылымның көркемдік деңгейін жоғарлата түсті. Режиссер мен суретші жұмыстарына музальық әрлеу керемет үйлесімде болды.

Осындай тәрбиелік мәні мол қойылымдар қай кезенде болмасын қойылуы міндет. Себебі, өскелең ұрпақ пен жас отбасыларға айтары бар қойылым. Кей жандарымыздың өз өмірлерінің сырттай бақылаушысы болып көру, кей жандарға біз ойлағаннан да жоғары әсер беруі мүмкін. Кейіпкерлеріне әртүрлі мінез бен тағдыр бере отырып, олардың бақытқа жету жолындағы күресіне куә боламыз. Өз елін, жерін, туып-өскен қара шаңырағының қадірін білу үшін жазылған автордың жан айқайы демекпіз. Өмір шыңдығын сахнадан көркемдеп жеткізу театрдың міндеті, олай болса осы жолда еңбек етіп жүрген жандарға алғысымызды жеткізе отырып, ары қарай да тың дүниелер мен жұмыс жасай берсеңіздер деген ойымызбен қорытындылаймыз.

2014 жылы М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театр сахнасында да американдық драматург Т.Уильямстың атағын

әлемге әйгілі еткен бұл «Шыны хайуанат» пьесасын режиссер А.Қабдешова сахнаға шығарды.

Спектакльде Уингфилдтер отбасы өмірі Томның еске алуы арқылы көрсетіледі. Өз арманы орындалмаған, өмірі келіспеген Аманда ұлы мен қызының бақытты болуын тілеп, осы өмірден өз орнын тапса деген ойын іске асырумен әлек. Алайда, олардың өздері қалай өмір сүргілері келетінін білгісі де келмейді. Томның арманы еркіндікке кету, ал өмірге бетпе-бет келуге қаймығатын Лаураның өмірі тұйықталып күңгірттенген. Лаура шыны хайуанаттардан коллекция жасап, өзін солардың әлемінде ғана еркін сезініп, сол ортада ғана өмір сүргісі келеді. Бұл коллекциялар – спектакльдің көркемдік символы. Себебі тез сынғыш фигуралар оның рухани жалғыздығының, өмірлік иллюзияларының тұрақсыздығы мен баянсыздығының, жалпы оны қоршаған ортаның күйрегіштігінің көрінісі болып есептелінді.

Адамдардың барлығын Том мен Лаура тектес деп бөлуге болатын сияқты. Себебі, адамдар жас күнінде Том сынды еркіндікті іздеп, өзі қалаған кеңістікте өмір сүргісі келеді. Өмірдің рахаты киноға барып, кешке қарай қыдыру деп ойлауы мүмкін... Әйтеуір бір жақсылықтың болатынына сенеді. Ізденеді. Қоғамның белсенді мүшесі болуға талпынады. Алайда, олардың барлығы түптеп келгенде өздеріне не керек екенін біржола анықтай алмайды. Жастары келе ақыл тоқтатқан сәтте, Лаураның кейпіне еніп, өздері қиялдан жасап алған әлемде тұрақтанып, өзін сабырға шақырып, жұбатып өмір сүреді. Тыныштықты қалайды. Қиялында қалыптасқан бір ғана адамның елесімен күн кешеді. Себебі, қиялдағы елес оның жер басып жүрген кездегі сәтінде аздаған болса да серпін береді. Осылайша, қойылым алдамшы арман мен жан жалғыздығының, мұңға батыратын уақыттың жинақ белгілерімен баяндалды.

Драматургиялық тұрғыда Аманданың мінездік кескін-келбетін жасауда гротеск пен нәзік юморы арқылы иллюзиялар әлеміне алып келеді және Аманданың екі баласының арасында нәзік синонимдер қарастырылған. Олар – ұлының аяқ сататын дүкенде жұмыс жасауы мен қызының сылтып басатындығы арасындағы сәйкестік.

Ал, М.Әуезов театрындағы спектакльдің қоюшы-суретші Мұрат Сапаровбұл драманың сценографиясынминимализм стилінде шешкен. Мұның өзі көрерменнің өткен ғасырдың 40-жылдардағы америлықтардың өмірімен танысуына мүмкіндік тудырады.

Минимализм өнердің барлық саласында қарқын алып келе жатқан стиль. Ол шығармашылықтағы классикалық әдіс-тәсілдер мен дәстүрлі материалдарды пайдаланудан бас тартып, негізгі белгілері ретінде кеңістіктің бостандығын, яғни жиһаздар мен реквизиттердің аздығын, көп деңгейлі жарықты, ақ, кара, сұр түстерге акцент жасай отырып,

ешқандай ою-өрнексіз декорцияны, тіпті керек болса еш өндеуден өтпеген материалдарды қолдануды жөн санайды. Сондықтан да бұл сахнадан да басы артық реквизит таппайсыз. Бес орындық пен ілінген шыны хайуанатханадан басқа зат жоқ. Керісінше, кәсібилігі мен білімі үйлескен актерлер ойыны бар. Бастысы актерлер құрамы қойылым мағынасына сай таңдалған. Ермек Бектасов (Том), Салтанат Бақаева (Лаура), Дархан Мұсаев (Джим), Дария Жүсіп (Аманда) рольдерінде өнер көрсетті. Жай ғана өнер көрсеткен жоқ, бір сағат көлемінде сол рольдерімен өмір сүрді.

Лаура – С.Бақаева өз кейіпкерінің ішкі жан-дүниесін терең түсініп, нақты әрі анық жеткізуге тырысқан. Оның Лаурасы өзінің мүшкіл жағдайына көнген жан. Кей сәтте шешесінің зорлауымен онымен сырласқандай болады. Ол басқа өмірді білмейді де. Сондықтан өзі ойынан жасаған өмірінде, қияли әлемінде өмір сүріп жүрген Лаура анасының күйгелектеуіне, ағасының немқұрайлығына аса мән де бермейді. Аяғын сылтып басып, жай ғана сөйлеп, өзінің өміріне араласқандарды жақтырмайтын Лаураға кенеттен Джимнің келуі – арманындағы бақытты елестеткендей болады. Бірақ, сол арманы шыныдан жасалған хайуанаттары секілді быт-шыт болып сынуы жас қыздың өмірінің күл-талқанын шығарады.

Аманда роліндегі Дария Жүсіп өмірге өте құштар әйел. Тек қазіргі тұрмыс-тіршілігіне көндіге алмай, өткенін, көзден бұлбұл ұшқан жастық шағын армандай береді. Кейде өзі байқамай қатыгездікке баратынына қарамастан жаны нәзік. Актриса Д. Жүсіп бүгінде америкалық кинолардан көріп жүрген әйелдердің бейнесін, мінездік ерекшеліктерін, іс-қимыл әрекеттерін айнытпай салады.

Пьеса жаңа пластикалық театрдың концепциясына негізделгендіктен қойылымнан қимылға құрылған элементтерді байқауға болады. Отбасының бірігіп тамақтанатын сәтіндегі пантомима сынды көріністер соңғы жылдары қазақ сахнасынан көп көрінбей кеткен болатын. Ал мұндағы кейіпкерлердің ыдыстармен жұмыс жасауы мен тамақтану үрдісі аса бір шеберлікпен жүзеге асып, спектаклдің көркемдік деңгейін аша білді.

Астана қаласының Жастар театрында жас режиссер Дәурен Серғазиннің татар драматургі Т.Миннулиннің пьесасы бойынша «Здеп таптым сені...» қойылымының басты кейіпкерлері арбаға таңылған екі жастың махаббаты. Пьесаны қазақ тіліне аударған жазушы Иран-Ғайып, қоюшы суретшісі – Ерлан Тұяқов, хореографы – Әділ Еркінбаев.

Қойылым жастардың әлеуметтік желі, телефон арқылы танысып табысуы, адамдардың мүмкіндігі шектеулі жандарға деген көзқарасы сынды мәселелерді көтерген.

Сахнада тыныштық. Тек әдемі әуеннің үні естіледі. Қыз бен жігіт билеп жүр. Алайда, бұл екеуінің қиялы ғана...

Соғыстан қос бірдей аяғынан айырылып оралған 27 жастағы Рахымжанды Дәурен Серғазин өзі орындады. Үйінен көп шыға бермейтін жігіттің бар ермегі телефонмен сөйлесу. Тіпті қолындағы телефон кітапшасынан кез-келген номерді теріп, қыздардың атын айтып, мүмкін біреумен танысып қаламын ба деген үмітпен ұзақ күндерін өткізуде. Сөйткен бір телефон қоңырауы оны Нұрсина есімді қызбен таныстырады. Нұрсел оның мүгедек халінен бейхабар бойжеткен. Екеуі телефон арқылы танысып, бірін-бірі сүйіп қалады. Дегенмен, бірін-бірі көрмей, тек даусын естіп қана ғашық болуға бола ма? Махаббат атты ұлы сезімді кез келгеннің басынан өткергісі келері хақ. Сүйоге, сүйікті болуға әркімнің хақысы бар. Бірақ, мүгедек арбасына таңылған жанның өз теңін табуға қаншалықты мүмкіндігі бар? – деген сұрақтар Рахымжанды мазаласа да ол қызбен тілдесуді доғармайды. Керісінше, Нұрсина одан қашқақтап, енді қоңырау шалмауын өтінгеніне түсінбей дал болады. Ақырында, Нұрсинаның да мүгедек арбасына таңылған жан екенін біледі.

Д.Серғазиннің Рахымжаны біраз уақыттан бері мүгедек халге түссе де өзінің көңіл-күйін аулап, түрлі шешімдер қабылдар жүрген ашық жүзді жігіт. Тіпті дене формасын жоғалтып алмау үшін жаттығулар жасауының өзі тағдырына берілмеген адамды көрсетіп тұр. Ал, Нұрсинамен кездесуге қорқса да кеудесінде оянған жаңа сезім оны жоғалтып аламын ба деген үрейдіде туғызады.

Нұрсинаны Жастар театрының жас актрисасы Іңкәр Нәсиева сомдады. Қойылымның аяғына дейін актрисаның тек көлеңкесін көріп, дауысын естіген көрермен тек соңында ғана жас сұлудың кемтарлығын көреді. Әрине, көрерменді ұзақ уақыт бойы шиеленіске әкелу режиссерлік тәсіл болуы мүмкін. Дегенмен де, қимылсыз көлеңке, эмоциялық толқулардың тереңдігін байқатпайтын ажарсыз дауысты бір сағат бойы тыңдап отыру жалықтырып жіберетін шешім.

Режиссер Д.Серғазиннің кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін, психологиялық толғаныстарын тереңінен ашудың орнына қойылымның пластикалық шешіміне көп көңіл бөлгені байқалып тұр. Әсіресе, сахнаның екі бұрышында орналасқан мүгедектердің қорапша үйлерінің ішінде өздері отырса, сыртында екеуінің тар қамаудан шыға алмай, бостандықты қалап отырған жандары, яғни сұлу да сұнғақ бойлы қыз бен жігітті шығаруы арқылы бейнелеген. Бұл ретте биді қойған Ә.Еркінбаевтің жұмысын ерекше атап өту керек. Қыз (Айым Жүсіпбекова) мен жігіттің (Данияр Оразаев) әсем де кербез биі өте жоғары кәсіби деңгейде қойылған. Актерлердің әдемі пластикалық қимылдары, хореографиялық палары мен акробатикалық шешімдері нақты да қанық бояулармен шешілген.

Сондай-ақ, суретші Е.Тұяқовтың сахна кеңістігін ұтымды пайдалануы, жылжымалы үйлердің кейіпкерлер мінезін ашуға көмектесуі

және төбеден құйылған су-жаңбырдың қыз бен жігіттің қарым-қатынасына кедергі жасауы секілді метафоралық шешімі тамаша табылған әдіс.

Ал, қойылымның соңында мүгедектер арбасымен шыққан қос кейіпкердің аяқтарына тұрып жоғары жақтан түсіп тұрған нұр-сәулеге қарай көтерілуі арқылы режиссер тағдырларына мойынсұндай өз бақытын тапқан жандарды көрсетеді.

Дегенмен де, режиссер тарапынан шешілген кейбір мәселелерге назар аударғанымыз дұрыс. Біріншіден, қойылым бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – жастардың әлеуметтік желі, телефон арқылы танысып, табысуы десек, онда Рахымжан мен Нұрсинаның өткен ғасырдың 80-90-жылдары қолданған ескі телефон аппараттарымен емес, бүгінгі қолданыста жүрген ұялы телефонды ұстатқаны дұрыс шығар. Дәл сондай-ақ, қаланың телефон анықтамалығының да қазіргі таңда басылып шықпайтыны белгілі. Жастардың көбі оның не екенінде білмейді. Олар интернет заманының ұрпағы болғандықтан, Рахымжан мен Нұрсинаның танысуы да әлеуметтік желілер арқылы болса шындыққа жақын болар еді деген ойдамыз.

Екіншіден, қойылым мүмкіндігі шектеулі адамдардың бүгінгі қоғамдағы орны мен олардың жағдайы болып отыр. Әрине, қойылымның соңында жоғарыда айтып кеткендей қос ғашықтың мүгедек арбасынан тұрып, жүріп кетуі шындыққа жатпайды. Мұндай шешім кинода жақсы көрініс табуы мүмкін. Бірақ сахна кеңістігінде онсыз да созылыңқы мелодрама жанрын фантастикалық қиялға әкетіп, көрерменнің бүкіләсерін бәсеңдетіп жіберді.

Спектакльдің кейбір тұстары көрерменнің жүзіне күлкі үйірсе, екінші жағынан жүрекке мұң ұялатады. Қойылымда тағдырдың сынына түскен адам өмірінің қаншалықты ауыр екендігі, соған қарамастан ол азаматтардың өмірге деген махаббаты, құлшынысы көрініс тапқан.

Жоғарыдағы қойылымдар көркемдік деңгейі жағынан түрлі болғанымен ұлттық сахнаға мүмкіндігі шектеулі адамдар бейнесін шығарды. Көрермендерді олардың өмірімен, ішкі көңіл-күйімен, психологиясымен таныстырды.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың экрандағы бейнесі: рухани әлемнің жаңаруы

Мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік мәселелерінің өзектілігі соңғы кездері ғана назарымызға ілігіп жүрген мәселелердің бірі. Мүмкіндігі шектеулі жандардың өнердегі орны мен маңызы бүгінгі таным-түсінікке лайық, қажетті ғылыми деңгейде зерттеу нысанына айналмаған. Себебі, тәуелсіздігін алып, жан-жағына енді ғана қарайлап, өнер түрлерін дәріптеуге енді ғана мүмкіндік туғызған мемлекет бұған дейін он екі мүшесі сау жандардың жасаған туындыларын зерделеуден аса алмады. Ендігі кезекте мүмкіндігі шектеулі жандардың да өнері қанат жайып, олардың да қабілет-қарымы дәріптеле бастаған тұста, олардың қазақ өнеріне қосып жатқан үлесін қарастырып, ұтқан, ұтылған тұстарын саралау біз таңдаған тақырыптың өзектілігін арттырып тұр.

Халықаралық эксперттердің зерттеулері бойынша әлемде бірнеше миллиард адам, яғни жер бетінің 15 пайызы қандай да бір мүгедектіктің формасында өмір сүреді. Ал Қазақстанда олардың саны 570 000 адамды құрайды және олар тікелей мемлекет қарауында. 2008 жылы Қазақстан мүгедектер құқығын қорғау туралы Конвенцияға қол қойғаннан бастап, аталмыш құжаттың ратификациясы қарқынды дайындалу үстінде. 2012-2018 жылдарға арналған мүгедектерді қорғау туралы арнайы жоба жұмыс жасап келе жатыр. Қазіргі таңдағы қоғамдағы орын алған саяси, экономикалық, рухани өзгерістердің мүмкіндігі шектеулі жандардың тіршілігіне айтарлықтай әсер ететінін басты назарда ұстау қажет.

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаев Жолдауында: «... Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады. ...Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, еңбекке жарамды адам ретінде сезінетін болады» – деп арнайы тоқталған болатын.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығы шектеулі емес. Олай дейтініміз, қазіргі заманғы өнерде олардың өз аудиториясы мен лайықты орны бар. Соңғы кездері жарымжан жандарды әлеуметтік бейімдеу, оның ішінде он екі мүшесі сау адамдардың арасында өздерін толыққанды сезіндіру мәселесі алғы шепке қойылды. Бұдан жаңа мыңжылдықта, туғаннан кемтар немесе оқыс жағдайдан болған мүгедек болған адамдарға деген көзқарастың өзгергенін байқауға болады. Бүгінде жылдар бойы айтылып келе жатқан мүгедектерге деген әлеуметтік көмектер әртүрлі деңгейде сараланды, мүмкіндігі шектеулі жандарды

әлеуметтік бейімдеу мен біріктіру және оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезіну үшін озық идеялар мен технологиялар жасалды.

Дене бітімінде мүгедектігі бар жандардың әлеуметтік жүйеде өмір сүруі қашан да ауырға соқпайтындығы белгілі. Олар әрқашан өз құқықтарын қорғау мен еркіндігі, дене бітімі сау адамдар арасындағы теңдігін алу мақсатында күрес өткізеді. Мұндай күрестер тиісінше өз нәтижелерін беріп те жатыр. Мысалы, Азия мемлекеттеріне қарағанда АҚШ, Еуропа, Африка мемлекеттерінің өзінде бұл іс өз шешімін таба бастаған. Сондықтан да болар, бірнеше дамыған мемлекеттерде, әсіресе АҚШ-та саясаткерлер емес, керісінше кинематографистер қоғамның бұл мүшелеріне бірінші болып назар аударды.

Америка кинематографиясындағы мүгедектер өмірі негізінен деректі фильмдерден көрініс ала бастады. Ал олардың бұл әрекеті мүгедектер басында мәселелерді тікелей айтуға мүмкіндік беріп, әлеуметтік институттардың онды шешім қабылдауына, олардың мәселелерін шешуге тікелей түрткі болды. Америкалық, еуропалық, азиялық кинематографиядағы мүгедек жандар өмірін суреттеген фильмдердің барлығы баллетаристік негізде түсірілді, әрі мүгедектіктің барлық түрін: ақыл-есі ауысқандар, соқырлар, құлағында мүкісі барлар, аяқ-қолы жоқтар түгелімен қамтылды. Көрермендер мұндай фильмдерді көріп отырып, қалыптасқан жалпы қоғамдық таным догмасы мен мүгедектердің толыққанды өмір сүруге деген құқығы арасындағы қақтығыстарға куә бола алады. Режиссер фильмді түсіру барысында экранда өтетін оқиғаның алдын-ала қалай өрбитіндігі, қандай шешімдерге келетіндігін, қақтығыстарды шешуде қандай жолдарға мойынұсынатындығын біліп жасағанымен, әр көрермен өзінше шешім шығарып отырады. Мүгедек жандарды басты рөлде көрсету арқылы, дене бітімі сау адамдардан да көп шешім шығаруға, фильмде олармен бірге жол іздеу мүмкіндігі зор. Себебі кембағал жандармен бірге көрерменнің жаны көбірек ауырады, экран сыртынан болмасын көмектесуге дайын отырады.

Мүгедек жандардың экран өнеріндегі негізгі көрінісі соғыс кезіндегі алған жарақаттарының кесірінен орын алған кейіпкерлердің айналасында өрбиді. Себебі жай өмірдегі келеңсіз оқиғадан немесе тумысынан мүгедек атанған кейіпкерлерге қарағанда, осы соғыстан кейін жарымжан атанған кейіпкерлердің өмірін кескіндеу берер тәрбиелік мәні жағынан биігірек болып отыр.

Басты кейіпкер ретінде мүгедектерді негізге ала отырып, олардың әлеміне саяхат жасата алатын америкалық танымал картиналардың қатарына «Человек дождя» (Б. Левинсон, 1988), «Рожденный четвертого июля» (О. Стоун, 1989), «Форрест Гамп» (Р. Земекис, 1994), «Великан» (П. Челсон, 1998) фильмдерін де жатқызуға болады. одан бөлек, франко-

бельгиялық «День восьмой» (Ж. ван Дормал, 1996) психологиялық фильмінің еуропалық атауы «Человек дождя» болып жарыққа шықты. Мұндағы оқиға отбасылық дағдарысты өткеріп жүрген Чарли мен даун синдромы ағасы Рэймонда арасында өрбиді. Бас кезінде түсініспеушіліктер болғанымен, ол ағасымен ашық араласу барысында санасында қайырымдылық ойлар пайда болады, біреуді түсінуге, кешіруге үйрене бастайды. Том Круздің «Рожденный четвертого июля» фильміндегі сомдаған кейіпкері – соғыста жарымжан атанып, дене бітіміндегі салдығын қиындықпен мойындаған «классикалық» америкалық мүгедек.

Көріп отырғанымыздай, кинематографиядағы көптеген мүгедек басты кейіпкерлер – ер адамдар. Себебі мұндағы мүгедектік ерекектік мықтылық пен физикалық осалдықтың қақтығысы, әлсіздің метафорасы ретінде көрсеткенге ұтымды болып отыр. Егер онсыз да әлсіз әйелді мүгедек кейіпінде суреттесе соншама өтімді бола бермеуі мүмкін. Ал еркекті мүгедек ретінде көрсетсе, тақырып екі есе өткірлене түседі. Сондықтан да дәл осы рөлдік қақтығыс көпшіліктің назарын бірден өзіне аудара алады. Мүгедек әйел кейіпкерді алдыңғы планға шығарған күннің өзінде қасындағы еркектің қабілеттілігі мен мықтылығын ашу үшін қолданылуы мүмкін. Ал бұл ойымызға кереғар санаулы картиналардың қатарына «Другая сестра» (реж.Г. Маршалл, 1999) сынды ақыл есінің кемдігіне карамастан бақыт пен махаббатқа барлық адамдардың лайықты екендігін суреттейтін туындыны жатқызуға болады. Сондай-ақ, кәрістің «Оазис» (Ли Чан Дон, 2002) картинасындағы ешкімге керегі жоқ церебральды сал ауруына шалдыққан, туыстары тек басындағы пәтерге бола бағып отырған қызға деген кең жүрек жігіттің махаббатын көрсеткен картинаны жарқын мысал ретінде алуға болады. Осындай сюжетімен көптеген көрермендерге ой сала білген фильмді киносыншылар жеке өмірдің субъектісі бола білген, өз ар-намысын сақтай білген кейіпкерлер өмірінің мықтылығымен жоғары бағалады. Расында да сол қыз бен жігіттің арасындағы махаббат туыстары мен таныстары бағаламай жандардың оазистік алқабы ретінде суреттеліп тұрған болатын.

Мүгедектіктің ерекше формасының экрандағы көрініс ретінде режиссер Алехандро Аменабардың «Море внутри» фильмін алып қарастыруға болады. Хавьер Бардем, Белен Руэда, Мабель Ривера, Тамар Новастар ойнаған бұл картинадағы басты кейіпкер Рамон Сампедро (Бардем) суға секіремін деп, байқаусызда мойын сүйегіне зақым келтіріп, 30 жыл бойы төсек тартқан сал ауруына ұшырайды. Оны отбасы мүшелерінен басқа жалғыз басты әйел Роза мен адвокаты қорғап, әр жағдайда қолы үшін беріп көмектесіп отырады. Олардың барлығы Рамонның жарасын жеңілдетіп, әрдайым көңілін аулауға тырысады. Ал

ол болса үнемі өлімді ғана ойлап, заң жүзінде испан сотынан эвтаназияға, яғни қолдан өлтіруге рұқсат сұрап жүреді. Дегенмен, бұл өтініші сот тарапынан қолдау таппай, тіпті оның бұл ұсынысын бүкіл халық дүрліге қабылдап, өзін танымал етудің жолы деп айыптағандар да болады.

«Море внутри» – режиссерлік, операторлық жұмыстарында әрбір ұсақ детальдарына дейін ойластырылған, барлық мақтау мен мадаққа лайықты фильм. Мұнда бейнелердің скальпельдік дәлдігі мен паралитикалық өмірдің ритмдік суреттелуі бар.

Фильм оқиғасы өмірде шынайы болған адамның өміріне құрылғандықтан да көркемдік шешімдері өткірленіп, «Оскар», «Алтын глобус», Еуропа киноакадемиясының екі жүлдесін, Венеция кинофестивалінің үш жүлдесін, ал «Гойя» атындағы испан ұлттық кинопремиясының 14 номинациясы бойынша марапатталды. Бұл жетістіктердің көпшілігі тікелей режиссер еңбегіне байланысты болғаны жасырын емес. Себебі мұндағы режиссерлік жұмыстың сәнділігі арқылы оның фильмдегі негізгі идеяны қалқан ете отырып, оны өз кәсібилігімен көмкеріп білгендігін анық түйсінуге болады. фильм барысында көрермендерге адамдарға өз өмірінің қожайыны бола алатындығын сауатты түрде жеткізеді. Жеткізе отырып, өлімді армандаған адамның күйіне бірге енгізеді. Фильмнің негізгі тақырыбы – ауру, финалға жақындай келе ол адамға эвтаназияның керек екендігіне көзіңді жеткізу, басталған идеяға көрерменнің өзін тарту.

Александр Аменабар – ең алғашқы толықметражды фильмі болып саналатын «Дипломдық жұмыс» картинасының өзімен-ақ көрермендердің көзайымына айналып, «Матрица», «Открой глаза» фильмдерімен киносыншылардың жоғары бағасына ие болған, түп тегі чилиден шыққан, испан режиссері. Ол бұл фильмде экранда тұрақты қалыптасқан клишелерден бас тартқан, яғни, біз көз жасын сығымдап отырған мүгедекті емес, өміріне дән риза, әлемді дәл осы қалпында қабылдауға дайын, туған-туыстарын, жақындарын жақсы көретін, жақындап қалған өлім мәселесін саналы түрде қабылдай білетін кейіпкерді көреміз.

«Тозақтағы хат» кітабының желісі бойынша түсірілген экранизацияның сауатты шыққандығының бір себебін гримерлер жұмысының озық үлгісімен байланыстыруға болады.

XX ғасырда Батыс кино тарихында мүгедектер өмірі басқашалау көрініс тапқанын атап өтуге болады. Режиссер Виктор Флемингтің Джуди Гарланд басты рөлді ойнаған «Волшебник Оз» (1939) фильмі американдықтар бүгінге дейін қитата келтіретін кәсіби туындылардың бірі. Одри Хепбёрн ойнаған Билли Уайлдердің «Двойная страховка» (1944) және «Дождись темноты» (1967) картиналарындағы жарымжан кейіпкерлерінің бейнесін көріп, олардың әлемін жақынырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы мүгедек кейіпкерлердің экрандағы көрінісі алғаш рет Кеңес үкіметінде 1920 жылдары түсірілді. Себебі, 1925 жылы Сергей Эйзенштейннің «Броненосец «Потемкин»» фильмі жарыққа шықты. Аяғы жоқ мүгедек кейіпкердің одесса халқының арасында қалып, оның патша солдаттары атқан эпизоды әлем кино тарихында сақталды.

Сондай Кеңес одағындағы соғыс кезінде қимыл-тірек аппараты істен шыққан жандардың өмірін суреттеген фильмдердің біріне режиссер Я.Протазановтың «Праздник Святого Йоргена» (1930 ж.), соңғысы – Владимир мен Ольга Басовтардың «Вместо меня» (2000 ж.) жатқызуға болады. Жалпы мұндай фильмдерді екі бағытқа бөліп қарастыруға болады. Бірі – үлкендерге арналған, яғни, белгілі бір тарихи кезеңдегі әлеуметтік жағдай көрінісі кезіндегі мүгедектер психологиясының ашылуы болса, екіншісі – балаларға арналған әдеби ертегілердің экранизациясы. «Праздник Святого Йоргена» фильмінің режиссері Я. Протазанов өз фильміндегі мүгедектерге ымырасыздық сатиралық көзқараспен қарайды. Біріншіден, басты кейіпкері Игорь Ильинский мен оның серіктесі әзіл ретінде жасап алған балдағы мен жансызданған аяқтары жұрттарды алдап ақша табу үшін ойластырылған тәсіл болатын. Екіншіден, режиссердің атеистік көзқарасына қарамастан фильм кейіпкеріне католиктік шіркеу көмекке келеді. Үшіншіден, Әулие Йоргенге барған мүгедектердің түгел емделіп кететіндіктеріне сенетін адамдарды бейнелейді. Режиссер өз фильмінде осындай шешімге келуді жөн көрген. Бұл шешім белгілі бір деңгейде мүгедек жандарға деген жанашырлық сезімді жеңілдетеді.

Мүгедек жандар өмірін қаузаған картиналар Кеңес одағы тұсында әсіресе елуінші жылдары көптен түсіріліп, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың ерлігін дәріптеу мақсатында көрермендерге көбірек жол тартқандығы белгілі. Солардың бірі режиссёр Александр Столпердің «Повесть о настоящем человеке» (1956 ж.) фильмі болатын. Бұл Борис Полевойдың Алексей Маресьевтің ерлігі туралы баяндаған повесінің желісі бойынша түсірілген фильмде екі аяғынан бірдей айырылған ұшқыштың ішкі қарама-қайшылықтары суреттеледі. Фильмнің басты идеясы – мүгедектің өте ауыр түріне деген адамзаттық көзқарас. Мұнда Мересьев бейнесі нағыз еркектің монументалды көрінісі болғанына қарамастан, статикалық түрде емес, динамикалық сарында суреттелген. Сюжеті бойынша Мересьев аяғына ампутация жасағаннан кейін пессимисттік сезімге бой алдырып, өмір үшін мүлдем күрескісі келмей қалады. Тек тағдыры тура өзінікіндей болған шетелдік ұшқыштың өмірін көргеннен кейін ғана патриоттық механизмі іске қосылып, қандай жағдайда Отан үшін болмасын жаумен соғысуға бел буады. Кейіпкердің дәл осы ұстанымы барлық мүгедек жандарға үлгі бола алады.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері туралы ащы шындық горбачевтік қайта құрылуға дейін-ақ кинематография кеңінен көрініс тауып келе жатқан болатын. 1984 жылы режиссёр әрі сценарист Игорь Талинкиннің «Время отдыха с субботы до понедельника», ал 1985 жылы режиссёр, сценарист Иосиф Хейфецтің «Подсудимый» (Борис Васильевтің «Суд да дело» повестінің экранизациясы) фильмі екеуі де психологиялық драма жанрында жарыққа шықты. Екі фильмнің жанрлары ғана ұқсап қоймайды, олардағы ортақ нәрселерді қоғам, оларды соғыс мүгедектерін олардың Отан үшін жасаған ерліктеріне қарамастан бөлектеген қоршаған орта да құрады. Мысалы, «Подсудимый» фильмінде аяғынан айырылған басты кейіпкері Антон Сытинді өзінің лайықты қызметіне тағайындамайды. Сондықтан да ол психологиялық ауытқушылыққа ұшырайды. Ал «Время отдыха с субботы до понедельника» фильмінде актер Алексей Баталовтың сомдаған керемет кейіпкері көшеде темекі сатып күнін көріп жүрген мүгедек Павелді ұстап алып, Валаамский мүгедектер үйіне апарып тастайды. Ең қызығы мемлекеттік геноцид жауынгердің ерік-жігерін сындыра алмайды, шенеуніктер күшеп әкеп тығып тастаған жердің өзінен жайлы орын тауып, көппен тіл табысып кетеді. Бұл жерде Павел сөзсіз жеңіске қол жеткізіп тұр, себебі ол қиын жердің өзінен тиісті күнін көріп тығырықтан жол тауып, тіпті жұрттарға да пайдалы болудың жолдарын қарастырып жүзеге асыра білді.

Міне, кеңес одағы кезінде мүгедектер туралы түсірілген фильмдер осылай әр ракурстан өз жалғасын таба білді. Ал әлемдік кинематографиядағы жарымжан адамдардың өмірі кішкене басқаша болмысқа ие болды. 1980 жылы америкалық режиссёр Дэвид Линчтің Гиннес рекордтары кітабындағы құбыжық Джон Меррик туралы «Человек-слон» фильмі жарыққа шықты. Картина Францияда ең үздік шетелдік фильм деп танылып, «Сезар» премиясын иемденді. Бірақ КСРО ақ-қара түсті мұндай шоқтығы биік туындыны отандық кинопрокатқа жіберуден бас тартты. Себебі мәскеулік Олимпияданың алдында режиссёр Олег Рябоконнің түрлі-түсті «Эзоп» телеспектакльін көрсетіп жатқан еді. Қуанышқа орай, цензура «эзоптік тілдің» тереңдігін ұға алмағандықтан көрермендерге бірден жол артып кетті. Басты кейіпкері бір қарағанда мүгедек көрінбегенімен, оның бүкірлігі америкалық құбыжықтан көп айырма жасап тұрмады. Эзоптың ішкі әлемде орын алып жатқан түрлі оқиғаларға деген философиялық көзқарасы мен қалыптан тыс реакциясы, өзін философ санаған жергілікті ақымақ Ксанфаның әрекеттеріне әрдайым қарсы тұрады. Ксанф оқушыларына беті бұлк етпестен Эзоп туралы мысалды өз ойынан құрастырып айтып береді. Көзі ашық теле көрермендерге христиандыққа дейінгі Грекиядағы тұлғаның жеке басының бостандығы 1980 жылдардың бас кезіндегі кеңестік шындыққа еріксіз әсер еткен болатын. 1981 жылы БҰҰ адамзат

тарихында тұңғыш рет мүгедектер жылын жариялап, 1983-1993 жылдар аралығында он жылдығын атап өтті. КСРО билігі мұндай «түкке керексіз» шараны «мемлекетте мүгедектердің болмауымен» байланыстырып, кейіннен бұл шараны өткізуден бас тартты. Дегенмен де 1982 жылы үлкен экранға режиссёр Борис Дуровтың «Не могу сказать: прощай!» мелодрамасы шықты. Фильмнің басты кейіпкері орта топтан шыққан Сергей өндірістік жұмыс салдарынан мүгедек болып қалады. Бұрында қоғам белсендісі болып жүрген адам үшін мұндай өмірді қабылдау оңайға түспеді. Ол бұрынғы өмірлік құндылықтарын, қоғамдағы үйреншікті орнын қайтарып алғысы келіп, нәтижесінде психологиялық соққыға ұшырайды. Дегенмен талпыныстары зая кетпеді, адал достары мен сүйікті жарының арқасында көп күтімді қажет ететін мүгедектен әлеуметтік белсенді тұлға психологиясына трансформацияланады. Көпшіліктің пікірі бойынша мұндай сентименталдық үндестік нағыз қатыгез өмір үшін ескірді деп ойлайды. Бірақ фильмді дұрыстап зерделей келе әлі де өз өткірлігін жоймаған туынды ретінде бағалауға болады. Себебі бірінші талданған фильмде дене мүшесі сау адамдар мен мүгедек жандардың тұрмысындағы бөліп тұрушы жіптің сондай жіңішке екендігі туралы айтылса, екінші фильмде өзін тұлға ретінде сезінгісі келетін мүгедектердің кез келген қоғамдық ортада өз өмірі үшін күресу керектігін меңзейді.

Мүгедектер өмірінің психологиясын аша білген картиналар қатарында «Киношок–92» кинофестивалында басты жүлдені алған режиссер Леонид Светозаровтың «Арифметика убийства» (1991 ж.), Денис Евстигнеевтің «Мама» (1999 ж.), сондай-ақ, Владимир мен Ольга Басовтардың «Вместо меня» (2000 ж.) фильмдерін де атап өтуге болады. Мүгедектер туралы кинолар, әсіресе соғыстан кейінгі жылдары көптеп түсіріле бастады. Олар соғыс пен революция жылдарына деген аллюзия ретінде қабылданды. Режиссер Владимир Венгеровтің «Рабочем поселке» (1965) картинасындағы Олег Борисов рөлі Ұлы Отан соғысынан соқыр болып оралған солдат өмірін жан-жақты баяндайды.

Мұндай тақырыптардағы фильмдер негізінен контраст түрде беріледі. Себебі экрандағы жарымжан адамдар тура шынайы өмірдегідей бір жағынан рухы мықты, әлеуметтік ортада белсенді болуға ұмтылғыш, мүгедектігін іштей мойындағанымен сырттай сыр бермейтін болып келсе, екінші бір жағынан жаны әлсіз, пассивті, өз өмірі үшін күресуден біратала бас тартқан тұлға болып келеді. Өкінішке қарай, мүгедек жандар өмірін қаузаған картиналардың көпшілігі тек сыртқы мүсіні ғана кембағал тартқан адамдар туралы фильмдерді көптеп түсіргенімен, ішкі психологиялық тұғыда, ми қызметінің кемістігі туралы картиналарды өте аз түсіреді. Мұны бір жағынан тақырыптық тұрғыда қиын болғанын, жалпы олардың ойлау қабілетін көрсету қиындығымен байланыстыруға

болады. Мысалы балалардың церебральді сал ауруы туралы Қазақстан кинематографиясында тек бір ғана фильм бар десек, әлем бойынша саусақпен санарлық үздік топтаманы қарастыра аламыз. Солардың ең үздіктерінің бірі ирландық режиссёр Джим Шариданның «Моя левая нога» фильмі. Бұл шынайы оқиға желісіне құрылған туғанынан церебральді сал ауруына шалдыққан ирландық жазушы, әрі суретші Кристи Браунның өмірі болатын. Қоршаған ортасы Кристи ақыл-есі кем деп санайтын еді, алайда оған анасы мен отбасының махаббатын әсер етіп сол аяғының көмегімен сурет салып, жазып үйренеді. Осындай қиындыққа толы рөлді шынайы алып шыға білгені үшін актер Дэй-Люис пен анасының рөлін сомдаушы Фрикер «Оскар» премиясына ие болды. Фильмде эмоционалдық тұрғыда көрерменді экран алдынан тұрғызбай баурап алатын күш бар.

Мүгедектер өмірін суреттеген фильмдер көп болса да қай елдің кинематографиясын алып қарамасаңыз да олардың ішінде сәтті шыққаны саусақпен санарлық қана болады. Себебі мұндай кейіпкерлердің өмірін экранда таспалаудың өзіндік қиындықтарға толы келетіні белгілі. Дегенмен солардың ішінде 2014 жылы қылың көпшілікке жол тартқан «Вселенная Стивена Хокинга» (реж: Дж.Марш) драмасын атап өтуге болады. Оксфорд университетінің түлегі Стивен Хокинг әлемнің танымал профессорларын өзінің білімі мен ерекше ойлай алатын қабілетімен таңқалдырады. Нәтижесінде бұл кейіпкердің өмірінде басқа әлемнің есігі ашылады. Ол жоспарларына қол жеткізу үшін бойындағы энтузиазм мен энергиясын сарп етіп, адамзат өміріндегі барлық жаңалықтардың математикалық модельін жасағысы келеді. Алайда тағдыр оны басқаша тәсілмен сынайды. Яғни, 12 жасында оның денесі жансызданып, мүгедек атанады. Дәрігерлерден мардымды көмек болмаған соң жас ғалым, бірте-бірте тіпті сөйлеу қабілетінен де айырыла бастайды. Дегенмен, бұл қиындықтардың ортаюына оның теорияны қандай жағдайда болмасын ашамын деген талпынысы мен бар ауыртпалықты еңсере білген жанындағы жарына түседі. Міне, осындай сюжеттік желіні экранда кәсіби түрде кейіптей білген актерлер қатарында басты рөлді сомдаушы Эдди Редмэйннан бастап, Фелисити Джонс, Чарли Кокс, Эмили Уотсон, Ричард Каннингэм сынды бірнеше талантты актерлар бар.

Шынайы орын алған оқиғаларның өткірлігі мен адам жанын ауырта алатын құдіреттелігі сонша сценарист Энтони МакКартен автор Джейн Уайлдың мемуарын оқи сала продюсерлері бірден скриптің жасауға кірісіп, Хокинг пен оның бұрынғы әйелінен кітаптың экранизациясын жасауға рұқсатын алуға тырысады. Расында да мемуарды оқыған кез келген жан оның экранизацияға сұранып тұрғанын бірден аңғаратын еді. Себебі, жасөспірім кезінен бастап ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан танымал ғалым, бойындағы кемшілігіне қарамастан қайсар күрескер,

ғылым саласындағы нағыз жұлдыз өскелең ұрпақ үшін үлгі тұтар тұлғалардың бірі еді. Қуанышқа орай, дәрігерлер қойған сұмдық диагноздарға қарамастан, Хокинг бүгінгі күнге дейін белсенді жұмыстар атқарып, тіпті оның өміріне кинематографияның өзі бірнеше рет назар аударып жатқаны туралы әзілдеп де қояды екен. Оның өмірі туралы 2004 жылы да Бенедикт Камбербэтч сомдаған фильм жарыққа шыққан болатын. Жалпы Хокингтің өзі 2014 жылы шыққан нұсқасын ұнатқан көрінеді. Ал біз бұл туралы бірнеше кемшіліктерді байқадық. Ол режиссер жұмысына тікелей байланысты болмақ. Ол – режиссер Д.Марштың осындай ерекше жобаны қолға ала отырып, сәтті атқарып шыға алмауында. Яғни, режиссердің қателігі картинаның көркемдік қырына аса назар аудармай, кітаптағы оқиғалар бойынша ғана түсіріп, деректі фильм деңгейінде қалдырып қоюында. Кейде деректі фильм мен биографиялық фильмдердің бағыты өте ұқсас болып көрінуі мүмкін. Шындап зерттеген адам екеуінің мүлдем екі түрлі екенін аңғара алады. Себебі ол экрандық өнер болғандықтан көркем фильмнің талаптарына сай болып, талап-міндеттерді толығымен атқаруы тиіс. Сондықтан да фильмнен режиссердің тек деректі фактілерді ғана тізбектеп шыққандықтан, оның көркемдік тұсының, кейіпкер болмысына одан сайын жан беретін ойдан шығарылған оқиғалардың жоқшылығы көрініп тұр. Фильмнің деректілігі артқан сайын актерға да ойнау қиынға соғады. Себебі оған актер ретінде өз қиялын қосып толықтыруға мүмкіндік берілмей, тек сол берілген қалып ішінде ғана ойнап шығуға мәжбүр. Фильмді көріп болғаннан кейін екі ұшты пікірде қаласың. Себебі фильм ғалым жайлы болғанымен, мұнда оның ғылыми жаңалықтары емес, алдыңғы планға оның өмірдегі тұрмыстық қиындықтары шығып кеткен. Осы тәсіл арқылы режиссердің негізінен жанрлық киноға басымдық беріп кеткенін көруге болады. Сосын бір қарағанда актерлік ойын жоғары деңгейде болып көрінгенімен, эпизодтық рөлдегі олқылықтарға қарай отырып, фильмнің жалпы болмысы ортанқол мелодрамалардың қатарына қалып қойғанын білуге болады. Себебі режиссер мұнда бас кейіпкерінің мықтылығына қарамастан, тағы сол көрермендердің жанашырлық сезімін оятуға басымдық беріп кеткендіктен, нағыз биографиялық фильм деңгейіне жетпей қалды.

Ал, атап айтуға тұрарлық тұстарына келер болсақ, режиссер фильмнің жалпы формасын жұмсақтап ұсынғандығымен, махаббат сезімінің фильмнің басынан бастап, соңына дейін белгілі бір стильдеді сақтай отырып көрініс тапқандығымен байланыстыруға болады. Фильмнің кезекті жетістіктері басты назардағы мүмкіндігі шектелген еркек бейнесін көретуімен және оның шынайы оқиғаға негізделіп түсірілуімен байланысты болып отыр. Нәтижесінде, Стивен Хокинг рөліндегі Эдди Редмэйн ол қиындықтан шығатын жол тауып, дәл кейіпкердің өзін өзіміз

өмірде көріп жүргендей етіп наным түрде ойнап шықты. Сол үшін де «Алтын глобус», АҚШ киноактерлер Гильдиясының, сондай-ақ, ВАФТА жүлдесін иеленді.

Өмірдің сынағына түсіп, ағысқа қарсы жүзген жандар біршама. Солардың қатарына мүгедек ретінде қосылған Филипп атты ауқатты адам мен жұмыссыздықтың арқасында кедейлікпен дос болған Дрисс атты жігіттің шынайы өмірде басынан өткен оқиғасын баяндайтын «1+1» кинокартинасын айтуға болады. Қашаннан да басқалардың өмірін көруге құмартып тұратын көрермендер үшін бұл фильм 2011 жылы үлкен экранға жол тартқан еді. Толықметражды фильм атаулыдан дебюттері болып есептелетін Оливье Накаш пен Эрик Толедано үшін бұл туындылары әлемдік деңгейдегі көрсетілімдерге ие болған сәтті картина болып саналады. Әлемдік деп айтуымыздың себебі, бұл фильм мүгедек жанның өмірін баяндайтын, көрерменнің тек жаны ашып, жылап-сықтауына бағытталған ортан қол кинокартиналардай емес, биографиялық жанрды комедиялық элементтерімен әрлей отырып жасалғандығымен ұтқан туынды. Өмірдің бақыты тек байлықта деп таяз ойлайтын кей жандар үшін қате пікірде жүргендерін дәлелдеп, сабақ бола алатын фильм. Өмір сүру үшін нағыз керекті деген факторлардың (денсаулық, махаббат, байлық, адамгершілік) барлығын қос бірдей басты кейіпкерлер арқылы аша білгендігі шеберлік. Дрисс пен Филипп сынды өмірдің де ағы мен қарасы қатар жүретіндігін көрсетеді.

Көтеріңкі көңіл-күй ешқашан артық етпейтіндігін жеңіл эзілімен дәлелдеп жүрген Дрисс пен оның өмірдегі шынайы досына айналған Филипптің актерлік шеберлігі мен ойыны фильмнің барынша жақсы болып шығуына үлес қосуға бағытталған еңбектердің алғашқы шебінде. Оған қоса Людавикко Эйнауидидың әуендерімен әрленген бұл кинокартина драма деген жанрын тіптен аша түскендей.

Мұндағы бас рөлдегі екі кейіпкерге ортақ не болуы мүмкін? Біріншісі – әрбір детальдің дұрыс болғанын қалайтын эстет, ал екіншісі – өмірінде жоқшылықтан көз аспаған көше кезбесі. Бірақ бұған дейін көз жеткізгеніміздей, тағдыр тосын сыйларды жақсы көреді және алғаш көрінгеніндей қайырымсыз бола бермеуі де мүмкін. Шынайы өмірде мұндай екі кейіпкер арасында достық болады дегенге сене бермеуіміз де мүмкін. Дегенмен, туындының сценаристі мен режиссері фильм арқылы мұндай достықтың болатынын және оның не үшін болатынын да нақты түсіндірген.

Бір қарағанда қоғамның бұл екі түрлі адамына ешкім толыққанды қарай алмайды. Себебі оларды өзімізше бойындағы ерекшеліктеріне байланысты қоғамнан ойша бөлектеп тастағанбыз. Абайсызда олармен жолымыз қиыса қалса оларды байқамауға тырысамыз немесе тезірек құтылғымыз келіп тұрады. «1+1» фильмі рухани түрде осындай

кателіктерімізді түзетіп, екі әлем ортасындағы көпірге айналғысы келеді. Фильм сәттілігін, әзілдері мен жіті ойластырылған режиссерлік шешімдерінен бөлек, түйсінуге жеңіл цитаталарымен, астарлы тұспалдарымен байланыстыруға болады. Прологы бізге бұған дейін таныс болған Мартин Бресттің «Запах женщины» фильмін елестетсе, финалының болмысы режиссер Томас Янның ең сәтті шыққан «Достучаться до небес» драмасына ұқсас тұстары бар. Ал кейбір сахналары (мысалы, қарым-қатыныстарын түсіндіру) «48 часов» немесе «Смертельная оружия» сынды америкалық фильмдерді еске түсіреді. Қарап отырсақ, әр сахнасын ізгі атмосфера тудырып отырған қандайда да бір әмбебап код ретінде есте сақтауға болады. Себебі авторлардың шынайы оқиғаны пайданала отырып, берілген мүмкіндіктерді максимум жүзеге асыру үшін кәсіби түрде дайындалғандығы байқалады.

Бұл фильмнен түйген ойымыз бойынша, кинематографистеріміз мүгедектердің өмірлік қиындықтарын көрсетуде белгілі бір штамптар мен моральдық шектеулерден бас тартып, өзгеше шешімдерге келе бастады. Оған дәлел ретінде «Скафандр и бабочка», «Лурд», «Я тоже» мен «Анита» фильмдерін айтуға болады. Ал «1+1» позитивті энергиясы мен әзілдері арқылы адамдардың бір-бірін түсіну жолындағы барлық шекараларын жоя білген нағыз рухани фильм отыр.

Өмірден өз сыбағасын алып алған мүгедек жандардың өмір сүруге деген, тағы да білуге деген, еңбектенуге деген құштарлығы дені сау адамдардан әлдеқайда жоғары болатындығын тағы да бір рет дәлелдейтін мотивацияға толы француздардың кезекті туындысы өз көрерменін жоғалтар емес. Қайталап көрген сайын серпіліп, өмірге деген құштарлықты арттыра түсетін бұл фильмді көгілдір экран алдындағы басынан бағын тайдырмаған көрермен қалауынша түсінсе режиссердің жемісі сол болмақ.

Мүгедектік өмірге үйренудегі қиыншылықтар қазақ киносынан да көрініс тапты. Аяған Шәжімбаидың «Жансебіл» (1991 ж) кинокартинасында аяқ-қолынан айырылған репрессия құрбаны болған Мұқатай шалдың образы туған еліне жете алмай жүрген Қасым Жәкібаевтың актерлік шеберлігі арқасында кәсіби деңгейде түсірілген.

«Абралыға баратын кім бар, Абралыға баратын кім бар?» деп жанұшыра теміржол вокзалында айқайлайтын, қос аяқтан бірдей айрылған қарияның бейнесі фильмді көрген кез келген адамның көз алдынан оңай кетпейді. Аманатқа қиянат, әжетханаға кеткен хат, туған жерге деген сағыныш, шалын арбамен жетектеген орыс кемпір... Жүсіпбек Қорғасбектің «Жансебіл» шығармасының желісі бойынша түсірілген кино кімнің болса да жанарын жасауратады. Осы фильмге арқау болған, бас кейіпкер Мұқатайдың прототипі Бейімбет Мәмбетұлының өмірлік келбеті бойынша жасалған. Ол – Ұлы Отан

соғысында екі аяғынан бірдей айырылып, туған жеріне денесінің жартысын сүйретіп жетіп, құр кеудесімен жүріп, тағдыр тауқыметіне тойтарыс беріп, тырмысып еңбек еткен. Бейімбет 1906 жылы қарт Қаратаудың етегінде палуандығымен атағы шыққан Мәмбеттің шаңырағында дүниеге келген. II Дүниежүзілік соғыс басталғанда орда бұзар отыздан асқан жігіт ағасы отбасын қиып, майданға аттанады. Әскерге алынбай тұрып мал фермасында жұмыс істейді. Алғашқы ұрысы Ленинградты қорғаудан басталады. 1943 жылы жарылғыш снарядтың жарықшағы тиіп, қос аяқты бірдей жұлып алып кетеді. Госпитальда емделіп, мүгедек күйінде елге оралуды намыс көріп, әрі бала-шағаға масыл болмауды ойлап, елге қайтпайды. «1943 жылдың қыркүйегінен соң әкемізден хат үзілді. Майданда қаза болды ма, не жау тұтқынына түсті ме, хабарсызбыз. Сөйтсек, көкем жағдайы жөнінде Тайыр Пірімбетов деген ауылдас досына хат жазыпты. Орынбасар әкем көкемді іздемек болғанда сол кісі: «Әкенді іздеп әуре болма, ол тірі» деп мекен-жайын берді. Тайыр берген мекен-жайға хат жазып, әкеміздің оралуын өтіндік... Әлі есімде, 1944 жылдың қазан айының соңында үйге көкем бұрын жұмыс істеп кеткен ферма бастығы келіп, көкемді бұрынғы қызметіне қайта қойды. Көкеме жеке машина берді. Ол кезде бастықтардың өзі де салт ат мінітін», – деп еске алады Бейімбеттің немересі Маржан.

Бұл – Аяған Шәжімбаидың режиссер ретіндегі дебюттік жұмысы. Себебі режиссер бұған дейін 20-шақты фильмде тек екінші режиссер ретінде ғана қызмет еткен болатын. Сондықтан да режиссер бұл туындысына бар жиған терген тәжірибесін түгел сарп етті.

Бес күндік мына жалған дүниеде өз туған жерінің топырағына жетуге зар болудан асқан қасірет жоқ. Соғыс нәубетін көріп, сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған, алайда үміттерін үзбеген екі қарттың өмірі суреттеледі.

Басты кейіпкерді белгілі театр актері, Қазақстан Республикасының Халық әртісі Қасым Жәкібаев сомдады. Көпшілік көрерменге «Жансебіл» кинотуындысы жол тартқаннан кейін халық арасында «Жансебілдің» бағын ашқан хас шебер Қ.Жәкібаев болса, ал бұл туынды Қ.Жәкібаевты жарық жұлдызға айналдырды деген пікір қалыптасты.

Қазақ киносының дамуының әр кезеңінде аға және орта буын режиссерлерінің фильмдерінде эпизодтық болса да, танымал болған кейіпкерлерді сомдаған Қасым Жәкібаевтың киноактер ретінде дарындылығының кеңірек ашылуы жаңа кезең киносының тұсы болды. Қ.Жәкібаев сомдаған сексенінші-тоқсаныншы жылдардың басындағы фильмдердегі кейіпкерлер заман рухына сарындас болып, экранға типаждық кейіпкерлердің тағы бір тобын әкелді.

Қазақ киносы тарихының қалыптасу жылдарында бірте-бірте жинақталған актерлік дәстүрді «Жана толқын» кезеңінде жалғастырушы

танымал актер Қасым Жәкібаев болып отыр. Актердің тұла бойында, әр режиссердің ойын ашатын, көрерменге идеяны жеткізетін бір сыр бар. Ол сыр актердің шеберлігі мен сыртқы келбетінің ұқсастығында.

Аса жылдам қарқынмен келген қоғамдық өзгерістер мен экономикалық дағдарыстар кедергісіне қарамастан Қазақстан кино өнері сексенінші-тоқсаныншы жылдар аралығында шығармашылық ізденіс және экрандық сипаттау мүмкіндіктерінің ерекшеліктері тұрғысынан жаңа сатыға, әлемдік кино өнері деңгейіне көтеріле алды. Жыл өткен сайын киношығармалардың мазмұндық сипаты мен бағалану критерийлері де өзгеруде. Бұл кезең фильмдері «камера көзімен» ғана қамтылған оқиғалар тізбегінің сырт формасынан гөрі адамның ішкі жандүниесіне, жеке кейіпкер характерінің сомдалу ерекшеліктеріне орай тереңірек зерттеуге ұмтылған күрделі туындылар.

Тоқсаныншы жылдар киношығармаларында көтерілетін аса маңызды тақырыптар қатарында тарихи шындық мәселесі қамтылды. Жаңа кезең киносының жинақталған типтік кейіпкерлерінің ішіндегі Қасым Жәкібаев сомдаған образдарда мүсәпір, қорғансыз бейнелер жиі кездеседі. Қасым Жәкібаев туралы естеліктерінде Нұржұман Ықтымбаев «Жансебілге» Қасымның қалай келгендігін еске түсіреді. Негізі, фильм түсірілместен бұрын, Мұқатай шалдың рөліне актер Нұржұман Ықтымбаевты таңдалынады. Аяған Шәжімбаев актер Нұржұман Ықтымбаевқа сценарийді ұстатып кетеді. Сценариді оқып, ұнатқан актердің көз алдына сұрапыл жылдардағы қазақтың тағдыры, көзі ашық, көкірегі ояу талай боздақтардан айырылып, қан жұтқан кездер келеді. Мұқатай рөлін ұнатса да, өзін ол бейнеде көре алмаған Нұржұман Ықтымбаев салмағының үлкендігін, сол кезде киноға деген тәжірбиенің аздығын ойлап, киноға түсуден бас тартады. Бұл жағдайды күтпеген Аяған Шәжімбайға Нұржұман: «шырағым-ау менің жүз кило денемді бір кемпір сүйрей алмайды. Мені тіпті, сен де сүйрей алмайсың. Төрт кемпір сүйремесе, жалғыз кемпірдің әлі келмейді», – деп, ойындағы актер Қасым Жәкібаевты ұсынады. Толыққанды Мұқатай бейнесін актердің аша алатындығына сенген режиссер Мұқатай рөліне Қасымды бекітеді.

Бізге жеткен деректер бойынша Қасым Жәкібаев бір сұхбатында түсірілім барысында орын алған келесідей қызықты дерекпен бөліскен еді: «Бірде түсіру алаңында ары-бері өткен поездың артынан жүгіре-жүгіре шаршап, дем алдық. Күннің қайнаған кезі, ыстығы, ары-бері жүгіргеннен Галя да, мен де шаршап, діңкілдеп отырмыз. Терлеп кеттім де, басымдағы тақиямды алшы деп Галяға айтып ем, ол тақиямды алып алдыма қоя салды. Бір кезде жанымыздан өтіп бара жатқан жеті-сегіз жасар қызы бар келіншек тақияма тиын тастады. Сөйтсем, бас киімім шалқалап қалған екен. Содан жетегіндегі қызы анасының құлағына бірдеңе деп сыбырлап, кері бұрылды да, қайтадан үш сом тастап жөніне

кете берді. Сонда ойлағаным, менің мына кейіпім таза қайыршыға ұқсағаны, шын мәнінде образдың шынайы шығып жатқаны ғой деген ой келді. Содан сенімдірек болғаны киноның сәтті түсірілімімен аяқталды ғой», – деп еске алады. Тағы қызықты деректердің бірінде фильм режиссері: «Аға, жылай алмайтын адам едің ғой, көзіңе глицерин тамызсақ қайтеді?» дегенде, актер: «Жоқ, тамызба, мен өзім жылаймын. Өйткені, баламды ұрып-соғып жатыр ғой. Осы дүниені аңсап кетті-ау, бір ауыз сөйлесе алмадым-ау, деген ой келді де көзімнен жас парлап кетті» – деген екен. Иә, шындығына келгенде актердің Азамат атты баласы Кеңес одағы кезінде отаршылдыққа қарсы көзқарасы үшін қудаланып, қысастықпен қыршынынан қиылды.

Қасым Жәкібаев – өзі орындайтын сахналық кейіпкерінің ішкі көңіл-күйін, психологиялық өзгерістерін әрекетке толы қимыл-қозғалысымен етене байланыстыруға, әрі табиғи болмыс-бітімін шынайы беруге ұмтылатын өткір мінезді актер. Оның асқан шеберлікпен сомдаған экрандық эпизодтық кейіпкерлері, тарихи және фольклорлық тақырыптағы бейнелері, актер шығармашылығындағы кейіпкерлер өмірінің жалғастығы десе болады. А.Шәжімбаев Олег Табаков, Нонна Терентьева, Асанәлі Әшімов, Наталья Орынбасарова сияқты елге танымал актерлардың жұмыс істеу тәсілімен танысып, үлкен тәжірибе мектебінен өтті.

Фильм құндылығын арттырып тұрған – тақырыптың өзектілігі. Қазақтың көзі ашық ұлт зиялыларын жалмаған қуғын-сүргін жылдарындағы оқиғаны қаузағаны және оны өтімді жолдармен халыққа ұсына білгені үшін ұтымды. Репрессия құрбандарына арналып түсірілген азды-көпті қазақ фильмдері бар екені белгілі. Әйтсе де, бұл фильм нақты құрбан болған ақын, ағартушы арқылы емес, оның ет бауыр жақыны тарапынан, соның күйзелісі хақында түсірілген. Басты кейіпкер ретінде нақты халық жауы емес, халық жауының туысы ретінде қудаланған Мұқатай шалдың өмірі арқылы өріледі. Басты кейіпкерге де мүгедектіктің ерекше формасы, көп кездесе бермейтін аяқ-қолынан бірдей айырылған томар денелі ғана адам таңдалған. Бұл – фильм өтімділігінің, оны басты өзектілігіне айналдырып тұрған себеп. Режиссер кейіпкерді мұндай формаға түсіру арқылы көрерменнің есінде бірден сақталу, олардың тарапынан аяныш сезіміне ие болу мүмкіндігін қарастырған.

Мұндай жарқын образдарды бейнелі түрде көз алдымызға әкеле білген актер Қасым Жәкібаевтың еңбегі өлшеусіз. «Дерсу Узаладан» кейінгі актердің шеберлігін экраннан жан-жақты таныта білген фильмдердің бірі осы – «Жансебіл». Көптеген актерлерде кездесе бермейтін эксцентрика жанрын меңгерген актердің кәсіби шеберлігі арқылы фильм құндылығы одан сайын артып тұр. Аталмыш жанр негізінен клоундар мен сайқымазақтарға жақындау болғанымен, драма

жанрында ойнап тұрған Қ.Жәкібаевтың бойынан бәрібір байқалып тұрады. Бұл элемент арқылы фильмдегі кейіпкердің ұтар тұсы басым. Себебі ауыр драма жанрына біршама жеңілдік беріп тұрады. Тіпті Мұқатай шалдың кейде Маруся кемпірге қалжындап күліп тұратын тұстары бейне бір алаңсыздықты, жайдырлылықты сыйлайды. Фильм режиссері А.Шәжімбаевтың негізгі мамандығы театр актеріне жақын болғандықтан актерлерді таңдаудағы ерекше талапшылдығын аңғаруға болады. Режиссердің алғашқы дебюті болған аталмыш фильм қазақ кинематографиясының алтын қорына енген туындылардың бірі. Бұл режиссердің алғашқы толықметражды картинасы болғанымен, А.Шәжімбаев бұған дейін жиырма шақты фильмнің екінші режиссері болған еді. Сол фильмдер барысында жиналған тәжірибенің көрінісі «Жансебіл» картинасынан анық байқалды. Нәтижесінде көркемсуретті фильм екі Халықаралық кинофестивальдерде бірнеше жүлдені олжалады: «Ашгабад – 92»-де «Үздік режиссерлік дебют» аталымы бойынша және «Тегеран – 93»-те «Үздік ер адам рөлін сомдағаны» үшін халық әртісі Қасым Жәкібаевқа лауреат атағы бұйырды.

Қазақ киноларының алтын қорына енген фильмдердің көпшілігінің әдеби нұсқасы болатындығы белгілі. Мысалы, «Жансебіл» Ж. Қорғасбектің әңгімесі; «Қыз Жібек» (режиссері С.Қожықов) Ғ.Мүсіреповтің нұсқасы бойынша аттас эпостың; «Менің атым Қожа» фильмі (реж. А.Қарсақбаев) Б.Соқпақбаевтың повесінің; «Көксерек» фильмі (реж. Т.Өкеев) М.Әуезовтің повесінің; «Гаухартас» фильмі (реж. Ш.Бейсембаев) Д.Исабековтің повесі; «Өтелмеген парыз» (реж. С.Жармұхамедов) Т.Әбдіковтің повесі; «Сұрапыл Сұржекей» фильмі (реж. Д.Манабай) С.Елубай романы; «Батыр Баян» (реж. С.Тәуекел) М.Жұмабаевтың поэмасы; «Көзімнің қарасы» (реж. С.Нарымбетов) С.Нарымбетовтың шығармалары, т.б. бойынша түсірілген болатын.

Фильм «Кім кімге не үшін керек» деген үлкен философиялық сұрақ төңірегінде өрбиді. Мүгедек Мұқатай шалға Марюся керек пе, әлде Отаны керек пе? Немесе Марюсяға Мұқатай шал керек пе? Отанына сонша зарыққан Мұқатай шалды Отаны қаншалықты керек етіп, күтіп отыр? Өз Отанынан Мұқатаймен бірге кеткісі келмейтін Марюсяны Отаны қаншалықты керек етіп отыр? Фильм, міне осы сұрақтарға жауап іздейді. Қорытындысын шығаруды көрермендердің еншісіне қалдырады.

«Жансебілде» дені-мүшесі сау актер мүгедектің кейіпіне енсе, мүгедек бола тұра өз бейнесін толыққанды ойнап шыққан санаулы актерлердің қатарына «Қасқырдың апаны» фильміндегі Кененбай Қожабеков рөлін қарастыруға болады. Себебі Кеңес одағы кезінде мүгедек адамдардың бейнесі суреттелген кинолардың қатарын Болат Шәмшиевтің «Қасқырдың апаны» (1983) туындысында мүгедек арбасына таңылған Кененбай Қожабеков рөлі арқылы берілген болатын.

«Қасқырдың апаны» фильмі кыргыз режиссері Болотбек Шамшиевтің қылмыстық драма жанрындағы екі сериялы көркемсуретті фильмі. Экранға алғаш рет 1984 жылы алғаш рет Мәскеу қаласында жол тартып, сол жылдағы кеңес кинематографиясының прокаттық жүйесінде 16-орынды иеленді. Тек кыргыз көрермендері ғана емес, бүкіл Кеңес одағындағы киносыншылар мен киносүйер халықтың назарына бірден бөлене білген туындының мұндай жетістікке жетуін бірнеше себептермен байланыстыруға болады. Ең үлкен себептердің бірін, режиссер жұмысының кәсібилігімен, басты рөлді ең сымбатты актер Талғат Нығматуллиннің келісті ойнап шығуымен, бұрын- соңды көп кездесе бермейтін кейіпкер, яғни мүгедектер арбасына таңылған актер Кененбай Қожабековтың қайталанбас актерлік шеберлігімен байланыстыруға болады.

Кененбай Молданұлы Қожабеков бітқатар сахналық кейіпкерлермен бірге кинодағы бейнелеріне ерекше дайындықпен, олардың характерін ішкі дүниесімен сезініп келетін. Кинодағы ең алғашқы рөлі «Аласталған Алитет» фильміндегі Айеден (1950) бастап, Нәдір (1952, «Жамбыл»), Айдар (1955, «Қыз бен жігіт»), Бақытжан (1955, «Бұл Шұғылада болған еді»), Атабаев (1956, «Мазасыз көктем»), Имаш (1961, «Біздің әрқайсысымыз»), Рахманов (1963, «Менің атым Қожа»), Сырлыбай (1970, «Қыз Жібек»), Манай (1970, «Жаушы»), Батыраш (1972, «Құлагер»), Алдаберген (1978, «Қан мен тер») және басқа да көптеген экрандық бейнелер жасайды. К.Қожабеков – кейіпкерлерінің түрлі мінез-құлқы мен ішкі жан дүниесін олардың психологиялық толғаныс-тебіреністері арқылы жеткізудің шебері. Ол үшін сахнада да, экран алдында да адам тағдырын моральдық тартыс үстінде шешу, адамдық-азаматтық рух бірінші тұратын. Актердің өнерге, кейіпкерге деген махаббатын киноға ешқандай дублер-орындаушысыз түскенінен-ақ байқаймыз. Аттан секіру, қасқырмен жекпе-жек айқасу көріністері актердің шынайы ойынымен өмірдің өзіне айналды. 1972 жылы Тбилисиде өткен V Бүкілодақтық кинофести-вальда «Қыз Жібек» фильміндегі Сырлыбай рөлі үшін әділқазылар алқасының «Драма өнерін экранда дамытуға сіңірген еңбегіне» атты дипломына ие болуы актердің ерен еңбегінің жемісі еді.

Мұндағы бас кейіпкер Самат Қасымов жалғыз қарындасы бар жетім жігіт. Мұса Шәріповке көмек сұрай келіп, бір тауарларды бір «қасқырдың апанынан» екінші «қасқырдың апанына» тасымалдаушы болып жұмысқа орналасады. Ал Шәріпов мүгедектер арбасына таңылып отырғанына қарамастан атақты қылмыстық топтың Бабахан лақап атын иеленген көшбасшысы болып шығады. Осындай кейіпкерлер өміріне құрылған фильм барысында Қыргыз еліне Кеңес үкіметі орнаған тұстан бастап, кейіпкерлердің ұзақ уақытқа созылған күрестерін, көптеген төбелестер мен кантөгістерді әрекеттерге куә боласыз.

Фильмнің түсірілім барысындағы қызықтар туралы фотограф Александр Фёдоров мынадай бір қызықты деректермен бөлісті. Сценарий бойынша бандиттердің бірі бір бума ақшаны арықтағы суға ағызатын тұсында, режиссер әр деталь шынайы шығу үшін өтірік қағаздан жасалған ақшаны пайдаланудан бас тартады. Сондықтан да шынайы ақшаны арнайы суда милиция қызметкерлерінің қарауымен ағызған екен. Эпизодтардың бір ғана дубльмен түсіріле салмайтындығы белгілі, ал әрқашан шынайы ақшаларды суға ағыза бергеннің де орны жоқ. Сол үшін әлгі ақшалардың кепкенін күтіп, қайтадан ағызып, бірнеше рет қайталаған екен.

Картинаның шынайы, әрі жоғары деңгейде шығуына қазақ актері Кененбай Қожабековтің тигізген әсерін ешкім жоққа шығара алмайды. 1960 жылдың соңында, қазарақшылармен болған қақтығыстың кесірінен фильмдегі кейіпкері сынды шын мәнінде мүгедектер арбасына таңылған бұл актердің ойыны бас кейіпкерлердің бірін режиссер ұсынысынан асыра шығарды. Себебі оның сол уақытқа дейін жинаған тәжірибелері бұл фильмдегі рөлінің де шоқтығының биік шығуына көмектесті. Арбада отырса да бүкіл қол астындағыларды тік тұрғыза алатын салмақты мінезге ие, әр көзқарасын қарақшылардың басшысы образына ендіріп қырғыз, қазақ кинематографиясында бұрын-соңды болмаған кейіпкер бейнесін жасап шықты.

«Қасқырдың апаны» Кеңес кезіндегі Орта Азиядағы ақиқат келбетін айқындай білген, әлемдік қылмыстың жергілікті мекендегі көрінісін дәл суреттей отырып, қоғамның адамгершілік күшін жекелеген адамдардың қызығушылықтарына қарсы қоя білген картина болып шықты. Осылайша режиссер каскадерлық трюктарымен, актерлерінің драмалық талантын ашып көрсете алуымен, мұндағы кейіпкерлер өміріне ешқандай көрерменнің бей-жай қарауына мүмкіндік бермеді. Осындай жетістіктерінің арқасында фильм 1984 жылы Бүкіл одақтық кинофестивальде қоюшы-режиссер Болотбек Шамшеиев арнайы дипломмен, ұйымдастырушылар тарапынан қомақты сыйлықтармен марапатталды.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың Тәуелсіз Қазақстан экранындағы көрінісі 1998 жылы жалғасын тапты. Қазақфильм киностудиясында Ресей мен Қазақстан мемлекеттері бірлесе отырып, Абай Қарпықовтың режиссерлігімен драма жанрында «Фара» кино туындысын жарыққа шығарды. Басты рөлдерді Фархат Әбдірайымов пен Кристина Орбакайте сомдады. Бала кезінде мүгедектік арбаға таңылған Фара көп қиыншылықтар көреді. Арқа сүйер әкесі банк қызметкері болғандықтан оны атып, өлтіріп кетеді. Әкесі мұраға қалдырған қомақты қаржыны иеленіп қалу үшін мафиялармен күреседі. Аяғынан тік тұрып кетуіне досы Боб көмектеседі. Біраз әуремен қайтарып алған ақшасын мүгедек

атанайын деп қалған ауру баланың еміне жұмсайды. Осылайша, мүгедектер өмірінің қиыншылығын көрсетіп, жәрдемдесуге үлгі болады.

Мүгедектік тақырыптарды қамтығанда әр фильмді көріп отырып, оның мүгедектік ұғымын сан қилы ашқандығын байқауға болады. Әр кейіпкер әртүрлі, дегенмен олардың барлығына ортақ бір қасиет – ішкі жан тыныштықтарын сақтай білуі. Сондай кейіпкерлердің бірі режиссер А.Қарпықовтың «Фара» фильміндегі бас кейіпкер Фарадан байқауға болады. Фильм сюжетін жалпылай алып қарасақ, әкесі банк директоры болған Фара жастайынан арбаға таңылған. Сондай дәкейдің баласы болғанына қарамастан ауладағы балалар оны жөні келсе келемеждеп кетуге дайын тұрады. Бұл енді балалық шақта көптеген балалардың бойынан кездесетін кемсіту синдромы. Дегенмен мүгедек Фараны қорғайтын жақын досы бар. Досының рухани көмегінің арқасында мүгедектік арбадан тұрған Фараның есейген соң басынан түрлі оқиғалар өтеді. Әсіресе солардың бірі өзін Белгісіз әйел деп таныстырған адамның мүгедек баласына көмектесу жолындағы талпыныстар. Өз әкесін өлтіріп енді мұның да мүлдем тақырға отырғанын қалайтын қарақшы жігіттердің әрекетіне төтеп беру, бас кейіпкер үшін мұның барлығы оңайға түспеді.

Кейіпкерлік тұрғысынан қарайтын болсақ, Фара бейнесі қақ-сокпен ісі жоқ. Кей тұстарындағы репликаға қарай отырып, психологиялық ауытқушылықтары бар баладай көрінеді. Яғни, өмір бойы әкесінен сыйлық күтуі, бірақ байлыққа қызықпауы, көп достарының болмауы, барлығы қосылып келіп, оның сан-сезімінің күнделікті балалардан өзгешелеу екендігін анық байқатады. Кейіпкер болмысындағы тағы бір үлкен ерекшеліктердің бірі Фараның өзгеге ұқсамайтын дене бітіміне байланысты болып отыр. Яғни актердің қазіргі кезі ғана емес, тіпті бала кезінің өзінде де ауыр салмаққа ие болып, мүгедек арбасында таз басты болып отыруының өзі көрермен назарын өзіне бірден аударып қана қоймай, кейіпкерлік тұрғысында да бірден дараланып көрінетін белгілердің бірі. Бұған дейін актер Фархат Әбдірайымовтың түскен бірнеше фильмдерін, әсіресе отандық сериалдардағы, мәселен, «Кімнің жаны нәзік болса» – Фархат («Мосфильм» – «Қазақфильм», 1996), «Застава» – Есірткі бароны («Мосфильм», 2005), «Хоккайдо полициясы» – Мафия бастығы («Мосфильм», 2008), «Қызғылт түсті қоян туралы хикая» – Жайбархан («Қазақфильм», 2010), «Махаббат тәлкегі» – Жаттықтырушы (2010), «Тасадағы махаббат» – Сергей («Мосфильм», 2010), «Нағыз полковник» – Жандос («Мосфильм» – «Қазақфильм», 2010) және өзге де кинофильмдеріндегі бейнелерін білеміз. Бірақ ол рөлдерінің ешқайсысын да оның тек өзіне ғана тән ерекшелігі рөл барысында ескерілмейтін. Бүгінде актердің осындай еңбектері еленген, нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Бильярд спорты федерациясының вице-президенті (2001 жылдан). ҚР Кинематографистер

одағының мүшесі (2005 жылдан). ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған (2003). РФ «Үздік актер» кинобасылымының бас жүлдегері (1996), XXI Халықаралық кинофестивалінің «Святой Георгий Победоносец» Гран-при жүлдегері (Мәскеу, 1999), «Алтын Адам» сыйлығының «Жыл киножұлдызы» номинациясының иегері (2000) атанды.

Қазір көпшілігіміздің санамызда мүгедек дегенде бірден ақшаға, яғни емделетін ақша іздеп зәру болып жүретін адамдар елестейді. Бұл фильмнің бас кезіндегі сюжет бойынша мұндай қалаулар байқалмағанымен, сюжеттің негізгі өзегі сол ақша мәселесіне келіп тіреледі. Яғни, әкеден қалған мұра жолындағы талас болса да, мүгедек болайын деп қалып отырған әйелдің баласын алып қарамасак барлығы сол қаржыға келіп тіреліп отыр. Мұнда фильм сценарийін жазушылар Лейла Ақынжанова мен Борис Айрапетян жай адамдардың тағдырын суреттеп қана қоймай, көрермендерді қызықтыра білетін түрлі саспенстерді оңтайлы қолдану арқылы, сценарийді кәсіби түрде ойната білген. Фильм соңына дейін кейіпкерлердің ішінде кім-кімді алдап жүргенін аңғару қиын. Дегенмен өтірік айту, алдау ұғымдарының қатар жүргенін біліп отырғаныңызбен, Фара әкесінің не үшін, кімнің өлтіргенін, Фараның бала кездегі досының не үшін қаза болғанын, баласына ақша іздеп жүрген әйелдің нақты қай жақты қолдап саясат ұстанған анықтау қиынға соғады. Дегенмен де сценаристің шешімі бойынша барлығы бірден фильм соңында анықталып, шүберекке түйіп отырған жаныңды бір мезетте бостандыққа шығарады. Фильм хронометражы 1 сағат 13 минут қана болса да, сол аралық ішінде мүгедек баланың психологиясын, байлыққа құныққан адамдар өмірін және баласы үшін жан пида болып жүгірген ана бейнесі анық көреді. Оқиға желісінде 1972 жыл мен бүгінгі күнді қатар көрсеткені үшін де арадағы 30 жылдың салмағы фильм уақытының ұзақтығын арттырып тұрғандай көрінеді.

Фильм негізгі үштік ортасында өтетіндіктен белгісіз әйел бейнесіндегі Кристина Орбакайте рөліне түсіп тұрған салмақ та көп. Бізге бұған дейін тек Ресей Федерациясының эстрада жұлдызы болып қана емес, кішкентай кезінде сомдаған «Чучело» фильмімен, «Ералаш» кино журналы арқылы да актерлік қабілетін танытып келе жатқан әншінің рөлін көру қиынға түскен жоқ. Себебі, одан бөлек «Московская сага», «Лимита», «Любовь морковь», «Виват, гардемарины» фильмдері арқылы актерлік қыры әбден жатыққан актриса ретінде білетінбіз. Ал, «Фара» фильміндегі ерекшеліктеріне келер болсақ, мұнда ол сомдаған басқа бейнелеріне қарағанда зілді көзқарасты, бауыр еті баласы үшін жүгіріп әбден тағдыр талқысына түскен, баласының емі үшін ештеңеден де бас тартпайтын қайсар әйелдің келбетін ұтымды суреттей білген. Фильмнің үштен бір бөлігінде ғана бой көрсеткенімен

кейіпкерлік линиясының ерекшелігімен каритинаның бүкіл болмысына өзгеше өң сыйлады. Мұндағы әйел образдары дегенде бірден ойға орала кететін бейнелердің бірі Фараның жары болуға талпынатын жас қыз Камила Нұркеева рөлі болатын. Бұл актрисаның «Фарадан» басқа фильмнен бой көрсетпеуіне байланысты толыққанда мәлімет жинай алмадық. Дегенмен, нағыз өз образына сұранып тұрған актрисаны түсірілім тобы бұл рөлге сәтті тандай білген. Себебі еш қамсыз, еш алаңсыз жүретін қаланың сылқым қызы көрермендерді расында өз рөліне сендіре алды. Оның әрекеттері бір қарағанда түсініксіздеу болып көрінгенімен, яғни, еш себепсіз Фараны ұнатуы, оны жиі кездесуге шақыруы, ал ең қызығы олардың жастары да дене бітімдерінің де еш сәйкес келмеуіне қарамастан жас қыздың басқа әлемді аңсайтынын аңғаруға болады. Ол біз ойлағандай байлық та, сымбат та емес, Фараның мүгедек кезден бастап жекеменшік жасап алған әлеміне деген қызығушылығы болатын. Фара оған еш назар аудармағанына қарамастан оны үйленуге үгіттеу, үш бала туып беруге көндірген қыздың бұл фильмдегі әрекеті арқылы Фарамен бірге жан тыныштығын сақтап, өз әлемін жасауға деген талпыныс деп түсінуге болады.

Мүгедек баланың барлық еркеліктерін көтеріп, оның қамқор әкесінің бейнесін сомдау мүмкіндігі дарынды актер Сағи Әшімовке берілген. Актер өмірінің соңғы жылдары сомдаған сәтті рөлдерінің біріне енетін бұл актердің кинематографиядағы азды-көпті рөлдеріне шолу жасап көретін болсақ, кинодағы ең алғашқы рөлі – «Өз дәніңді өсір» фильміндегі Қалам (1978). «Мазасыз балалардағы» Әкім (1980), «Ойлануға бір айдағы» Арыстан (1981), «Қаралы сұлудағы» қызметші (1982), «Айсұлу жайлы аңыздағы» Тәуекел хан (1990), 4 сериялы «Шоқан Уәлиханов» телефильміндегі (1982–1984) Шоқан, қазақтың тұңғыш көпсериялы «Тоғысқан тағыдырлар» телефильміндегі Темір Сабыровтың рөлдерін сомдады. С.Әшімовтің шоқтығы биік шыққан ең сәтті рөлі Шоған туралы Қазақстан Республикасының халық артисті С.Оразбаев: «...Ол арманшыл, әрі батыр, ержүрек һәм сыршыл сұлу да сырбаз, терең де білімдар, жанашыл, әрі ұлтын сүйетін Шоқанды тірілтті. Сағидың ойнағаны жүрекке жақын. Осы рөлімен мемлекеттік сыйлық алды, бір образдың өзіменен тарихта қалды» – деп, актер шеберлігінің мүмкіндіктеріне жоғары баға берді. С.Әшімовтің қай рөлін алып қарамасаңыз да әр бейнені жасап шығарудағы шынайылық қабілеті тән. Актер бұл фильмнің премьерасына қатыса алмастан бақилыққа аттанды. Дегенмен әкесі Асанәлі Әшімов тұсаукесерде сөз алып, баласының атынан жүрекжарды тілектерімен бөлісті. Фильмді алғашқы адамдардың бірі болып көрмекке ниет білдірген адамдардың қарасы көп болды. Соның ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та қатысып, фильм соңында түсірілім тобына өз алғысын білдірген болатын.

Фильм эпизодтарының ішінде ең үлкен әсерге толы шешуші сәттердің бірі шатырда өтеді. Яғни, бала Фараның досы Бобтың қайтыс болатын тұсы. Бұл қиын да күрделі сәтті түсіру түсірілім тобының өзіне де оңай болмағанын аңғаруға болады. Ол туралы жас Фараны сомдаушы Дэурен Сәрсекеев: «...Это была самая тяжелая для меня сцена как в физическом, так и в эмоциональном плане. Я действительно лежал на краю крыши, и, хотя меня страховали, все равно было страшно. А Боб падал с небольшого чердака, его ловили ассистенты. Огромный, как говорят сейчас, биллборд Анжелы Дэвис стали устанавливать с 9 утра, а съемки начались в полдень. Во дворе «Трех богатырей» собралось очень много зевак. Из-за этого я еще больше начал нервничать. Вообще мы в основном в павильоне снимали, только вот сцену с крышей – на натуре, и еще возле памятника Кунаеву. Это когда меня Боб везет на инвалидной коляске. А кафе «Ласточка» в жизни было обыкновенной столовой на «Казахфильме». Там, конечно, все переделали, подогнали» – деп түсірілім кезіндегі қиындықтармен бөлісіп өтті.

Фархад Әбдірайымов кино саласына 1994 жылы келген болатын. Осы уақыт аралығында оның қоржыны 25 кинолентамен толықты. Дегенмен, оны барша елге танымал еткен киносы, әрине, «Фара» фильмі болып табылады.

Досқа деген адалдық, тазалық, адамдар арасындағы биік құндылыққа ие қасиеттер барлық өнер туындыларының негізгі арқауы болып жатады. Дегенмен осындай адамгершілік қасиеттерді паш ететін фильмдерде мүгедектік тақырыбы қоса қозғалса немесе басты кейіпкер мүгедек жан ретінде көрсетке көрермендердің жүрек қылын қозғау мүмкіндігі жоғары болатындығын байқауға болады. Яғни, сен он екі мүшең сау бола тұра адамгершілік қабілеттерден жұрдайсың, ал бұларды қарашы» деп тәмсілдейтіндей болып көрінеді. Одан бөлек жалпы әрқашан да мүгедектеріне ерекеше бір қамқорлықпен қарап үйренген халық үшін де олардың әр жасаған ерліктері үлгі болып көрініп жатады. Бұл бір жағынан дұрыс та, ал екінші жағынан олардың тұрғысынан алып қарайтын болсақ, мүсіркеу формасы болып көрінеді. Себебі Батыста оларды ерекшелеп қарамағандықтан, олар да өздерін барша адамдармен тең дәрежеде ұстайды. Ал бізде қанша дегенмен де олармен бірге ортамызда көрінбейтін перде ілінгендей. Сондай-ақ, көпшілігімізге кинодағы мүгедек жандар еш мінсіз, жүректері тым таза адам ретінде суреттеледі. Бұл да болса режиссер тарапынан оларды халық алдында қорғаудың, ақталудың бір жолы іспетті көрінеді. Яғни, олар мүгедек болса да жүректері таза деп ұрандап тұрғандай әсер береді. Осы бір ойымызды фильмнің мына бір тұсынын анық аңғаруға болады. Боб пен Фара туған күнді атап өту үшін «Ласточка» кафесіне жерасты жолы арқылы тығылып, арнайы келеді. Осы біртұста Боб досының арманын

орындамақ сатында Фараның өмір бойы хат жазып жүрген Анджелина Девистің атынан хат жазып қуантпақ қа ниеттенеді. Бас кезінде бала Фара хаты оқып еш алаңсыз бір жадырап күледі. Бұл кезде Фараның хаттың дәл А.Девистен келмегенін біле тұра шатыққа бөленіп, балаға тән тазалықпен күлген күлкісінен халықтың оған деген аяушылық сезімі одан сайын үдей түседі. Яғни, Фараның алдына тұра еш камсыз бала күлкісі оның режиссер жасап берген ішкі әлемінің тазалығынан сыр шертіп тұрған болатын.

Ауған соғысының мүгедек ардагерінің жан дүниесінен сыр шертетін режиссер Егор Кончаловскийдің ««А»-ға оралу» (2001ж.) картинасы Сейдолла Молдахановтың актерлік шеберлігінің арқасында көрініс тапты. Кейіпкер жасанды аяғына қарамастан, Ауған жерінде қалған майдандас әріптесін іздеп, біраз жерді шарлап қиындықтарға тап болады. «Шетел тіліндегі үздік фильм» номинациясы бойынша Оскар жүлдесіне де үміткерлер тізімінен көрінді.

Одан бөлек 2009 жылы мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірімен алғаш рет жақынырақ таныстыратын «Сәлеметсіз бе, бұл мен!» атты картина түсірілді. Фильмнің басты мақсаты – мүгедек адамдар мен қарапайым халықтың арасындағы қарым-қатынастарды баяндау. Бір мүгедек жігітті негізге ала отырып, Қазақстандағы барлық жарымжан жандардың мәселелерін ортаға салатын бұл туынды Алматы қаласының көшелері мен офистерінде түсірілген. Мүгедек адамдарға қатысты мәселелерді қозғайтын «Күн астында барлығымызға орын бар» арнайы жобасының аясында түсірілген киноның режиссері Рубен Казарян бүгінде мүгедектердің тығылып өмір сүретінін, шын мәнінде оларды өзіміз тығып тастағанымызды, себебі оларды бөлек бөлмелерде арнайы қабылдау орталықтарында ғана жұмыс істетіп үйреніп қалғанымызды, керісінше олармен тығыз баланыста болып, көз қарасымыздың дұрысталғандығын қалайды. Бір сұхбатында: «Олар тығылған сайын жұрт көзіне көрінуге деген ықыласы жойылып, өздерін қоғамнан оқшау қалған сияқты сезінеді. Ал бұл дегеніміз – мәселенің үлкені» – деген болатын. Режиссер де басында бұл мәселеге аса назар аудармаған көрінеді. Тек кейіннен ғана жұмыс орнына жарымжан жігіттің келіп көмек сұрағанын көріп қолына камера алыпты. Фильм оқиғасы шынайы оқиғаларға негізделген. Алайда, басты рөлді сомдаған кәдімгі актер. Себебі, мүгедектердің барлығы ол рөлден бас тартқан екен. 23 жасар жас актер Никита Казанцев аяғымен сілтіп басуды, құлауды, жанын жабырқатуды, өте қымбат тұратын отаға ақша іздеу жолындағы қиындықтарды басынан кешіріп жүрген мүгедектің бейнесін тиісінше меңгерді. Фильм кәсіби мамандардың болмаса да, бұқара көпшіліктің көңілінен шығатындай деңгейде түсірілген. Осылайша, фильм авторлары қаржылық мәселелерге байланысты жоғары деңгейдегі фильм түсіре

алмаса да, бастысы бұл мәселені көтеріп, халықтың оған құлақ түруін мақсат етті.

Қазақ кинематографиясындағы мүгедектер тақырыбын қозғаған күрделі картиналардың қатарында режиссер Азиз Заировтың «Гамлет» картинасы бар. Қазақ кинематографиясының актерлік ансамбліне өзіндік ерекшелікпен келген мұндағы Тахир Омаров рөлі мен ол ойнаған фильм мүмкіндігі шектеулі жандар өмірінің айнасы болды. Сал аурулары, көру, есту мүмкіндіктерінен айырылған кейіпкерлер өмірі бір басқа, «Болсам ба, әлде болмасам ба» фильміне ДЦП ауруының құрбандары шықты. Режиссер А.Заиров түсірген бұл картина басты және қосалқы рөлдерге кәсіби актерлерді емес, дәл сол аурудың кейіпкерлерін түсірумен ерекшеленді.

Басты рөлді сомдаушы Тахир актер болуды бала кезден армандады. Дегенмен оның бойындағы ауруға қарап, түбінде актер болатындығына сену қиын еді. Оның бір күні дат ханзадасының «Болсам ба, әлде борда тозам ба?» атты монологын жаттап алып, кәдімгідей актерлік шеберлікпен оқып беруі арманына бір табан жақын қадам жасатты. Себебі оның бұл ерлігін ата-аналар мен мүгедек балаларды оңалту орталығындағы мерекелік шарада режиссер Азиз Заиров пен продюсер Мұхаммед Мамырбеков байқап қалып бала арманды жүзеге асыруға көмектеседі. Нәтижесінде «Гамлет» әлеуметтік драмасы жарыққа шықты. Фильм авторлары мұнда басты кейіпкердің өмір сүруге деген құлшынысын, ішкі толғанысын көрсетеді. Мұндай фильмдердің біздің қатыгезденіп бара жатқан қоғамымыз үшін өте керек екендігі байқалады. Себебі оларды көре отырып әр көрермен бүгінгі күні үшін шүкіршілік жасайды, мүмкіндігінше мейірімдірек бола түседі. Барлық кейіпкерлерді мүгедек жандар ойнап шыққан фильм бюджеті шамамен миллион теңгені құрайды. Бұл фильмнің түсірілу, өңделу жұмыстарына 3жылдай уақыт кеткен еді, түсірілім тобы жуырда осы тақылеттес тағы бір туындыны, яғни «Қыз бен теңіз» картинасын түсіруді қолға алды. Алдыңғы туындысында мүгедек жігіттің әлеміне үңіліп, оның қызға деген махаббаты суреттелсе, бұл жолғы фильмде мүгедек әйелдердің мәселесін қозғайды. Ал арманына қол жеткізген Тахир бұл фильмде де ойнап, ал арманының келесі белесін Сергей Есениннің «Пугачев» поэмасындағы Хлопушаның монологумен байланыстырғысы келеді. Ең бастапқы эпизодта Тахирдың ауру бала екендігі еш байқалмайды. Кез келген актерлер сынды өз сымбатына таңқалдырып, көрерменді басқа сезімге бөлейді. Дефектолог, логопедтермен үлкен жұмыс жасап, Гамлеттің диалогтарын жаттады. Ән айтып, жаңылтпаш жаттап үйренді.

Фильм оқиғасы мен ондағы актерлердің барлығы дерлік балалардың церебральді сал ауруын жеңілдетуге көмектесетін «Арди» орталығынан алынған. Орталық 20 жылдан аса жұмыс істеп келеді. Оны белгілі

жазушы Тахауи Ахтановтың қызы Әсия Ақтанова жетекшілік етіп келеді. Баласы ДЦП болып туылғандықтан, балаларда тиісінше өмір сүрсін деп көңіл бөліп, орталықты ашты. Балар ол жақта тегін білім алып, оқиды. Дайындыққа 130-140 балалдан келеді. Тіпті туылғаннан ДЦП болған жасы 1-ге де келмеген балалар келіп дайындалады. Ол жердегі негізгі мақсат балалардың біратала жазылып кетпесе де, қандай да бір еңбек түріне бейімделуге, өз денесін басқаруға көмектеседі. Орталықтағы шығармашылығына режиссер Азиз Тайыров жауап береді. Режиссер өзі балалар үйінде тәрбиеленгендіктен, ата-анасы жоқ немесе ауру балалардың жағдайын өте қатты түсінеді. 30 жасында ғана Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында кино туралы білімін жетілдіруге болады. Өзінің де денсаулығы сыр беріп бірнеше уақыт бойы арбаға таңылып, одан кейін балдақпен жүрген кездері де болған екен. Академияға келіп басқа да адамдар тобы болатын біліп, өмірге деген көзқарасы өзгерген, режиссер бір сөзінде. «...мен өнер ордасынан Мұхамед Өмірбеков атты тілекші досымды таптым» дейді. Досы екеу бірлесіп, бұған дейін «Қысқы көбелектер» атты қысқаметрлі фильм түсірген болатын.

Балаларға шығармашылық не береді? Біріншіден, оларға сенімділік пайда болып халықпен араласа бастайды. Режиссер сөзі бойынша, түсірілім біткеннен кейін жас актерлердің ата-аналары келіп үлкен рахметтерін айтқан. Себебі, олардың сөзіне сүйенер болсақ, кино түскеннен кейін балалар барынша ашық жарқын, көңілді жүріп, өзін өзгелерден кем ұстамай тең дәрежелі сезініп қалды. Ал бұл дегеніміз үлкен жетістік, яғни мүгедек актер балалар қоғамның бір бөлігі ретінде сезінді.

Фильмді көргенде жаның ашып, барымызды бағалай білмейді екендігімізге көзіміз жетеді. Тіпті күнде таң ертең тісімізді деніміз сау тұрып жуғанға не жетсін деп риза болып қаласың. Бұл фильм арқылы балаларға көмектесіп қана қоймай, басқа дені сау адамдарды тәубесіне түсіруге болады. Яғни, бұл Тахирдың ғана емес, сол тектес барлық балалар өмірінің жиынтығы. Ол – прототип. Ол өз өмірінің қожайыны. Соны басқарғысы келеді.

Осындай жетістіктерді басшылыққа алған фильмнің қаражаты өте аз болды. Қыстың күні түсірілгендіктен балалардың денсаулығына нұқсан келтіріп алмау мәселесі де басты назарда болды. Бұл туралы кинотанушы Г.Әбікеева: «Картина көркем шығарма ретінде өз мақсаттарын түгел орындап шыққан. Себебі фильмді көрі барысында тек жан ашу сезімі ғана аянып қоймай, ол балалардың өміріне жақындай түсесің. Өзінді сынайсың. Оларға қаншалықты көмек бере алатының туралы ойлана бастайсың», – дейді.

Мұндағы актерлер қатарын Байсеитова Малика, Мусаев Аскар, Шмадияр Казбек, Кунпеисова Дамира, Сартбаев Рахимжан, Умитказынов

Жасулан, Таскараев Канагат, Шарипова Динара сынды қыз-жігітер, сондай-ақ, көлік жүргізушісі рөлінде Қадырбаев Мусымхан, ақшақар рөлінде Исканова Гюзьяль ойнап шықты.

Тахир мұнда тек өзін ғана емес, өзі тектес ДЦП ауруына шалдыққан жандардың прототипін сомдады. Фильмдегі оқиға сынды, Тахирдың шынайы өмірде де анасы жоқ. Актердің ДЦП мен қатар кекештеніп сөйлеу сынды кемшіліктерін фильм барысында анық аңғаруға болады. Режиссер бір сұхбатында кекештікті жою үшін де біраз еңбектенгенін, осы тұста жас актердің үлкен табандылық танытқанын үлкен жетістік ретінде айтып өтті.

Осылайша, мүмкіндігі шектеулі жандардың өнері экран бетінен де көрініс таба бастады. Түсірілім барысындағы кеткен қателіктерге қарамастан бастамалары құптауға әбден тұрарлық...

Бүгінгі таңда жүргізіліп отырған жарымжан жандардың қоғаммен толықтай кедергісіз араласуы және оларды қоғамдық өмірге тартып, шығармашылық, көркемдік және интеллектуалдық әлеуетін тек өзі үшін ғана емес, сонымен бірге қоғам үшін де арттырып, жандандыру қажеттілігі байқалады. Мүгедек жандардың шығармашылығын қоғамдық оналту дүниежүзіндегі мүмкіндігі шектеулі жандарды рухани өрістетуге және оларды қайта жаңғыртудың бір амалы болып табылады. Өйткені олар өнерде ғана он екі мүшесі сау дамдармен бәсекеге түсіп, таланттарын таныта алады.

Қазіргі таңда Қазақстанда мыңдаған мүмкіндігі шектеулі жандар тұрады. Бұлардың барлығы дерлік талапты, қалағанына қол жеткізуге ұмтылатын адамдар. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі жандар арасында түрлі конкурстар мен фестивальдар жиі өтіп жүр.

Ал бұл үрдіс Ресей Федерациясында жыл сайын Мәскеу қаласында мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін баяндайтын «Кино без барьеров» атты арнайы кино фестивалы болып көрініс тапқан. Фестиваль аясында 90-ға жуық мүмкіндігі шектеулі жандар туралы кинолар көрсетіледі.

2012 жылдан бастап желтоқсан айында Алматы қаласында мүгедектер күніне арналып «Барлығымызға арналған кино» атты арнайы шаралар ұйымдастырылып тұрады. Шара мақсаты арнайы мәселелерді ашып көрсету ғана емес, олардың шешу жолдарын да қарастыру болып табылады. Сондықтан, осы сынды шаралардың санын арттыра білгеніміз абзал.

Одан бөлек, Алматы қаласында жыл сайын «Кино ауруға қарсы» жобасы өткізіліп тұрады. Жоба мақсаты – диагнозына қарамастан барлық мүгедек жандарды позитивке толы психологиялық фильмдерді көрсетіп, танымал адамдармен кездесулер ұйымдастыра отырып, өмірге деген құлшынысын арттыру, ауруын аз уақытқа болса да ұмыттыру. Осындай жобаға қонақ болғандардың ішінде Синтия Ротрок, Арманд Ассанте,

Боло Янг, Дэни Трэхо, Дон «Дракон» Уилсон, Оливье Грюнер, Кэрри Тагава сынды Голливуд жұлдыздарымен қатар, Авраам Руссо, Агния Дитковските, Ирина Дубцова сияқты Ресейдің танымал тұлғалары да ат салысып келеді.

Ұйымдастырушылар арасында ҚР Парламентінің сенат депутаты Ғани Қасымов пен Алматы қаласының сол кездегі әкімшілігіндегі орынбасар Серік Сейдуманов, «Здоровая Азия» онкологиялық ауруларды қолдау орталығының Президенті Нағима Плохих, қоғам қайраткері Есетжан Қосубаев, белгілі кино режиссер Егор Кончаловскийлер ат салысып, жобаның қаржылай мәселелерін шешуге көмектесіп келеді.

Шара аясында толықметрлі көркем фильмдермен қатар, балалардың көңілін аулайтын мультипликациялық картиналар да көрсетіліп, түрлі шеберлік-сыныптары мен «Балалар көзайымы сыйлығын» тапсыру үшін дауыс беру жұмыстары да ұйымдастырылады. Жоба жектекшілері осылайша синтездік өнердің бұл түрімен жарымжан жандар өміріне бейжай қарамайтындығын көрсетіп, олардың да төрт құбыласы тең адамдарша көңіл көтеріп, қуануына мүмкіндік тудырып, терапияның бір түрін өткізіп келеді.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін отандық фильмдер мен байланыстығанда әркезде оларға арналған тифлокомментарийдің жоқтығын байқауға болады. Тифлокомментарий дегенміз – көру мүмкіндігінен айырылған жарымжан көрермендерге арналған видеодағы әрекеттерді сөзбен суреттеп отыратын кадрдан тыс оқылатын текст. Батыс мемлекеттерде әрбір бесінші кинотеатрда бұл мүмкіндіктің қарастырылғанын ескерсек, біздің еліміздегі жағдайы көңіл қуантарлық емес. Тәуелсіздік алған 25 жылдың ішінде үлкен кинотеатрда өткізілді деген жалғыз кино ретінде «Гамлет» кинотуындысын ғана атап өтуге болады. Отанымыздағы көру мүмкіндігінен айырылған мыңдаған жандардың талап-тілегін ескере отырып, синтездік өнердегі бұл олқылықтың орнын толтыру қажеттілігі байқалады. Ресей Федерациясында дәл осы мәселеге байлынысты арнайы депутаттардың бастамасымен «Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғау» заңнамасы туралы конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, мемлекет қаржысымен бүкіл ресей кинематографиясының тарихындағы толықметрлі ұлттық фильмдерінің барлығына есту мүмкіндігінен айырылған жандарға арналған субтитрлар мен көру мүмкіндігінен айырылған адамдарға арналған тифлокомментарийді жасау туралы бастама көтеріліп, бастапқы нәтижелерін бере бастады. Біздегі отандық мүгедектердің өз тілімізді белгілі оқу құралдарының, арнайы дайындалған қазақ тілді мамандардың жоқтығына байланысты жеткілікті деңгейде меңгермегендігі белгілі. Осы орайда оларды ұлттық өнімдермен тәрбиелеп, жадына ұлттық құндылықтарды сіңіру жолында бізде де

отандық өнімдерімізге аталмыш субтитрларды орнату қажеттігі туындап отыр.

Одан бөлек, мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін түрлі ракурста суреттейтін фильмдерге көптеп назар аударып, тиісінше сондай фильмдерге бөлінетін қаржының көлемін де ұлғайту керек. Себебі қарапайым адамдардың өмірін суреттейтін картиналарға қарағанда мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін көрсететін туындылардың шынайылығын арттыру мен ондағы оқиғалардың толыққанды суреттелуі үшін қомақты қаржының керек болатындығы белгілі.

Қазақы қоғамда әлі де болса мүгедектерге жанашырлық сезіммен қарау дағдыға айналған. Біз ол жарымжан жандарға аянышты көзқарас танытқан сайын, оларға толыққанды жұмыс жасап, өзін қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінуге кедергі келтіреміз. Сондықтан да келесі түсірілетін фильмдердегі жарымжан бейнелерге режиссерлік тұрғыда барынша бөлек көзқараспен қарап үйренуіміз керек. Сонда ғана кинематографиямызда барлық отандастардың тағдырына бей-жай қарамай, барлығын тең дәрежеде бағалай алатын мемлекетке айнала аламыз.

II-БӨЛІМ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ

Бейнелеу өнеріндегі оңалту мүмкіндіктері немесе мүмкіндігі шектеулі жандардың өнердегі орыны

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға көңіл бөлу мәселесі сөз болды. Қазір ондай тұлғаларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету, жұмыспен қамту біртіндеп шешімін тауып жатыр. Өкінішке орай, мүмкіндігі шектеулі жандарға деген қоғамның көзқарасы әлі де түзеле қойған жоқ. Мүмкіндігі шектеулі болған соң да, олар бұл дүниенің қызығынан құр қалып жататыны да белгілі.

Бүгінгі күнде мүмкіндігі шектеулі жандарға кеңінен қолдау көрсетіліп жатыр. Қоғамда да мұндай жандарға деген көзқарас айтарлықтай өзгерді. Олардың бейіміне қарай, өнер саласында, басқа да салаларда өздерін танытып жүрген жандар қазіргі кезде әжептәуір толығып келеді. Есту қабілеті нашар жандардың көбі сурет салуға бейім екендігін, қолы жұмыс істемесе де, аяғымен сурет салып жүргендер туралы да жиі айтылып жүр. Олар өнердің бұл түрін тек ермек ретінде емес, кәсіби суреткер ретінде жарыққа шығаруда. Осындай жандардың ішінен суырылып шығып, өз өнерін әрі қарай дамытып келе жатқандар қаншама! Өмірінің шуағын осы өнерден алып, беріле кірісіп кеткен мұндай жандардың салған суреттері табиғатпен үндесіп келеді. Бұл құбылысты біз олардың тылсым дүниенің сырын ұғынуға басқан қадамы деп те ұғынамыз.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға кәсіпкерлікті дамытуға арналған көмектерде көрсетілуде. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры және «Хабар» телеарнасы мүмкіндігі шектеулі жандар арасында кәсіпкерлікті дамытуға арналған «Бір болайық!», «Вместе» атты телебағдарламалар топтамасын жарыққа шығарды. Бұл бағдарламаның кейіпкерлері – мүмкіндігі шектеулі болғандарына қарамастан, белсенді өмір сүруге және белгілі бір іспен шұғылданып, табыс табуға ұмтылып жүрген жандар. «Біз мүгедек жандардың мәселелері жөнінде айтқымыз келмейді, олар сол қиындықты қалай жеңіп жатқандығын көрсеткіміз келеді», деп, бағдарламаның бас продюсері Әлия Увалжанова ең алғашқы түсірілім кезінде айтып кеткен еді. Қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 20 минуттық телебағдарламаны аптасына екі рет бүкіл республика жұртшылығы тамашалап, өз кәсібін дөңгелетіп жүрген мүмкіндігі шектеулі жандармен, олардың тыныс-тіршілігімен етене таныса алады.

Кез келген мемлекеттің құндылығы мен ізгілігі балалар мен қарттарға, мүгедектерге деген қарым-қатынасымен айқындалады. Әлем бойынша

мүмкіндігі шектеулі жандардың халықаралық күні 3 желтоқсанда аталып өтеді. Бұл игі шара 1992 жылдың аяғында БҰҰ Ассамблеясы 1983-1992 жылдардағы мүгедектер онжылдығының аяқталуына орай жарияланған болатын. Бұл күн мереке ретінде біздің елімізде де кеңінен аталып өтеді. Бұл күні мүмкіндігі шектеулі жандардың қолынан шыққан әртүрлі өнер туындыларынан көрмелер ұйымдастырылып, олардың өнерлерін тамашалауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге мемлекет тарапынан және ірі кәсіпкерлер тарапынан демеушілік көмектер де көрсетіледі.

БҰҰ мәліметтері бойынша жер беті тұрғындарының әр оныншысы, яғни, 600 миллионының мүмкіндігі шектеулі. Олардың 490 мыңға жуығы – қазақстандықтар. Бұл сандарға қарап отырсақ, біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың аз емес екендігін байқай аламыз. Ал, енді солардың қаншалықты мемлекет тарапынан қамқорлыққа ие болып жатқандығы өкінішке орай, санмен нақтыланбаған. Ал, олардың ішінде өз қабілеттерін дамытып, өнердің түрлі саласынан кәсіби білім алып, бүгінде соның рухани жемісін көріп жүргендер саны да аз деп айтуға болмас.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жоғарғы, орта арнаулы білім алуына ыңғайластырылған оқу орындары да бізде көптеп саналады. Тек, сол мүмкіндікті екіншісі бірі қолдана бермейтіні өкінішті, әрине. Өзі жарымжан адамға осындай мүмкіндіктің өз уақытында жетпей жататындығы да рас. Қоғамдағы оларға деген көзқарас, жарнаманың аз болуы, түсіністікпен қарау сияқты адами қарым-қатынастың көбірек болуы, мүсіркемей, көптің бірі ретінде қарау – осы бір шекараны бұзар еді. Сөзімізді өкінішпен аяқтай бермей, нақты іске көшер болсақ, өнерлі жандардың өз білімдерін кәсіби салада толықтырып, таза өнерге бетбұрыс жасап, өнерддегі өсу жолын бастап жүргендері туралы мақтанышпен айта отырайық.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясы да осындай жандардың өнеріне қанат бітіріп, олардың мүмкіндігін аша түсуіне жағдай жасап жүр. Бұл білім ордасынан талай мүмкіндігі шектеулі суретшілер, актерлар, бишілер түлеп шығып, өздерін әлемдік деңгейде сынап жүрген жандардың қатары көбейіп келеді. Қуанарлық жағдай, әрине. Олардың шығармаларына зер сала қарасақ, табиғаттың тылсым сырын, Табиғат-Ананың шексіз мейірімін жүрекпен сезе білген жандар екендігін ұғыну қиын емес.

Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандардың бірі – есту қабілетінен айырылғандар. Ел болашағы салауатты ұрпақ болғандықтан, бұл бәрімізді елендетеді. Яғни, ол тек есту қабілеті төмен жандардың ғана емес, еліміздің ортақ мәселесі. Сондықтан, мұндай мәселеге бей-жай қарауға болмайды. Дегенмен де, өздерінің шектеулі мүмкіндіктеріне қарамастан, өмірге құштарлығы жеңіп, олардың арасынан да әр салада

табысқа жетіп жатқандар аз емес. Бүгінде бейнелеу өнері, театр, музыка өнерінде өз дарынын аша білген, сол арқылы өздерінің мүмкіндіктерін, қоғамға пайдасын келтіріп жүргендердің қатары көбеюде. Енді осындай жандардың ішінде бейнелеу өнерінде өздерін жақсы талантымен танытып жүргендерге, олардың шығармашылық «қоржындарына» тоқталайық. Есту қабілетінен айырылған жандар – тіршіліктің күллі тынысын, үнін тыңдай алмайды. Есесіне, олардың көзі мен көңілі жүйрік болады. Өмірге, күнделікті қам-қарекетке бейім келеді.

Осындай, жас та болса, әлемге танылып үлгерген жандардың бірі – *Анар Абжанова*. Ол – академия түлегі, суреші-кескіндемеші. Оның пейзаждық кескіндемелерін бүгінгі күні алыс-жақын шетелдерде жақынырақ танитынын мақтана айтуға болады. Есту қабілетінен жасынан айырылған қыз өзінің бар өмірін осы қылқалам арқылы өмірді тануға арнап келеді.

Оның шығармашылығы туралы бүгінде Мәдениет министрі болып отырған Арыстанбек Мұхамедияұлы былай деген болатын: «Анар Абжанова өнердегі ерекше құбылысты жан. Жас болса да, қазірдің өзінде ол әлемге танылып үлгерді, өзіндік қолтаңбасын танытты. Ешбір кәсіпқой суретшілерден дәрежесі кем түспейді. Оның жұмыстары өз елімізбен қатар, Италияның, Швейцария, Франция, Түркия, АҚШ, Жапония және Венгрия мен Ресей елдерінің жеке коллекцияларында тұр. Ол Жапонияда өткен халықаралық суретшілер көрмесінен күміс медальды, бейнелеу өнері дамыған Иран елінде Бас жүлдені, Ресейде өткен «Өнер апталығы» байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Бұдан өзге де шетелдерден алған марапаттары көп. Бұл біз үшін, еліміз үшін үлкен құрмет» [1].

Анарға байланысты «ұстазынан шәкірті озыпты» дегенді айтуға болады. Оның ұстазы, атақты суретші Қанафия Телжанов болған. Қанафия Телжановтың айтуы бойынша Анардың болашағы өте зор. «Мен одан көп үміт күтемін. Менің Анар сияқты дарынды шәкірттерім өте көп. Ол ерекше дарынымен бірден көріне білді. Сол үшін де мен оны мақтан тұтамын», – деген Қ.Телжанов.

Анар жасынан есту қабілеті болмаса да, басқаларға қарағанда қоршаған әлемді өзге көзбен көре алды. Ол студент кезінің өзінде әр түрлі республикалық, халықаралық көрмелерге қатысып, көптеген байқаулардың дипломанты болды. Ол Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық Өнер академиясының түлегі. Оның ұстаздарының бірі Бауыржан Байділда: «Ол өте еңбекқор, ізденімпаз және құдайдың берген ерекше қабілетін аша алған. Сондай-ақ, әлем таныған суретші Қ. Телжановтың мектебінен өтуінің арқасында үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Өнер академиясы оған үлкен мектеп болды, оның қабілетін ашты. Біз осындай шәкірттерімізді мақтан етеміз» деген болатын [2].

Анар өзі және өз өнері туралы: «Мен 7 жасымнан сурет салуға құмар болдым. Сурет салуға деген қызығушылығым мені осы өнер жолын таңдауыма әкелді. 18 жыл ішінде мыңнан астам картиналар салдым. Алғашында натюрморт салуды ұнататын едім, қазір табиғат көріністерін салғанды жаным сүйеді. Күн-түні сурет салудан еш жалыққан емеспін, керісінше, әр туындымнан шабыт аламын» деген болатын [3].

Енді суретшінің қылқаламынан шыққан туындылар сырына, сиқырына үңіліп көрейік. Оның ерекше ықыласпен салатын мезгілі – көктем кезі. Жер бетіндегі тіршілік атаулыға жан бітірер көктемнен эсерлі шабыт алатын Анардың шығармаларының лейтмотиві жаңадан бүршік жарып келе жатқан ағаш бұтағы. Ақ гүлдермен көмкерілген жас талдың бейнесін көре отырып, көктемнің кереметтерін сезінуге шақырады. Оның бұл суреттері интерьерлерді безендіруге де дайын материал бола алады. Анар бұл топтамаларын жеке картина ретінде де көрсеткен. Әрбір талдың бүршік жарып, жаңа өмірге асығу құштарлығы арқылы адамның өмірге келуі мен өмір сүру құштарлығын ашып көрсетіп тұр. Мұндағы әрбір тал жанды бейне іспетті.

Елордамыз Астананың пейзажын жазған Анар Абжанованың «Мәңгілік ел» атты жұмысы 2016 жылы жарыққа шыққан. Бұл картинада Мәңгілік ел қақпасы бейнеленген. Елордамызды қазір «Мәңгілік ел» қақпасынсыз көзге елестету қиын. Биіктігі 20 метрлік осынау сәулет нысаны Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында ашылды. Қақпаның қос қапталындағы Ақсақал мен Ана мүсіндері, қалқан мен тайказан ұлттық киелі ұғымдармен астасады. Жасампаздық Мәңгілікті мұрат тұтқан ел астанасының тағы бір жарасымды да мағыналы символына айналған. Осы мағыналы символды шығармасының негізі етіп алған суретші тек қана қақпаны суреттеп қойған жоқ, ол қаланың қысқаша көрінісін де баян етті. Дәлме-дәл фотосуреттің көшірмесіндей етіп салған суретші көрерменін бірден баурап алары сөзсіз. Неге «Мәңгілік ел» қақпасын суреттеуді дұрыс деп санады.

«Мәңгілік ел» қақпасы – әлемдегі санаулы қалаларға ғана тән ерекше сәулеттік-монументалды туынды. Бұл сәулет нысаны Астананың сол жақ жағалауындағы аспанмен таласқан зәулім ғимараттардың ортасынан орын алып, Есілдің сол жағалауындағы Астананың жаңа әкімшілік орталығы, қайталанбас дара бейнесі бар толымды сәулет ансамблін түзбек: темірқазығы – Елбасының ақ сарайы Ақорда, одан тарайтын «шуақ шабыты» бір жағынан Бейбітшілік және Келісім сарайына, бір жағынан «Қазақ елі» монументіне, Тәуелсіздік сарайына, Шабыт сарайына тараса, тағы бір сәулесі сулы-жасыл желек жолды көктей өтіп, көкке қарай бет алған ғимараттарға бағыт алып тұр. Әрбір қабырғасының төменгі жағындағы композициялық тұрғыда тұрғызылған барельефтерді де суретші нақышына келтіріп жазған.

Қауіп-қатердің қорғаны, сенімділік, тұрақтылық, жеңістің белгісі, тыныштық, тоқшылық, бірегей көңіл мен қонақжай пейілдің терең ұғымын білдіретін ғимаратты өзінің шығармашылық тарихына әсемдеп қосқан жас суретші осы тақырыпты, идеяны таңдай отырып, өз елінің патриоты екенін айқын көрсете білді.

Қақпа алшақ орналасып сомдалса да, мүсіндерді болсын, жазуды болсын әрбір шақышты дәлме-дәл суреттей білген. Тағы бір көзге ерекше түсетіні ол – гүлдер мен құстар. Әсем шырайгүлін себетке орналастырып, оны шарбақтың үстінгі жағының әр жеріне іліп қойған. Тіптен көздің жауын аларлықтай. Жердегі топтасқан құстардың өзі бұл картинада өз орындарын тауып шығарманың сәнін келтіріп тұр.

Түстеріне тоқталатын болсақ, суретшінің бұл картинасындағы полотнарға қарап тамсануға болады деп айтсақ артық айтпаған болар едік. Көпке түсінікті тілмен өз ойын еркін жеткізген қылқалам шебері шығармасында ашық түстерді еркін пайдаланып, үйлестіре білген. Астананың көрікті ғимараттарының колонналарына дейін анық қылып бейнелеп, бояуларын да бір бірінен ажырата білген. Алыстан мұнарқан жасыл желектердің де түстерін бәсең бейнелесе де көзден жоғалтпаған. Көк себетке орналасқан гүлдер картинаға сұлулық пен нәзіктік сыйлап тұрғандай кейіпте бейнеленген. Алқызыл шырайгүлдердің орналасу реті, оның түстерінің қанық болуы, сабақтарының анық бейнеленуі барлығы, яғни жарық жерлерінің ақшылдау, ал көлеңке жерлерін қою түспен ерекшелеп айшықтай көрсете білген. Аспанды тек көк түспен бейнелеген. Ақша бұлттарды байқай алмаймыз. Ол біздің көк туымыздың түсі. Бұл картинада түсінде болсын, сюжетінде болсын мұңлы бағыт байқамаймыз. Азаттықтың таңы мен ынмағы жарасқан елдің елордасындағы әр қайсысының өзіндік мәні бар ғимараттар бейнеленген.

Жалпы айта кететін жайт, картинадағы түстердік қанық болуы, әрі нақты болуы, қылқалам иесін басқа суретшілерден оқшаулап тұр, яғни өзіндік қолтаңбасын әспеттеп тұр. Анар Абжанова жалпы табиғатты ерекше сүйтінін оның басқа да картиналарынан байқауымызға болады. Жыл мезгілдерінің бейнесі, әдемі өсімдіктердің бейнесі – бұл Анар Абжанованың шығармашылығындағы туындылар.

Жан тазалығы мен таза пейілінің арқасына бүгінгі таңда суретші көптеген жетістіктерге жетіп отыр. Оның картиналарына деген қызығушылықтан әлемдік деңгейдегі шақыртулар келіп жатыр. Өзінің өмірін өнерге арнаған, осы бағыт арқылы елдің ықпалына бөленген дарынды суретшінің кез келген картинасының өзіндік әсем тұстарының болары анық. Өмір тауқыметін бастан кешіре тұра өмірді сондай әсем етіп суреттейтін суретшілер кемде кем. Өзін бақытты қыла білетін суретшінің шығармашылығы да елдің назарында. Әр картинасына назар

сала отырып тарихына үнілгің келіп тұрады. Себебі, әр суретшінің туындының астында астарлап жеткізетін дүниелері жетерлік.

Қорытындылай келе, Анар Абжанованың бұл картинасы көрермен жүрегінен орын алатын нағыз әсем картиналардың бірі болып табылады. Астананың пейзажын суреттеу барысында ол жәй ғана бейнелеп қоймай, егеменді еліміздің рухани азығына айналған құнды деректерді бейнеледі. Ол «Мәңгілік ел» қақпасының тарихы мен мағынасы. Ата-бабамыздың ежелден аңсаған арманын қағаз бетіне түсірген суретші, сондай-ақ, бейбітшілік аспаны мен күннен күнге жаңаша бағыт ұстанып, түрленіп, жайнап, көркейіп келе жатқан елордамыз Астананың көрінісін жазды. Мүлгіген тыныштық пен әсем бейнені көрермендердің жүрегіне бірден жеткізе білген жас та болса дарынды суретші бұл туындысын өзінің таза пейіліндей етіп бейнелей білді. Сол үшін де бұл картина көрерменді өзіне баурай білді. Жүрекпен жеткізілген қандай жұмыс болсын ол халықтың көңілінен шығатыны анық.

Анар Абжанованың тағы бір керемет туындысы ол – «Қыстың алғашқы күні» деп аталады. Тақырыбына тоқталмай-ақ қойсақ та болады. Қыс... Көз алдымызға аппақ көрпесіп оранған ағаштар, орман, шатырлар елестейді. Ең алғаш жапалақтап жауған қар мен жоғарыда айтылып кеткен көріністі айнытпай салған суретшінің кезекті бұл туындысы да өзінің сүйікті көрерменін тауып үлгергеніне күманіміз жоқ. Табиғаттың әрбір маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Әр маусымның өзіне тән қызығы мен сейіл-серуені бар. Соның ішінде қыс мезгілі де өзіндік кіршіксіз аппақ қарымен, қаһарлы мінезімен, сықырлаған аязымен ерекше. Бұл мезгілде адамдар табиғаттың құпиясын, ерекше бір ұмытылмас сәттерін тамашалайды. Қара жердің бетін басқан аққұба ару секілді үлпілдеген ақ ұлпа қар айналаға сән беріп тұрғандай. Әркім бұл мезгілді асыға күтетіні рас. Даланың табиғаты тып-тыныш қалпынан, маужыраған күйінен серпіле түскендей күйде. Бұл картина Алматының қысы жайлы болғандықтан, Алатауды айтпай кеткеніміз жөн болмас. Алатаудың сілемдері мен биік жоталарындағы қыс көріністері көздің жауын алады. Басында қашан да қар жататын қарт Алатау ару Алматының көркіне көрік қосып тұрғандай көрінеді. Суретшінің осы туындысына сол бір асқақ Алатау жетіспей тұрғандай болып көрінеді. Алайда, бұған өзіндік себептер те қаншама. Қар жауғанда аспан түнеріп, тұман болып кетпей ме, сол да бір себебі.

Композициясына тоқталатын болсақ, картинаның нақты ортасын табу қиын себебі суретші тар кеңістікті бейнелеген. Картинадан үйлер, дүкендер, плакаттар, ағаштар мен көліктерді көре аламыз. Қала өмірінің бір мезеттік көрінісі, әрі ерекшесі. Үлкен қаладағы қарбалас, күйбең тірлікпен қазіргі заман адамдары осындай табиғаттың әдемілігін көре алмай жататындар бар, тіптен айналасына да қарауға уақыт таппай

жатады, себебі оның қолындағы зат оны мүлде басқа планетаға көшіріп алып кетеді. Ал, негізінен қыстың алғашқы күнін тамашаламау үлкен қателік. Аппақ болып жапалақтап жауып жатқан қарларға қарап, жерге қарап көзінді үйрете алмай күнмен шағылып тұрған қарға не жетсін. Қылқалам иесі бір жағынан осы ғаламтордың дүние жүзін жаулап алғандағы проблемасын да қозғай кеткен сияқты. Бұл қосымша идея ретінде келтірілген. Негізгі идея бұл картинада – әсем табиғат, қыстың алғашқы күні. Жалпы алғанда автордың табиғаттағы әсемдікті, жылулықты баяндауды ұнататынын білеміз. Осы туындысында да әсем қаламыз Алматының шуақты қыс мезгілін жазған. Шуақты қыс дейтін себебіміз Алматыда Арқа, Шығыс, әсіресе еліміздің солтүстік аймақтарына қарағанда қысы қатал болмайды. Көбіне шуақты болып келеді.

Далада адамдар көп кездеспейді, сірә бұл орталық алаң жақ емес, не болмаса суретші бұл туындысын демалыс күні жазған болар. Ағаштың бұтақтарына жапсарласа орналасқан ақ ұлпа қарлар ағаштың көркіне айналып тұр.

Түстеріне тоқталатын болсақ, суретші айналаға қыстың келгенін, суықтың лебі бар екенін сұрғылт түстермен көрсете білген. Ал, қар толық басып үлгермеген үйлер мен дүкендердің түстерінің бояуын қалпынша қалдырған. Алайда, кейбір тұстарда ылғалдан қоюланған түстерді байқаймыз. Бұл заңдылық, себебі қардың құрамында су бар.

Қыстың алғашқы көрінісін көрерменіне бұрмалаусыз, түсінікті тілде жеткізе білген суретшінің бұл туындысының бояуы әлі қатпаған. Өзінің шығармашылығына жан-жақты ізденістер мен толықтыруларды қоса жұмыс жасайды еңбекқор суретші бұл жолы да көрген көзге жай картина болғанымен, езу тартып кішкентай кезінде алғашқы қар жауғандағы өзінің қалай қуанатынынды, не болмаса қыс мезгіліндегі жаңа жыл мейрамын қалай асыға күтетінін еске аласыз. Ал, қазір, ересек адамдардың көпшілігі жан жағындағы әсемдікті, тіптен бұрын қарға аунап ойнайтын балалардың өзі сұлулықты байқай алмай жатады. Сол үшін де суретшінің бұл картинасы қыстан өзге үш мезгілде де насихатталса, қыстың ғажайып құбылыстарын бәрі де асыға күтетін болар.

Қорытындылай келе, талай байқаулардың жұлдегері атанып жүрген, шығармашылығымен шет ел қызығатын қазақтың дарынды суретшісінен болашақта үлкен белестерді бағындырар сәттер күтудеміз. Шын жүректен көрерменге шынайы жеткізуге талпынған суретші ғана қазақ бейнелеу өнеріндегі өзінің орнын ойып алады.

Ал, жылдың қатаң мезгілі қыстан да ерекше мейірімділік таба білген Анар бұл мезгілді суреттеуде оның қатаңдығын емес, әлсіз, үлбіреген жақтарына баса назар аудартады. Оның «Қысқы саябақ», «Қысқы

нәзіктік» тақырыбындағы шығармаларынан жастықтың лебі, табиғаттың әсемдігі көрініп тұр. Оның бұл кескіндемелерінде қардың суретін келтіру шеберлігі ерекше айқындалып тұр. Кәсіби суретшілер қардың суретін дәл түсірудің қаншалықты қиын екенін білсе де, Анардың қолынан шыққан қар бейнесінің ерекшелігіне таң қалатындарын жасырмайды. «Қысқы саябақ» картинасында аспаннан төгілген күн шуағымен ажарлана түскен саябақты қар мейлінше көмкерген. Бұл суреттің ең басты «тұлғасы» да қар екенін аңғара аламыз.

Қыс тақырыбындағы тағы бір көркемдік шешімін тапқан картинасы – «Қысқы қала». Айналаны аппақ күйге бөлеген қар қаланың барлық «күнәсін» жасырып, мүлгігіген тыныштыққа оранған қаланың бейкүнә түрін көрсетіп тұр. Қысқы қаланы суреттеген тағы бір шығармасында керісінше, күнделікті қаланың үнемі қозғалыстағы тіршілігін көрсеткен. Үлкен көше бойындағы жүйткіп жатқан көліктер, ол көліктерден қалыспай, асығыс жолды кесе өтіп бара жатқан адамдар сұлбасы. Олардың бұл суыт жүрістерін бір тоқтатса, ұйытқып соққан қарлы боран ғана тоқтата алар... қардың ерекше бейнеленіп тұрғаны сонша, ағаш басын қозғалта алмай, оны ауырсынып тұрғанын сезіне алу қиын емес. Үнемі суыт жүретін адамдарға қар бейнесі арқылы бір нәрсені ескерткісі келгендей.

Күнделікті күйбің тіршілікпен табиғаттың тамаша сыйын байқамай жүргендерге қыстың ерекшелігін бейнелеу арқылы бір сәт ойлануға мүмкіншілік беріп тұрғандай. Қыс мезгілін суреттесе де, ол үнемі жылы түстер таңдайды. Мұнысы оның жүрегіндегі жылулықты, мейірімділікті білдіретіндігінен болар. Суретшінің ақ түсті таңдауының себебін осыдан-ақ болжауға болады. Өйткені, ақ түс – пәктік пен тазалықтың, қайырымдылық пен махаббаттың бейнесі, адам энергиясының қуаттылығы.

Анардың «Тұманды тау» шығармасы Қазақстанның мақтанышы болған Шымбұлақ тауына арналған. Мұнда да жапалақтап жауып тұрған қар басқа нәрселерді көмескілендіріп тұрса да, таудағы тұман көрінісі ондағы табиғи тыныштықтың адамның терең ойға батып тұрған сәтін бейнелейді. Анардың бұл шығармасына баға берген кәсіби суретшілер оны қытай шеберлерінің суреттеріне теңестіреді. Анар осы бір топтамаларында қарды тірі күйде бейнелеу арқылы картиналарына бірегей композициялық шешім ұсынады. Анар тілшілерге берген сұхбаттарында пейзаждық кескіндеме оның көңіл күйінің суреттемесі екендігін, табиғаттың тылсым сырымен үндесуге мол мүмкіндік екенін айтады. Студенттік жылдарда да оған бұл еңбектің оңайлықпен келмегенін еске түсіре отырып, ол өзінің есту қабілеті нашар екендігін үнемі қасындағылардың еске сала беретіндігінен де намысқа тырысып, басқалармен теңесуге осы өнері ғана көмек бола алатындығын түсініп,

сурет салуға құлшына кіріскенін айтады. Осы намысқа тырысып, басқалармен теңесуге деген қабілеті оны басқалардан аспандата түскенін байқаймыз. Жалпы, Анардың шығармашылығы да жылдың төрт мезгілі сияқты – көктем мен қысы, күзі мен жазы. Оның басты арманы – өзінің жеке галереясын ашу. Осы арқылы ол өзінің елін әлемге танытқысы келетін арманын да біртіндеп жүзеге асырып келеді.

Анар өзі салған суреттерден көрермен ерекше ләззат алса, оның бақытты екендігін де жасырмайды. Ол мүсіркеушіліктен емес, өзінің шығармашылығының шынайы бағасын алғысы келетіндігін де ескертеді. Оның алыс-жақын шетелдердегі көрмелерге жіберген суреттері де жеміспен оралып, тиісті бағасын алып та үлгерді. Жас суретшінің әлі де өз еліне, бейнелеу өнеріне қосар үлесі алда екендігіне үмітпен қараймыз. 2011 жылы Анар өз бақытын тауып, тұрмысқа шықты. Күйеуі Тимурдың ата-анасы есту қабілетінен мүлде айырылған адамдар болғандықтан, ол кішкентайынан ыммен сөйлеуді жақсы біледі. Сондықтан да олар бір-бірімен ортақ тіл таба алды. 29 жасында суретші Анар ана бақытын сезінді. Кішкентай қыздарының атын Алуа деп қойды.

Бүгінгі таңда Анар Алматы қаласында тұрып жатыр. Аяғы ауыр кезінде де ол қолынан қылқаламын тастаған емес. Анасы Базаркүл болашақ сәбидің денсаулығына алаңдап, оған сурет салуды қоя тұруды өтінді. Қызының қылқаламын оңайшылықпен тастамайтынын түсінген ана, көктем келе ауласынан ыңғайлы орын дайындап беріп, акварельмен таза ауада сурет салуға жағдайын жасада. Алғаш қызының дүниеге келгенін көргенде, көзіне жас алғанын айтты. «Мен қызды болғаныма әлі де сенер алар емеспін. Әйелге ана болу ең үлкен бақыт екендігін түсіндім. Қызымның есту қабілеті жақсы екендігіне Аллаға мың да бір шүкіршілік деймін» [4]. Осындай өмірге құлшынысы артқан жандар қатары көбейе берсе, олар өздерін қазіргі ортада еркін сезінер еді.

Мәңгілік тыныштықта өмір сүріп жатса да, жүрегімен айналадағы қым-қуыт тіршілікті сезіне білген, соны қылқаламмен түсіндіре білген есту қабілетінен айрылған суретші қыздардың бірі – ***Сатыбалдина Әлия Ернатқызы***. Ол – О.Таңсықбаев атындағы колледжді станкілік кескіндеме мамандығы бойынша, содан кейін Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын монументалды кескіндеме мамандығы бойынша бітірген. Өмірін өнермен байланыстырған, өз кәсібін жанымен сүйетін жандардың қатарынан. Өзінің қылқаламынан шыққан туындыларды әртүрлі көрмелерге қойып, түрлі өнер байқауларына қатысып, туындыларын ұсынудан жалықпайды. Онысы, әрине, жеміссіз емес.

Өз туындыларын 2000 жылдан бері түрлі көрмелер мен байқауларға қатыстырып, нағыз кәсіби маман ретінде танымалдыққа ие болды. 2001-2002 жылдары Ә.Қастеев атындағы мұражайда өткен «Человек и тюльпан» фестиваліне қатысып, гран-при жүлдегері болды. Осы

фестивальдан кейін Әлияға қанат біткендей, шығармашылығын шыңдаған үстіне шыңдай түсті. 2006 жылы халықаралық «Арман қанаты» фестивалінде III орын алып, енді өз бағын алыс-жақын шетелдерде өткізілетін байқауларға қатысумен сынай бастады. Оның бағын ашқан Италияда, Кувно қаласында өткен байқау болды. Мұнда Әлия жүлделі I орынды иеленді. Дәл осы жылы ХҮІІ халықаралық «Шабыт» фестиваліне де қатысып, дипломант атанды.

Әлияның шығармашылығына қарап отырып, оның отбасындағы бірлік, отбасының тыныштығы, отбасындағы мейірімге баса назар аударатынын байқау қиын емес. Олай дейтініміз, оның картинасының көбінде үй ішінде ойнап жүрген бала, баланың ойыншықтары, ас үйге арналған натюрморттары, отбасы түстенетін орын бейнеленген. Үйдің интерьерлеріне арналған картиналарына зер сала қарайық.

«Орындықтар» картинасында отбасының бәрі жиналып түстенетін дастарханды, жан-жағындағы орындықтарды бейнелеген. Отбасының күнделікті бас қосатын орны. Орындықтардың санына қарап, бұл жерге жиналатын адам саны да аз емес екендігін көреміз. Төредегі ілулі тұрған тұскизде ақшыл қызыл түске сұр бояумен салынған қошқар мүйізді оюлар түскен. Қошқар мүйіз оюы көбіне сырмақ, текемет, тұскиздерге салынады. Бұл өрнекте қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады. Қошқар мүйізді оюды ақшыл қызыл түске басуында да бір сыр бар. Қызыл түс қашанда жеңіске деген құлшынысты, төзімділікті білдіреді. Бұл суретші өмірінің де қиыншылықты мойындамайтын, өмірдің қиындығын жеңе білуге деген құлшынысын білдіреді. Өйткені, Әлияның өмірі де күрестер мен жеңістерден тұрады.

Жылы түстердің молдығы үйдегі жайлылықты, осы жерге отбасының мүшелері асыға келетін орынның қасиетті жер екендігін танытып тұр. Дастарханды айнала орналасқан орындықтар әр түрлі, орындыққа төселген төсеніштердің түсі мен оюлары да әрқилы берілген. Оның себебі, отбасы мүшелерінің үйдегі орны мен әрқайсысының мінезінің ерекшелігін танытып тұр.

Ас ішіліп болса да, дастарханның толық жиналмағаны қазақтың қонақжайлылығын білдіріп тұр. Дастархан үстіндегі бауырсақ пен шәугімнің бейнеленуі қазақ халқының астан дәм татып кету дәстүріне сай келеді. Қазақ үйіне келген қонақты асығыс тұрса да, дәм ауыз тигізбей шығармаған. Бүгінгі күннің дастарханы да осы дәстүрді жалғастырып келе жатқандығы қуантады.

Ал, келесі суретінде жұмсақ диванның қасында сары кілем үстінде кішкентай бала алаңсыз ойыншықтарымен ойнап жүр. Шығармада үйдің интерьерін бейнелеп тұр. Бөлменің есігі ашық, диванда оюмен көмкерілген

көрпе төселіп, жастықша қойылған. Есіктің ашық тұрғаны, баланың алаңсыз ойнап отырғаны – үйдегі жайлылық пен жылылықты білдіріп тұр. Суретші бұл шығармасында өз отбасындағы көріністі сипаттаған.

2002 жылы жазған «Менің ойыншықтарым» картинасы майлы бояуда фанерге салынған жұмыс. Алаңсыз балалық шақтың естелігі ретінде орындалған жұмыста кішірек кезінде ойнаған ойыншықтарын көкейіндегі бейнемен салыстыра отырып жазған. Композиция жылы түстермен орындалған. Ақ пен алқызыл түске басымдылық көп берілген. Шығармада ойнаған қуыршағы, тікұшақ және жұмсақ ойыншықтары күшік пен аю суреттелген. Орындықта отырған қуыршақ күшік пен аюды басқарып отырғандай. Мұнда қуыршақ картинаның басты кейіпкері ретінде берілген. Тікұшақ суретшінің биіктікті бағындыруды бала кезінен армандайтындығын білдіреді.

Балалық шақтың тағы бір белгісі ретіндегі жұмысы – «Інімнің велосипеді» картинасы. Шығарманы жазуда суретші жабық композицияны таңдаған. Велосипедтің түрі қоңыр фонда көк түспен берілген. Қоңыр түс – мәңгілік жердің түсі. Сонымен бірге, қоңыр мен қара көк түс те балалық шақтағы тынымсыз, үнемі қозғалыстағы өмірді суреттейді. Велосипедке ілінген ақ пакетте кітап бар екенін аңғару қиын емес. Төменде асығыс шешілген күлгін түсті, ақ жолақты спорттық аяқ киім. Балалықтың бақытты кезін аңсау, сағынышпен еске алуға арналған. Кім де болсын, кейбір басқа түскен қиындықты ұмыту үшін де балалықты аңсауы – заңдылық. Суретші бұл шығармасын да осындай сағынышпен жазғаны көрініп тұр.

Әлияның көзге ерекше көрініп, кәсіби маман ретінде жазған картинасы «Су басында» деп аталады. Бұл картина Кеген ауылына барған сапарында жазылған. Ауылдың табиғаты, тынымсыз тіршілік, ауыл адамдарының ашық-жарқын мінездері суретшіге ерекше шабыт берген сыңайлы. Ашық аспан астында, тау бөктерінде орналасқан ауыл табиғаты шынымен шабыт шақырарлық көрініс. Үйдің жанындағы су басынан ауыл адамдарының бәрі дерлік су алады. Бұл суретте де сондай бір кезең бейнеленген. Су толтырып отырған ағасының қасында судың мөлдіреп ағуын қызықтап отырған қызыл жейделі бала да бір сәт ойға шомып кеткен. Ол өзінің балалығының да осы судай тез ағып өтетінін ойлап отыр ма екен, әлде болашақта кім болатындығын армандауда ма? Не ойласа да, ол дәл қазір өз жерінде емін-еркін асыр салып ойнап, қызыққа батып жүрген кезінде. Өйткені, оның қорғаны – жері, үйі, туыстары. Өмір осы ағын судай жылжып өте берсе де, ол қашан болсын туған жерге орала алады. Бұл суреттің шығармашылық шешімі де осы болып тұр.

Табиғаттың тамаша көрінісін дөп басып жазған шығармасының бірі – «Таутүрген» деп аталады. Туған елдің көрікті жерлерін аралап, одан ләззат алып, соны қылқаламмен шебер бере алу – Әлия сияқты батыл

кимылдайтын қыздарға ғана тән. Пейзаждық суреттемеде Таутүргеннің тау сілемдері, жап-жасыл болған табиғаты, әрбір тасы мен тауға шығар жалғыз аяқты жол, тау етегіне орналасқан орманшының үйі, еш нәрсе суретші назарынан тыс қалмаған. Тандалған жылы түстер Әлияның көңіл күйінің де ерекше жадыраңқы екендігін білдіріп тұр. Ашық аспан аясында, тау бөктерінде табиғаттың әсемдігін кәсіби суретші ретінде ғана емес, адамгершілік тұрғыдан да қарау оның әдеттегі ісіне айналған.

Портреттік картиналар салу да Әлияға жат тақырып емес. Оның 2014 жылы кенепке майлы бояумен жазған «Орамалды қыз» портреті осы сөздерімізді дәлелдейді. Үлкен гүлді орамалды жамылып отырған бойжеткен бөлменің ортасында бір жаққа мойнын сәл бұра қарап ойға шомып отыр. Маңдайы жазық, қара шашты, қыр мұрынды, томпақ ерінді сүйкімді қыздың көзқарасы жұмбаққа толы сияқты. Бұл жұмбақтың шешімін суретші көрерменге қалдырған сынайлы. Картина осындай сырға толы көздердің шешімін табуға бірге шақырады.

Әлия Сатыбалдинаның 2014 жылы Италияға барған сапары да үлкен табыстар әкеліп қана қоймай, оның алыс-жақын шетелдерде танылуына себепкер болды. Италияның көнеден келе жатқан көшесін бір суреттен көріп, қолма-қол бейнелеп, италияндық әріптестерін таңқалдырды. Әлия ол суретін қасында жүрген байқауға қатысушы суреткердің әңгімесінің эсері бойынша жазған. Осы шығармасы да жоғарғы жүлдеге ие болды. Жалпы, 2014 жыл Әлия шығармашылығының шарықтау шегіне жеткен кезең деп қорытындылауға болады. Бұл, әрине, суретші өз шығармашылығын тоқтатты деген сөз емес. Бүгінгі күнде де суретші өз шығармаларын тақырып бойынша реттеп, көрмелерге шығарып жүр. Кескіндемелік картиналарымен қатар, натюрморттары, фрескада орындалған шығармалары, мозаикалары, қолөнерлік бұйымдары Әлияның жан-жақтылығынан хабардар етеді.

XVIII ғасыр Италиян Қайта өрлеу дәуірінен байқалған Пленэр әдісі бойынша Сатыбалды Әлияның «Пленэр» жұмысы 2010 жылы жазылған болатын. Жанры белгілі болғандай – пейзаж. Ашық аспан аясында натураны дәлме-дәл бейнелей білген суретші жұмысының тақырыбын қиындатпаған. Майлы бояумен жазылған бұл туындыдағы негізінен көл немесе өзен, орман және аспан бейнеленген.

Параллель бағытта орналасқандықтан оң жақтағы күн сәулесін қалқалаған орман арқылы көлеңке пайда болып тұр. Өзен бейнесінен ағаштардың да, сондай-ақ аспанның да бейнесін аңғаруға болады. Табиғаттың тылсым әрекеті, бізге мәлім де беймәлім тұстарын туындысының астарына жіберген суретші өзінің жүрегінен осындай әдемі картинаны жазды.

Түстеріне тоқталатын болсақ, өзеннің түсінен сұр, қою жасыл, көгілдір реңдерді байқауға болады. Судың мөлдірлігі байқалмайды.

Аспанды әр түрлі мазоктармен жазған. Ал ағаштарға келетін болсақ, көбіне қою түстер пайдаланылған. Көлеңке жағы суреттелгендіктен ағаштар орналасқан жағалау да қою түстермен бейнеленген. Жағалаудан ағаш бейнелерін байқай аламыз. Олар ерекше қою түспен көрсетілген. Сондай-ақ алыстан мұнартқан төбешіктердің де полотносын ерекше деп айта кетуге болады. Себебі, мұнартып тұрса да өз реңін жоғалтпаған.

Суретшінің ашық аспан аясында табиғаттың әсем де көркем көрінісін өзіндік ерекшелігімен салғандығы байқалады. Көп картиналарды алып қарасақ, оның ішінде пейзажды. Композициясы тік параллель болады, ал Алия Сатыбалдықызының бұл туындысы өздігімен ерекшеленді, яғни ол өзінің тамаша туындысын қиғаш параллель бойындай етіп сомдай білді. Оң жақ қапталдан жоғары сол жаққа қарай алыстай береді. Тағы бір ерекшеленетіні ол шынайылығында.

Бейнелеу өнерін өзінің өмірімен ұштастырған, осы өнер арқылы жанының жайлылығын табатын мүмкіндігі шектеулі жандардың бірі – **Толқын Сақбаева**. Бала кезінен өзіне қойылған ДЦП диагнозын өз жігер-күшімен жеңе білген жас қызды бүгінде бүкіл Еуропа мойындап отыр. Толқын қызды Еуропада испан суретшісі Фрида Калоға ұқсатады.

Еуропаға апарар жол Толқынға оңайлықпен келген жоқ. Өзімен өзі күресіп, қоғамға өзін мойындату арқылы бүгінде өнер жолындағы талай биіктерді бағындыра алған жігерлі қыздың шығармалары да, сурет салу мәнері де ерекше.

Өзінің шығармашылығы, жастық шағы туралы Толқын «Караван» газетіне берген сұхбатында ерекше толқумен еске алып жазған. «Мен табиғатымнан алдыма мақсат қойып, соған ұмтылуға, жетуге тырысып бағатын жандарданмын. Құр бос отыру маған жат нәрсе. Бес жасымда атақты суретші боламын деп армандағам! Қолдарым мені тыңдағысы келмесе де, мен шимайымды қоймайтынмын. Ата-анам бұған қуанбаса, ренжіген жоқ. Менің жағдайымда қолды қимылдата беру пайдалы еді». Тілшінің: «сенің алғашқы ұстаздарың кім болды, талантыңның ұшталуына кім және не әсер етті?» деген сұрақтарына Толқын өзінің Қастеев атындағы мұражайға сурет үйірмесіне барғанын, содан бері қылқаламмен дос екенін айтты. Кескіндеменің сиқырлы әлеміне ол өзі оқуға түскен Алматыдағы О.Таңсықбаев атындағы колледжде түбегейлі ене бастаған. Ұстазы Кенжебай Дүйсенбаевтың суретші қыздың шығармашылық жолының даңғыл болуына, адам болып, кәсіби маман болып қалыптасуына зор үлес қосқанын әлі күнге дейін жылылықпен еске алады.

Толқын Сақбаева Алматы қаласында, қарапайым отбасында дүниеге келген. Өзінің құрбылары сияқты мектепке бара алмайтындығын білгенде, қатты уайымдаған. Үйде оқытылатын Толқын өзінің бұл жағдайына талайға дейін көндіге алмайды. Жасынан зерек қыздың ата-

анасы оған қосымша пәндерден мұғалімдер шақырып оқытады. Өз бетімен ізденудің арқасында әдебиетті, ағылшын тілін меңгерген. Арнайы мектептен келіп оқытатын апайының мейірімділігін, оқуға құштарлығының артуына себепкер болғанын мақтанышпен еске алып отырады. Осылайша суретші қыз өзі сияқтыларға деген қоғамның көзқарасын, өзінің қорқынышын жеңгенін айтудан жалықпайды.

Академия қабырғасында оқып жүргенде таза классикалық стильде сурет салып келген Толқын бүгінде нақты бір стиль таңдамаған. Кейде оның шығармашылығына, таңдаған тақырыбына, түстерге қарап, оның бір нәрсеге қадалып қалғанды ұнатпайтынын, үнемі ізденісті, шым-шытырық оқиғаларды жақсы көретінін аңғару да қиынға соғып жатады. Нақты бір ағымға, стильге бағыныштылықты ұнатпайтын суретшінің жазуы да ерекше. Суық түсті таңдап отырып, бірден мүлдем бөлек арнаға түсіп кетуі де бар. Бұл жағдай оның мінезінің де ерекше екендігін көрсетеді. Толқын күліп тұрып, жылай салуға немесе жылап тұрып қуанышын да жасыра алмайтын мінезін өзінің өміріне, тағдырына, жақсы жағынан қалыптасуға әсер еткенін үнемі еске алады. Колледжден кейін білімін өнер академиясында жалғастырған батыл қызымыз осы қабырғада жүріп шетелдерде ұйымдастырылған көрмелерде шығармашылығын таныта бастады.

Алғаш рет Барселонада өткен көрмесінде өнертанушылар мен сыншылар бір-біріне кереғар әр түрлі пікірлер айтып жатты. Біреулері Толқынның картиналарын импрессионалдық стильге жатқызса, енді басқалары мүлдем бөлек пікірде болды. Суретші қыз осындай ерекшелігімен Еуропаны мойындатып қана қоймай, оның шығармашылығы туралы жарыса жазар сыншылардың пікірі мен өнерге табынушылардың өзіне деген көзқарасын жаңа қырынан тани бастағанына, ерекшелікті тани алғанына риза екендігін де еске алады. Өз шығармашылығын таныстырумен қатар, ол бейнелеу өнеріндегі жаңа ағыммен танысып, бірден сол бағытта жұмыс бастады. Суретшіні Еуропада заманауи кескіндемеші-суретшілердің *contemporarysteart* бағытында жұмыс жасай бастағанын көргенде таңданысын жасыра алмады. Көп ұзамай-ақ, өзі де Испанияда жүргенде осы бағытта сурет салуға ниеттеніп, өз шығармашылығына жаңа бетбұрыс жасады. Бұл бағыттың ерекшелігі туралы Толқын: «Бұл бағытта шығармашылыққа шек қойылмайды, мысалы, бұл бағыттағы кескіндемеде толық заңдылықты сақтау міндетті емес, өз қиялыңа ерік беріледі. Нағыз менің жаныма жақын нәрсе! Мен алғашында онша түсіне қоймасам да, өз ойымнан шыққан соң, бірден осы бағытқа шығармашылық арнамды бұрып жібердім. Галереядағы эксперттердің бағасы да мұнда маңызды емес, тек, қиялыңды шарықтата біліп, өз қалауыңды жүзеге асырсаң болғаны» [5].

Толқынның қиялы жүйрік, арманы биік, көңілі таза, жүзі мейірімге толы болған соң да, жаңалыққа жаны құмар, адамға өзінің үнемі

күлімсіреп жүретін сүйкімді бейнесімен де Испанияны өзіне «ғашық» ете білді. Оның 2016 жылы Барселонаға барғандағы көрмеге қойылған картиналары түгел дерлік жоғары сұранысқа ие болып, сатылып кетті. Алайда, Толқын өзін кәсіпкер санамайды. Ол картиналарын сату үшін емес, өз талантын қанағаттандыру үшін жазады. Биылғы жылы ол Мәскеу, Париж, Берлин сияқты Еуропаның үлкен шаһарларын араламақшы.

Толқынның картиналарының жазу стилі әр түрлі екендігін айтып өттік. Енді сол картиналарға жақынырақ барып, түсініп қарар болсақ, кескіндемелерінде көбіне басты кейіпкер балалар екенін аңғару қиын емес. Олардың ойын кезіндегі бейнесі көбірек суреттелген. Олай болатыны – Толқын өзінің балалық шағын жиі еске алатындығы. Балалармен ойнаудың арман болғаны, кеселінің себебінен көп нәрседен шектелгені, өзі сияқтыларға қоғамдағы көзқарастың әлі де «біртүрлі» екендігі жасынан өзімен бірге өсіп келе жатқан жағдай екендігінен болар...

Картиналарында абстрактылы бейнелеу басымырақ келеді. Тіпті, натюрмортты суреттеуде де осы бағытты таңдаған. Толқын да отбасылық құндылықтарға баса мән береді. Сондықтан да болар, ол балалардың ойыны, олардың қимылы, ойыншықтарын өз шығармаларына арқау еткен. Оның суретші болуына, жақсы суретті дүниеге әкелуде музыканың әсері зор болғандығын да жиі еске алады. Мына картинаны көрейік: гитара тартып отырған жігіттің бет жүзі анық емес. Бетін бейнелеуде суретші суық түс пен жылы түсті қатар қолданған. Бұдан суреттің композициясы бұзылып тұрған жоқ, керісінше көрерменін өзімен бірге ойға жетелейді. Неге деген сұрақтың жауабын бірге іздеуге шақырады. Қызыл-сары фонда, дәл ортада қызыл гитарасын қолына алып, ән салып отырған жігіттің бет әлпеті анық болмаса да, оның гитара тарту арқылы ішкі сырынан хабар беріп тұрғанын байқауға болады. Қанша жақсы ойнап жатса да, оның көңілінде алаңдаушылық бар екенін бір көріп-ақ тани аласың.

«Гүлдер» картинасында үш қызыл раушан гүлі бейнеленген. Мұнда да түстерді мейлінше көп қолданған. Қызыл мен көк, жасыл мен сары, күлгін мен көгілдір түстер суретшінің алабұртқан көңілін, ішкі сезімдердің буырқанып, сыртқа шығуға асығып жатқанын көрсетеді. Бұл түстердің барлығы – жастық шақтың, алаңсыз кезеңнің көрінісі. Қоюлана жағылған түстердің біреуін артық екен дей алмаймыз, бәрі де өз үйлесімін тауып тұр. Раушан гүлінің қасиетін арттырып тұрмаса, кем ештеңе жоқ.

Толқынның суреттеріндегі адам бейнесі, оның бет-әлпетін суреттеуде нақтылық жоқ. Бұлыңғырлық, белгісіздік басымырақ келеді. Мұнысы – адам мінезінің құбылмалы екендігін білдіргісі келгені. Оқып отырған

кітабын қасына қойып, ойға шомып отырған мына қызға қараңыз – мұнда да, бояулардың қоюлығы, бет-әлпетінің анық еместігі, түстердің бір-бірімен ретсіз араласып келуі – бәрі қайталанып тұр. Бірақ, алдыңғы шығармаларының қайталауы деп айтпайсың, тек, жазу стилінің ерекшелігі, көрерменінің өзі композициялық шешімін өз ыңғайына қарай тапсын деген ниеті байқалады.

Бүгінгі күнде Толқын «АРТолеранс» жобасын жүзеге асырумен шұғылдануда. Бұл жобаның ерекшелігі – жас әрі танымал суретшілердің өз өнерлерін Барселонадағы арт-резиденцияда танытуға мүмкіншілік алуы. Жобаны жүзеге асыруға оның әпкелері Тоғжан мен Меруерт көмек көрсетуде. Өзі сияқты жас дарындардың Барселонада өзін таныта алуына септігі тиіп жатса, суретшінің тағы бір арманына қанат бітері сөзсіз. Қазірдің өзінде ірі сурет галереяларымен, мәдениет және өнер орталықтарымен тікелей байланысқа шығып, келіссөздер жүргізуде. Қиындыққа мойынсұнбай, тағдырдың талқысына төтеп бере алған шынашақтай қазақ қызының осындай шығармашылығындағы жетістіктеріне қуана қол соғып, тек биіктерді бағындыратынына сенеміз.

Келесі кейіпкеріміздің тағдыры да алдыңғы өзі сияқты жандарға ұқсас болғанмен, оның сурет салу мәнері ерекше. Ол суретті аузымен салады! Иә, қате естіген жоқсыз, қарындашты, қылқаламды тістеп отырып, түрлі тақырыптағы картиналарын дүиеге әкелген! Жігіттің жігеріне, тағдырдың қаталдығына қарсы тұра алуына, қандай қиындық болса да, жеңуге деген құлшынысына таңқалмасқа шараң жоқ! Ол – Шымкент қаласының тұрғыны *Анатолий Бауэр*. Аяқ-қолдарының жұмыс істей алмауынан, жасынан мүмкіндігінің шектеулі болғанына қарамастан, өз қорқынышын жеңе білген жігіт сурет салуға мектеп бітірген соң келді. Өзі қатарлы балалармен мектепке бара алмайтын бала үйден оқытылып, білім алды. 1999 жылы мектепті бітірген соң, өз жолын табуға көп ізденді. 17 жасында сурет салуды ермек қылған Анатолий, келе-келе әуесқойлық емес, кәсіби сурет салуға көшті. Ол атақты суретшілер Сальвадор Дали, Борис Валеджоның шығармаларымен танысып, сол арқылы өз шығармашылығын шындап, қарындашын ұштай бастады. Осы суретшілердің шығармаларымен етене танысуы оның болашағына бағдар берді.

Алдымен қарындашпен сурет салуды бастаған жігіт біртіндеп акварельді, гуашты қолдана бастады. Бейнелеу өнерінің қыры мен сырын, сурет салу техникасын өз бетінше үйренген ол енді майлы бояуға көшті. басында бір суретті салуға бір-екі айын жіберетін Анатолий, енді бірнеше күнде бір суретті бітіретін дәрежеге жетті. Оған алғашында түзу сызықтарды келтіру қиындық туғызғанымен, кейіннен оны да шебер меңгеріп алды. 2001 жылы алғашқы көрмесінде Анатолий Бауэр өзінің қарындашпен, акварельді бояумен, гуашьпен салған он жеті жұмысын

қойды. Бұл жұмыстарының көбісін достарына, көрме ұйымдастырушыларға сыйға тартты. Одан кейін, 2002, 2005, 2012 жылдары өзінің жеке көрмелерін ұйымдастырды. Сонымен бірге, шымкенттік мүгедек суретшілердің топтық «ArtLife» көрмесіне өз картиналарын қойып, Қазақстанның басты қалаларында көрсетілді.

Оның көп жұмысы Қазақстан, Ресей, Германия, Түркия елдерінің жеке коллекционерлерінің қоржынын толықтырды. Бесінші жеке көрмесіне қойылған суреттерін көрермен жаңа қырынан көре алды. Мұнда суретші өзінің кәсіби жағынан өскенін, жазу техникасының толыққанды қалыптасқанын, жаңа жанрлар мен тақырыптарды меңгеруге ұмтылғанын байқатты.

1999 жылдан, алғаш сурет сала бастағаннан бері, Анатолий Бауэр 62 картинаны дүниеге әкелген. Бұл картиналардың мазмұны, жанры әртүрлі. Мұнда философиялық ойтолғамнан бастап, пейзаж, натюрморт, көне скандинавиялық мәтін, қазақ халқының аңыздарына құралған картиналар бар. Суретші қай жанр болмасын толықтай игере алған. Ол көбіне өз жүрегінің қалауымен салады, сондықтан да Анатолийді қандай да бір стильдегі суретші деп айтпаймыз.

Сурет салу өмірінің мәніне айналған жігіттің шығармаларына қарап отырсақ, оның ашық түсті көбірек пайдаланатынына көз жеткіздік. Оның суреттерінде суретшінің қиялы, нақты болмыс, тепе-теңдіктің сақталуы, кейіпкерлерінің жұмбақ бейнесі – бәрі қатар жүреді. Сұлулыққа табыну мен әлемнің әсемдігін қатар бейнелеу де кездесіп жатыр. Табиғаттың әсем көрінісін бейнелеген мына бір картинаға қарайықшы: қызарып атып келе жатқан таң бейнесіндегі су жағалап жүрген қыздың сұлу мүсіні, көзтартарлық бояумен көмкерілген табиғатпен өз жарасымын тауып тұр. Ашық аспан, қызарып атқан таң, сұлу қыздың сұлбасы – бұл картинаның композициясын шарықтатып тұр.

Анатолийдің ендігі арманы – жер шарының ең көрікті жерлерінің топтамасын жасау. Оның әр қалада, әр елде өз суреттерінің көрмесін ұйымдастыру арманы да жүзеге асып келеді. Ол әр салған суреті арқылы өзінің өсу жолын, көркемдік пен әсемдікті бейнелеуге ұмтылудағы сурет салу техникасын жаңарта беруін танытудан жалыққан емес. «Әлемді әсемдік қорғайды» деген пікірді суретші осылайша дәлелдеп келеді.

Сурет салуды өз өмірінің мәні ретінде танылған тағы бір мүмкіндігі шектеулі жанның бірі – **Владимир Ренетиев**. Бұл салаға кеш келсе де, ол жанының рахатын осы өнерден тапқанына бақытты екенін айтудан жалықпайды. Негізінде Володя сурет салуды 11 жасында бастаған. Балалар үйінде тәрбиеленген жігіт сурет салуға қызығушылығын тәрбиешісі Фариданың сурет салғанына қарап үйренгенін айтады. Володаның негізгі тақырыбы – табиғат көрінісі. Пейзаждық картинаны кәсіби түрде меңгерген суретшінің салған суреттері өз қиялынан, өзі

армандаған әлемнен көрініс ретінде түсіндік. «Бұл пейзаждардың көбісі менің қиялымдағы дүниелер. Мұндай әсем табиғат менің қиялымда ғана бар», – дейді суретші [6].

Володяның пейзаждық картиналарынан қайыңды орманды, гүлденген даланы, жасыл орманды байқадық. Суретші қиялын жүзеге асырудағы бояу түстерінің ерекше үйлесім тапқанын көріп, таң қалдық. Қысқы, күзгі табиғатқа арналған пейзаждарына көбіне салқын қанды бояуларды пайдаланған. Бұл картиналарға қарап, көңілің құлазитындай болады. Адам өмірінің де қысы мен жазын, күзі мен көктемін өз суреттерінде анық көрсете алған суретшінің өмірі де осындай кезеңдерден тұратынын көрсете алып тұр.

Тағдырының оған қырын қарағанына жігерін жасытпаған 40 жастағы жігіт өз өмірінің тынысын бейнелеу өнерінен алатынын да жасырмайды. Өмірінің бәрі балалар үйі, мүгедектер үйінде өтіп келе жатқан Володя өзінің болашақ үйі қандай болатынын көз алдына елестетіп, суреттеп қойған. Айналасын қоршаған жасыл желек, бау-бақша, кең алаңды бір этаптан тұратын үй. Терезелерінің көптігіне қарап, Володяның көпшілікті жақсы көретінін, жалғыздықтан жалыққанын айтқысы келген ойын аңғару қиын емес.

Өздерінің басына келген қиындықтарын мойнымен көтере білген бұл жандар өз өміріне медеуді бейнелеу өнерінен тауып, тағдырына қарсы тұра білгеніне қызыға қарайтындар да, таңданып та қарайтындар табылар. Кейде төрт мүшесі түгел жандардың қол бостығынан не істерін білмей, теріс жолға түсіп жататынына налисың. Осындайларға бұл ерекше жаратылған суретшілердің өмірін үлгі етуге әбден лайық. Олар елдің мүсіркей қарағанын, аянышты көзқарасты өздеріне намыс көріп, өздері сияқты жандарға қоғамның жатсына қарауын доғарып, қандай екендігіне қарамастан қабылдауын күтеді. Әрбір күні ерлікпен пара-пар жандардың өмірін үлгі ете отырып, шығармашылығы арқылы талай асулардан асатынына сенеміз.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнерді бағындыруы

Қазақ халқының қолөнері көшпелі өмірмен тығыз байланысты. Атадан балаға, анасынан қызына мұра болып келе жатқан – сәндік өнердің өзі ұлттық мәдениеттің дамуының ықпалы. Халқымыз баланың жасынан сегіз қырлы, бір сырлы болуын жасынан қадағалап, үйретіп отырған. Ұл балалар таспа тілу, өрім тоқу, мал сою және мүшеленуді үйренсе, қыздарға ине сабақтап, түйме қадауды, кесте тігу мен ас пісіруді кішкентайынан үйрете бастаған.

Осындай қолөнерді жасынан меңгерген бала өз үйін безендіруге қызыға кіріскен. Қыздар өз жасауын жасауға үйренген. Бүгінгі күнде де бұл дәстүр сақталып келеді. Қолөнерді өнер ретінде бағалап, өз өмірінің мәні ретінде қолданып келе жатқан жандар қаншама! Ал, осы өнер арқылы өз басындағы дертті бір сәт ұмытып, өмірінің мағынасы деп түсінген мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіби түрде шұғылданып жүргеніне ризашылықпен бас июге болады. Осындай жандарға мемлекет тарапынан да көрме ұйымдастыру сияқты көптеген көмек көрсетіліп жатқаны да, көз қуантарлық жағдай, әрине.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетуде «Даму» қоры үлкен істер атқарып келеді. Бағдарламаның мақсаты да – мүгедек жандарға кәсіпкерлікті жүргізуге жағдай жасау, үйрету арқылы кәсіби өсіру. «Даму» қорының арқасында бүгінде ел арасында танымал болған кәсіпкерлер, мүгедек жандардың өз ісімен шұғылдануы жақсы жолға қойылған.

Қордың осындай көмегін көрген ағайынды Аңқауовтардың да шеберліктері даму, өсу үстінде. Олар өздерінің қолдарымен жасаған өнер туындыларын, суреттерін таныстыру мақсатында қордан көрме ұйымдастырып беруін сұраған болатын. Олардың бұл сұраныстары қанағаттандырылып, өнерлері танымал бола бастады. Көрмеге аппликация технологиясы бойынша қой жүнінен жасалған картиналар қойылды. Бұл көрме өз көрермендерін ерекше туындыларымен баурап алды. Оның ерекшелігінің өзі – суреттердің қой жүнінен салынуында.

Ағайынды Аңқауовтардың «Arlan Design» студиясы қазіргі кезде дамып, елге жемісті қызмет ете бастады. Бұл студия қазақ этностилін жаңғыртумен айналысады. Шебер жігіттердің төртеуіне де «эрбарото миопатия Дюшена» диагнозы қойылған. Тіршілікте сирек кездесетін бұл ауру тұқым қуаламайды, бірақ, құлан таза жазылу мүмкін емес деседі. Өмірдің өзі шығарған мұндай үкімге ағайындылар еш мойыған жоқ. Өздерінің еңбекқорлығының арқасында бүгінде сау адам жасай алмайтын дүниелерді шығарып жатыр. «Аллаға шүкір! Бізге екінші біріне бұйырмаған өнер берді. Денсаулығымыз жарамайды деп тағдырға өкпелей алмаймыз. Жаратқан нәсіп еткен өнерімізбен дертке дауа таптық.

Өнердің киесі өмір сүруге деген құштарлығымызды, құлшынымызды арттырды. Интерьерді әрлендірумен айналысатын жеке студиямыз бар. Ешкімнен кем емеспіз», – дейді Арлан әңгімесінде [7].

Олар тән жарасына қарамастан, ұлттық өнердің өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Өздерінің басына түскен қиындықтарына мойымай, қоғамға пайдаларын тигізуге тырысып жатқан ағайындылардың мақсаты – қазақ қолөнерін дамыту, ата-бабадан қалған төл өнерге жаңа тыныс беру. Ол армандары бүгінде қарқынды жүзеге асып келеді.

Бақытын ұлттық өнерден тапқан ағайынды Сәрсен, Дәурен, Арлан және Бағлан Аңқауовтардың тың ізденістері баршаға ғибрат. Олар студиядағы жұмыстарын бірлесе орындайды. Сәкен студиядағы барлық жұмыстарды үйлестіріп, бауырларының бойларындағы барлық қасиеттерін жарқырата көрсетулеріне жағдай жасайды. Студиядағы бірде-бір жұмыс оның ақыл-кеңесінсіз қолға алынбайды. Сәкеннің бойында басқа жұрт біле бермейтін тағы бір өнері – асқақтата ән салып, қазақтың қасиетті қара домбырасымен күй шертеді. Ал, одан кейінгі бауырлары Дәурен нағыз қолөнер шебері. Жүннен сурет салушы да – Дәуреннің өзі. Осы ағайындылардың ішінде ұлттық құндылықтарды қастерлей білетіндерінің бірі – Арлан. Ол жастайынан әкесінің қасында жүріп, сурет салуға құмар болып өскен. Оның қолынан шыққан дүниелерінің жинағы Астанадағы Тәуелсіздік және Келісім мен Бейбітшілік сарайында «Уақыт жылдамдығы», Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Бабалар ізімен» деп аталатын көрмелері талғампаз қауымның назарына ұсынылды. Жалпы, осы алғаш көрмеге қойылған кезге дейін оның 35 шығармасы көпшіліктің игілігіне айналды. Оның картиналарында туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық дәстүрді қастерлеу сияқты адами қасиеттердің иісі аңқып тұрғанын байқауға болады. Қазіргі уақытта компьютерлік дизайндық жобамен «3D» форматында үй ішін безендіру, яғни, қазақтың ұлттық этностық жабдықтарын авторлар қазіргі стандартқа сай стильмен жасауда. Арланның нақты жобасы бойынша Астанадағы №1 музыкалық мектебі студияға мемлекеттік тапсырыс берген болатын. Олардың бұл өтініші жоғары шеберлікпен орындалып, жасалған туындылары мектептің ең көрнекті залдарына жұртшылықтың көзіне түсер жерге ілінді. Студияда қой жүнінен жасалып жатқан туындыларды қазақтың киіз басу өнеріне де ұқсатуға болады.

Қазақ халқы ежелден қойдың жүнін барлық жерде пайдаланған. «Мал өсірсен, қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп бекер айтпаған. Қой ғана емес, басқа малдың жүні де күнделікті тұрмыста өте пайдалы екенін ерте заманнан білген ата-бабамыз, әсіресе, қой мен түйенің жүнін тұрмыста ғана емес, қолөнерде де тиімді пайдалана білген. Осы дәстүрді қолға алып, халықтың ежелгі ұмыт бола бастаған өнерін жаңғыртып жүрген

ағайындылар көпшіліктің, қоғамның өздеріне деген көзқарастарын өзгертіп, қой мен түйенің жүнін жаңа заманға лайықтап, жылқының қылын қосып, өнер туындыларын жасап жүр.

Ағайынды Аңқауовтардың ішіндегі көлөнерді ең бірінші болып бастаған Дәурен болатын. Картиналарын жүннен салу идеясы да Дәуреннен туындап, қазір басты құндылық болып отыр.

«Шал» – жасыл табиғат аясында жаңа туған қозыны аялап малдас құрып отырған әкенің көңілі тоқ екендігін көреміз. Олай болуға себеп те жоқ емес. Өмірін мал бағуға арнаған шал бейнесі нақты берілген. Қара қозыны бала сияқты аялап отырған шал қуанышын бет-бейнесінен де тануға болады. Үстіндегі сары шапаны, қызыл қоңыр бөркі, ағара бастаған сақал мұрты – барлығы қарттың көңіл күйінен сыр шерткендей. Жанында жайбарақат жайылып жүрген төрт түлік малы да иелерінің мына жайлы кезін біліп тұрғандай. Тұсап қойған аты да жайбарақат құлағын анда-санда тіктеп қойып, жусап тұр. Көгілдір аспан, жап-жасыл тау бөктері, сары ала жазық, жалғыз ағаш, үп еткен желі жоқ сары дала – нағыз пейзаждық көрініс. Айырмашылығы – жүннен жасалынғаны. Бояуды келістіре таңдауда да мін таба алмайсыз. Нағыз еңбектің нәтижесі!

Келесі картинада да ауыл суреттелген, ауылдағы жайлау берілген. Қазақтың қара шаңырағы болған қасиетті киіз үйі әдеттегідей тура ортада орналасқан. Алыста да мұнартып бірді-екілі үйлер көрінеді. Ашық аспан аясында, үйден алыс емес, алдыңғы фонда жылқылар жайылып жүр. Тандалған ашық түс жайлаудың жайлы көрінісін, жайбарақат тіршіліктің белгісін, қарапайым тірліктің үлгісін ұтымды көрсете алған. Көкжиекте мұнартқан көгілдір сағым да көрер көзді әртүрлі ойға жетелеп, қиялына ерік беріп, арманыңа қанат бітіреді.

Әр қазаққа қасиетті болып келген төрт түлік малдың төресі жылқының да «образы» ағайындылар шығармаларының да басты кейіпкері десек болады. Жылқының жайылып жүргені, сиқырлы сұлу бейнесі олардың картиналарына ерекше сән беріп, даланың тірлігін, тұрмысын суреттеуде таптырмас образ бола алған. Бір көріністе құлындардың бие сауар уақыттағы оскирына енесіне ұмтылуы, бірде қаракер бестінің терісі жылтырап, бәйгеге дайындығы, ал, мына жерде қоңыр биенің демалып тұрған сұлу бейнесі суреттелсе, келесі картинада иесінің демалып жатқан кезін пайдаланып жусап алуды жөн көрген күрең қоңырдың да уақытын «тиімді» пайдаланып тұрғанын көреміз.

Мына суретті қараңыз: мұнарған сағым арасында жайылып жүрген қос жылқы айналасында не болып жатқанынан хабарсыз, емін-еркін жүр. Бұл жылқылардың алыстан сұлбасы ғана көрінеді. Ал, осы сұлбалар қоңыр түсті жүннен иіріліп, картинаға аппликациялық тәсілмен жапсырылған. Алыстан қарағанда, қылқаламмен салынған сурет сияқты

көрінесе, жақындай келе суреттің ерекшелігін тани аласын. Жасыл алқапты жайлай орналасқан жирен қасқа құлынның сұлу бейнесі де бірден көз тартады. Өмірге келгеніне ризашылықпен қараған жас мал бірден тұруға ұмтылып,талшынуынан ағайындылардың да өмір сүру құлшынысын астарлы бейнелеп тұрғанын бағамдауға болады. Жылқы малының бар қасиеті мен сұлулығын ашып тұрған бұл көрініс ерекше қанық ашық бояулармен, бар мейірімділікті төге жасалған.

Ұлттық құндылықты дәріптеу – қай картинаны алып қарасақ та, ерекшеленіп тұр. Қазақтың қай затында болмасын пайдаланылатын ою-өрнектер мұнда да өз орнын тапқан. Атақты қошқар мүйіздің әр түрлі фонда жазылғанын көріп, көз сүйсіндіріп қарай бергің келетін көрініс. Сонымен бірге, текемет пен сырмақтың шет-шетін көмкере салатын ою түрлерін ерекше орналастыру арқылы картинаның сәнін келтіре алғанын да байқау қиын емес. Оюдың текеметке, сырмаққа салынатын, көрпеге басылатын, киімге қолданатын бірнеше түрлерін өз көрмелерінде жеке картина ретінде де, текемет пен сырмақтың үстіне басылғанын да көрсете алған. Ұлттық қолөнерді дәріптеу мен ерекше сурет салуды біріктіре алған ағайындылардың бұл шығармалары шынында да жоғары бағаға лайық.

Қазаққа қасиетті болып келген қос аккумуляция бейнесінің де ерекше орналасуын көріп, ерекше өнерге тағы да бір тәнті боласың. Бұл орындалған шығарма тұскиіздің кішірек макеті десек те болады. Көгілдір көлдің бетінде сылана қозғалған қос аккумуляция келбеті кімнің де болсын назарынан тыс қалмайды. Аппақ болып боялған жүннен иірілген жіптердің аппликациялық тәсілмен орналасуы арқылы аккумуляцияның сұлу сұлбасын тамаша бейнелей алған. Нағыз махаббаттың символы болып саналатын аккумуляцияның сұңғақ мойыны, әсемділігі көгілдір фондағы жүннен жасалған жіңішке ақ сызықтар арқылы керемет сұлулықты сездіріп тұр.

Бұл картиналардың ерекше ұлттық мағынаға ие болуы – Ұлы даланың әр қырынан бейнеленуі. Қай шығарманы алып қарасақ та, көгілдір аспан, сағымды дала, жасыл жайлау, ондағы төрт түлік мал – картиналардың лейтмотиві бола алады.

Ағайынды Аңқауовтар текемет пен тұскиіздің заманауи түрін жасайды. Олар жүнді түтіп, сол арқылы суреттеріне жан бітіреді. Олар өздерінің мүмкіндіктерінің шектеулігіне қарамастан, өнердің бұл түрін жаңа кәсіпке айналдырып отыр. Дизайнерлік жұмыстың бұл түріне олар инновациялық патент те алып, шетелдік көрмелерге де ұсынуда. Жүннен сурет салу – елімізде ғана емес, шетелде де жаңалық болып отыр. Енді осы заманауи сурет салу технологиясының орындалу барысына тоқталайық. Жүнді тазалап, түтіп, әбден өңдейді. Одан кейін түрлі түстерге бояп, әр түрінен екі жүз грамнан кем емес жүндерді жинайды.

Әр туындының сюжеті мен өңделуіне байланысты боялған жүндер таңдалады. Жүнмен бірге жылқының жалы да тиімді пайдаланатынын байқауға болады. Суреттердің бастапқы идеясы Арланның ақылымен жасалады. Ол бұл істі осыдан бірнеше жыл бұрын тәжірибе ретінде бастаған.

Өзінің инновациялық техникасын патенттеп алған дизайнер-суретші Арлан Аңқауов тілшілерге берген сұхбатында былай дейді: «Қостанайда ғана емес, тіпті, әлемде мұндай технология жоқ. Біздің техника жүннен дайындалады. Материал – экологиялық таза өнім. Қой жүнінен жасаймыз. Бұрын ата-бабаларымыз текемет басып, киіз жасаған ғой. Бұл соның жаңа түрі, заманауи бағыттағысы десек болады. Жүнді ұсақтаймыз, кесеміз, жапсыру бағытын таңдаймыз» [8]. Бұл еңбектің бәрін ағайындылар өздерінің авторлық дизайн студиясында жасайды. «Хабар» арнасының түсірген хабарынан кейін, олар қой жылының белгісі ретінде «Жаңа жыл – 2013» деген тақырыппен өздерінің кезекті панносын сыйға тартыпты. Бұл паннодағы кішкентай қозының қарақаттай болған көзі, аппақ бейнесі мәңгілік бақытты аңсау, кереметке ұмтылу, жақсылықты жақындату болып табылады. Суреттің мағынасы да, суретшінің ойы да, көрерменнің ризашылығы да бір арнада тоғысып тұрғандай.

Ұлттық нақыштағы туындылар арқылы қазақ елінің ерекше салт-дәстүрлері мен тұрмыс-тіршілігін насихаттап жүрген жігіттерге елдің де айтар алғысы мол. 2014 жылы Арлан еліміздің атынан Араб мемлекетінде Қазақстан Республикасы елшілігі ұйымдастырған халықаралық фестивальге қатысып, ерекше шабыттанып келді.

Ағайындылардың ішінде сөзге шешен, тілге жүйрігі, ақынжанды Бағлан екендігін айтып кету орынды. Оның поэзиялық туындылары «Тобыл толқындары» альманағына енген. Бағлан өлең жазумен қатар, өз ұлтының мәдениетін, этнографиясын зерттеумен шұғылданады. Аудармашылық өнерден де құралақан емес. Өмір сүруге құштарлығы мол, сөзге шешен, ойы жүйрік Бағлан: «Кез келген кәсіпті отбасылық бизнеске айналдырып, атадан балаға беріп отыру керектігін Президент үнемі айтып жүр. Өйткені, отбасылық кәсіп – мемлекет тұрақтылығының кепілі. Туа бітті тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бізге жұмыс істеуімізге кедерге бола алмайды», – дейді [9]. Ал, Сәрсен болса, Алматыда өткен Қазақстандық және Халықаралық туристік жәрмеңкеге Қостанай облысының атынан қатысып, студияның шығарған өнімдері арқылы этнографиялық туризмді дамыту саласын әңгімеледі. Ағайынды Аңқауовтар өздерінің бойындағы табиғи таланттарының арқасында әу баста әкесі армандап, аманат етіп кеткен өнердің абыройын асқақтатты. Олар ұлттық құндылықтарды бүгінде брендке айналдырып отырғанын мақтанышпен айтсақ, артық болмас.

Өздеріне қойылған диагнозға қарамастан, өмірге құштар төрт жігіт өз студияларында интерьерді безендіру жұмыстарына тапсырыс алып, абыройлы орындап, Қостанай қаласында кеңінен танымал болды. Олардың танымалдығын арттыруға, өнерлеріне қанат бітіруге «Даму» қоры мен «Нұр Отан» партиясының қамқорлығы үлкен мүмкіндіктер жолын ашып отыр. Қой жүнін аппликацияға ұтымды пайдалана отырып, керемет өнер туындыларын әкеліп отырған ағайынды Аңқауовтар мұнымен жұмысын тоқтатпақ емес.

Жалпы, панно-аппликация стилі Еуропада ХҮІІІ ғасырда пайда болған. Бұл стильді қазақтың қолөнерімен ұштастырған жігіттердің бұл өнері расында, таңқаларлық жағдай. Олар суретті бояумен, қылқаламмен салмайды. Иірілген жіптен өрілген суреттер салынатын картинаның рамасын да жіппен тоқиды.

Олар сырлы сурет салумен бірге интерьер безендірумен де шұғылданады. Тапсырыс бойынша жеке бөлмеден бастап, зәулім сарайларға дейін безендіреді. Ағайындылардың көмегімен қостанайлықтардың біразы өз үйлерін қазақи этно-стильде жөндеген. Мұнда есік киіз үйдің есігімен, төбесі шаңырағымен алмастырылып, қабырғаға қасқыр мен түлкінің терісі және ағайындылардың авторлық бір туындысы ілінеді. Мұндай қазақи нақыштағы безендіруге өзге ұлт өкілдері де қызығып, тапсырыс береді екен. Ұлтының мәдениетін өзге ұлт құрметтеп, ұлықтап жатқандығына Аңқауовтар шексіз қуанышқа бөленеді. «Егер сұраныс болып, қоғам осы бағытқа ден қойса, дизайн, интерьер әлеміне қазақи этно-стиль деген жаңа ұғым енуі ғажап емес», - дейді олар [10].

Өнердің бұл саласын әрі қарай дамытуға олардың мүмкіндіктері бар. Тек, денсаулығы үнемі дәрігерлік бақылауда болуды қажет етеді. Бұл жігіттердің өнерлерінің қанаттануына бүкіл халық тілеулес болуда. Осы өнерлері арқылы шетелде де танымал болуға толық негіз бар. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық олардың шетелде де танымал болуына жағдай жасай алады.

Арлан Аңқауов «Жаушы» 2014. ж.ж. Жүннен тоқылған 2014 жылғы гобильен «Жаушы» деп аталады. Пейзаждық форматта, яғни жазықтық көлденең көрінісінен кескінделген. Бейнеде ақшыл көк, қоңыр, сондай-ақ ақшыл қоңыр, күлгін түстер қолданылған. Басты образ ретінде жүйткі шапқан тұлпардағы шаушы бейнесі. Суретшінің туындысын дәл солай атауына шығармадағы динамикалық қозғалыс түрткі болғандай. Гобильенде суреттелген тұлпар үстіндегі адамның бет әлпеті бейнеленбеген. Дегенмен, суретші оны бойжеткен ретінде көрсеткісі келген деген ой қалдырады. Үлкен жылдамдықпен шауып бара жатқан аттың құйрық жалы желмен бірге ұшса, ат иесі, яғни оның үстіндегі адамның қолындағы қамшысы мен киімінен бөлек, бұрымының бары байқалады. Бұл екі көрініс бір бірімен сабақтаса отырып, шығарманың

динамикалық қозғалысын анықтай түскен. Сондай-ақ қыз деп таныған бұл көрініс иесінің дене бітімі де ер адамдікі деуге келмейді. Және жаушы дейтіндей жауынгерге лайықты сауыт секілді ешқандай киім бейнеленбеген. Дегенмен, қолданысқа ашық түстер ашық түстер мен көріністе өжеттілік пен өрлік, қайсарлық, батылдық пен батырлық секілді бір ғана адамның бойында кездесе бермейтін барлық мінездің бір жерген түйіскендігін білдіреді. Ашық аспан аясында, кең далада суреттелген бұл шығарма «Жаушы» деп аталғанымен, қандай да бір елге, жерге шапқан жауынгерді бейнелемеген. Бұл образ бейбәт күннің жаушысы, ол адамның еліне, жеріне емес, сезімдеріне әсер етуді көксейді. Осы арқылы автор батырлық, қайсарлық секілдім бірбеткей мінез құлықтар арқылы адамның қандай да бір жасық сезімдеріне шапқан жауынгер бейнесін көрсеткісі келгендей.

Арлан Аңқауов «Қорқыт ата түсіндегі аян». Арлан Аңқауовтың кезекті туындысын тарихи туындыларға жатқызуға болады. Ал, негізінен талдау барысында портреттік жанр есебімен талдаймыз. Ең алдымен бұл туындының не себепті тарихи туынды екенінін басын ашып кетейік. Ең бірден-бір себебі Қорқыт Ата – өзі тарихи адам. Себебі ерте ғасырларда өмір сүргендіктен оны тарихи тұлғалар қатарына жатқызамыз. Ал, екіншіден Қорқыт Атаның музыка өнеріне тағы басқа салаларға қосқан үлесі жетерлік. Ол үні әуезді қобыз аспабын алғаш ойлап тапқан адам. Тақырыбын жұмбақ қылып қойған. Аңыз бойынша, Қорқыт Ата ұйықтап кетіп, «егер өлімді есіңе алмасаң, мәңгі өмір сүресің» деген аян естиді. Біраз уақыт өткен соң бір баспақты қуып жүріп, жете алмағасын, «Өлсем де, жетемін!» дейді. Соны айтуы мұң екен, Өзірейіл келіп, «Сен өлімді еске алдың, енді өлесің!» дейді. Ақыр аяғында жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың деген аян естіп, туған жері – Сыр өңіріне оралады. Содан мәңгі өмір тек өнерде деген ойға келіп, қобыз аспабын ойлап шығарады. Тағы бір аңыз бойынша, өзен ортасына кілем жайып, үстінде отырып қобыз тартқанда, күй күшімен суға батпайды екен. Қорқыт Ата қобыз тартқан жылдары өлім болмаған, тек бақытты тіршілік болған дейді. Бірақ Қорқыт Ата шаршап, ұйықтап кеткен сәтінде судан кішкентай қайрақ жылан шығып, оны шағып өлтіріпті дейді.

Берілген картинамыз екінші аңызға ұласатын секілді. Әрине аңыз көп, бірақ оның қайсысы дұрыс қайсысы бұрыс екендігін әлі күнге дейін ешкім білген емес. Негізінен картинада суретші өз ойын ашып көрсетпеген, себебі қазақ халқы түрлі аңыздарға бай. Ал, бұл тұста қобыз кеңістікте қалқып жүргендей. Сөйтіп, болжай келе, берген аян оған қобызды ойлап табуына түрткі боларлықтай көрсетіп тұр. Жоғарыда айтылған аңыз барысында

Жалпы картинаның композициясына тоқталатын болсақ, суретші жақындатылған масштабта Қорқыт ата мен қобызын бейнелеген. Ал

артқы аясында үш киіз үй орналасқан, ондан әрі көкпен астасқан тауларды көре аламыз.

Туындының басты кейіпкері де сол Қорқыт бабамыз. Қорқыт ата шырты ұйқыда жатыр, кеуде тұсына қобызды ойнау реті іспеттес суреттеп қойған. Данышпанымыздың бет жүзінен ұйықтап жатқанның өзінде мейірім көре аламыз. Ұзын сақалы желмен оң жаққа қарай ығысып тұр. Қолында таяғы бар. Кейіпкерді тек белден сәл төмен тұсынан бейнелеген. Бұл туындыда суретшінің көрерменге деген жеткізер ойы жұмбақ болып қала бермек.

Арлан Аңқауов «Аңшылық алдында». Ауылдың ымырт кештегі өмірін баяндайтын бұл картина Арлан Аңқауовтың шығармашылық қорында өзіндік орынға ие. Тұрмыстық жанрда жазылған. Күн ұясына батқан уақытта ерін аңшылыққа шығарып салып тұрған әйел мен сол ауылдың табиғаты суреттелген бұл картинаның атауы «Аңшылық алдында».

Композициясына тоқталатын болсақ, картина пейзаждық форматта бейнеленген, яғни жазықтық көлденең көрінісінен кескінделген. Алдыңғы аясында ер, әйел бейнелері сондай-ақ жеті қазынаға жататын қыран бүркіні, құмай тазы және жылқы бейнеленген. Сәл алыста киіз үй орналасқан, яғни жас жұбайлардың шаңырағы. Ал, артқы аясында тау бөктері орналасқан, оның кейбір шыңдарына күннің қайтып бара жатқан сәулелері түсуде. Аспандағы ақша бұлттардың өзі кеш бата бастаған соң сиреп, қоюланып бара жатыр. Картинадағы негізгі идея ол – әйелінің ерін аңшылыққа шығарып салуы. Ал, қосалқы идеяға әсем табиғатты жатқызуға болады.

Суретшінің бұл туындысы махаббатқа толы. Аңшылықты алғашында күнкөріс есебінен пайдаланса, кейіннен мал шаруашылығы келгеннен кейін, аң шаруашылығын кәсіпке айналдырды. Ертедегі ата бабаларымыз аңға шыққан кезде аналарымыз шөлін басар сусынын дайындап, «сапарыңыз оң болсын» деп тілегін айтып жылы шыраймен шығарып салатын болған. Ежелгі аңыз бойынша, ер жігіттің жеті қазынасы болған – ақылды жары, жүйрік сәйгүлігі, аңшы бүркіті, адал иті, мылтығы, қақпаны мен қазаны. Осы байлықтың барлығы «Жеті қазына» деп аталған. Аңызда айтылғандай ақылды жар осы картинада суреттелген. Жалпы алған туындыдағы жігіттің жеті қазынасы түгел. Бұл жерде ерекше айта кететіні жас жұбайлардың бір біріне деген сезімі, яғни оның ішіндегі қимастық сезім болуы мүмкін, не болмаса ұяң сезім болуы мүмкін, әйтеуір бір сезім бар. Бір біріне тік қараған көздер сөзсіз-ақ бірінің бірі жан дүниесін түсінеді деп ойлаймын. Бұл картинада суретші әйелдің ішін сәл шығыңқы етіп бейнелеген. Сол себептен әйелдің аяғы ауыр болуы да мүмкін. Жарының аманшылығын тілеп, тез қайтуын өтініп тұрған кезі болар, сірә. Қазақты қазақ ететін де осы қазаки құндылықтарымыз.

Түстеріне тоқталатын болсақ, кеш уақыты болғаннан соң болар, ашық түстердің кейбір тұстары көлеңке арқылы қоюланып көрініп тұр. Жүйрік аттың үстіндегі серінің бейесі қою қоңыр түспен бейнеленсе, жанында тұрған әйелдің камзолы мен көйлегі қызыл түстес, ал басындағы орамалы сарғыш түске боялған. Жандарында тұрған ақ құмай тазылары да өз түсінен бөлек, басқа да реңдерге боялып тұр. Сәл алыста орналасқан киіз үйдің бейесі анық көрсетілмеген. Тек сұлбасы ғана, оның түсі ақшыл және қою қоңыр түстермен боялған. Алыстағы аспанмен астасқан таулардың түсіне келер болсақ, тіптен қою, күн өз уясына қонайын деп келе жатырғандықтан таулардың бізге қараған беті көлеңкеге ұшырап кеткен. Аспан ашық-қою көк, сұр түстермен бейнеленген.

Қорыта айтқанда суретші берілген картинада ұлы махаббат сезімін қазақи құндылықтарымызбен бірге бейнелей білген. Суретші ержүрек қазақ жігітінің бейнесін және де нағыз адал әйелдің бейнесін шебер сомдай білген.

Арлан Анқауов «Көшіп – қону». Дарынды қылқалам шеберінің бұл туындысының тақырыбы – көшіп-қону жайында болмақ. Қазақтарды ежелден көшпелі қазақ деп бекер айтпаған. Ертеден жазда – жайлауға, күн суи бастаса – күздеуге, қар түскенде – қыстауға көшетін қазақ бабамыз малды жаятын қолайлы жерге қарай көшіп отыратын болған. Суретші тақырыпты да оңтайлы етіп дәл туындыны суреттейтіндей қойған.

Жанры – тұрмыстық. Композициясына тоқталатын болсақ, жолаушылар тау жақтан жазықтыққа қарай беттеп келе жатыр. Алдыңғы қатарда анасы құлынға мініп қасындағы жүк тиелген түйені бақылап келе жатыр, сәл артында әйел адам баласымен атқа мініп ол да қолына түйенің жібін ұстап алған. Жазықтық, тау бөктерлері пен таулар бейнеленген.

Бұл туындыда қыстан аман шығып, қоныстарын алмастырып жатқан көшпелі қазақ суреттеледі деп болжам айтуға болады. Киіз үйлерін жиып түйелерге салып, өздері қасында аттарымен келе жатыр. Екі үлкен жолаушы, қастарында ер адам жоқ, ендігі ой – бұл тек туындының фрагменті, не болмаса бұлар жұттан аман шығып келе жатқан жесір әйелдер. Бұл жерде екі шаңырақ көрсетілген, сонда екі әйел екі бөлек шаңырақтың иесі болды ма деген сұрақ та келеді. Мүмкін жұбайлары соғысқа кеткен де болуы керек. Әр түрлі болжамдар айтуға болады, алайда оның нақты мән жайы тек авторға мәлім. Бұл туындыда кейіпкерлердің жүздері анық көрсетілмеген. Өте бұлыңғыр. Біреуі егде жастағы кісі, біреуі жас әйел және бір сәби екенін аңғара аламыз.

Анасының ақ бешпеті мен күлгін түсті камзолын байқай аламыз, құлынның түсі қою қоңыр, түйенікі сарғыш түс. Түйенің үстіндегі үлкен шаңырақ та түйенің өз түсімен бірдей. Артта ілесіп келе жатқан сәбилі әйел адамның үстіндегі кигені күлгін түсте екендігін, сәбидің үстінде қою

түстегі киім екендігін аңғаруға болады. Аты қою қоңыр болса, түйе сарғыш түстес, түйеге артылған жүк бір бумаға жиналған, үстінде шаңырақ тұр. Бұл шамасы көрпе жастық, киім кешек болуы мүмкін, ал, егде әйелдің қасындағы түйенің үстіндегісі киіз үйдің бөлшектері болуы мүмкін. Арлан Аңқауов туындыдағы пейзажды да әсем орындай білген. Көк, жасыл, сарғыш, қоңырқай түсті мальта тастармен орындалған бұл жұмыс суретші шығармашылығындағы елеулі жұмыстардың бірі болмақ, себебі бұл туындыда көрерменге жасырын жатқан дүниелер бар. Әр адам жұмбақтың шешімін тапқанға асыққандай, бұл туындыға да қызығушылық мол болары анық.

Арлан Аңқауов «EXPO 2017». Қазіргі уақытта кімнің аузынан болмасын еститінің EXPO 2017. Бұл жылдың дүркіреген жаңалығы да қазіргі таңда осы болып тұр. EXPO суретшілерді де айналып өтпеді. Арлан Аңқауовтың кезекті туындысы осы EXPO-2017 көрмесі жайында жазылған. Картина өте көркем бейнеленген. Тік форматта, ортасында жер планетасын алақанның үстіне бейнелеген, планетаның сыртынан қол тигізбестей қабат салған. Үстіңгі жағында «2017 EXPO, ASTANA, Future Energy» деген сөздерді көре аламыз. EXPO көрмесінің 2017 жылы жаз айында өтетінін гүлдер арқылы көрсете білген, сондай-ақ елордамыз Астанада өтетіндігін және оған әлемнің барлық мемлекеттері қатысады деп планетаны бейнелеген. Жалпы алғанда көзге әсем көрінетін қарапайым картина, ал негізінде картина сөйлеп тұр. Ол нағыз информация беретін құрал болып табылады. Дәп бір: «2017 жылдың жаз айының мамыражай күндерінде елордамыз Астана қаласында барлық дүниежүзі елдерінің қатысуымен «Болашақ қуаты» тақырыбында әлемдік деңгейде көрме өтеді», - деп хабарлап тұрғандай.

Картинаның артқы фонын көк түспен бейнелеген, төрт бұрышынан және екі жақ жанынан әдемі ақ гүлдерді бейнелеген. Жоғарғы жағындағы сөздер жасыл және сары түстермен жазылған. Дәл ортасындағы жер шарының кішкентай көрінісінде құрлық, су, жазықтықты келтіріп бейнелеген.

Жалпы бұл картинада қазіргі күнде айтарлықтай тарихи дүние бейнеленбеген деуіміз мүмкін, ал осыдан 10-20 жылдан кейін дәл осы картина тарихи картиналар қатарына қосылатыны анық. Суретші өзінің ұшқыр ойы арқылы көрерменге әсем картинаны жан жақты етіп жеткізе білді. Бүгінгі күн – болашақ тарих. Автордың әрбір туындысында өзіндік мән мағына жатыр, ал бұл жаңаша бағыттағы туынды, алдағы уақытта сұранысқа көп түсетін туындылардың бірі болып табылмақ.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамға сіңісіп кетуіне мемлекет тарапынан қамқорлық көрсетіліп жатса да, кей кезде жеке адамдардың бұларға жатырқай қарауы да байқалып қалады. Олар өздерін қоршаған ортада еркін сезінуі үшін де қоғамның да «жылы қабағы» қажет.

Бүгінде көзі көрмейтін, құлағы естімейтін мүгедек жандардан театрлар, түрлі студиялар құрылып, өз мүмкіндіктерін көрсетуге жол ашылып отыр.

Әлемді таза күйінде қабылдайтын мүмкіндігі шектеулі жандардың ішкі сезімі күшті дамығандықтан, олар тылсым табиғат сырын тереңірек ұғына алады. Олар бұл ұғымдарын қағаз бетіне түсіру арқылы өнер саласына өз үлестерін қосып, қылқаламдарына сиқыр күш бітіреді. Адамның көңіл күйі, оның айтар ойын үнсіз, іштей ұғына алатын мұндай жандардың қолынан шыққан туындылардың да әсерлі болатындығының сыры да осында жатыр. Олардың шығармашылық дүниелері, картиналары кімді де болсын бей-жай қалдырмайды. Өнердің қай түрімен шұғылданса да, олардың туындылары ерекше бір сыр шерткісі келіп тұрғандай әсер қалдырады. Ағайынды Аңқауовтардың қазіргі кездегі қолөнерге басқаша көзқараспен, халықтық дәстүр ізімен келіп, өнерден өз орындарын ойып тұрып алулары да осыны аңғартады.

Ал, Анардың сырлы табиғат суреттерінен оның өз үнін, табиғатпен тілдесе отырып салған шеберлігін аңғармау мүмкін емес. Мүмкіндігі шектеулі жандардың өнеріне тәнті бола отырып, оларды өз арамызда, басқа шетелге насихаттау – өнертанушылардың атқарар ісінің төрттен бірі ғана. Бұл жұмыс әлі де өз арнасын тауып, терең зерттелетін тың тақырыптар қатарына жатады. Бүгінде қатары көбейіп келе жатқан өнерлі жандарды шектемей, қиялдарына қанат бітіруге жағдайын жасау, олардың қолынан шыққан туындыларды насихаттау – қоғамнан бөліп қарауға болмайтын қайырымды іс.

Танымал суретші *Анар Абжанованың* көрмеге ұсынған туындыларының ішінде қолөнердің де көрініс тапқанын байқадық. Бірақ, Анар бұл туындыларының қосымша ермек ретінде, өзінің мүмкіншілігін сынау ретінде бастағанын айтады. Болашақта қолөнерге тұтастай бетбұрғысы келетінін де жасырмайды.

Қолөнердің қазіргі кездегі кең танылып, қарқынды дамып келе жатқан түрі де сан алуан. Олар – кестелеу, көркемдеп тігу, ою-өрнектерін әшекейлеу. Кесте тігудің алуан әдісі де белгілі. Кестелеу өнері дүние жүзінің әр халқына жақын өнер. Сонымен қатар, әр халықтың тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзінің ерекшелігімен танылады.

«Біз кесте», «Гобелен» (көпіртпелі кесте), «Моншақпен кестелеу» (бисерлеу) деп аталатын кесте түрлері бүгінде қолөнер саласының ең дамыған түрі болып келеді. Ежелде Еуропада кесте тігумен айналысу – ақсүйектік, мәдениеттіліктің белгісі болып есептелген. Үй тұрмысындағы қажетті бұйымдар: дастархан, терезе пердесі, қол орамалдар, жастықтың тыстары, түрлі көлемдегі үлкенді-кішілі стол жапқыштар – барлығы кестеленген. Қазақ қыздары да бұл өнерді жасынан меңгеріп, өздері тұтынатын заттарын мейлінше кестелеу арқылы безендірген.

Кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды деген сөз бар. Ал, қолдары жұмыс істеуге көндікпейтін мүмкіндігі шектеулі жандардың да қолөнердің осы түрін тамаша меңгеріп қана қоймай, таптырмас өнер туындыларын әкеліп жатса, шынында, таңқаларлық және сүйсінерлік іс емес пе? Өздерінің ерік-жігерін жасытпай, болған іске көндігіп отыра бермей, қолөнердің ең қызық та, қиын түрін кәсіби түрде меңгеріп алған жандардың өнерін зерделеп көрелік.

Мүмкіндігі шектеулі деп жүрген жандардың өмір сүруге деген құлшынысын, олардың қолынан шыққан керемет өнер туындыларына карап, осы сөздің қосылып айтылуы артығырақ па деген ойға қалатының да жасырын емес. Олардың ойлары мен қиялдарының ең шарықтаған жеріне жетілгенін керемет туындыларынан көру де қиын емес. Қолдары жұмыс істеуге қабілетсіз болса, аяқпен, ауызбен сурет салуға машықтанғандары қаншама!

Әлия Сатыбалдинаның 2011 жылы жарық көрген кезекті туындысы «Қазақ қызының портреті» деп аталады. Тақырыбын өзекті деп айтуға келмейді, себебі қолданысқа жиі түсіп жүрген тақырыптардың бірі. «Портреті» деп тақырыбында айрықша жазылғандықтан, жанры да – портрет, тіптен «қазақ қызы» деген сөзінен ақ жалғыз бейненің портреті екенін айқындай аламыз. Бұл туындыдан теңдесі жоқ қазақ қызына ғана тән биязылық пен суретшінің өзіндік қолтаңбасын анықтайтын боламыз.

Аққұба келген қазақтың бұрымды қызы бейнеленген. Қос бұрымы, басындағы бөркі және үстіндегі қазақи оюлармен нақышталған киімі арқылы, тіптен айқаса орналасқан ерекше үкісіне дейін қазақи болмысты баяндайды. Қиылған қас, шие ерін, қыр мұрын, алма мойын, ботадай мөлдіреген көздер – әрбір қазақ қызына тән тенеулер. Осы образды Сатыбалдина Әлияның портрет жанрында қазақ қызы жайында жазылған туындысында көре аламыз.

Кейіпкеріміз картинаның дәл ортасында бейнеленген. Суретші бюст тәрізді етіп қыздың кеудеден жоғарғы тұсын жазған. Дене еркін формада қозғалысқа түсіп тұр, сол себептен иықтары тең емес. Басы сәл сол жақ иығына қарай бұрылып, көздері де сол жаққа бағытталған.

Киіміндегі ұлттық ою нақышы өз образын сәл жоғалтып алған. Басындағы қызыл бөркі нағыз ата бабамыздың уақыттардағы жас қыздардың сәнді бөріктерінің образы, сондай-ақ камзолының түсімен үйлеседі. Қыз баланы бейнесін әшекей Әдемі сарғыш тасты сырғасы киімінің жағасынадығы қазақи нақышталған оюымен түс жағынан үйлесім тауып тұр. Жалпы киімді үйлестіру жағынан болсын, дизайн жағынан болсын қылқылам шебері тақырыптан ауытқымай қазақ қызының бейнесін ұлттық киімдермен көркемдей білген.

Түстер полихромия заңдылығына бағынып тұр. Ашық түстердің бір бірімен байланысын ерекше етіп суреттеген дарынды суретші бұл

жұмысын Қазақстандағы осы аттас туындылардан әр қырымен ерекше етіп жазған. Яғни, автордың фреска стилі арқылы жазуы, түстерінің бір біріне рең бере орналасуы арқылы ерекшеленеді. Суретшінің өзіндік қолтаңбасы осы түстер арқылы да айқындай білуге болады.

Туындыда айтарлықтай сюжет жоқ. Ботадай мөлдіреген көздерінде үздіксіз ой жатыр. Терең ойдың тұңғиығына сүнгіп бара жатқан қазақтың қайсар қызы. Қыздың бейнесінен жайнап тұрған көздер, өмірге деген құлшынысты көре алмаймыз, дәл бір өмір тауқыметін басынан кешірген суретші кейіпкердің жүрегіне бір тамшы мұң тастағандай. Сабырлы кейпі мен байыптылығын қоса сомдаған қылқалам шебері кейіпкердің бейнесін қазақ елінің дүлдiл азаматшаларының ешбіреуіне ұқсатпаған. Яғни, өзіндік образ қалыптастыра білген.

Қай заманда болсын, қандай қылқалам шеберін алып қарасақ та қазақ қызының образын өздерінің шығармашылығынан тысқары қалдырған емес. Сол секілді Алия Сатыбалдина да тасқа (қабырға) салынған бұл туындысында ешқандай суықтықты әспеттемейді. Керісінше бейкүнә нәзіктік, мүлгіген тыныштық орын алып тұр. Көздерінің өзі кейіпкердің барлық өмір дастанын баяндап тұрғандай.

Қорыта келе, суретші Алия Сатыбалдина қазақ қызының бейнесін сомдау барысында жоғалып бара жатқан ұлттық құндылығымызды жаңғырта білген. Ия, біраз жерлерде дәріптеліп жатыр, ал бұл тұста суретші өзекті мәселені туынды арқылы астарлы етіп жеткізген. Рухы биік қазақ елінің бота көз қыздарының бейнесін өзіндік мәнерімен көрермен назарына ұсынған суретші қазақ қызының образын басқа қылқалам шеберлерінің туындыларынан ерекше етіп аша білді. Қандай жағдай болмасын қайыспайтын қазақ қызының нәзік, биязы тұстарын ерекше етіп көрсете білген.

Сатыбалдина Әлия. «Шуақты күн» (мозаика). Мозаика стилімен орындалған бұл туынды 2014 жылы жарық көрген. Жанры – пейзаж. Жаздың шуақты күндерінде жасалған туындының атауы да сәйкесінше қойылған. Бұл шығармада су жағасындағы бір отбасының жазғы демалысы сипатталады.

Композициялық құрылысына тоқталатын болсақ, картинаның ортасында суда жүзіп жүрген бала бейнеленген, ал негізгі кейіпкерлер алдыңғы фонда орналастырылған. Олар: әкесі, анасы және кішкентай баласы. Бұл картинаны үш сатыға бөлсек болады, яғни: жағалау, теңіз, аспан. Барлық дене қозғалысқа түсіп тұр. Атап айтатын болсақ, суретші ер адамның бейнесін қырынан орнастырып, оң қолын басына қойып, сол қолымен мойнына ілінген сүлгінің бір шетін бел тұсынан ұстатқан. Аяқтары да қозғалысқа түсіп тұр. Оң аяғы сәл бүгіліп алға қадам жасап тұрса, сол аяғы оң аяғына ілесуде. Әйел адамға бағыттап келе жатқан іспеттес. Анасы көлде қайықпен жүрген баласына қолын бұлғап тұр. Сол қолы көзілдірігін ұстаған күйде серпіліс қозғалысына түсіп

тұр. Кейіпкерлердің көңіл күйлері көрсетілмеген. Сондай-ақ анасы мен әкесінен бөлек жағалауда кішкентай бала құммен ойнап отыр. Басында ақ күннен қорғайтын бас киімі бар. Тізерлеп отырып ойынға кірісе кеткен. Жағалауға толқынмен келіп жатқан суларды да байқауға болады. Сондай ақ теңіздің бетінен ақ шағалаларды байқауға болады. Шағалалар суда жүзе алады, алайда сүнгімейді. Теңіздің жағалаудан алыс бөлігінде қайықта отырған бір екі жанды көруге болады. Сонымен қоса теңіздің аспанмен астасқан көкжиегінде үлкен кеме кетіп бара жатқанын аңғарамыз.

Смальта тастармен орындалған бұл туындыдағы түстерді Элия Сатыбалдина үйлесімді орналастыра білген. Жағалауды сарғыш тастардан, оған қоса рең беріп тұру үшін қызыл, қызғылт, көк, ақ түстерді де қосқан. Бұл күнмен шағылысқан құмның бейнесі. Ал теңізді жақыннан алысқа қарай түстерін жылы түстен қою түске алмастырған. Яғни, бір бірімен үйлесім тауып араласа қоюланған. Ал, аспанның түсін бастапқы теңіздің түсіндей ақшыл көк түспен көмкерген. Алыстан мұнартқан кішкене төмпешіктерді де сарғыш түспен жеткізе білген.

Теңіздің жағасындағы демалып жүрген жас отбасының шуақты күнін әр түрлі образдар арқылы аша білген суретші бұл жұмысына ақшыл түстерді көп қолданған. Яғни, жақсы көңіл күй, жайлылық сезімін әспеттеп тұрғандай.

Осындай өз өмірін өнерімен өрнектеп, колөнердің сиқырын аяғымен меңгеріп, бүгінде кесек-кесек кәсіби туындыларды дүниеге әкеліп жүрген жігерлі жандардың бірі – *Динара Шарипова*.

Жасынан өзіне қойылған ДЦП диагнозын үкім ретінде қабылдамай, талпынып, өз бетімен өнерге құлшынысын дамытып жүрген 26 жасар қыздың алғашқы көрмесі Ә.Қастеев атындағы Ұлттық мұражайдың Орталық көрме залында АРДИ ассоциациясының (инвалид балалардың ата-аналары ассоциациясы) қолдауымен ашылған болатын. Бұл көрмеге Динара өзінің үш жыл бойы тынбай ізденген, бисерлік техниканы меңгеріп, бисермен жасаған туындыларын қойды.

Бисермен тоқымашылық Англияда Викториандық және Эдвардиандық дәуірде кеңінен тараған, сондай-ақ, Солтүстік Америка үндістері рәсімдеу шараларына киетін киімдерін бисермен әшекейлейтін болған. Оңтүстік Африкалық зулустар бисер таспасын мерекелік белдіктер мен жабуларды әшекейлеуге пайдаланған [11].

Динара өзінің жеке көрмесін «Ана махаббаты» деп атады. Олай атауы - Анасының қызына деген сүйіспеншілігін, өзінің осындай жағдайына мойымай, қазіргі қалпына келуге терін төккеніне айтқан алғысы.

Көрменің басты картинасы да ана бейнесіне арналған. Кішкентай сәбиін биікке көтеріп тұрған Ана бейнесі – баласын биіктен көргісі келетін әрбір ананың арманы.

Динара 2011 жылы Алматы қаласындағы экономика және құқық колледжін бітіріп, Мәскеу қаласындағы «Синегерия» жеңіл өнеркәсіп және финанс университетіне қашықтықтағы оқуға түсті. Бүгінде Алматы қаласындағы банктердің бірінде қызмет етеді.

Динара бес жасынан бастап, сурет салуға машықтана бастады. 14 жасынан бисермен тіге бастады. Динараның өзінің айтуы бойынша бір жұмысқа бір жарым айдай уақыт кетеді екен. Динараның жұмыстарының тақырыбы негізінен аналар, әйел образы және гүлдер мен құстар. Бұл картиналарының көлемі онша үлкен емес, кішірек болып келген.

Динара өзінің алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын адам екендігін танытып келеді. Кішкентайынан есепші болуды армандаған қыз, арманы орындалып, қазір банк қызметкері болып жүр. Ол өзін суретшімін деп есептемейді, бірақ, оның жасаған туындыларына қарап отырып, кәсіби суретшіден еш айырмасы жоқтығын көреміз. Алғаш, 2011 жылы, Ә.Қастеев атындағы мұражайда ұйымдастырылған аукцион-көрмеде Динараның бисерден жасалған тоқымалары мен картиналары тез арада сатылып кеткен болатын. Бұл туралы сол көрменің жетекшісі Наталия Баженова айтқан болатын [11].

Динара өзін актриса ретінде де сынап жүр. «Теңіз бен қыз» фильмінде басты рөлді сомдап, өзінің тамаша әртіс бола алатынын да дәлелдей алды. 2015 жылы түсірілімін бастаған бұл фильм қаржы мәселесі бойынша уақытша тоқтатылды. Бұл фильмде басты кейіпкерді сомдаушы Динараның өзі. Өзі сияқты мүгедек жандардың арасындағы махаббат, олардың өз бойларындағы қорқынышты жеңіп, өнерге бет бұруы – қазіргі заманда ерлік іс. Көрмені де осы фильмге сәйкес жасаған болатын.

Динара Шарипованың ата-анасы Бибігүл мен Самархан қыздарының жеке адам болып қалыптасуына, мінезінің жетілуіне, көпшілікпен қарым-қатынас жасаудағы ерекшеліктерге үйретіп, көп еңбек сіңірді. Олардың ендігі арманы – қызының өзіне сүйікті жар таңдап, отбасын құруы.

Көрмеге қойылған картиналарының ішіндегі көз тартарлығының бірі – алтын сәулелі күн шуағын тамашалап тұрған қыз бен жігіттің бейнесі. Күн шуағына тамсану, күннен энергия алу – Динараның арманының жүзеге асатынына сенімділігін көрсетеді. Дәл осындай көріністегі жүрек тістеген қос аққудың да бейнесі бірден өзіне қызықтыра баурап алады.

Динараның өзі айтқандай оның көрмеге қойған картиналарының ішінде құстар тақырыбына арналған картиналар да бар. Қос көгершіннің бейнесіне қарап тұрып, мұнда да ыстық махаббаттың белгісін көру қиын емес.

Ал, мына жалғыз раушанды бейнелеуде Динараның ойында не болды екен деген ой көрушіге де келеді. Гүлдің құлпыра ашылған түріне қарап, үміт пен арманды байқауға болады. Әрі қарай жылжи келе, желкенді қайыққа көзіміз түсті. Көл бетіндегі желкенді қайықтың бағыты анық, жолы ашық. Картина иесінің де жолы осылай ашық болуына тілектеспіз.

Шляпа киген әйелдің ұзын мойны, қылдай болған белі, қолына мундштугін ұстағанының өзінде де ерекше бір қасиетті тәкаппарлық пен сұлулыққа тәнті боласын. Өз сұлулығына сенімді арудың бұл тұрысы батыл қимыл мен еркіндікті білдіріп тұр.

Бисермен жұмыс істеудің оңай емес екендігін бәріміз білеміз. Ал, сол жұмысты аяқпен орындаудың қаншалықты қиын болатындығын іштей бағамдай беруге болады. Тынбай ізденуді, үнемі қозғалысты қажет ететін бұл еңбектің өтемі – Динараның ерік-жігерінің мықтылығы, өмірді, өмір сүруді сүюі. Төрт мүшесі сау адамның қолынан келе бермейтін мұндай еңбектің де рахаты әлі алда екенін Динарамен бірге күтейік.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың ерік-жігер мықтылығына тағы бір бас ие отырып, олар туралы білгеннің үстіне біле бергің келетін қызғушылық пайда болады. «Жігітке жеті өнер де аз» деген накыл сөздің растығын да осылайша дәлелдейсің.

Өмірін балалар үйі, одан кейін мүгедектер үйінде өткізіп келе жатқан 40 жасар жігіт *Владимир Репетиевке* де айналасындағылардың мүсіркеушілік көзқарасы керек емес. Мүгедектер арбасына таңылған Володя өз өмірін бейнелеу өнерімен байланыстырғанына еш өкінбейді. Сурет салуды өзінің тәрбиешісіне еліктеп бастаған жігіт, қолөнерден де құралақан емес. Ол өзінің көрген түстерін суретке айналдырады. Оның түсіне үнемі жайқалып тұрған орман, сынсып тұрған қарағай мен қайыңдар, гүлді алқаптар жиі енеді. Осы түстер біртіндеп керемет картиналарға айнала бастайды. Ол өзінің болашақ үйін де көз алдынан өткізіп, суретін салып қойған.

Қолының кейде еркін қимылдамай қалатынына қарамастан, суретші жігіт өзін өзі жігерлендіріп, жанының рахатын осы өнерден іздейді. Оның түсіне кірген орман мен қарағай-қайыңдар бейнелеу өнерінің туындысына айналып жатса, гүлді алқаптарды бисермен токуды армандайды. Ол арманын да біртіндеп жүзеге асырып келеді.

Ұсақ бисерді әр түсін келтіре отырып жапсыру оған оңай болмаса да, гүлдің бейнесі, алғашқы қолөнер туындысын табандылықпен бір жыл отырып жасап шыққанын мақтаныш етеді. Бұл картинасын Володя көрмелерге шығармай өз төсегінің тұсына іліп қойған. Енді жайқалып өскен гүлді алқапты бисермен құрастыруды бастаған. Тура өзінің түсіндегідей... Жігерін жани білген жігіттің бұл салада да, өзін таныта алатыны сөзсіз.

Бейнелеу өнерінде өзінің өнерін көрсетіп жүрген Сатыбалдиева Әлия да қолөнердің қыр-сырына бір кісідей қанық екендігін танытып келеді. Өмірін өнерге арнаған Әлия өзінің дипломдық жұмысын да осы салада жазған. 2014 жылғы жазған «Шуақты күндер» картинасында теңіз жағасында демалыста жүрген бақытты отбасын бейнелеген. Күн шуағына рақаттанған отбасының бақытты бейнесі көгілдір теңіз жағасында, күннің

жылулығынан ләззат алып тұрған ана, әке және баланы жылы түстермен бейнелеген. Түстерді таңдауда кәсібилігін танытқан Әлия бұл суретті мозаикамен құрастырған.

Күннің жылы шуағына қарап тұрған отбасының бейнесін бұлайша жазудың оңай болмасын сезсе де, суретші қыз өзінің өнерін әрі қарай да жетілдіруге талпынысын жасырмайды. Ол бисермен тоқыма тоқуды да қолға алып жүр. Бұл салада дайын картинасын көрерменге шығармаса да, біраз туындылары бар екендігін жасырмайды. Табиғаттың әсем үнін естімесе де, сұлулығын көзбен көріп тамсанған Әлияның қолөнерде де әлі талай толағай туындылар әкелетініне сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. http://www.inform.kz/ru/izvestnaya-kazahstanskaya-hudozhnica-anara-abzhanova-rodila-doch_a2821207
2. <http://www.inform.kz/ru/izvestnaya-kazahstanskaya-hudozhnica-anara-abzhanova>
3. <http://www.time.kz/news/archive/2012/02/01/anara-abzhanova-menya-spasla-zhivopis>
4. www.inform.kz/ru/izvestnaya
5. <https://www.caravan.kz/gazeta/kazakhstanskaya-khudozhnica-s-diagnozom-dcp-pokorila-evropu-87938/>
6. <http://www.voxpopuli.kz/main/ya-risuyu-a-znachit-zhivu--12446.html>
7. <http://24.kz/kz/>
8. <http://khabar.kz/archive/ru/obshchestvo/item/51267-kostanajskij-khudozhnik-obuchaet-detej-unikalnoj-tekhnikе>
9. <http://khabar.kz/archive/ru/obshchestvo/item/51267-kostanajskij-khudozhnik-obuchaet-detej-unikalnoj-tekhnikе>
10. <http://astanatv.kz/news/show/id/29715.html>
11. http://www.inform.kz/ru/sil-nye-duhom-molodaya-kazahstanka-vyshivaet-nogami-kartiny-iz-bisera-foto-video_a2849268

«ҚАЗАҚСТАН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СУРЕТШІЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕМНІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ».

Қазақстан мүмкіндігі шектеулі суретшілерінің шығармашылығындағы әлемнің көркем бейнесі

Қазақ бейнелеу өнері басқа ұлттардың өнері сияқты өзіндік ерекшелігі бар. Қазақ бейнелеу өнері өзінің озық туындылары арқылы бүкіл әлемдік өнердің қатарынан орын алады, оның дәлелі суретшілер Әбілхан Қастеев, Қанапия Телжанов, Сабыр Мәмбетов, Нағымбек Нұрмұхаммедов, Хәкімжан Наурызбаев сияқты суретшілердің еңбектерінен көруге болады. Қазақстан бейнелеу өнері өзіндік тарихы қазақ елінің даму тарихымен тығыз байланысты.

Қазақ халқының бейнелеу өнері Әбілхан Қастеевтен, 20-ғасырдан бастау алады десек, осы кезге дейін бұл өнер саласында талай дарынды дарабоздар өз атын өнер тарихында қалдыра білді. Бейнелеу өнерінің кескіндеме, мүсіндеу, графика, қолданбалы сәндік өнер сияқты салалары қазақпен біте қайнасып келе жатқандай көрінеді. Даланың дархан табиғатына тамсанып өскен қазақ баласына бұл саланы игеру қиынға соққан жоқ.

Бейнелеу өнері тарихын таразылай келсек, біздің елімізде осы өнерді меңгерген мүгедек жандар құлағы естімесе де, музыка тыңдай алатын, көзі көрмесе де, өлең жаза алатын, қолы жоқ болса да, сурет сала алатын мүмкіндігі шектеулі жандар арамызда көптеп саналады.

Қазіргі таңда Қазақстанда мыңдаған мүмкіндігі шектеулі жандар тұратыны белгілі. Бұлардың барлығы дерлік талапты, талантты қалағанына қол жеткізуге ұмтылатын адамдар. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан тыс қалмауына соңғы уақытта мемлекет тарапынан жіті көңіл бөліне бастады. Ең бастысы – Елбасы Жолдауында мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс екенін айтып, барша кәсіпкерлерге оларды жұмысқа орналастыруға көмектесуге шақырған еді. «Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады», – деген Н. Назарбаев [1].

Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларды белсенді тірлікке тарту, жұмыспен қамтуға қатысты шаралар арнасын кеңейту жөнінде нақты тапсырмалар берді. Бір тұстарда ескеруі кемдеу болып келген мүгедек жандар үшін біздің елімізде кедергілер болуы тиіс емес. Рас, мұндай адамдар қатары аз дей алмаймыз, солай десек те, олар туралы көмек-қолдау жұмыстарын жүзеге асыру – біздің өзіміздің және қоғамымыздың алдындағы қасиетті парызымыз.

Мемлекет басшысы мүгедек жандарға қамқорлық жасауды әлеуметтік саладағы басты міндеттердің бірі ретінде үнемі айтып келеді. Біз де осы бағытта күнделікті қызметімізді одан әрі жандандырып, адамдардың көңіл күйін көтеріп, олардың қоғамымыздың толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне қатысты шараларды жүзеге асыруымыз керек.

Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі жандар арасында түрлі конкурстар мен фестивальдар да жиі өткізіліп жүр. Олар, мүмкіндігі шектеулі жастар арасында Шынберген Амантурлин атындағы ұлттық қолданбалы өнер түрлері бойынша Республикалық конкурс және Алматы, Астана, Қарағанды, Қостанай және т.б. қалаларда шығармашылық фестивальдар мен көркемөнер көрмелері әр жыл сайын ұйымдастырылуда. Бұл ерекше жандардың өз ойын жеткізу құралы болып табылатын шығармашылықтарына тосырқап қарамай, аяушылық танытпай, керісінше мейірім-шапағатпен қарап, лайықты бағалауға үлкен мүмкіндік береді. Өнердің күдіреті сонда адамдарды бөліп-жармайды. Осы жандар арқылы отандық өнер толыға түсіп, дамуда. Театр, кино, музыка, бейнелеу өнері және әдебиет – адамның рухани жан дүниесін паш ететіні анық. Мұндай іспен шұғылдану мүмкіндігі шектеулі жандар мен сау адамдар арасындағы шекті жойып, бір ықпалдастықта болуға әкеледі және қайғы-мұңнан арылтатын терапия да бола алады. Әр түрлі жағдайларға байланысты жарымжан атанған кезде, адам өзіне рухани күш-қуат жинап, қиын жағдайдан шығар жол іздейді. Ол жолды шығармашылықтан тапса, шығармашылықпен айналысу арқылы өмірін мәнді, мағыналы етеді. Ал әдеттегі жағдайдан ауытқушылық адамның бақытты болуына кедергі келтірмеуі керек. Себебі, аталмыш адамдар, басқаларға қарағанда өздерін солай түсінеді.

Өздерінің бастарына түскен ауыртпашылыққа қарамастан, мойымай өмірлерін шығармашылыққа арнаған мүмкіндігі шектеулі жандар аз емес. Ал, шығармашылық – оның ішінде бейнелеу өнерімен айналысатын мүмкіндігі шектеулі жандардан әрдайым ерекше, қайталанбас туындылар көреміз.

Олардың шығармашылығынан басқа адамдар мән бере бермейтін өмірдегі тылсым бейнелерді бейнелегенін байқаймыз, себебі, олардың жан дүниесі таза, сезімтал болып келеді.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау, олардың шығармашылығын халыққа таныту мақсатында қалаларда, аудандарда, облыстарда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. Солардың бірі ретінде Ақтау қаласында Жастар орталығында мүмкіндігі шектеулі, бірақ талантты суретшілердің алғаш рет ұйымдастырылған бірлескен сурет көрмесін айтсақ болады. Көрмеге жас қылқалам шеберлері мен тәжірибелі суретшілердің туындылары ұсынылды. Аталған шараға арбаға таңылған, немесе сөйлеу кемістігі мен көз жанары нашар көретін жандар

қиялынан шыққан дүниелерін паш етті. Көрмеге 50-ге жуық шығарма қойылған. Ұйымдастырушы «Ақтау қалалық мүгедектер қоғамы» бірлестігі болып табылады, бұл жандардың өзге галереяда жұмыстарын көрсетуге мүмкіндігі жоқ. Ал мұндай шаралар азаматтардың тәжірибе алмасуы үшін де үлкен мүмкіндік болмақ. Жаны жарылы болса да, жасаған дүниелері жанды. Тіпті, өзгелерге үлгі боларлықтай. Сондықтан да болар, олардың өнерін тамашалаған қонақтардың қатары қалың болады [2].

Сонымен қатар 2008 жылдан бастап, әр жыл сайын елімізде «Жан Шуак» қоғамдық сыйлығы табысталып келеді. Осы жыл ішінде Германия, Болгария, Польша елдерінің, сондай-ақ Қазақстанда тұратын мүгедек жандар сыйлықтың лауреаттары атанды. Аталмыш сыйлық мүгедек жандарға спорт, қоғамдық өмірдегі, қолданбалы өнер мен орындаушылық өнер саласындағы жоғары жетістіктері үшін, азаматтарды аталған проблема жайлы ақпараттандырып, сондай-ақ азаматтық қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдардың басын біріктіруге үлес қосқан меценаттарға табысталады.

«Шексіз мүмкіндіктер» акциясы аясында жыл бойы мүгедек жандар үшін түрлі әлеуметтік шаралар өткізіліп келді. Бұл сыйлық шынымен мақсатқа ұмтылған, қиындыққа мойымайтын жандарға табыс етіледі. Бұл шара арқылы мүгедек жандардың өзге, дені сау адамдар секілді құқықтары бар екендігін көрсету. Мүмкіндігі шектеулі жандар өзгелерге үміт отын ұялатып, өз ісімен үлгі боп жатқанының айқын дәлелі.

«Астана» Ұлттық сурет галереясында қыш-құмыра жасау өнері көрмесі ұйымдастырылды. «Салт-дәстүрді сақтай отырып...» деп аталатын бұл көрме Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылып, қазақ халқының ұлы дәстүрлерін және өзіндік ұлттық мәдениетін жаңғырту мақсатында өткізілді. Көрме «ДОС» тәуелсіз өмір» орталығы мүгедектер Қоғамдық бірлестігі мен «Астана» Ұлттық сурет галереясының ұйымдастыруымен қолға алынған екен. Көрме Тәуелсіздіктің 25 жылдығына тартылған тарту болса, мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғаммен араласуына, олардың керек болса он екі мүшесі сау адамнан да артық шеберлікке ие екенін көрсету. Сонымен қатар, ұлттымыздың ерекше өнерін – қыш бұйымын жасауды кейінгі ұрпаққа дәріптеу мақсатында қолға алынып отыр [3].

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқор болып, оларға келешектегі өмірінің жарқын болуын, сол жандардың өмірге деген құштарлық сезімін оятуға арналған байқауды «Нұр Отан» партиясының әр аудандарда орналасқан филиалдары ұйымдастырып келеді. Жылсайын бұндай шаралар жиі жүйімдастырылса да, мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамдық ортадан жиі шет қалып жатады. Өмірлеріне өнерді серік етіп, түрлі шараларға қатысып, қоғамда қалайда өзімді табамын деп ізденедін,

белсенді жандардан бөлек, бөлмелерінен шыға алмай, тағдыртын тауқыметін көріп отырғандар қаншама. Біреуін білсек, біреуін біле бермейміз.

Елімізде туыла сала емес, жазатайым оқиғалар салдарынан, денсаулығының нашарлауының салдарынан кемтар болып қалған жандарды да кездестіреміз. «Мүгедек – инвалид» деген сөз мыңдаған мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамға етене араласуына кедергі болып отырғаны шындық. Мысалы, дені сау, ақыл-ойы толық азамат халқы үшін еңбек етуді, үлкен биік шыңдарды бағындыруды армандайды, алайда, оқыс оқиға салдарынан (жол апаты немесе өзге де жайттардан) кеміс болып, мүгедек деген таңба алып, қоғамнан шеттетіледі. Алға қойған арманы былай тұрсын, қоғамда өзгелер қатарлы өмір сүруінің өзі қиындап, күнделікті өмірде кедергілерге тап болып жатады. Ал ондай қиын сәтті жеңіп шығу әркімнің қолынан келе бермейді.

Бейнелеу өнерін жанына серік етіп, өмірін осы өнер жолымен байланыстырған мүмкіндігі шектеулі жандардың бірі Алексей Уткин. **Уткин Алексей** – 1948 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген, 1985 ж. Санкт-Петербург Көркемөнер техникумын аяқтап, 1985 ж. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясында білім алып шықты. 1987 ж. бері ҚР Суретшілер Одағының мүшесі. 1995 жылдан «Қазақстан Республикасындағы есту қабілеті төмен суретшілер ассоциациясы» Мемлекеттік бейкоммерциялық қоғамдық бірлестігінің президенті қызметін атқаруда. Туғанынан құлағы естімейтін суретші Уткин Алексей Федорович шығармашылығында кескіндеме жанрында жұмыс жасап, көптеген туындыларды дүниеге әкелді. Қылқаламмен Алматы қаласының көрінісін жандандырған суретші шығармашылығы көпшілікке танымал. Өзінің жұмыстарында қаланың әр тұрғыны үшін ыстық, қымбат тарихи орындар бейнеленген панорамалар үлкен орын алады. Алексей Уткиннің есімі Қазақстан суретшілері мен бейнелеу өнері шеберлері арасында кең танымал. Өзінің шығармашылық жолында суретші қалаға тән ерекшеліктерді, дәстүрлі сипатын сақтай отырып «сүйікті қаласының портретін» жазумен айналысып келеді. Суретші композициялары эмоциялық түс қанықтығы мен колориттік нәзік сезіммен ерекшеленеді. Кескіндемешінің шығармаларында туған ел табиғаты мен қала көрінісі поэзияға толы өрнектермен астарланып, лирикалық көркем бейнелер көрініс тапқан.

Бүгінде суретшінің жұмыстары Қазақстан, Ресей, АҚШ, Италия, Турция, Испания, Франция және Нидерландия жеке меншік қорларында сақтаулы. Суретші әрдайым қала көрінісін, Алматы қаласының тарихи бейнелерін салу арқылы Алматы қаласын өзге елдерге де таныта түсті. Шығармашылығында адам мен табиғат, оны қоршаған орта, қала мен дала, табиғат құбылыстары үлкен сезіммен бейнеленіп келеді. Автор

естімесе де өзінің туындылары арқылы табиғаттың сырлы әуенін сездірте алды. Жан дүниесін тербеткен нәзік әуен шығармаларынан шынайылықты көрсетуге үлкен мүмкіндік берді.

«Алексей Уткин – бірнеше халықаралық және республикалық көрмелердің (Рим, Мәскеу қ.), сонымен қатар халықаралық «Путь II» (Вашингтон қ.), «Тюльпан и Человек» (Нидерланды корольдігінің елшілігі) жобаларының қатысушысы. Оның топтық және жеке көрмелері «Трибуна», «Тенгри-Умай», «Ұлар», «Ағк» көркемөнер галереяларында қойылған. А.Уткиннің авторлық жұмыстары біздің еліміздің, сондай-ақ Ресей, АҚШ, Италия, Түркия, Франция, Испания, Голландия сияқты шет мемлекеттердің де жеке жинақтамалдарында сақтаулы» [4]. Яғни, суретші ізденісте жүріп, өзінің шығармашылығындағы жеткен жетістігі мен нәтижесін көрермен қауымға ұсынып келеді. Өзінің жеке шығармашылық көрмелерін жиі өткізетін суретшілердің бірі десек қателеспейміз. Туындыларының тақырып ауқымы бір болса да бір-бірін қайталамайды, түстік, композициялық шешімі жағынан әртүрлі болып келеді.

Суретшінің шығармашылығы Алматы қаласының пейзажын мезгіл-мезгілімен бейнелеп шықты. Алматының табиғаты өте керемет. Жетісудың еркесіндей елітіп, еркелей түседі. Арманыңды арманға жалғайды. Қаланың табиғаты, зәулім үйлері барлығы да бейне бір әсем әуенді көрініс береді. Әрқайсысының өз орны бар, әр ағашы да, үйі де жарасымды. Дәл осы сұлулық суретшінің жүрегіндегі махаббатын, шығармашылығына шабыт силағанын көреміз. Алматының әсем табиғаты мен шырайлы шуағы кез-келгенге туған анасы әлдилегендей сезім ұялатады.

Бір топ қала тұрғындары әдеттегі қарқынмен әлдеқайда кетіп барады. Әдеттегідей бір дүниеден құр қалғандай асығып жүр. Күйбең тіршілік. Сан дүниені ойланып келе жатқанда, бір сәт кілт тоқтай қалды. Бәрінің назарлары бір нүктеге қадалды. Енді олар қарқындарын жылдамдатып, жүгіре бастады. Үлкені болсын, кішісі болсын жай ғана аялдамада тұрған автобусқа мініп үлгеру үшін жүгірген еді. Күлкілі әрі қызық. Қылқалам шебері қаладағы осындай жай күнделікті тіршілікті өз шығармашылығында бейнелеп, қаланың бір сәттік қайталанбас көріністерін қалыптастырды.

Суретші өзін әртүрлі жанрларда байқап көрді – портрет, натюрморт, карикатура, бірақ оның жаны сүйген қала пейзажы болды, оның шабытының таусылмас көзі Алатау бөктерінде орналасқан әсем қала көрінісі еді. Оның бояуына жан бітірген әдемі де кең қала көшелері, кафелер мен театрлар, субұрқақтары болды. «Махаббат қаласы», «Көктемгі тыныс», «Қаладағы натюрморт» және тағы да басқа көптеген экспрессиялық және лирикалық туындыларды дүниеге әкелді.

Автор құлағы естімесе де көп жағдайда мерекені, қаладағы шулы көріністерді, көңілді сәттерді бейнелеуге ұмтылады. Сондай туындылардың бірі «22-ші наурыз күні» (2007ж. қағаз, акрил) деп аталады. Аталмыш жұмысында автор еліміздегі наурыз мерекесінің тойлану сәтін бейнелейді. Ұлыстың Ұлы күні наурыз – қаншама ғасырлардан бері тойланып келе жатқан түркі халықтарының төл мерекесі. Наурыз – көктем мейрамы, табиғаттың жаңаруы, жаңа жылдың, жаңа өмірдің басталуы. Осы айтулы күнге орай Қазақстанның әрбір елді-мекенінде, әр қаласында түрлі іс-шаралар, концерттер, байқаулар ұйымдастырылатыны белгілі. Картинада да қала көшесіне ағыла шыққан халық тобыры бейнеленген. Суретші наурыз мерекесі мен қатар көктем мезгілінің жылылығын да бере білген. Туындыда қолданылған ашық, қанық түстер, қылқаламның иірімді жағысы арқылы жеңіл көрісісті береді. Композициялық шешімі ерекше орын алған. Артқы фонда үлкен кеңістік қала ғимараттарының көрінісі, ағаштар, безендірілген шарлар мен адамдар бейнесі жеңіл сызықтар арқылы жүргізілген. Сюжеттік көріністе орындалған туынды болғандықтан нақты адам бейнесі салынбаған, шартты белгілер арқылы бейнелеуге тырысқан. Бұл, картинаны тұтастай қабылдауға итермелейді. Далада тігілген қазақ үйі, ашық аспан, жолды бойлай жүрген халық бір-бірімен жақсы үйлесім тапқан.

Автор тек қаланың әсем, әдемі жерлерін бейнелеумен шектелген жоқ. Ол қала тұрғындарының, халықтың өміріне терең мән берді, солар арқылы қала көрінісін зерттеді. Қала мен халық бір-бірімен тығыз байланыста екенін суретшінің кез-келген жұмысынан байқауға болады. «Көк базар» атты 2011 жылы кенепте майлы бояумен орындалған жұмысынан жаңбырлы күні базарда жанталаса жұмыс істеген халықты бейнелейді. Суретшінің шеберлігі сол, ол бір жұмыста терең мағыналы ойды айта отырып, оны көрермен көзіне әсем жеткізеді. Бір қарағанда Алматыға тән нәсерлі жауын-шашынға жеңіл қарағанымыз бен, автор сол жауыннан болған базардағы беймаза тіршілікті көрсетеді. Жауыннан қорғанған қолшатырларының түсін ашық түстермен беру арқылы, күнгірт түсті жұмысқа реңк беруге тырысады. Суға толып қалған жол аспан әлемімен бірлескен үндестік түзеді. Картинада жауын жауып тұрғанын анық байқауға болады. Шынайы көріністі беруге ұмтылған, бұл шығармадан Алматы қаласындағы базардың айқын көрінісін көреміз.

Оның дәл осындай тақырыпта орындалған туындыларының бірі «Тастақ» деп аталады. Бұл жұмыста баршамызға белгілі Төле би көшесінің бойында орналасқан Тастақ базарын бейнелеп көрсетеді. Картина қою түстермен орындалып шыққан, базар көрінісінде қозғалыс аз, баршамызға бірден көше бойында орын алатын көлік кептелісін елестеткендей болады. Картинадан суық күнді бейнелегенін адамдардың

калың киімінен, қаланың көрінісінен байқауға болады. Суретшінің жұмыстарындағы ауа-райының нақсы бейнесі, қылғалам шеберінің кәсіби дәрежесінің жоғарылығын көрсетеді.

Алматы қаласының қысына арналған тақырыптағы қала көрінісін бейнелеген шығармалары өте ерекше. Ондағы түстік шешім мен композициялық құрылым бір-бірін толықтыра түседі. Қыс мезгіліне тән суық ауа, ызғар, қар мен мұз картиналарында шынайы бейнеленген. Қысқы күні көше бойымен қарды қырт-қырт басып, жылы үйге асыққан қала тұрғындарының көрінісінен өзінді көргендей боласың. Автор көрерменге өзінің жұмысымен бірге тыныстауға, бірге өмір сүруге мүмкіндік береді. Туындыларында Алматы қаласының баршамызға белгілі, сүйікті, көзімізге жылы ұшырасатын Көктөбе – Қазақстанның ең көрікті әрі таңғажайып орындарының бірі. Суретшінің шығармаларынан осындай әсерлі көріністерді көріп, таулардың көрінісінен ләззат алу мүмкіндігіне ие боламыз. Биіктіктен таулар мен қаланың керемет көрінісі алақандағыдай көрінетін бейнелерін шынайы бейнелей білген. Суретші, әсіресе түндегі қала көрінісін әр алуан түсті жарықтарға толған мезгілді, айрықша әсемдікке бөленген қала бейнесін суреттеп шықты. Автор таулардан алған айрықша әсер, таза ауа мен бостандықты сезінуде ғана емес, сонымен қатар бұл достардың кездесетін, ғашықтардың серуендейтін, бала-шағамен қосылып, бірге қыдырып, демалатын жайлы мекен екенін, жай ғана уақытты жақсы өткізетін орын емес, өз Отаны екенін ашып көрсетеді.

Ол үшін сарқылмас шабыт көзі – Алатаудың етегінде орналасқан көрікті Алматы қаласы. Біздің алдымызда – суретшінің өзінің жанына жақын, көзіне ыстық көше қиылыстары, кең даңғылдары мен тыныш көшелері, кафелері мен театрлары, фонтандары, туған сүйікті қаласының көріністері бейнеленген «Махаббат қаласы», «Қала ноктюрны», «Бульвар... көпір... арық», «Алматының сұлбасы», «Көктем тынысы» және т.б. зор шабыт пен сазға толы жұмыстары.

Оның сиқырға толы Алматы бұрыштарының сансыз пейзаждары думанға толы алып шаһардың көңіл күйін, оның қым-қуыт тірлігін, жыл мезгілдерінің таң-тамаша бояуларын, шуақты және жауынды күндерін, ымырт түскен шақтарын, түрлі дәуірдің бірегей сәулеттік ғимараттары – Сталин заманының кірпештен салынған неоклассикасын, 70-80 жылдардағы кеңестік бетон модернизмін және ең заманауи хай-текті шеберлікпен берген. Суретші түске және формаларға эксперимент жасайды, қала сұлбаларын қара контурмен жиі салады, абстрактылық, импрессионистік және реалистік композициялар құрайды. Ол туған қаласының әдемі жақтарын іздеп табудан және оны өз туындыларында қылқаламмен асқақтата жырлаудан жалықпайды [6].

Суретшінің шығармашылығын төрт мезгілге бөліп қарастыруға болады. Себебі, әр мезгілдегі қаланың құбылысы мен адамдардың көңіл

күйі, тыныс-тіршілігі де өзгеріп отырады. Автор әр мезгілдің өзіне тән ерекшелігін көрсете отырып, оны Алматы қаласымен тығыз байланыстырады. Көктем мезгіліне тоқталатын болсақ, «Бұл біздің қала», «Көктемгі көңіл-күй», «Көктемгі әуен», «Түрлі-түсті мамыр», «Көктемгі тыныс» және тағы басқа оңтүтік атанамыздағы көктем мезгілін бейнелейтін туындыларын айтсақ болады. Аталмыш туындыларда күн ұзарып, ауа райының жылуынан қар еріп, жауынды-шашынды күндерді бейнелеп көрсетеді. Көктемде жалпы тіршілік иелерінің жандануы, тірілуі басталады, жыл құстары оралады, жер бетіне көк шығады, жеміс ағаштары бүршік атып гүлдейді, жер беті жандана түседі.

Кескіндемеші өз жұмыстарында дүниенің көктем мезгілімен қайта жанданып, қала гүлденіп, өмірді қайта бастағандай көріністерді айқын жеткізеді. Туындыларында ашық, қанық түстерді еркін қолданған, ол аспан мен жерді, күннің жылуын, ағаштар мен жапырақтарды, қала тұрғындары мен ең басты көрініс қала көшелері, зәулім үйлер мен қаладағы қозғалысты ұтымды бейнелеп көрсетеді. Композициясындағы тұтастық жер мен аспан әлемі аралығына орын алған табиғи құбылыстары арқылы бейнеленеді. Ол шығармаға табиғилық пен шынайылық беріп, көрерменге туындымен бірге өмір сүруге мүмкіндік береді.

Жаз мезгілі суретшіні ғана емес баршамызды қуантары анық, оның «Көк-төбе. Жазғы кафе», «Жазда. Кофемания кафесі», «Көленкеде», «Романтикалық пейзаж» серияы, «Судағы әуен» және басқа да туындыларын айтсақ болады.

Күлімдеген күн шуағы барша әлемді қуанышқа бөлейді. Көктегі аспан да ешбір сызатсыз күн сәулесін одан әрі нұрландырып, барша әлемді жылуымен баурап алады. Аспанда қалықтап қанат жайған құстар да жаздың сәнін келтіріп, әдемі әнімен жер бетіндегі әр жанға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Айналаңа мән беріп қарасаң, жер жүзі жасыл орамалға оранғандай. Бақша ішіндегі гүлдер кең даланың төсін өзінің әсем бейнесі, хош иісімен баурап алған тәрізді. Таңның атысынан кештің батысына дейін дамылсыз қызған тіршілікті бейнелеп көрсетіп, жадыраған жаз мезгілінің бұл көрінісі адамзат баласына үлкен септігін тигізуде. Бар адамның көңілі көтеріңкі, жүзі жайдары. Суретшінің шығармаларындағы осындай көрініс жазғы қайталанбас кештермен ұласады. Автор тіршілік пен қатар, халықтың түрлі демалыс отырдарында, парктер мен кафелерде жайлы отырыстарын бейнелегенді ұнатады. Автор көңілді халық өмірінің бір сәттік көрінісін фотоға түсіргендей айқын, ашық салып шыққан. Динамикалық қозғалыс пен түстік түзілімнің ашықтығы суретшінің қылқаламын еркін сермегенін айшықтай түседі. Кескіндемешінің өзі орындап отырған туындысынан шығармашылық деңгейінің жоғарылығын байқай аламыз.

Жазғы жасыл желек, ашық көк түсті аспан, түрлі-түсті гүлдер, ұшқан құс, көңілді демалыстағы балалар жаз мезгіліндегі жылылықты көрсетеді.

Бұл көрініс – жаз мезгілінің мәнін келтіретін табиғаттың тылсым күші. Суреттегідей сұлу мезгіл шынайы жүзде одан бетер көркем. Себебі, ол – ешбір бояусыз табиғаттың сыйға тартқан әсемдігін өз бояуында бейнелеп шықты. Суретшінің туындыларындағы жаңбыр бейнесі әсерлі көрініс береді. Қаладағы романтикалық көріністерді, жаңбырдың суына шағылысқан көріністердің қайталануы арқылы шығармадағы бейненің көрінісін еселей түсуге ұмтылады.

Күз мезгілі оның шығармашылығында өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Туындыларынан күз мезгілін ерекше ұнататынын байқауға болады. Оның «Күз келіп қалды», «Күз. Балалар әлемі», «Күзгі қала» және тағы да басқа күз мезгілін бейнелеп көрсеткен туындыларынан Алматы шаһарындағы күздің керемет табиғат құбылысын көреміз. Қызыл-сары жапырақтар мен піскен жемістер, Алматының алмасы мен қалаға оралған жастардың көңілді көрінісі бейнеленген. Мектепке асыққан балалар мен оларды жетектеген ата-аналарының көше бойындағы жүріс-тұрыстарын, қаладағы архитектуралық құрылыс нысандарымен динамикалық қозғалыстар арқылы композицияны толықтырып отырады. Туындыларындағы түстік шешім сары, жасыл, көк, қанық түстер арқылы шешім табады. Картиналарындағы ауа кеңістігі, алдыңғы және артқы фонды бір-бірінен ажыратып, ұзын қала көшелеріндегі ашық қозғалысты бейнелей білді.

Қ. Болатбаев, өзінің «Көкжиек және кеңістік» атты еңбегінде «Қоршаған орта, айналамыз толы – әсемдік. Оның бәрі табиғат құдіреті, табиғат байлығы. Адамзат қолымен жасалған сан алуан ғажап бұйымдар, тамаша таңба, өрнек, өнер, музыка туындыларының өмірге келуіне шалқар шабыт, таусылмас қуат беретін де ең алдымен тылсым табиғат күші, соның игі әсері. Ендеше, табиғатты кіршіксіз күйде шаң жуытпай, таза сақтау, оны мәпелеп, аялап, қорғай білу, әсіресе кейінгі – өсіп келе жатқан жас буын үшін ерекше қастерлі борыш, қасиетті міндет екеніне еш бір дау жоқ. Сондықтан тылсым табиғаттың сырын ұғыну әрбір өнерлі жастар үшін үлкен маңызы бар» – деген болатын [7,103 б.]. Автор да өзінің жұмыстары арқылы жас ұрпақты табиғатты сүюге үйретеді. Табиғаттың сұлулығын қорғау мен қоршаған ортаны аялау, сол ортада өмір сүретін әрбір адамның борышы екенін көрсетеді.

Ол тек қаланы бейнелеп қана қоймай өзінің «Жаңа толқын», «Алматылықтар» атты туындыларында қазіргі замандағы жастардың да бет-бейнесін көрсетуге тырысады. Бұл суреттерде қазақтың сайын даласының шексіздігі, өрелі ұрпақтың келешекке қарай ұмтылысы символды түрде бейнеленген. Қала көшелерінде топ-тобымен жүрген қала жастарының алаңсыз жүрісі. Олардың өздерін еркін, жайлы жүріс-тұрысы тәуелсіз еліміздің келешегі, ұлт болашағы осылар деп, суретші алыстан қарап ой үстінде отырып бейнелегендей сезім қалдырады. Автор

өз жұмыстарында өткен ғасыр мен қазіргі заман аралығындағы айырмашылықты көрсетуге тырысады.

Уткин Алексей халықпен тілдеседі, табиғаттың сұлулығын сүйетін суретші оны әрдайым суық күнде болсын, жылы болсын, әдемі жағынан бейнелеп көретеді. Әр пейзажды пленерге шығып, картинаның ұтымды шешімін табу үшін көшенің әр қырынан салып көріп, үлкен ізденіспен дүниеге келетін туындылары, оның шығармашылық шеберлігін айқындай түседі. Табиғатты бейнелеу адамды бейнелегендей өте күрделі және қиын, пейзаж жанры да үлен ізденістер мен шеберлікті талап етеді. Ал бұл суретші табиғаттың үнін жүрегімен тындап, жүрегімен тілдеседі.

Суретші шәкірт тәрбиелеу де үлкен ізгі жол салды десек болады. Ол өзінің шығармашылығын үлгі ретінде көрсетіп, мүгедек балаларды тәрбиелейтін көптеген орталықтарда шеберлік сыныптарын өткізіп келеді. Жас ерекше жаратылған балаларды өнерге баулып, өмірде өзіндік орындарын тауып, тұлға ретінде қалыптасуларына суретшінің шығармашылық жолы үлгі болары анық.

Құсайынова Ғалия мен Бота. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы еліміздегі көптеген талантты суретшілердің білім алған ошағы. Өнер ордасында бейнелеу өнерінің қыр-сырын терең меңгеріп, оны үйретуден жалықпайтын белді мамандар жұмыс істейді. Қазақстанды әлемге танытып жүрген ГаБо есімімен танымал, аплы-сіңілілі суретшілер де осы өнер ордасынан білім алып шықты. Құсайынова Ғалия мен Бота 1969 жылы 29 қазанда Алматы қаласында туған. 1994 жылы Бүкілодақтар саңыраулар қоғамының Ленинград сурет училищесін бітірген. 1999 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының декоративті-қолданбалы өнер факультетін бітірді. 1997 жылдан бастап апалы-сіңлілі Ғалия мен Бота (ГаБо) Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының Жастар бірлестігінің мүшелері. 2003 жылдан бастап Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері. ГаБо жұмыстары Санкт-Петербургтің, Алматының, Атыраудың, Жезқазғанның және Каирдың музейлерінен, Қазақстан, Ресей, Германия, АҚШ, Швейцария, Франция, Кипр, Испания, Голландия, Англия, Венгрия, Канада, Египет, Швеция, Италиядағы жеке қорлардан орын алған.

«Кейбір кескіндемеші суретшілерде кездесіп жататын көрерменін көңілсіз күйге жетелейтін көңілсіздік пен белгісіздік бояулары Ғалия мен Балқияның шығармаларында сезілмейді де. Бояулары қанық, жарқын туындылары сізді Құсайыновалар қылқаламымен бейнелеген өмір жұмағына жетелейді. 2013 жылдан бері Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері, республикалық, халықаралық көрмелердің үздік қатысушылары, халықаралық өнер фестивальдары мен байқауларының лауреаттары Ғалия мен Балқияға сурет өнері бала кезден дарыған. Денсаулықтарына байланысты үй тәрбиесінде өскен егіздердің бойын-

дағы осы бір ерекше қабілетті байқаған ата-аналары – тарих ғылымдарының докторы, академик Аманкелді Құсайынов пен химия ғылымдарының кандидаты Раушан Үсіпбаева сурет өнеріне баулитын мұғалім іздестіреді. Нәтижесінде Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Раушан Базарбаеваны қалайды.

Ғалия мен Бота 1994 жылы Ленинград көркемсурет училищесін, 1999 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының сәндік-қолданбалы өнер факультетін бітірген. Живопись, кескіндеме, гобелен, керамика, исталляция секілді бағытта өнімді жұмыс істеп келе жатқан егіз суретші қыз өнердің өріне озып, есімдері әлемге танылса да, тылсым жұмбағы көп бейнелеу өнерінің қыр-сырын меңгеруге баулыған алғашқы ұстаздары – Раушан Базарбаеваны, белгілі гобеленші ерлі-зайыпты Баспановтарды, Мұратаевты жадыларынан шығарған емес» [8].

Габо – бұл ойдан шығарылған атау. Бұл ұғымда Қазақстан өнерінің ерекше, қайталанбас құбылысы көрініс тапты. Бұл атпен апалы-сіңділі екі қыз өздерінің шығармашылықтарын ұсынды. Екі адамның стилінен, қолтаңбасынан туындайтын бір туындыны бірден тануға болады. Ұлттық нақыш пен ою-өрнек, туған елінің табиғаты, тарихты терең сезініп, өз шығармашылықтарына арқау еткен. Сонымен қатар, дәстүрлі ойыншықтар мен өзіндік ой-қиялдан туған дүниелердің стилистикалық ерекшеліктерімен де көзге түсті. Оландың бойында халық шеберлеріне тән ерекшеліктер қалыптасқан, форма мен түстің пластикасын үйлестіруге тырысқан. Жұмыстарында шынайылық, өмірге ерекше көзқарастары қарапайым және қайталанбас тілмен жеткізілген. Олар көптеген көрмелерге қатысып, шығармашылықтарын әрдайым дамытып келеді. Әр түрлі тақырыпта орындалған жұмыстарының жасалу техникалары, қолданылатын материалдары да әр түрлі. Мысалы: графика, гобелен, керамика, сурет өнері, аппликация, исталляция және тағы басқа. Габо шығармашылығында сюжет пен пішіндер, сызықтар мен бояулар жайдан жай қолданылмайды, әрқайсысының терең мәні мен мағынасы бар.

Олар үнемі бірге, көрерменнің қабылдауы мен шығармашылықтары да бір бүтін. Жұмыстарында өзіндік гармония тауып бірін-бірі толықтырып отырса да әр қайсысының өзіне тән ерекшелігі бар жеке тұлға. Айтып өтетін болсақ, Ғалия – сәл ертерек дүниеге келген, ширақтық пен тездік өзінің жұмысына деген үлкен құлшыныстың иесі. Ал, Бота – ұстамды, нәзік, екеуін бейнелеу өнеріне деген сүйіспеншіліктері мен шеберліктері, бойларындағы қабілеті бір арнаға тоғыстырып келеді.

Суретшілер 1991 жылдан бастап 16 жеке көрмесін өткізіп, Жер шарының түкпір-түкпірінде өткен 50 топтық көрмеге қатысқан. Апалы-сіңділі Құсайыновалардың көркем қолтаңбамен, нәзік сезімді мәнермен

композиция таңдаудағы ой тазалығына толы туындыларын тамашалай жүріп, тылсым дүниенің жан сырын естімей-ақ, жүрек көзімен, сезім күшімен түйсіне білген ерекше қабілеттерінен байқауға болады. Олардың туындылары бір болса да, әрқайсысының өзіне тән шеберлігі, жеке қасиеті бар.

Олардың шығармашылығындағы керамикадан әшекейлеп, ағаш, пайерка, бисерді және басқа да заттарды пайдалана отырып жасаған ойыншық қуыршақ тәрізді мүсіндері шығыстық мәнерге тән келбетімен ерекшеленеді. Атап айтатын болсақ, «Ұйғыр бишісі», «Татар ханы», «Соғыстан оралу», «Данышпан», «Гүл сатушы әйел» және тағы да басқа айрықша жарқын жұмыстары бар. Мысалы: «Ұйғыр бишісі» атты жұмыстарында ұйғыр халқының ұлттық костюмін түрлі-түсті бисер қолдану арқылы аша түскен, бишіге тән нәзік иірімді қолдары образды толықтыра отырып, сұлулығын да бейнелеуге ұмтылған. Дәл осындай тәсілде орындалған «Татар ханы» атты мүсіншеден қызыл шапан, қызыл бас киім киген хан образын көреміз, шапанның алдында алтынмен түсірген тұлпар бейнесі басқарушының, ханның образын ашуға қолданылған элемент десек болады, себебі, ат бейнеленбеген жағдайда ханның қарапайым халықтан айырмашылын немесе, ерекшелігін айыру қиын болатын еді. «Соғыстан оралу» атты туындылары көрген адамға ерекше әсер қалдырады. Себебі, бұл жерде бірнеше адам бейнесін орыс халықтарының (матрешка) ағаш ойыншықтарына ұқсатып жасап шыққан. Жұмыр формада берілген фарфорда орындалған бейнеге түрлі бояумен образдарын бейнелеп көрсеткен.

«Данышпан» атты туындыларында шығыстық образда киінген данышпан, оқымысты бейнесін көрсетеді. Көзі жұмылған, басын тік, қолына кітап ұстаған, формасы қарапайым болса да тереңдікті, шынайылықты сездірте алған. Авторлардың шығармасындағы рухани кемелдікке жетіп, даналық қасиеттерді меңгерген тұлға бейнесін, данышпан болмыстың заңдылықтарын терең түсініп, толық сезінеді және өзі де сол заңдылықтардың аясында, ауытқымай өмір сүретін тұлғаны көрсеткен. Оның қарапайым адамдардан айырмашылығы – өзінің іс-әрекетін, барша ғұмырын өткізінші қызықтың, жеке бастың қамына емес, мәңгілік бағыттап, кейін ұрпақ өкілдеріне өнеге таратып, ізгі ықпалын тигізетін даналығын көрсеткен. Жұмыр формада, дөңгелене орындалған жұмыстың иірімді болуыда шексіздікті көрсетеді.

ГаБо-ның ендігі бағындырған техникасы ши тоқу, ши, жүн, ағаш материалдарында орындалған туындыларына тоқталып өтетін болсақ, «Күн өнімдері», «II Жаңғыру», «Дала аңызы», «Шығыс Әміршісі» диптих, «Көктемгі кілем» және т.б. Айтып өткен, «Күн өнімдері» (60x131, 2003) атты шығармаларында піскен жемістер бейнеленген туындыда күннен түскен жарықтың жапырақтарға берген түсінінің, пісіп

тұрған жемістің ашық түстер арқылы шынайылықпен орындалғанын көруге болады. Ашық түсті фонда орналасқан үш қызғылт шабдалы бейнесі жер бетіндегі барлық жаратылысты бейнелеп, күн сәулесінің әлемге ортақ жылылығын көрсетіп тұр. Жасыл және қызғылт түстердің үйлесімділігін шидегі тоқыма қатарымен жүргізілген акварельдің жеңіл түсіне ұқсас келеді.

«II Жаңғыру» (110x110, 2001) атты туындыдан тоғыз бөліктен құралған құрақ тәрізді, әр бөлігі жеке мағыналы стилистикалық бейнелерді көреміз. Бұл жұмыстан біз жер мен аспан, әр түрлі жануарлар, оюлардың фрагменттерін, басқа да өзара сабақтас дүниелердің әрсатылы деңгейлерде көрініс тауып, өнер тілінде өмір сүретінін байқай аламыз. Бірінші бөліктен – атты жауынгер бейнесін қызыл жол бойында жиегі жасыл желекті етіліп бейнеленген көріністі көреміз. Екінші бөлікте – су өрнегі өрнектеліп, ақ, қызыл, қоңыр, жасыл түстердің өзара үйлесім тапқан. Үшінші бөлікте – қызыл дөңгелектің ортасына бейнеленген таутеке бейлесі берілген. Таңба немесе бір белгіге ұқсастырылып бейнеленген. Төртінші бөлікте – қызыл түстің түстік өзгерісін, қою түстен ашыққа қарай тереңдеп еніп, қайта қою түске оралған түстік үйлесімді бейнеленгенін байқауға болады. Бұл бөлікте де су өрнегі бейнеленген. Бесінші бөлікте – жасыл түске қызыл түсті өрнек түсіріліп, ортасына ақ фонда қызыл жапырақ бейнеленген. Бұл бөлікті күз мезгілімен байланыстыруға болады. Алтыншы фрагментте – көшпенділер өмірін бейнелейді. Түйені стилистикалық өзгеріспен жұмыр формада өрнектей бейнелейді.

Келесі бөлікте дәл осы ерекшеліктер сақталып, түйенің орнында қошқар бейнесі, оюлы қошқар мүйіз өрнегімен берілген. Сонғы екі бөліктер жандану мен жаңғырудың айқын көрінісін береді, тігілген үй, сары дала, жеміс, бақытты өмір мен ұлттың орныққанын көрсетеді. Туынды толықтай үлкен сюжеттің желісіне құрылған тарихты қазіргі күнге дейінгі байындауға арналған құрылымды картина береді. Әр бөліктегі өрнек поэтикалық сарында ұлттық ерекшелігімізді көрсетеді. Ұлтымыздың жаңғырып жаңа дәуірге қадам басқанын көрсетуге тырысқан. Олар әр фрагменттің мән-мағынасына терең барып, ұғынып бейнелейді. Бұл суретшілердің көркемдік бейне берумен қатар мағыналы туындылар беруге тырысқанын аңғартады. Жаңғыту елімізде тәуелсіздік алғаннан бері көтеріліп кележатқан ауқымды тақырып, ол тек әлеуметтік, саяси тұрғыдан ғана емес, өнер тілімен де насихатталуда. Жаңғыру мен даму режимі саяси жүйенің тек жай ғана қайта құрылуын емес, оның жаңғыру мен даму элементтерін ендіре отырып қайта құрылуын білдіреді. Нәтижесінде қоғамның саяси мәдениетінің өсуі, саяси қажеттіліктерге оның бара-барлығы, әрекеттердің тиімділігі көтеріледі. Суретшілер жұмысындағы осы бір мәдени жаңғыру кезең-кезеңге

бөлініп, жекелеген сюжеттер арқылы түсіндірілсе. Ондағы біртұтастық бірнеше бөлшектен құралған үлкен туындының тақырыбы арқылы көрініс табады.

«Дала аңызы» (40x60, 2003) атты туындыда көк, жасыл және ақ түстердің ерекше байланысын берген. Архитектуралық нысандарға ұқсас оюланған жапырақ формасы монументалды көрініс береді. Жасыл желек, жапырақ, тау және ағаш бейнелері жасыл түсте, дөңгелек, иірімді өрнектермен өрнектеліп сюжеттік көрініс береді. Жалпы көрініс қазақтың ұлттық оюлы кілемдеріне ұқсас келеді. Олардың ішінде бір-бірімен тұтасқан әлемдік гармониялар көрінісі қалыптасқан. Көк пен жасыл – тірі құбылыстар, ал қазақ кілемдерінің оюлары мифтік уақыттарды еске салады. Шынайы поэтикалық логика шығармашылық күш-қуатпен терең сабақтасып, әр қырынан қарағанда әр түрлі көрінеді. Жер мен аспан бір әлем сияқты, тұтас көрініс береді. Дала аңызы ата-бабамыздан қалған тарихи мұраны, кең байтақ жердің қойнауындағы тарихтан сыр шертеді. Әлемнің тұтастығы өткен мен бүгінгі күнді біріктіретін ұлттық құндылықтарымыз екенін көрсетуге ұмтылған.

Суретшілер композициялық шешім арқылы туындыны төрт бөлікке бөліп, дүниенің төрт бұрышын теңестіріп, кеңістікті толықтыра түсті. Дала аңызы сонау ерте кезеңнен бері халық ауыз әдебиетінің ерекше нұсқасы болып табылатын аңыз-әңгімелер қазақ мәдениеті мен өнері үшін маңызды. Оқиғасы шындық өмірден алынғанымен, ауызша айтылып таралғандықтан, фольклорлық сапалармен толыққан көркем шығарма. Қазақ халқының оқиғасын шындық өмірден алып ауызша шығарған көркем шығармаларының бір саласы – аңыз әңгімелер. Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атына, іс-әрекетіне байланысты туады. Демек, ізденген қылқалам шеберлеріне жаңа туынды жасауда ерекше тақырып бола алады. ГаБо-да дала аңызының бейнелеуде кесенелер бейнесін көрсету арқылы қазақ жерінінде көп кездесетін тарихи кесенелердің әр-қайсысы жеке тарих, аңыз екенін, дала қойнауында бабалар ізі жатқанын өздерінің туындыларында көрсетеді.

«Шығыс әміршісі», «Шығыс патшайымы» (диптих 133x43, 2002) деп аталатын туындыдан шығыс халықтарының билеушілерін көреміз. Әйел және еркек образдарын қызыл және көк түсте беріп, екеуін қатар қою арқылы көрерменге салыстырмалы нұсқа ұсынған. Суретшілер ұқсастықтар мен айырмашылыққа, түстік ерекшелік пен түстік түзілімге үлкен мән беретінін ескеруге болады. Әмірші мен патшайымның бейнесін шығыстық мәдениеттің үлгісі ретінде көрініс тапқан. Шығыстық мифологиялық сюжетті көрініс беретін жұмыстан шығыс елдерінің мәдениеті мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан, оның әр алуандығы мен байлығы, құпияға толы әлемі, көз жауын алатын әсемдігі жайлы көрініс береді. Шығыс мәдениетінің әлемдік мәдениет сахнасында

алар орны айрықша, ол ешбір басқа халықтардың мәдениетіне ұқсамайды, дара жолы мен сара жолы қалыптасқан, ерекше тылсым әлем, туындыда осы ерекше әлем бейнесі түрлі шығыстық өрнектер арқылы тылсым көрініс тапқан, түстік шешім мен композициядағы теңдік шешімі, бір бөлігі қызыл, ал екінші бөлігі көк түс арқылы салыстырмалы теңдікте орындалып шыққан.

Суретшілердің шығармашылығындағы гобелен жұмыстарына тоқталып өтетін болсақ, шеберлер әр материалды сезіне алатынын бірден аңғарамыз. Себебі, техникаға байланысты тақырып, сюжет, түстік-түзілім үйлесімдігін терең түйсініп, өзіндік ойларын кеңінен дәріптеуге тырысады. Бұл суретшілердің сезімталдығының, шеберліктерінің нәтижесі. Композициялары айрықша, онда әрбір кейіпкер өзіндік өмір кеңістігінде орналасқан. «Көшпелілер өмірі» (115x85, 2000) жүннен қолдан тоқылған шығармада көшпелілер өмірін бейнелейтін түйе жануары бейнеленген. Габо туындыларының тақырыбы терең, тарих пен ұлттық құндылықтарымыздың мәнін тереңінен зерттеп, оны өз шығармашылықтарына арқау еткенін көреміз. Рухани мәдениетіміз, Ұлы Дала төсі айрықша жауынгерлік рух пен ізгілікті дүниетанымды қалыптастырып, ұрпақтардың тарихи жадындай эпостық шығармалар арқылы кеңістік пен уақыт өрісіндегі оқиғалар тізбегін жоғалтпай, жіпке тізіп отырды.

Кез келген көшпелі, қарапайым дала тұрғыны өз халқының бүкіл тарихи-мәдени, адамгершілік тәжірибесі жинақталған ауыз әдебиеті нұсқаларын – жыр-толғауларды, аңыз-эпсаналарды, т.б. жатқа білді. Сол арқылы әлемдік өркениеттің тарихи ауқымымен біте қайнасып, өзіндік бітім-тұрпатқа ие деңгейде өмір сүріп келді. Ата-бабамыздан бізге жеткен көшпелілер өмірі тарихы суретшілердің де шығармашылығына арқау болар ауқымды тақырыптардың бірі. Кез келген суретші өз ұлтының тарихын бейнелеуге ұмтылады, ізденіс жасайды. Габо шығармашылығындағы тарихи тақырыптар да соның дәлелі.

Аталмыш туындыдан да олардың көшпелілер өркениетінің әлеуметтік-саяси мәні мен рөлін түсінуге, қазақ мәдениетіндегі құндылықтарды бейнелеуге, қазіргі Қазақстанның мәдени бейнесіне номадологиялық тұрғыдан зерттеуде бейнелеу өнер тұрғысынан шығармашылықтарына ауқымды тақырып етіп алып, оны ашуға тырысқан. Көшпелілер өмірінде түйе түлігінің орны айрықша. Туындыда түйені арқасына жүк артылған маңғаз бейнесі бейнеленген. Шөлге шыдамды, көшіп-қонғанда ынғайлы бұл жануарды ата-бабамыз ерекше қадір тұтқан. Шығармада қоңыр, қызыл, сары түстер үйлесім тауып, көшпелілер өмірінен қысқаша түсінік беріп тұр. Көшпелілердің бүкіл өмірінде қалыптасқан бір-бірімен сабақтас үлкен ұлттық тарих, еліміздің өткені екенін болаққа дәріптеп көрсетеді. Әдемі, үйлесімді композиция

құрылымдық жағынан асқан шеберлікпен орыналған. Шынайылық пен мәдени мәтін үйлесім тапқан.

«Қос музыкант» (200x135, 1999) атты туындыдан керісінше заманауи тақырыпта орындалған жұмысты көреміз. Суретшілер ашық, жарқын түстерді пайдалана отырып, туындыны әуенді, ырғақты етіп бейнелеген. Қос музыкант шығармада картитнаның екі бұрышынан бірі скрипка, бірі сырнай ойнап сахнаға шығып кележатқаны көрсетілген. Өздерінің музыкасы арқылы әлемді, даланы тербетіп, жайлылық сыйлеп тұр. Жұмыстағы ырғақтылық түстер арқылы ұтымты шешім тапқан. Апалы-сіңлілі суретші қыздар табиғаттың жомарттығын, әдемілігін жан дүниелерімен сезініп, оны шығармашылықтарында еркін көрсете білген. Суреттері түсіндіруді несеме сөзбен жеткізуді керек етпейді, көрер көзге түсінікті, жанға жайлы, жүрекке жылы қабылданады. Ой қиялдарынан туындаған образ немесе сюжет болмасын оларды көрерменмен тілдесуге жетелейді. Әуен өнер интонациясының ішіндегі өте нәзік те қиын бейнелерді тоғыстырған. Осы жерде екі көлем мен кеңістік бірігіп, ғажайып коппозиция өмірге келген. Осы композицияның ішінде жалғыздық пен қарым-қатынас, үнсіздік пен диалог, өкініш пен қуаныш, тыныштық пен мазасыздық қатар өмір сүреді. Бүкіл әлем – әр уақыттың өзіндік бөліктерінен құралған сияқты. Қос музыкант тақырыбы бізге қос суретшінің шығармашылығын ұқтырғандай болады. Нәзік те сырлы, әуенді құлақтарымен естімесе де жүректерімен түйсініп, оны өн-бойларынан өткізіп шығармашылықтарына арқау еткен. Суретшілер музыканың ырғақты әуенін әсерлі жеткізе білген. Қос музыкант пен қос суретші арасынан үлкен метафораны байқауға болады. Бұл туынды арқылы өнердегі өздерінің сырлы әуенін, өздерінің орындарын көрсетуге тырысқан.

«Өмірдің ағымы» деп аталатын композицияларында адам өміріндегі метафоралар кездеседі, үш бөлімнен құралған жастық шақ, орта жас және кәрілік кезең. Оның әрқайсысы – өзіндік өмірі бар, өзіндік тағдыр-талайы, бел-белестері бар күрделі және көркем полотно. Олар негізінен бір-біріне сабақтас болып келген, дегенмен бір арнадағы жүйені құрайтын, өзіндік дәстүрлі өнердің бояулары мен ырғақтарын сақтап қалған туындылар. Осының бәрі әр адамның жан дүниесінде өмір сүріп, оларға күш-жігер береді. Шығармалардың ішінен өмірдегі адам тағдырынан туындап жататын әрі қадірлі, әрі қымбат сәттерді бейнелейтін суреттерді табуға болады.

Өмірдің келеңсіздігі сол, апалы-сіңлілі қыздар есту мүмкіндігінен айырылғанымен, өмірге деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын бір сәтке де жоғалтпаған. Ғалия мен Бота өмірдің шуын естімейді, бірақ оны олар өте жақсы көріп, терең сезінеді. Күнделікті өмірдің ағымы олардың ішкі жан дүниесін түсіну үшін оның жүзіне және келбетіне қарау арқылы

кабылдай алады. Сондықтан да олардың образды бейнелері мен мінез-құлықтары да жарқын көрінеді, дегенмен олар нақты адамды танытпайды, тек поэтикалық ішкі дүниесін айқындайды.

Суретшілердің әр жылдары болып өткен көрмелер мен жекелеген көрмелерін өткізіп, әрдайым өз шеберліктерін шыңдап отырды. Олар 2003 жылы – Испаниядағы Қазақстан елшілігіндегі «Көшпелілер өмірі» жеке көрмесі, Мадрид қаласында ашты. Сонымен қатар осы жылы «Шығыс бойына саяхат» жеке көрмелері Алматы қаласы, Орталық көрме залында ұйымдастырылды. 2002 жылы Республикалық «Дала мен Қала. Диалогтар» көрмесі Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында ашылды. Осы жылы орталық көрме залында өткен «Дүниені билейтін төрт биік: Жер, от, ауа және су», Ж.Шарденов атындағы өнер мұражайында «Махаббат фестивалі. Мәңгіліктің қайтып оралуы» атты топтық көрмелерге қатысты. 2001 жылы апалы-сіңлілі Құсайыновалар жеке-жеке өз шығармашылықтарын ұсынды. Құсайынова Ғалияның «Бірге» көрмесі «Орхон» мұражайында, Құсайынова Ботаның «Шөл» атты көрмесі «Трибуна» мұражайында ашылды. Олар жыл сайын өткізілетін халықаралық өнер фестивалі «Мастер-класс» дипломанттары. 2001 жылы «Адам және қызғалдақ» халықаралық өнер фестиваліне, 2000 жылы саңырау суретшілердің халықаралық көрмесіне (Рим. Ватикан) қатысады. Сонымен қатар суретшілер Қазақстан Республикасы Президентінің өнер саласындағы стипендиаттары.

Кәріпбек Күйіков. Елімізде Семей полигоны – КСРО ядролық сынақ полигондарының бірі, аса маңызды стратегиялық объектісі болды. КСРО заманында Қазақстан аумағында атом бомбалары сынақтан өтті. Ол үшін арнайы 18 млн. гектар жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылғаны белгілі. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Кейіннен оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстарының салдары ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті. Халықтың денсаулығы, табиғаттың, жан-жануардың, бір сөзбен айтқанда сол жерде өмір сүретін ортаның жағдайы нашарлады. Соның нәтижесі болашаққа да үлкен әсерін тигізді. Дүниеге жарым-жан сәбилер келіп, халықтың денсаулығы нашарлады.

«Алайда елімізге қаншама қайғы-қасірет әкелген полигон Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 1991 жылдың күзінде жабылды. Осылайша 459 ядролық жарылыс өткен бұл полигон енді мәңгіге тыншыды. Туған елінің тыныштығын, адамзаттың қауіпсіздігін ту еткен Н.Ә. Назарбаев АҚШ, Ресей, Франция елдерінің басшыларымен ұзақ та күрделі келіссөздер жүргізіп, ядролық қаруды Қазақстаннан аластауға 1994 жылы келісті. Ядролық державалар (АҚШ, Англия, Россия, Қытай,

Франция) Қазақстанның тәуелсіздігіне, егемендігіне және бүгінгі шекараларының өзгермейтініне кепілдік берді. Қазақстанның тәуелсіздігіне территориялық біртұтастығына қарсы күш қолданбауға міндеттенді, Қазақстанға экономикалық қысым көрсетуге бармайтынын мәлімдеді. 1995 жылы соңғы ядролық қару қазақ елінен әкетілді» [9].

Кәріпбек Күйіков – Семей ядролық полигоны орналасқан жерден 100 шақырымдай жердегі, Қарқаралы ауданына қарасты, Егіндібұлақ ауылында 1968 жылы дүниеге келген. Ол полигонның ашы зардабын көп көрген жандардың бірі. Жарылыс салдарынан дүниеге екі қолы жоқ болып келген, туғанынан қолы жоқ болса да, еш мойымай, Семей полигонының жабылуына атсалысқан жандардың бірі. Кәріпбек Күйіковтің ядролық қаруға төзуге болмайтынын Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге дәлелдеп жүрген қайсарлығы көпшілікке белгілі. Оның тісімен немесе аяқтарының башпайының көмегімен салған суреттері полигонның қасіретін көз алдына әкеледі. Оның туындылары Түркияда, Жапонияда, АҚШ-та, Германияда, тағы да басқа шет мемлекеттердің көрмесіне қойылып, көрермен назарына ұсынылып жүр. Батыр суретші осы күнге дейін әлемді шарлап, адамдарға ядролық сынақтардың зардабын айтудан, көрсетуден еш жалыққан емес. Бұл күресін ол өмірінің соңына дейін жалғастыратынына шек келтірмейміз.

Суретші кішкентай кезінде мүгедектерге арналған институтта, сосын Ленинград қаласындағы дәл осындай мектеп-интернатында білім алып өсті. Сол жерде алғаш қолына түрлі-түсті карандаш алып сурет салды. Кейіннен майлы бояуды да үйренді.

Ол Ленинградтан елімізге 18 жасында оралады. Осы уақытта өз өмірін суретшілікпен байланыстырған болатын. Ол өзінің сұқбатында «Осы жылдар аралығында мүлдем ана тілімді ұмыттым» деп еске алады, «Туған ауылымды да ұмыттым, біздің өңір сондай кең және сұлу екен. Ленинградта көп жылдар бойы қабырғалар мен биік қақпаларға үйреніп қалдым. Ал мұнда маған мүлдем басқа әлем есігін ашқандай болды» - дейді. Осылай суретші еліміздің табиғатына деген сүйіспеншілігі ашылып, туған өлкесінің көрінісін кескіндеді, содан шабыт алды.

Ол баспасөз беттеріне берген сұқбаттарының бірінде – «Өз ауылыңа келіп ауыр көріністерге де куә болғанын. Ауыр ауа, қап-қара қар, ауру, әбден титықтаған адамдардың кескіндері жүрегің ауыртты. Үйінің жанына жақындай бере, 6 аяқты бұзауға көзі түскенін. Кейін әкесі соңғы 10 жылдықта жиі-жиі жер сілкінісі де болатынын жеткізді. Тұрғындарға ешқашан ештеңе айтылмайты. Жас аналардың құрсақ көтермеуі, өлімнің жоғары деңгейі, мутан сәбилердің көптеп туылы – тұрғындарға қалыпты өмір шындығына айналып кеткен. Ақпараттың жоқтығына қарамастан Кәріпбек Олжас Сүлейменовке хат жазады. «Невада-Семей» қозғалысының көшбасшысы суретшіні «Алматы – Хиросима»

телемоcтына шақырады. Дәл осы эфирден кейін Кәріпбекті көрмемен Жапонияға шақырады. Кейін АҚШ, Германия, Түркия, Қытайда атакты көрмелері сәтті өтеді. Түрлі ұлт өкілдері картиналарға сұмдықпен қарап, жандары ауырды. Қазақ жеріне қандай тозақ оты төнгенін көріп, көздеріне жас келді. Үміт. Тағы да үміт...» – деп жазған болатын.

Ол әрдайым болашақтан үлкен үміт күткенін шығармалары арқылы да түсінуге болады. Туындыларында бейнеленген адамдардың бейнесі, жанарынан үмітті, болашаққа деген ойлы көздерін, жанарындағы мұңдарын байқауға болады. Автор жарылысты, кемтар болып туылған сәбилерін құшағына алған аналардың мұңды көздерін, кең байтақ өлкедегі өлі табиғат бейнесін бейнелеу арқылы туындыға екі кеңістікті бейнелеп көрсетеді, оның жұмыстарында бейнеленген ядролық жарылыстан кейін пайда болатын әйгілі «саңырауқұлақтар». «Мысалы 1953 жылы 12 тамызда Семей ядролық полигонының төңірегіндегі жарылыс қуаты 480 килотонна болған. Жарылыстан кейін пайда болған нарғтай жанған радиоактивті газдардың саңырауқұлақ секілді бұлтты 16 километр биіктікке көтерілген. Осы жарылыстан кейін радиусы ондаған километр болатын жерде дала шөптері бірнеше күн бойы көгілдір сәуле шығарып тұрған екен» [9]. Дәл осындай жарылыстардан кейін орын алатын көріністерді бейнелеп, халықтың басынан өткерген қайғысын көрсете отырып, олардың болашақтан үлкен үміт күтетінін де бейнелейді.

Кәріппек Күйіковтің шығармашылығын тақырыбына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырсақ болады. Мысалы: ядролық жарылыс құрбанның бейнесі, өзінің басынан өткерген қиындықтарын бейнелеген картиналар, Қазақстанның табиғаты, сонымен қатар, шетелдерде болған кезінде салынған жұмыстарды да жеке алып қарастыра аламыз.

Суретші өз туындыларына жарылыстан болған зардапты бейнелеп қана қоймай, еліміздің, басқа да елдердің көрікті жерлерін бейнелеп, өмірге деген сүйіспеншілігі мен сұлулыққа құмарлығын ұқтыртады. Басынан өткен ауыр тағдырын, ядролық жарылыстық жер бетіне тигізген әсерін, соның салдарынан жарамсыз қалған жер бетінің күйін көрерменнің назарына ұсынады. Туындылары арқылы көрерменді туған жерді сүю мен бағалауға, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелейді. Бір жарылыс салдары бірнеше жылдарға тең, бір емес, бірнеше мыңдаған адамның өмірін улайтынын ұқтыртады.

Ядролық жарылыс құрбандарының бейнесі суретшінің негізгі тақырыбы, Күйіковтің «Жарылыс» атты туындысынан екі қолын жайып, Тәңірден (жаратушыдан) сұрап тұрған адам бейнесін көреміз. Қызыл, қызғылт фонда оттай ыстық көзге бірден түсетін жарылыс бейнесі, адамның алақаны не үшін жайылғанын бірден ұқтыртады. Адам өмірі мен болашағы, ұлт болашағы дәл осындай жарылыс салдарынан

құлдырап кетпеуін тілеген адам, суретшінің өзінің тілегін бейнелегендей көрініс береді. Көз алдында болып жатқан жарылыс кім-кімді болмасын елеңсіз қалдырмасы анық. Картинада жарылыс алыста орын алса да, оның адамзатқа тигізер қауіпі мен кесірін суреттегі адам бейнесіне түскен отты сәуле арқылы көрсеткен.

Автордың өзінің басынан өткерген қиыншылықтары әрбір туындыдан айқын көрінеді. Суретшінің өмірге деген құлшынысы, сүйіспеншілігі мен атомдық жарылыстарға қарсы екендігін, болашақта өзінің басынан өткергенін ұрпақ бастан кешпесе екен деген тілегі бірден сезіледі. Қызыл, қызғылт, сары, қара түстердің түстік байланысы арқылы композициялық шешім де адам бейнесі көрерменге артқы жағынан және алдыңғы планда орналастырылған. Суретші осындай шешім арқылы жарылыс пен адам аралығындағы кеңістікті көрсете білді. Арасындағы ауқымды жер кеңістігі болса да адамның жүзін бойлай түскен отты жарық, оған зардабын тигізбей қалуы мүмкін емес екенін білдіртеді. Суретші өзінің туындыларын ойдан шығармайды, бастан кешіп, көзі көрген ауыртпашылықтарды бейнелейді. Сол себепті, оның кез-келген шығармасы көрерменнің жүрегінен орын алады.

Кескіндемешінің басқа да туындыларында жарылыс салдарынан қурап қалған кең-байтақ өлке, мүгедек жандар бейнесі берілген. Оның «Ядролық сұмдық туралы менің тарихым» атты автопортреті бейнеленген жұмысында табиғат аясында бесікте бөленген сәби бейнеленген. Ол нәресте суретшінің өзі. Туынды көрермен жүрегі бірден елжіретіп, жанарына жас ұялатады. Себебі, автор өзінің бейнесін метафоралық теңеу арқылы кескіндейді. Онда бейнеленген кең дала сарғайып, күйіп кеткен, таулар да қара түсте күңіренген, жайылып жүрген жылқыларды туындыда сарғайған шөптің ортасына бейнелейді. Бұдан, бесікте қолсыз жатқан бала мен табиғаттың жағдайы бірдей екенін аңғаруға болады.

Суретші туындысындағы ауыр көрініс қазақ халқының басына түскен жағдайдың бейнесі екенін ұлттық нақыштағы жерге жайылған киіз бен бесік, бесіктің басына анасы іліп кеткен ақ жаулық жалғыздықты білдіргендей. Суретші осы туындының екінші нұсқасында бейнелейді, ол жерде бесікті анасы тербетіп, жасыл жөптің ортасында отыр, бірақ бұл жайлы көріністі бұзған аспан мен жердің түйіскен жазықтығында бейнеленген ұлткен отты саңырауқұлақ бейнесі, яғни, жарылыс. Ашық көк мөлдір аспанға қара бұл үймелетіп, жасыл шөпті қуратқан, анасын баласынан айырып, баланы мүгедек еткен ауыр трагедиялық көніністі бейнелейді. Суретші композициясындағы алдыңғы және артқы планды еркін ажырата аламыз. Табиғат, дала, ауа кеңістігін анық жеткізген. Түстік шешімі де ерекше, ауыр бейнені бейнелеуде ашық, айқын түстерді еркін қолданған.

«Алғашқы жарылыс» атты жұмысында Қазақстан 40 жыл бойы басынан өткерген жағдайдың қалай басталғанын бейнелейді. Киіз үй ішінде дастархан басында жиналған бір отбасының шаңырағы ортаға түсіп, дастарханы шашылып, жан-жаққа құлаған анасы, баласы, әкесінің бейнесін көреміз. Еш алаңсыз, ұйып отырған отбасына қайғы-қасірет әкелген алдарында бейнеленген отты сары саңырауқұлақ бейнесі еді. Осы бір жарылыс бақытты қазақ отбасын бұзғаны кескінделген. Жер мен аспанды қызыл жаныңға орағаны сонша, адамдар беттерін жауып, жан-жағын көруден қалған аянышты көрініс берілген. Шығармада бейнеленген әрбір заттың айтары мол, ақ төгілген күбі, адамдарды жағалай ұшқан қарлығаш, баласын бауырына қысқан ана, шарасыз қалған әке бейнесі бұрын соңды болмаған жарылыстан алған ауыр соққыны көрсетеді.

«Полигонның салдары» атты туындысында ер адамның портреті кескінделген. Бөлме ішінде орындалған туындыдағы ер адамның бет-жүзіне қарап жаның түршігеді, себебі, бір көзі жоқ, ал екінші көзі ашылмайды, өте ауыр бейне, бұл портретте артқы фонда орналасқан домбыра, жерге төселген оюлы кілем, тағы да, қазақ жері, қазақ елі туралы ой қозғайды. Терең философиялық мағынаға негізделген.

Суретшінің жарылыс тақырыбындағы ауыр жұмыстарының бірі «Сұраушы» деп аталады. Жан тебірентер бұл туындыда қолы жоқ ана, құрсағында қолы жоқ бала бейнесі бейнеленген. Отты жарылыстың ортасында аспанға қарап көмек сұрап отырған бейнені көрген адамның жүрегіне мұң ұялары анық. Ұлт болашағы, еліміздің ертеңі жас ұрпақ, оны өмірге әкелетін ана, анамен-баланың дендерінің сау болуы елдің ертеңі үшін үлкен міндет. Шарасыз қалған ана аспаға қарап сұрайды, көмек қолын күтеді. Дәл осындай ауыр көрініс көрерменді бей-жай қалдырмасы анық. Қызыл отқа оранған бейне, ананың көрінісімен жоғарылай аспанмен ұштасқан дөңгелек формадағы сап-сары жарық жарылыс пен ананы аспанмен тілдесіп отырған сәтін бейнелеп көрсетеді. Тілегі бәрімізге аян, өзінің ұрпағына амандық, саулық тілейді. Дені сау ұрпақ ұлт болашағы, еліміздің ертеңі.

Норвегиялық суретші Эдвард Мунктің «Айқай» атты туындысын әлемдік суретшілердің көбісі көшіруді қатты ұнатқан. Солардың қатарынан Кәріппен Куйіковте табылды. Себебі, аталмыш туындының заманауи мәдениетке әсері өте мол болды – «Айқай» экспрессионизмнің танымбелгісіне айналды, сонымен қатар, жалғыздық пен торығу тақырыбындағы модернизмнің алғышарты болып қалыптасты. Картинаның қан-қызыл пейзажы – табиғаттың шынайы құбылысы. Автордың жұмысында, бұл табиғаттың айқайы іспеттес. Бәлкім, суретшінің сол сәттегі торығу сезімі ортада тұрған жыныссыз фигурада бейнеленгендей көрінеді. Кәріппек Куйковтің де туындысында

бейнеленген айқайлап тұрған бейне табиғаттың ортасында отты қызыл жалында, қара түсте кескінделген. Авторда бұл бейне арқылы жан айқайын көрсетуге тырысқан.

Оның дәл осындай сюжеттегі көптеген туындыларын тізіп шықсақ болады. Себебі, бәрінің айтар ойы, көрінісі бір. Ол тек жарылыс салдарын, бейнелеумен шектеліп қалған жоқ. Суретшіге шабыт шақыратын еліміздің кең өлкесі, тамаша табиғаты. Көк аспан, жасыл шөптер, тап-таза өзен таулардан сылдырлап ағуда. Бақытты ана табиғатқа тамсана қарап, көркіне көз тоймай тұр. Бұл картина – суретшінің арманы. Суретші өзін табиғатпен бірге өмір сүргізіп, содан алған шабытын, туындыларында бір ізбен бейнелеп шығады. Жан-дүниесін баурап алған сұлу табиғат кескінің, түсін тауып бейнелемейінше бір тыншымайды. Суретшіге өзінің арманындағы, қиялындағы бақытты көріністерді бейнелеу үлкен шабыт әкеледі. Автордың осындай туындылары арқылы болашаққа деген үлкен сенімін аңғаруға болады. Еліміздің, халықтың еңтеңін бейнелеуде, қиялына қанат бітіріп, түрлі бояулармен қылқаламын еркін сермейді.

Күйіков әрдайым ізденісте жүретін, шығармашылығын шыңдаудан жалықпайтын суретшілер қатарына қоса аламыз. Ол майлы бояумен әртүрлі жанрда жұмыс істеп қана қоймай, графика саласында да керемет туындылар орындады. Оның «Қазақ эпосы», «Кітап» атты графикалық жұмыстарында көрсеткен шеберлігі мол.

Жаңа сезімдер мен көзқарастар картиналарға түрлі сюжеттер сыйлады. Бүгінде ол Қарағанды қаласының тұрғыны, бірақ, шетелдерге сапары мен Қазақстанның басқа да қалаларын аралағанда алған әсерін әрдайым өзінің туындыларына арқау етіп келеді. Суретшінің туындыларындағы әсем табиғат бейнесі, ағаштар мен таулар, ашық аспан қанық түстермен бейнеленеді. Туындыларында ашық түсті, жарықты бейнелеу арқылы өзіндік қолтаңбасын анық көрсетеді. Майда мазоктар арқылы түстердің бір-бірімен үйлесімін таба білген.

Автор «Алатау», «Ыстық көл», «Арал теңізі», «Таулар», «Алматы қаласының шеті», «Су тоғаны» тағыда басқа табиғаттың көрінісін ашық түстермен, бейнелеп, сұлу да әсем көріністерді кескіндеді. Оның пейзаждары жайлылығымен, түстерінің жылылығымен ерекшеленеді. Адам мен табиғат егіз ұғым, адамды қоршаған орта, табиғат әлемі шабыттандырады, керемет көрінісі жаныңды тербейті, тыныштандырады, өмірге құштарлығыңды аша түседі. Кескіндемешінің туындыларындағы осындай көріністер, оның жан-дүниесінің табиғаттан шабыт шақыратынын аңғаруға болады.

Суретші өзінің туындыларын жазып қана қоймай оны көрермен назарына ұсынып, жеке көрмелерін жиі ұйымдастырып келеді. Елімізде ғана емес, шетелдерде де көрмелерін ашты. Көрмеленің нәтижесінде

авомдық жарылыстарға қарсы екенін айтып, әлемді ядролық қарудан бас тартуға шақырудан жалықпайды. Себебі, өзінің басынан өткерген қиыншылықты болашақ ұрпақ көрмесе екен деген ақ тілегі. Суретші қоғамда өзінің өмірге деген құлшыны мен сүйіспеншілігі арқасында көптеген жандарға үлгі болар азаматқа айналды. Ол еліміздің өнерінде, тарихында өзінің қолтаңбасын қалдырды. Туындылары арқылы Семей полигоны орналасқан аймақтағы халықтың өмірін, жан-жараларын көрсетті. Суретші өзінің ғана емес елінің, туған жерінің басынан өткерген ауыр қасіретін әлемге баяндап берді. Демек, өз мұратына жетті.

Қалибек Айнажаров. Қалибек Айнажаров – дәрігерлердің қате қойған диагнозынан кейін 21 жасында мүгедек болып қалған. Осылайша, мүгедектер арбасына таңылған. Алайда, өмірге деген құлшынысы өлмеген шебер ағашқа ойып сурет салып, колөнермен айналысады. Бүгінге дейін суретшінің қоржынында 40 шақты экспонат жинақталған. Ағашқа ойып сурет салуды 37 жасынан кейін үйреніп, ағашқа терең мағыналы тақырыпта сюжеттік картиналар бейнелеп келеді. Көбіне өз халқымыздың, өзге халықтардың даналық сөздерін еңбектеріне тақырып етіп, сол ойын жеткізуде асқан шеберлік танытты.

Қалибек Айнажаров Мәскеудегі өнер университетінің фотокинематография бөлімшесін сырттай бітірген. Ұзақ жылдар бойы фото өнері саласында жұмыс істеген. Суретшінің айтуынша, арнайы білімі жоқ болса да, 1997-1998 жылдары жаңа іс – ағашқа ойып сурет салумен айналыса бастаған.

Қалибек Айнажаров қолына егеу мен кішкентай пышақ алып, ағаштан сурет оюды кәсіп етеді. Тынымсыз еңбек пен ізденістің арқасында шеберлігі шындалған суретшінің «Галгоф жолы», «Махаббат туралы дастан» сияқты туындылары жоғарғы бағаға лайықты болып шықты. Шығыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының көмегімен Қалибек Айнажаровтың туындылары Мәскеудің төрінен көрінді. Мәскеуде 15 күн бойы өткен аталмыш көрмеге Үндістан, Грекия, АҚШ, Германия сияқты елдердің әйгілі қылқалам шеберлері қатысты. Қалибек Айнажаровқа енді осы елдерде өтетін халықаралық көрмелерге қатысуына үлкен мүмкіндіктер ашылды. Сонымен қатар, Астана қаласында да ағашқа ойып сурет салу өнерінің шебері Қалибек Айнажаровтың екінші жеке көрмесі ашылған болатын. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен шараға зиялы қауым өкілдері, депутаттар, шебердің өнерін бағалаушы қауым көптеп келді. Автродың ағашқа ойып салған туындыларына таң қалған көрермен қатары көп болды.

Қалибек Ишпекбайұлының өнері елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелде де жоғары бағаланған. Оның әр суреттерінен халықтың арман-мақсатын, мәдениеті мен тарихын айқын аңғаруға болады. Өйткені, әрқайсысының астарында терең философиялық сыр жатыр.

Қ.Айнажаровтың қилы тағдыры мен өзіндік ерекшелігі мол өнерін үйінің ішіндегі аядай шеберханасында жасайды. Ұзақ ауқыт бір орнынан табжылмай орындалған жұмыстарының нәтижесі көз қуантады, себебі, ойылып шыққан бейне анық, дәйекті қашалған, бұл көрерменге ғана емес, суретшіге де үлкен шабыт әкеледі, қуантады. Әр туынды көрермен назарына ұсынылғанда құнды бола түсеті, ол авторға жаңа құлшыныстар мен идея әкелетіні сөзсіз. Соның нәтижесінде, жаңа жұмысты қалай бітіріп қойғанын аңғармайда қалады.

Әр суретте терең мазмұн бар. Қазақтың салт-дәстүрі, әдебиетінен сыр шертеді. Әр шығармасынан қазақ халқының тарихын көруге болады. Сюжеттік көріністерді ағашқа бедерлеп оюда үлкен еңбегінің нәтижесінде ағаштағы әр-түрлі көріністерді көрерменге жеткізе білді. Арнайы білімі болмаса да, қолөнер шебері үлкен еңбектің нәтижесінде тәжірибелі маман ретінде өзін-өзі қалыптастыра білді. Қолөнер қазақтың қанында бар өнер болғандықтан Қалибек Айнажаровтың бұл туындылары ішінде жатқан өнерін сыртқы ортамен бөлісу деп түсінуге болады. Басына түскен қиындық пен шарасыздықпен күрескен суретшінің жұмыстары терең мазмұнға негізделген.

Қазірде автордың қолынан шыққан ағашқа ойылып салынған туындылары біршама. Ал тақырып мазмұны әр түрлі. «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырының ізімен салынып, оған «Махаббат туралы дастан» деген ат берілген. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасының негізгі идеялық-мазмұны сол дәуірдегі жастардың сүйіп қосылуын арман еткен тілек-мүдделерді қамтиды. Екеуі екі тұлпар үстіндегі ғашықтар бір-біріне қанша құмартып қол созғанмен, кеңістікте жолдары түйіспей зымырап өтіп барады. Осындай күрделі көріністі ағаш материалында қашап шыққан суретші айтар ойын айқын көрсеткен. Абайдың «Көзімнің қарасы» ақын шығармаларының өзекті тақырыбы – махаббат мәселесі бұл өлеңінде ерекше ыстық сезіммен, Абайға тән шеберлікпен өрнектеледі. Өлеңде ақын аз сөзге көп мағына сыйғызу ниетін көздеген. Ғашығына деген ішкі сезімін де ірікпей айтқан, жігіт сөзінен үзіккен жүрек лүпілі, тағат таптырмай тынышын қашырған, бір ысып, бір суыған іңкәр ниет, алабұртқан көңіл күйі туындыдан да сезілгендей.

Сәкеннің «Тау ішінде» атты туындыларының желісімен салынған еңбектерінің де айтары көп. Батырлар сайысы, саятшылық тақырыптарына арналған паннолары ұлттық нақышымен ерекшеленеді. Суретшіге әрбір жаңа шығарма, жаңа ән, тіпті жаңадан естіген мақал-мәтелдің өзі ойына ой қосып, қиялын шарықтатады, автор үшін халқымыздың эпостық жырларының жөні бөлек екенін бірден көруге болады.

«Қобызшы» атты жұмысында түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт ата образын ерекше бейнелейді. Ағаш қатты, күрделі материал екеніне қарамастан суретші асқан шеберлікпен ойып,

кашап, бедерлі бейнедегі әрбір сызықтар, қатпарлар арқылы туындыларын дәйекті ете түседі. Он саусағынан өнер тамған шебер ағаштан зат жасаумен емес, оданда күрделі ағашты ойып бедерлі бейне, үлкен композиция жасап шығады. Автор туындыларында бір ғана бейнені емес, күрделі тақырыптарға тоқталып, ағашқа адам бейнесін ойып шығуда өзіндік ешекшелігін танытты. Атап айтатын болсақ, «Үш жүз», «Махаббат дастаны», «Сенім», «Балалық шақ» және тағыда басқа туындыларынан бірнеше образды алып, тақырыпты толықтай ашып шыққан кенепте майлы бояумен орындалған жұмыстан да дәлдірек, нақтырақ бейнелегенін көреміз. Суретші шығармашылығы ағаш өңдеу өнерін тағы бір биікке көтерді десек болады.

Суретшінің ұлттық ойындарды бейнелеп көрсеткен туындылары да ерекше көзге түседі. Ұлттық ойынға құштарлық арқылы ол күнді, сәулені, өмір шаттығын ағаштағы бедерлер арқылы көрсетуге ұмтылады. Осыдан келіп шығарманың декоративтілігі, кереғарлығы, көтеріңкі ашық өмір көрінісі реңі туындайды. Ұлттық салт-сана туралы ой толғағанда суретші халық ойындары мен әдет – ғұрыптарында ұлттық психологияның, үрдіс – дәстүрлердің, мінез – құлықтың нышандары айқын байқалады. Сан ғасырлар бойына ұрпақтан – ұрпаққа мұра боп келе жатқан халық ойындарында ұлттық сыйпаттың өзгешелігі, ерекшелігі мол көрініс тапқан. Автор осы сипаттарды аталмыш жұмыстарында ерекше жеткізе білген.

Кең де тұңғыық панораманы айқара ашуға мүмкіндік берген алыс көкжиек, көкке шапшыған немесе жүйіткі шапқан аттардың қиялай ойқастауындағы екпін, салт аттар тұлғасындағы таңғажайып ракурстар – бәрі суреттегілерге шиыршық атқа серпін беріп қана қоймай сонымен қатар драмалы шиеленісті де үдете түседі.

Қазіргі адам ойының озықтығы, шығармашылығының шындалуы мен жетілуі ғылым мен техниканы еркін меңгеру дәрежесіне көтеріліп отыр. Түрлі өнер мен мәдениет саласындағы өзінің орнын ойып алар жауһар туындылар да адам қолынан шыққан. Ал осындай күрделі ой мен қиын істердің шешімін тауып, өнер саласында да өз шығармашылығымен танымал болған адамдар арасында мүмкүндігі шектеулі жандардың кездесетінін де кейде естен шығарып алып жатамыз. Бұл жандар өздерінің өмір сүруге деген құлшынысын, жанының тыныштығын жасаған туындыларынан тауып, ләззат алады. Жарымжан жандардың арасында бейнелеу өнерімен түбегейлі шұғылданып, болашағын осы саламен байланыстырғандар аз емес. Олардың өнері өздерінің ортасында белгілі болып қана қоймай, елге танылуы, оларды таныту қоғамдағы маңызды, ауқымды істің бірегейі болып отыр.

Әрқайсысының мән-мағынасы бар картиналарында өз ой-толғаныстарын жеткізу тәсілі бар. Олар ағаштан құр ойыла салған

ойыншық қоян, аю емес, оларда тұтастай философиялық ой түйінделген. Суретшіге түрлі елдерге, осы салада өтетін үлкен іс-шараларға жиі шақырулар да түседі. Бірақ, өкініштісі сол, дәл уақытында шалғайда тұратындықтан қолдау-көмек жоқ болып, қолының қысқалығынан қатыса алмайтын кездері жиі ұшырасады.

Қалибек өзінің қайталанбас туындыларын ағаш бетіне ойып салады. Олар «Адам ата мен Хауа ана», «Балалық шақ», «Дала аруы», «Голгофаға жол», «Үш жүз», «Қобызшы», «Періште мен төрт салт атты», «Гурдофарид пен Сухрабтың жекпе-жегі», «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Омар Хайям» т.б. өнер туындыларын айтсақ болады.

«Балалық шақ» атты панносында суретші барлық адамға ыстық бала күнгі өмірін есіне түсіреп отырып бейнелегенін көрсетеді. Алаңсыз ойнап-күліп өскен балалық шағы кімге болса да ыстық, ұмытылмас кезең. Авторда өзінің бала өміріне тоқталғаны таңдандырмайды. Өз жұмысында бала күнге сағынышы, естелігін бейнелеп көрсеткендей.

Бүгінгі таңда Қалибек Айнажаровтың есімі әлемдік дәрежедегі суретшілердің реестріне енген. Оны Италия, Ұлыбритания, Ресей, Польша, Болгария, Аргентина т.б. көптеген елдердің сурет галереялары түрлі көрмелерге шақырады. Олардың қатарында «Гринвуд Холл», «Никас Сафронов», «Аквариус», «ArtPloy» секілді әлемге әйгілі галереялар да бар».

«Амал не, әлемдік өнер шеберлері тарапынан лайықты бағаларын алған суреттер әлі де өз деңгейінде бағаланбай отыр. Мұң-зарымды айтып жоғарыға жаздым. Олардың маған көмек көрсету туралы жергілікті жерлерге жазған хаттары да бар. Бірақ, неге екені белгісіз «баяғы жартас, сол жартастың» кебін құшып отырмыз», – дейді Қалибек Ішпекбайұлы.

Суретші Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағын әлемдік додада желбіреткен, «Әлемнің ұлы адамдары» кітабына енген. Қалибек Айнажаровтың өмірі мен өнері көптеген жандарға үлгі, өнеге. Еліміздің даналық сөздерін, ақын-жазушылардың шығармаларын бейнелеу өнерінде көрсеткен суретшілердің бірі. Көбінде бұндай туындыларды суретшілер графикада орындайды, ал Қалибек Айнажаров сәндік-қолданбалы өнерде ағаш материалында орындап шықты. Екеуінің арасы жер мен көктей, себебі қиындық пен дәлдік үлкен орын алады. Бірақ, суретшінің жұмысарындағы жіңішке сызықтар, ағаштың қыртыстары дәлдікпен орындалғаны таңдандыра түседі. Шеберлік пен үлкен шыдамдылықтың нәтижесі деп айтсақ болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

12. http://www.inform.kz/kz/kazakstan-mumkindigi-shekteuli-zhandarushin-kedergisiz-kenistikke-aynaluy-tiis_a2650978
13. <http://www.astanatv.kz/news/show/id/58770.html>
14. http://bnews.kz/kz/news/kultura/tauelsizdiktin_25_
15. <http://www.artinfo.kz>
16. <http://www.madenimura.kz/kk/materials/events/moialubovalmaty/>
17. Болатбаев Қ. Көкжиек және кеңістік. – Алматы: «Алматы баспа үйі» ЖШС, 2008 - 192 б.
18. <http://almaty-akshamy.kz>
19. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2484>
20. http://nehabar.kz/novosti/ne_xabar

II-БӨЛІМ ӘДЕБИЕТТЕГІ КЕМБАҒАЛ ЖАНДАР

Әдебиеттегі мүмкіндігі шектеулі жандар

Сұлулық әлемді сақтайды деген етене сөз бар. Бұл тезиске дау айтуға да болады, ақиқат деп қабылдауға да болады. Бірақ тереңірек үніліп қарасаң, бәрі адамдардың өз қолында екенін түсінесің. Сұлулық әлдеқайдан пайда болмайды және сырт көмексіз баршаның жетістігіне айналмайды ғой. Оны таратушылар – сұлулықты адамның қабылдауына лайық эстетикалық түрге енгізетін талантты авторлар. Қалайда талант – табиғи құбылыс. Дарынды адамдар географиялық кеңістіктерден, мемлекеттік шекаралардан, экономикалық пайдалардан және саяси көңіл-күйлерден тәуелсіз, әлемнің әр түпкірінде дүниеге келеді. У. Шекспир, Данте, А.С. Пушкин, Абай – барлығы бірдей жер беті цивилизациямы өкілдеріне таныс, жақын. Өнер үшін дарынды артист немесе ақынның әлеуметтік мәртебесі мен тән кемістігінің еш маңызы жоқ. Солай болғанмен, сырттай барлап қарасақ, атақты өнер, мәдениет қайраткерлерінің қатарында мүгедек деп атауға болатын әрі кетсе он шақты ғана адам бар. Бұл сонда әлеуметтік тұрғыдан қорғаусыз адамдар шығармашылық үрдіске қатыса алмайды дегенді білдіре ме? Жауап айқын. Әрине, қатыса алады. Ол аз десеніз, олар табиғатынан сұлулықты қапысыз сезінетін қасиеттері болғандықтан қатысуға міндетті.

Көне грек ақыны Гомердің туғанын көзі көрмегені тарихтан мәлім. Бірақ бұл оның шығармашылық табиғатына әсер етпей, «Илиада» мен «Одиссея» поэмаларын жазды.

Мигель Сервантес (1547 – 1616) – испан жазушысы, «Қу идальго Дон Кихот Ламанчский» романының авторы ретінде танымал. 1571 жылы әскери қызметте жүрген Сервантес Лепантодағы шайқаста қатты жарақат алып, нәтижесінде сол қолынан айырылады. Кейін ол «Құдай мені сол қолымнан айырып, оң қолымды жұмыс істеткізді» деп қалжындап жазған екен.

Джозеф Пулитцер (1847-1911) – американдық баспагер, журналист. 40 жасында көз жанарынан айырылады. Бірақ соңғы демі біткенше жұмысын доғармайды. Қайтысболғаннан кейін ол 2 мил долларды Колумбиялық университетке қалдырады. Бұл қаржының үш бөлігі Журналистика жоғары мектебін ашуға жұмсалып, қалғаны 1917 жылдан бастап американдық журналистерге сыйлық ретінде тағайындалды.

Хелен Келлер (1880-1968) – 1,5 жасында ауырғаннан кейін көзі көрмейді, құлағы естімейді, мылқау болып қалды. Бүкіл өмірін мүгедектерге, олардың құқықтарын қорғауға арнады. Әлемдегі бірінші өнер бакалавры дәрежесін алған саңырау-мылқау адам. Жазушы,

саясаткер, лектор. Кітаптары: «Менің өмірімнің оқиғасы», «Мен өмір сүріп жүрген әлем», «Тас қабырғаның әні», «Қараңғылықтан», т.б. кітаптардың авторы.

Николай Островский (1904-1936) – жазушы, атақты «Құрыш қалай шынықты» романының авторы. 14 жасынан бастап шашыраңқы склероз жазылмасдертіне шалдығып, өмірінің соңына дейін сал болып төсек тартып жатады. Сонымен қатар, соғыста алған жарақаттарынан көзі де көрмей қалады.

Михаил Суворов (1930-1998) – ресейлік ақын, 16 поэтикалық жинақтың авторы. 13 жасында минаның жарыллысынан көзінен айырылады. Оның көптеген өлеңдеріне ән жазылған.

Ник Вуйвич (1982 ж.т.) – өте сирек кездесетін генетикалық ауру тетраамелияға шалдыққан. Ол аяқ-қолдарынсыз дүниеге келген. Тек екі саусақты 10-15 см бір табаны бар. Осы екі саусағымен компьютерде әріп теруді үйреніп, жазушылықпен айналыса бастады. Бүгінгі таңда Ник Вуйчич дүние жүзін аралап мүгедектерге, түрлі себептермен өмірдің мәнін жоғалтқан адамдарға шеберлік-сынныптар жүргізуде. Сонымен қатар, табыстан басқа оның сұлу әйелі және аяқ-қолы сау баласы бар.

Қазақ әдебиетінде мүмкіндігі шектеулі жандардың шығармашылығы өз орнын тапқан. Екінші дүниежүзілік соғыстан мүгедек болып оралған майдангер ақын-жазушыларды айтпағанда, бейбітшілік заманда да оқыс жағдайларға ұшырап, не айықпас дертке душар болған азаматтарымыз да жетерліктей екен.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын **Сәниев Шәрифолла** (1933 – 2017) Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданының Сайқұдық ауылында дүниеге келген. әуелі Сайқұдық жеті жылдық, кейін Жымпиты сегіз жылдық мектебінде оқып, соңынан Өлеңті ауылындағы Талап орта мектебін тәмамдайды. 1951 жылы Стерлитамақтағы (Башқұртсан) авиацияның кіші мамандарын даярлайтын мектепті бітіріп, ұшақтардың электр жабдықтарын жөндейтін шебер болып еңбек етеді. Шәрифолла Сәниұлы кейін аутокөлік жүргізушісі, тың көтеру жылдарында жұмысшы болып еңбек майданына араласады. Мектепте оқып жүрген кезінен-ақ поэзияға бүйрегі бұрған шәкірттің алғашқы өлеңдері мектептің қабырға газеттерінде жарияланады. Шығармашылыққа аңсары ауған ынталы жас Жымпиты аудандық «Қызыл ту» газетінің баспаханасында еңбек ете жүріп, өлең жазудан қол үзбейді. 1978 жылы арман жетегінде Алматыға аттанады. Өлеңдері Қадыр Мырза Әли сынды қазақтың мықты ақындарының назарына іліккен ол Алматы полиграфия комбинатында, соңынан «Құлыншақ» балалар журналында жауапты хатшы болып қызмет істейді. 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жас керуен» деген жалпы жинаққа бір топ өлеңі енген. Содан бері қарай «Сапар» (1971), «Бір тілім ай» (1989), «Еркелер мен серкелер» (1991) атты жеке жинақтары жарық көрген.

Ақын осыдан біраз жыл бұрын Орал қаласына қоныс аударған еді. Жас күнінде алған жарақаттан жанары семіп, зағип жанға айналса да, оның қолынан қаламы түспеді. Ақын 2014 жылы өз қаржысына балаларға арналған «Балбұлақ» жыр жинағын шығарып, оның денін Орал қаласындағы кітапханаларға тегін сыйлады. Адамгершілік пен жан тазалығын бәрінен биік қоя білген азамат балалар поэзиясында да кіршіксіз таза көңілмен қалам тербеді.

2014 жылы Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы Ш.Сәниевтің өлеңдер жинағын бедерлі-нүктелі қарпі түрінде шығарды.

Бибігүл Иманғазина – 1942 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында дүниеге келген, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, II топтағы мүгедек. 17 жасында бір қаныпезердің кесірінен мүгедектікке душар болып қалғанда өзіне-өзі: «Осыдан аман-есен сауығып, ел қатарына қосылып, екі аяғыммен тікеден-тік тұрар болсам, барлық мүгедектерге, жетімдерге қолымнан келген көмегімді жасауға тырысамын» деп серт берген екен. Сөзінде тұрып, мүгедектердің қамқоршысына айналды. 1990 жылы Алматы қаласында бала тәрбиелен отырған мүгедек аналардың республикалық «Бибі Ана» қоғамын құрады. Бүгінде мүгедек аналар республикалық «Бибі-Ана» қоғамының президенті. Кейіннен еліміздің түкпір-түкпірінде осындай қоғамдар құруға ұйтқы болды. Өз өмірінен жазылған «Тауқымет» атты романы шынайылығымен оқырмандарды баурап алады. «Оқырманы көп автор» дипломына ие болған бұл романның бірінші томы 1995 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген. «Құрмет» орденімен марапатталған.

Әуезхан Қодар (1958-2016) – Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы Абыла теміржол бекетінде туған. 1982 жылы ҚазМУ-дың заң факультетін бітірген. 1982–1985 жылдары Қызылорда облысы, Қармақшы ауаткомының жасөспірімдер жөніндегі комиссияның хатшысы, 1989–1994 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем аударма және әдеби байланыстар жөніндегі редакторы бас алқасында орыс бөлімінің меңгерушісі, 1994 жылдан Қазақстан халықтарының мәдениетін қорғау жөніндегі «Алтын ғасыр» қоғамдық бірлестігінің президенті болды. 1997–1998 жылдары Неміс театр академиясында философия тарихынан дәріс берді. 1999 жылдан «Тамыр» журналының бас редакторы болып келді. Екі тілде бірдей жазатын Әуезхан Қодар жазушылықтағы жаңа толқынның өкілі еді. Жазушының қаламынан «Туған күн», «Ақеділдің анты» пьесалары (1986), «Қанатты өрнек» (1990), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» жинағы (1996), «Еске алмау шеңбері» (1998), «Қазақ әдебиетінің тарихына шолу» (1999) кітабы, «Қанағат қағанаты» жинағы (1994) туды. Ол қазақ тіліне Е.Замятиннің «Аттила» драмасын, М.Хайдеттер, Х.Гасеттің философиялық еңбектерін,

Швиттерстің өлеңдерін, ал орыс тіліне Абай, Мағжан, Ж.Жақыпбаев шығармаларын аударған. Қодар республикалық шығармашылық жастар «Жігер» фестивалінің лауреаты еді.

Жазушы бала жасынан мүгедек болды. «Мен төрт жасымнан ауырдым. Бірде әке-шешем мені қонаққа алып барды. Үйге келген кезімізде мен кенеттен екі аяғымның бірдей жүрмей қалғанын білдім. Жалпы, сұмдық бір жағдай орын алды. Медбикені шақыртты. Ол келіп ине шанышты. Бірақ содан кейін безгек ұстағандай болып ауырып, тіпті қақсап кетті. Менің ырымшыл ата-анам мұны көз тигеннен болды деп есептеп, мені дәрігерлерге апарудың орнына, әртүрлі емшілерге, бақсылар мен балгерлерге сүйрей бастады. Кейін мұның полиомелит деген науқас екені анықталды» – деп жазды өзі бұл туралы.

Топанбай Мейірхан – 1994 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген жас ақын, республикалық «Шарапат» шығармашыл жастар байқауының бас жүлдегері. Дүние есігін ашқанынан ДЦП мен талма, көз ауруларымен алысып келе жатқан 22 жастағы жігіт «бойымда дертім бар» деп еш қаймыққан емес.

Тағдыр сынынан сүрінбей өту үшін ел азаматтарына үлгі болып, жүрек қалауымен өлең жазумен айналысып, тіпті төрт бірдей тілді меңгерген. Түрік және француз тілдерінде жазатын ақын-жазушылардың шығармашылығымен етене таныс ақын аудармашылық қырымен де таныла бастаған. Ол шығармаларын зағип әліпбиіне сүйеніп жазады. Мейірханның жүрек төрінен шыққан өлеңдері мен аудармалары небір әдебиет сыншыларының оң бағасына ие болған.

Мейірханның сыршыл жан екенін оның өлеңдері мен күнделіктеріне жазылған терең мағыналы ойларынан еріксіз байқайсыз. Күнделігіне үзік ойларын жазып отыратын азамат бірде: «Мүмкіндігім шектеулі болғаныма мен айыпты емеспін. Аяп мүсіркеп, яки, менсінбей қараудан арылса ғой адамдар!» деген екен. Тағы бір жазбасында: «Суық жанарлардың қадала беруінен қажыдым, тәнім дертпен алысса, жаным көкірек көзі соқыр жандардың қарасынан қашқақтап бағады» дейді. Мейірханның парасат-болмысын ашатын тағы бір қадау ойы: «Дерт тәнді меңдесе түк емес, жанды меңдесе қиындау» дегені. Шынында да, қазір қоғамда он екі мүшесі сау, тәні дерт көрмесе де, жанын дерт басқан қаншама адам бар!.. Ал Мейірханның ерік-жігері мен қайсарлығы, өмірге деген құштарлығы мен сауығып кетуге деген үмітінің арқасында жүрегінде лаулап тұрған от бар. Ол – мүмкіндігі шектеусіз жан.

Бұл арада ол: «Мен бойымдағы бар дерттен айығып, жұрт қатарлы ғұмыр кешкім келеді. Күллі түркі жұртының тарихы мен тілін лингвистикалық тұрғыдан талдай алатын, білгір маманы, түрколог болуды армандаймын. Аяқтан тұрып, алақай айтар таңды, жүзім жадырап күнді күтемін» дейді.

Мейірханның аяқтан тұрып, соңғы кездері қатты мазалап жүрген дертінен айығып кетуі үшін қаржылай көмек пен дәрігерлердің демеуі аса қажет. Жақсы адамдардан көмек қолын созуды сұрап отырған Мейірхан өз ойын өлең жолдарымен:

Қиял көгім күн көрмей,
Түнек ойлардан қажыды,
Үміт гүлдерім гүлдемей,
Көңілімді күз реңі тұмшалады.
Жақсылыққа сенген жаным,
Жаратқанға үнсіз жалынды.
Мейірімді жан бар болса,
Еститін шығар зарымды,
– деп ойын қайырады.

Қазіргі жағдайын Мейірхан белгісіздік деген бір ауыз сөзбен суреттейді.

Рахмет Өтесінов (1927-2011) – Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау аулында дүниеге келді. КСРО-ға, Қазақ КСР-на еңбегі сіңген құрметті мұнайшы, «Өзенмұнайгаз» бірлестігінің тұңғыш директоры, Жаңаөзен қаласының негізін қалаушы, «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерінің иегері. КСРО және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

42 жасында жол апатына ұшырап, өмірінің қалған 42 жылын мүгедектер арбасына байланып отырды. Бірақ ақылы кен, адамдығы айқын азамат бұл сынға да төтеп берді. Ол бойында бұғып жатқан екінші талантын ашып, қолына қалам алды. Мұнай және газ өндіру мәселелеріне, мұнай алу коэффициентін арттыруға арналған ғылыми-тәжірибелік мақалалар жазды. Аурухана төсегінде жатып ғылыми жұмыс жазды. Ол – қарапайым мұнайшылар мен жер қойнауын барлаушылардың өмірі жайлы жазылған 11 кітаптың, повестер мен романдардың авторы. Өзегінен жарып шыққан өлеңдері де жетерлік. 42 жыл даңқты мұнайшы болса, 42 жыл шынайы өмірді өрнектеген жазушы болды. Мүгедектіктің азап-мұңын жеңе білген қайсар ағамыз «Маңғыстаудың мың жолы» атты радиопьесасы мен «Мұнай тегі» поэмасын жазды. Сондай-ақ, «Ақиқатқа арналған арман» (1973), «Айтылмаған ән» (1978), «Алыстағы алау» (1983), «Кең жыллой» (1989), «Мұнарлы күндер» (1995), «Су түбінде жатқан тас» (2001), «Соңғы аялдама» (2005) «Аманат» кітабына (Алматы, 2011) сынды көркем шығармалардың авторы.

Рахмет Өтесінов 1951 жылы Мәскеудегі И.М.Губкин атындағы институтты бітіріп, еңбек жолын жұмысшы болудан бастады. 1951-1959 жылдары Мақат кәсіпшілігінде мұнай және газ өндіру цехының бастығы, Комсомол, Қошқар мұнай кәсіпшілігі басқармаларында бас инженер

болып жұмыс атқарды. 1959-1964 жылдары Жылой аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, кейін Гурьев облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, Қандыағаш өнеркәсіптік аймақтық партия комитетінің хатшысы және «Маңғышлақмұнайгаз барлау» тресі партия комитеті хатшысы қызметтерін атқарды. Жүрегіне үкілі үміт қадаған жалынды жас 1963 жылы Маңғыстауға арнайы жолдамамен келеді. 1964-1970 жылдары Рахмет Өтесіновке Өзен мұнай кәсіпшілігін басқару бақыты бұйырды.

Абзал азаматтың тікелей басшылығымен вахталық қалашықтың алғашқы жобасы жасалып, соңынан сол жерде Жаңаөзен қаласының іргетасы қаланды. Ол бар күш-жігері, білімі мен тәжірибесін ұлы мақсат «қара алтынды» өндіріп, ел экономикасын өркендетуге арнады.

Жаңаөзендіктер Рахмет Өтесіновті жас ұрпақ жадына сіңіру мақсатында Жаңаөзенде салынған ғажайып спорт кешеніне есімін берді. Сондай-ақ, қаладағы көше аты да ардақты мұнайшының атымен аталды.

Аты аңызға айналған даңқты мұнайшы, ерлікке пара-пар өмірдің иесі Рахмет Өтесінов туралы фильмдер түсіріліп, кітаптар, газет- журналдар беттерінде мақалалар жазылды. Белгілі тележурналистер Ғаділбек Шалахметов пен Марина Голдовская түсірген «Сынақ» деректі фильмі 1977 жылы Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ие болды.

Бар өмірін мұнай өндірісіне арнаған еңбекшінің балалары да осы салада қызмет етуде. Өзінің көп кітаптарының бірі «Жолдар және жолдастар» еңбегінде Р. Өтесінов: «Мен мұнаймен, оның мәселелерімен өмір сүрдім, мұнай жанашыры болдым, солай қала беремін», деп жазған болатын. Ол Қазақстанның жер байлығы елі мен халқына қызмет ететініне сенді.

Немат Келімбетовтің әдеби мұрасы

Таудай тауқымет арқаласа да жігері жасымаған, мүгедектің азабын тартса да ешкімге ауырлығын артпай, қайта елге өз саласы бойынша мол еңбек етіп, туған халқына аянбай тер төккен тау тұлғаларды көргенде «Жаратқан пендесіне көтере алмайтын жүк бермейді» деген қасиетті жазбалардағы сөздің шын мәнісіне терең дендегендей боласын. Кеңестік дәуір тұсында ауыр дертіне қарамастан әйгілі «Құрыш қалай шынықты» романымен танымал болған жазушы Николай Островскийдің өнегелі өмірі сол дәуірдегі ұрпақ тәрбиесінде үлкен рөл атқарды. 1930 жылдары жазыла бастап 1934 жылы «Молодая гвардия» журналында жарияланған романның алғашқы бөлімі жарық көргенде 36,4 млн. данамен таралған екен. Романның киноға лайықталған нұсқасы 1942 жылы Ұлы Отан соғысы жылдарында түсіріліп, мыңдаған кеңес әскеріне жауынгерлік рух берді. 1957, 1973, 1975, 2000 жылдары бұл роман бойынша фильм, телехикаялар түсірілді. Режиссерлердің бұл романға әр жылдары қайта-қайта оралып отыруы романның өміршәндігінің, ұрпаққа берер сарқылмас өнегесінің айғағы іспеттес. Шығарманың жазылу тарихының өзі оқырманына шуақ дарытып, қайсарлыққа, табандылыққа тәрбиелейді. Қолына қалам ұстауға дәрмені жетпеген жазушы романды транспоратордың көмегімен жазып шығады. Тағдырдан көрген теперішке менсінбей қарап, рухы мұқалмаған жазушы: «Самое дорогое у человека – это жизнь. Она дается ему один раз, и прожить ее надо так, чтобы не было мучительно больно за бесцельно прожитые годы, чтобы не жег позор за подленькое и мелочное прошлое, чтобы, умирая смог сказать: вся жизнь и все силы были отданы самому прекрасному в мире – борьбе за освобождение человечества. И надо спешить жить. Ведь нелепая болезнь или какая-либо трагическая случайность могут прервать ее» [1,125], – деп ой түйеді.

Әрқилы жағдайда мүгедектікке ұшырағанмен, рух асқақтығымен ерекшеленетін тұлғалар қазақ топырағында да баршылық. Техника ғылымының докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері Шахбаз Әлімгерейұлы Ершин, кино майталманы, актер Кененбай Қожабеков, жазушы Бибігүл Иманғазина сияқты қайраткер тұлғалар әрқайсысы өз саласы бойынша толайым еңбек атқарған, өмірлері тағылымға толы жандар. Міне осындай батыр тұлғалардың бірі – Немат Келімбетов.

Әдебиет тарихын жүйелеуде өлшеусіз үлес қосқан түркітанушы-ғалым, қарымды жазушы, шебер аудармашы, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Күлтегін атындағы сыйлықтың иегері Немат Келімбетовтың әдебиетке қосқан үлесін

бағамдау бүгінгі ұрпаққа парыз екені даусыз. Оның қатал тағдыр сынына тайсалмай, қайыспас қара нардың жүгін арқалап, қазақ халқының бай әдебиетінің түп-негіздерін сонау сақ, ғұндардың тәңірлік дәуірінен бері қарай жүйелеуі де, келер ұрпаққа аманат етіп қалдырған философиялық толғамдарға бай көркем шығармалары да, әдеби-танымдық еңбектерінен бөлек аударма, көсемсөз саласындағы еңбектері де жеке-жеке зерттелуге лайық еңбектер болса, жеке басының өмір тарихы ұрпаққа мәңгі өнеге боларлық ерлік пен өрлікке, парасат-пайымға толы.

Түрколог ғалым сақтар мен ғұндар дәуірінің әдеби жәдігерлерін тілдік, әдеби, тарихи тұрғыдан терең зерттеу арқылы қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары осыдан жиырма жеті ғасыр бұрын ғұмыр кешкен сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келген әдеби туындыларда жатқанын дәлелдеп берді. Бұл сөзімізге ғалымның әр жылдары жарық көрген «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986), «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» (1998), «Ежелгі әдеби жәдігерліктер» (2004) атты т.б. ғылыми еңбектері айғақ бола алады.

Шындығында солай сақтар мен ғұндар және көктүріктер дәуірінен бізге жеткен қаһармандық дастандар мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы мазмұндық, тілдік, стильдік, т.б. ұқсастықтарды, яғни көркемдік дәстүр жалғастығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шыққаны үшін Немат Келімбетовке «Филология ғылымдарының докторы» ғылыми дәрежесі және «Күлтегін» атындағы сыйлық берілді.

1974 жылы «Шәді ақын» атты ғылыми еңбек жазып, ақынның шығармашылығын терең зерттеуге үлес қосты. Сондай-ақ Н.Келімбетов қаламынан көптеген көркем әдеби шығармалар туды. «Үміт үзгім келмейді», «Жарлы емеспін, зарлымын», «Ұлыма хат», «Қариялар», «Күншілдік» шығармаларында жарық дүниеге құштарлығын, ел мен халыққа деген махаббатын, ұлттық рух пен ұлттық құндылықтар, адамзаттық, азаматтық асыл мақсат-мұраттар туралы сөз болады.

Ғалымдығына, жазушылығына қоса аударма саласында да табысты еңбек етті. Атап айтар болсақ, Леонид Гурунцтың «Шірік біздің Шушикент», (повесть, Алматы, 1977), Украин қаламгері Василь Козаченконың «Найзағай», (повесть, Алматы, 1979 ж), өзбек жазушылары Саид Ахмадтың «Көкжиек», Пірімқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» (Алматы, 1986) романдарын қазақ тіліне тәржімалады.

Н.Келімбетовтің жазушылық қыры

Жазушылыққа қадам басқан сәттегі тырнақалды туындысы «Үміт үзгім келмейді» (1981) хикаят-монологы – жазушының өз өмірінен алынып жазылған автобиографиялық шығарма. Жазушы жұлын-омыртқасына аса күрделі нейро-хирургиялық ота жасатып, екі аяғы сал

болып төсекке таңылып жатқанда анасының дүниеден өткендігі туралы қаралы хабар естиді. Дәрменсіз, шалажансар күйіне қарамастан анасымен қоштасып, ақтық сапарға шығарып салуға бел буады. Табиғат берген сабыры мен қайраттылығының арқысында жан төзгісіз тән азабына шыдап бағып туған ауылына табан тірейді. Бұл шығарманы жазу идеясы осы тұста келеді. Бұл туралы жазушы өз шығармасында былай деп келтіреді: «...Ақыры өлдім-талдым дегенде ауылға да жеттік. Анам марқұм табытта жатыр екен. Бетін жауып қойыпты. Туыстарым маған арнайы бөлме дайындаған екен. Алайда мен анамның жанына жатқызуды өтіндім. Сонан анамды жерлеуге алып кеткенше жанында болдым. Бала кезімде осылайша анамның жанында жатуды ұнатуды едім. Ал қазір біріміз табытта, біріміз табыт секілді зембілде жатырмыз. Арадағы бар айырмашылық мен сөйлеймін, анам үнсіз ұйықтап жатқан сияқты. Сол жылы мен анаммен емес, өмірімнің оралмас тұтас бір кезеңімен қоштасқандай болып қайттым. Тағдырыммен егескендей күйге түстім. Енді анам үшін де, өзім үшін де өмір сүргім келді. Өмір үшін, тіршілік үшін, бала-шағаны асырау үшін іштей тістеніп алып, қасірет кітабын жазуға кірістім. Менің «Үміт үзгім келмейді – монологым осылайша өмірге келген еді». [2, 267-268].

Автордың өзі баяндағандай өмірдің ащы сынағы тегеурінді таланттың жігерін жасыта алмады, өмірден үзілмеген үміті өмірге ғашық етіп, ілгері қадам басуға жетеледі. Жазушының «Үміт үзгім келмейді» атты монологқа негізделген шығармасы мыңдаған жүректердің үміт отын маздатып, күш-қуат сыйлады. Он екі мүшең сау кезде бағасына жете бермейтін «Өмір» атты баға жетпес қазынаның қадір-қасиетіне терең бойлауға шақырды. Кейіпкерлерінің бір-біріне деген алғаусыз пейілінің оларды жеңіске бір табан болса жақындата түскені, сын сағатта бір-біріне деген ыстық ықыласын жоғалтпаған жұбайлардың жарасымды тіршілігі де – өнеге. Хикаяттың оқырманға берер тағылымы жайында әдебиеттанушы-ғалым Қ.Әбдезұлы: «Тағдыр тауқыметіне душар болған бас кейіпкердің мұқалмаған ерік-жігері, қайсарлығы, ең бастысы, рух қуатынан айырылмаған азаматтық келбеті, болмыс-бітімі қазақтың қаншама буынына үлгі, өнеге болатыны айдан анық. Адал еңбегіне сенген, ұлы мақсаттар жолындағы қиыншылықтардың барлығын жеңе білген адамның қандай биіктерге көтерілетінін суреттейтін осынау повесть оқырман жүрегін шынайы баурады. Барлық туындыларына өз өмірін, өз тағдырын арқау еткен қаламгер әрқашан да адамның жақсы, жарқын қасиеттерін алдыңғы қатарға шығарады. Осы арқылы мынау қамшының сабындай қысқа ғұмырдағы адам тіршілігінің баға жетпес құндылығына, мағынасы мен мәніне терең талдау жасайды» [3, 3-7], – деп пікір білдіреді.

Шығармадағы Ержанның прототипі жазушының өзі. Гаухардың прототипі – жазушының жұбайы Қуаныш. Кейіпкер Ержанның балаларының есімі Мұхит пен Қайрат шынайы өмірдегі есімдерімен, өзгеріссіз берілген. Шығармаға арқау болған сюжет – небәрі отыз бес жаста мүгедектіктің қамытын киіп, сары төсек сал болып қалса да жігері жасымаған, тауаны шағылмаған, нағыз ер-азаматқа тән қайсарлықпен тіршіліктің етегіне жабысып тірі қалудан бөлек, отбасы алдындағы жауапкершілігін, елінің алдындағы парызын орындай білген жазушының өз өмірі. Жұлынында ісік пайда болған кейіпкердің операцияға дейінгі және операциядан кейінгі өмірі бірінші жақтан баяндалып, адами құндылықтар мен адам бойындағы асыл қасиеттер жайлы ой-толғамдарын ішкі монолог арқылы ер-азаматының басына түскен ауыр қайғыны бөлісіп, отбасының таудай тауқыметін арқалап жарына рухани демеу бола білген Гаухарға ақтарыла сыр ғып шертеді. Шығарма бас кейіпкердің бірінші жақтан баяндалған ішкі монологынан, ішкі ой ағысынан тұрады. Бұл қазақ әдебиетінің кеңестік дәуіріндегі баяндау тәсіліндегі жаңашылдық, әдебиеттің бағытына сай бағаласак модернистік сипатқа ие шығарма. Шығарманың жанрлық сипаты хикаят-монолог деп берілгенімен, расында да монологтық сипаты айқын болғанымен кейіпкердің бір оқиғадан бір оқиғаға ауысып, бір ойдан бір ойға жалғасып кете беретін сана ағынын да байқауға болады. Бірақ мұндағы модернистік сипат күйкі тірліктің мағынасыздығынан жалыққан рухани дағдарысқа ұшыраған кейіпкердің сана тасқыны емес, рухани дағдарысқа ұшыраса да мойымаған жанның сана тасқыны, яғни бұл әдіс түбегейлі мән-мағынасымен емес, аздап өзгеріске ұшырап жүзеге асқан. Мысалы, операция алдындағы күн бейнеленген бөлім ауа райы, бау-бақша ішін, бүр жарғалы тұрған алма ағаштарын сипаттаумен басталып, әкесінің бағбандығына ойысып, содан алма ағаштары мен табиғат құбылысының адам жанына әсерін, көршілес палатада жатқан жігіттің «тірі қалмауың мүмкін» деген дәрігерлердің кесіміне қарамастан операция үстеліне жатып, ажалмен соңғы демі қалғанша күресе білген қайсарлығын айта келе өзінің де ота алдындағы дұдамал күйінен, жан тебіренісінен хабардар етіп отырады. «Ал мен ше? Өлмей тірі қалу үшін қолымнан келгеннің бәрін істедім бе? Өзімді-өзім алдап, үрейге құл болып кеткем жоқ па? Ертеңгі операция да менің өмірдегі соңғы мүмкіндігім емес пе? Ауыр науқасқа душар болғанымды сезгелі бері күндіз – күлкі, түнде – ұйқы бермей тіс құртындай жанымды қоярға жер таптырмай, өзімді әлекке салып қойған ауыр ойлардың ақтық шешімі күні ертең айқындалары хақ. Ол үшін тәуекелге бел буып шығу керек болып тұр. Соны істеуге менің жүрегім дауалай ма?» [2, 26]. Ішкі тебіренісімен арпалысқа түскен кейіпкер Ержан сонау соғыстан екі аяғынан айрылып келген ағасы Қаратай жайлы оқиғаны да жұп-жұмыр етіп ой елегінен

өткізіп, оны майдан госпиталінен арқалап әкелген жас жауқазын келіншектің қайсарлығына бас ие отырып өзінің қандай күйге түсерін, мүгедек бола қалса жары Гауһардың қалай қабылдарын ойлап, оған іштей ақтарылады. Осыдан соң палаталас көршісі Ақылбек тағдырына, оны мүгедектікке дейін жеткізген Раушандай әйелінің қатыгездігі де сөз болады. Арасында шындық, өтірік, бақыт туралы ой-толғаныстарымен өріліп, тағы да өз досының басынан өткен оқиғаға оралады. Шығармадағы табиғат суреті, болмыс туралы кейіпкер ойлары бір-біріне қатысы жоқ жеке-жеке оқиғалар тұтаса келіп Ержанның сана тасқыны арқылы шығарманың біртұтастығына қызмет етіп тұр. Шығарма еуропалық Франс Кафка қоғамының марапатына ие болуының да басты себебі осында жатса керек. «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологы негізінде жазушы драмалық туынды да жазып шығып, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында тұсауы кесілген шығарманы қалың көрермен ықыласпен қабыл алды. Өйткені шығарманың қай жанрда жазылғанына қарамастан оқырманына берер тағылымы мол. Кейіпкердің көзді ашып-жұмғанша өте шығатын қысқа ғұмырда адамның он екі мүшесі сау кезінде бағасына жете бермейтін құндылықтар мен кісі басына іс түскенде ашыла кететін адам бойындағы абзалдық пен аярлық қасиеттерінің ара-жігі туралы пайымдары, сондай-ақ бір отбасының еңсесін езген ауыртпашылықты қажымай жеңе білуі, бір-біріне рухани демеу бола білуімен қатар парасат биігінен көріне алуын суреттейтін шығарма оқырманының жігерін жанып, қайраттандыратыны кәдік.

«Ұлыма хат» эссесі «Үміт үзгім келмейді» хикаят-монологының заңды жалғасы іспеттес шығарма. Мұнда жазушы өз әкесінің тағылымын, өнегесін бойына сіңіре отырып, баласына да «тегін білмеген тексіз, жеті атасын білмеген жетесіз болады» деп, ықылым заманнан жалғасып келе жатқан ұрпағына тегін, тарихын танытуды, тәрбие беруді мақсат тұтып, «Міне, мен саған өз хатымда «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының рухани тарихынан өз білгенімше сыр шертпекпін. Ал, тұтас бір халықтың сан ғасырлық тарихынан хабардар болу үшін әрбір отбасының «шағын тарихын, яғни ата-тек шежіресін» білуі шарт» [2, 253], – деп оны ұлына хат түрінде жеткізеді. Автор туған жерден алыста, шет елде оқып жүрген ұлына, хат жазу арқылы алғашқы хикаят-монологта айтылған ойларын сюжеттік жағынан жалғастыра түскен.

Автор көтеріп отырған тектілік тақырыбы ешқашан да өзектілігін жоймаған мәселе екендігін, өзінен сан ғасыр бұрын дархан даламыздың сұңғыла ойшылдары, сұрқылтай жыршылары да толғауларына өзек еткендігін Майқы бидің толғаулары арқылы жеткізеді. Ұлттың ұлттық болмысын, генетикалық қорын сақтап қалу мәселесі ешқашан күн тәртібінен түспеген, желісі үзілмеген мәңгілік тақырып екендігі және

оның мәні туралы түсіндіріп, былай дейді: «...Майқы бидің толғау тектес болып келетін төменгі нақыл сөздерінен аңғару қиын емес:

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады,
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады,
Тілазардан қылжаңбас туады –
деп толғайды.

... Иә, құлыным, бұл жыр жолдары ұлы жыраудың ұшқыр қиялынан емес, талай-талай ұрпақтың сан ғасырлық өмір тәжірибесінен туған заңды тұжырым екенін пайымдап, түйсініп алғаның жөн шығар...» [2, 254].

Ғасырлар сүзгісінен өтіп қалыптасқан жеті атаға дейін қыз алыспау, жеті атаңды білу, ел билігінің тізгінін ата-бабасы игілікті істерімен көзге түскен адамдарға ғана беру секілді дәстүр осы тектілігімізді сақтау үшін жасалған қадам екендігін тілге тиек етеді.

Көрнекті ғалым Сейіт Қасқабасов шығарманың басты ерекшелігі оның дидактикалық мақсат көздейтінін, келер ұрпағына рухани тарих, өзінің ата-тегі, шежіресі, туып-өскен ауылының тарихы сияқты тақырыптар бұл эсседе тамаша тілмен, ойлы адамның жетесіне жеткізе әңгімеленгендігін айта келе: «Автор бұл тұста өзін жазушы ғана емес, білімі мол, арғы-бергі тарихты зерделеуші ретінде танытады. Баласы білуге міндетті деп есептеп, өзінің әкесі туралы, ауылдағы ағайын-туыстары, сол ауылдың өткені мен бүгіні жайында толғана да, қинала да жазады, оны ауылдың қазіргі жай-күйі, жастар проблемасы алаңдатады. Әңгімені осылай нақты тақырыптан бастап, бірте-бірте қазақ халқының бүкіл тарихына, Қазақстанның өзі ғана емес, көршілес жатқан Орта Азия мен Үндістан, Қытай, Мысыр, секілді елдердің ежелгі заманғы өміріне көшіп, қазақ ұлтының бүгінгі күнге қалай жеткенін көрсетеді... Міне, осының бәрі «Ұлыма хат» атты эссенің міндеті мен мақсаты – келер ұрпаққа тағылым беру екенін айғақтайды»[4], – деп баға береді.

Жоғарыдағы пікірді ары қарай сабақтайтын болсақ, Н.Келімбетов «Ұлыма хат» эссесінде ұлына жазған хаттары арқылы ежелден мирас болып келе жатқан шежіре дәстүрін сақтап қалудың ұлт үшін маңыздылығына баса назар аударады. Мәселен, автор өзінің бір хатында: «Ұлым менің! Сен өз ата-тегіңді жақсы білесің бе? Кешегі кеңестік кезеңде ата-тегің сұрастырған адамды рушыл, ұлтшыл, тіпті нәсілшіл деп айыптады. Өйткені кеңестік саясаттың негізгі мақсаты күллі қазақтың ата-тегің мүлдем ұмыттырып жіберу еді. Дәлірек айтсақ, халықты өз шежіресін, тарихын, шыққан тегін білмейтін мәңгүрт етіп қою болатын. Ал, біздің ата-бабаларымыз өздерінің шыққан тегін, арғы түбін, яғни ата-тегің жіпке тізбегіндей етіп баяндайтын шежіре-тарихын әкеден-балаға асыл мұра ретінде қалдырып, сан ғасырлар бойы осы игі дәстүрді

жалғастырып келді. Өйткені ата-текті білу руға жіктелу, тайпаға бөліну емес, керсінше қандас, тумалас, құдандалы адамдардың басын қосу арқылы бүкіл қазақты ынтымаққа шақыру, біріктіру болып табылады» [2, 253.] – деп жазады. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымыздың мән-мағынасына терең тоқталып өтеді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, «Ұлыма хат» эссесі қандай да бір зобалаң туған ауыр заман болмасын адам бойындағы моральдік-адамгершілік қасиеттердің жоғалтпаудың басты қағидасы – дініміз бен ділімізге, дәстүріміз бен салт-санамызға берік болу екендігі туралы тұжырымдарымен құнды. Ұлына қаратылып айтылғанымен бүтін бір ұрпаққа тәлім берерлік тағылымы мол туындыда жазушы өмір тәжірибелерімен, аталық махаббатымен, бөліседі. Адамзат жаратылысындағы тепе-теңдікті ұстап тұрған адамдық сенім мен ынтымақ, адамды өз бауырым деп сүю, отаныңды сүю дей келе, қазіргі жас ұрпақты ата-бабаларымыз ту етіп көтерген отаншылдық рухында тәрбиелеуді басты мақсаты етіп алады. Шығарманың басты идеясы да осы аяда өрбиді.

Кейіпкер әке ұлына жазған хаттарда өзге мемлекетке бодан болған тұстағы тікелей жасалған қиянаттардың әсерінен ғасырлардан ғасырларға жалғасып, атадан балаға беріліп келе жатқан рухани қазынамызды жоғалтып ала жаздаған қасіретімізді айтады. Жасанды идеологиялардың арқасында ұлт руханиятының уызына жарымаған, тілімізді менсінбейтін, тегімізден ұялатын ұрпақтың дүниеге келгенін айтады. Өткеніне көз тастап, өзегін өртеген ащы шындықтың бетін ашуы оқырманын терең ойға жетелейді.

«...Сан ғасырлар бойы ұрпақтар арасында жалғасып келе жатқан дәстүрлі байланысты бір буыны шіріп, үзіліп қалған сияқты. Бұл буын аталар мұрасын немерелеріне жеткізе алмай қалған қасыретті буын еді. Олар өзге халықтарды «Ұлы» санап, өз ұлтын тобыр деп білді. Өзге тілдерге тәңірдей табынып, ана тілінде сөйлеуге ұялып келді. Ия, ана тілінен ұялды. Демек, мына жарық дүниеге өзін әжелген анасының ұлы болуға намыстанды. Өзіміздің ата-тек шежіремізді емес, өзгелердің жалған тарихын танып білу зерделілік өлшеміне айналды. Бұл көз жұмып қарауға болмайтын шындық, кесел, дерт» [2, 263], – деп басталатын бұл ұлына жазылған хат сол үзілген рухани жіпті жалғауға, дерт боп жабысқан кеселден құтылуға арналған.

Бұл хаттардан әкесінің баласына айтқан өсиетінен бөлек, біздің жыл санауымыздан бұрынғы дәуірлерде Тұран даласында өмір сүрген сақтар шежіресінен бастап, он бесінші ғасырдың орта кезінде пайда болған Қазақ хандығы кезеңіне дейін төл тарихымызбен танысуға болады. Төл тарихымызды, ата-тегімізді түгендеп, ұрпаққа боямсыз, жалғансыз айтып беру бақытына тек тәуелсіздіктің арқасында ғана қол

жеткізгенімізді және оны көздің қарашығындай сақтай білуді аманаттайды. Осы жолда аянбай тер төгу керектігін өсиет етіп, оған тек рухани кемелділік қана емес, сонымен қатар аса білімділік пен парасаттылық та қажеттілігін ескертіп өтеді. «Ұлыма хат» эссесінде кейіпкер-әке қарапайым моральдік-этикалық қана емес, мемлекеттік ауқымдағы мәнді мәселелер төңірегінде ой өрбітеді. «...Жазушының шеберлік даралығын айқындайтын қасиет шығармадағы көркемдік ойлау жүйесінің дұрыс жолға қойылуы мен кейіпкердің рухани жан дүниесін ашудағы көркемдік тәсілдердің орнын тауып қолдана білуі болса керекті...» [5, 232]. Мәселен, Н.Келімбетов «Ұлыма хат» эссесінде осы қағиданы берік ұстанып, дұрыс қолдана білген. Ол жайлы эссесінің бірінші хатында-ақ айқын көрініс тапқанын көруімізге болады. Мысалы:

«Ұлым менің!

«...Әкемнің маған берген тәрбиесін, мен саған толық бере алмаған шығармын. Кейде ол кісі маған бала бүркітті баулап жүрген саятшы секілді көрінетін. Мені қасынан тастамайтын. Жеміс ағаштарының жас көшеттерін отырғызып жатса да, қырға шығып шөп шапса да, арық қазып, көпір салып жатса да ұдайы мен әкемнің қалай кетпен шауып, қалай орақ орысып, қалай балға соғып жатқанын көріп өстім.

Ұлым менің!

Осы айтқандарымның бәрін мықтап ойланып, тереңнен пайымдауынды қалар едім. Өйткені әкемнің маған айтқан ақылын мен саған айтқым келіп тұрады. Сау-саламат бол, құлыным...», – деп келетін хаттар осы сөздерімізге айқын дәлел.

Шығармадағы хаттардың әрқайсысы жеке тақырыпқа арналып, онда айтылатын мәселелер тарихи оқиғалардан алынатын сабақтар, түрлі халықтардың шешендері мен көсемдерінің сөздерінен алынған ғибратты ойлармен өріліп беріледі. Жазушы әрқайсысы көлемді шығарманың сюжетіне жүк боларлық үлкен ауқымдағы оқиғаларды ықшамдап, шағын детальдармен орайластырып беріп отырады. Тартымды тілмен бірсыдырғы баяндап, болған оқиғаның бүге-шүгесіне дейін қазбалап жатпайды. Шығарманың өсиетнамалық ерекшелігіне орай басты мақсат – өткеннен сабақ, өнеге алу.

Жазушының оқиға желісін баяндауда ілгері-кейінді шегініс тәсілін жиі пайдаланғанын байқаймыз. Мысалы, жетінші хатта шешендікті адам ақыл-ойын, білімінің тереңдігін көрсететін басты құрал дей келе, тарихқа кері шегініп Бөлтiрiк шешеннiң шешендiк сөздерiне жүгiнсе, оныншы хатта ата-тегiн бiлу қаншалықты маңызды болса да, оның күнгейлi жақтары бар екендiгiн айтады. Елiмiз тәуелiздiк алғаннан кейiн шежiрелердiң жандануына, жанартылуына, бүгiнгi ұрпақпен байланысын қарастыруға мүмкiндiк ашылғанын қуана қабылдаса, алайда бүкiл ұлтқа ортақ қоғам қайраткерлерi, жыршы-жыраулар, батырлар, т.т. меншiктеп

тек бір рудың меншігіне айналдыру секілді жағымсыз көріністердің орын алғандығын ашына айтады. Әрбір азаматтың өзінің тегін ғана емес, ұлтының тегін де жақсы білуі керектігін алға тарта отырып, осы ойын «сен де өз ұлтыңның тарихын біл» деп ұлына «Көк бөрі», «Шу батыр», «Алып Ер Тоңға», «Оғыз қаған», «Аттила», «Ергөнекен» дастандарын айтып берумен сабақтайды. Бұл әдісті шығарманың өн бойында өте шебер пайдаланғанын көреміз. Бұл әдістің көп мәселенің сырын ұғындыруда, өткен өмір белестерінің жиынтық образын жасауда рөлі зор екендігі айқын көрініс тауып отыр.

Жазушы машықтанған ретроспекция тәсілі, оның көркемдік стилінің бір қырын анықтайтын басым ерекшеліктерінің бірінен саналады.

Н.Келімбетов өзіне тән жазушылық болмыс-бітімімен, стилімен, шұрайлы тілімен ерекшеленеді. Оның суреткерлік шеберлігінің бір қыры жазушылығы мен ғалымдығының бір-бірімен ұдайы астарласып отыруында деп топшылауға болады. Өйткені бұл – қаламгердің өзге де жазушылардан ерекшелеп тұратын басты қасиеті. Халқымыздың ұлт болып қалыптасу жолындағы ірі-ірі тарихи оқиғаларды ықшамдап көркем шығармаға айналдыру аса білгірлік пен шеберлікті талап етсе керек, шығарманы оқи отырып жазушының бұл үдеден шыға алғандығын байқаймыз.

Автор жанрлық тұрғыдан повесть-монолог деп атаған туындыны оқи отырып ерекше формалық ізденісінің нәтижесіне куә боламыз. Біріншіден, повесть мазмұны жағынан дидактикалық сарындағы өсиетке негізделе отырып ежелден келе жатқан өсиетнама жанрын жаңғырта білген. Екіншіден, хат түрінде жазылғандықтан эпистолярлық жанрмен астасып жатыр. Повестің монологтық сипаты тек үшінші кезектегі ерекшелігінен саналады. Жанрлардың синтезінен тұратын өзгеше машықта жазылған «Ұлыма хат» повесі құрылымдық жағынан он бөлімнен, яғни әкенің ұлына жазған он хатынан тұрады.

Бұл шығарма формасы жәнес стильдік жағынан 1082-1083 жылдарда жазылған «Қабуснамаға» [6] ұқсайды. «Қабуснаманы» гилан ру-тайпасынан шыққан Кейқаус 63 жасында өзінің ұлы Гиланшахқа арнап жазады. Тәлім-тәрбиелік мәні жағынан XI ғасырдағы шығыс педагогикасы тарихында аса құнды шығармалар қатарынан орын алатын «Қабуснаманы» жазар алдында өзінен бұрын өткен ғалымдар мен зиялылардың еңбектерімен терең танысып, өткен дәуірдің педагогикалық еңбектерімен, заманының білімі асқан мемлекеттерімен танысады. Сол кезеңнің үлкен мәдениет ошақтары болып табылатын Бұхара, Самарқанд, Хорезм өлкелерінде болып, ондағы ғұлама ғалымдармен сұхбаттас болады. Сондай-ақ ғылым мен ілім және тәрбие жөніндегі ой-пікірлер жинақталған «Сахдатнама», «Рушнойнама» шығармаларына ерекше назар аударады. Жоғарыда атап көрсеткен «Қабуснамадағы» ерекшелікті

«Ұлыма хат» эссесінен де көруімізге болады. Шығарма ұлыма хат деп аталғанымен өн бойында әрбір қазақ баласы білуі тиіс қазақ, қала берді ұлан-ғайыр түркілердің сан ғасырлық шежіресіне куә боламыз. Ұлы Тұран даласын Иран әскерінен қорғап қалған Алып Ер Тоңға туралы, Ескендір Зұлқарнайынның ерен шабуылына тойтарыс беріп Шу өңірін сақтап қалған Шу батыр туралы, Еуропаны көктей өтіп, бағындырған Еділдің (Аттила) даңқты жорықтары туралы көне жыр дастандармен таныстырып шығады. Автор шығармасына ұлының әкесі кім екенін, атасы кім екенін таныстыра отырып, өмірден алынған мысалдармен, қызғылықты әңгімелермен, мақал-мәтел, шешендік сөздермен, шығыстың һәм батыстың ежелгі ойшыл-ғұламаларының, пәлсапашыларының, шешендерінің қанатты сөздермен айтпақ ойын сабақтап, насихаттары мен ой-тұжырымдарымен бөліседі. Мысалы, данагөй Қорқыт даналық қуаты мол тәмсілдерімен, шығыс ғұламалары Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Наср әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Бабыр, Хайдар Дулати жайындағы деректі хикаяттарға қанықтырып, ежелгі әдеби жәдігерліктер арқылы қазақ елінің өз алдына отау тігіп хандық құрғанға дейінгі шежірелі тарихының тұтас бейнесін жасап шығады. Жазушы шығарманы жазу үшін бүкіл түркі дүниесінің арғы-бергі тарихын, руханиятын зерттеп-зерделеп, әлем ғұламаларының сан ғасырлар сынынан сүзіліп, жарқыраған інжу-маржан ой моншақтарын термелеп, оған өзінің парасат биігінен көз тастай отырып көркем туындыға айналдырады.

«Қабуснаманың» сегізінші тарауындағы Ануширванның өз ұлына айтқан үгіт-насихаттарын еске түсірсек, «Ұлыма хат» эссесінен де осыған ұқсас ой желілерін байқауға болады. Мысалы, Ануширван «Өзін дана деп санаған наданнан түңіліп сақтанғын» [6, 38], – деп айтар ойының түйінін айтса, жазушы – «Әдетте мұндай мылжыңдар ұзақ-сонар әңгімесін зор шыдамдылықпен тыңдай білген жандарға шексіз риза болып, жүрген жерінде оларды мақтап жүреді. Ал, қисынсыз әңгімені тыңдамай қойғандарды ата жауындай жек көріп кетеді. Сол себепті әлгі көкезу жанның көпірме сөздерін іштей тыңдағың келмей тұрса да оған сырттай сыр бермегенің жөн. Ол үшін сол сылдыр судай сұйық әңгімеге мейлінше қызығып, ынты-шынтыңмен құлақ салып отырған адам болып көрінуге әрекет жасағаның дұрыс. Өйткені жаман адамның жауласқаны да жаман болады» [2, 233], – деп ұлын сақтандырып, насихатының айтылу себептері мен салдарын, сондай-ақ дарынсыз жандардың ішкі психологиясын ашып, сақтану шараларын қоса баяндайды.

«Егер адам баласын тұрмыс ұстазы дана қылмаса, оған ешбір дана ақыл үйретемін деп әуреленбесін, әуреленген жағдайда еңбегі зая кетеді» [6, 38], – десе, – «Кезінде біздің ұрпақ алыстағы Америка сияқты

өркениетті елге барып оқуды армандап та көрген емес. Ал, қазір қаншама қазақтың қарапайым ұлдары мен қыздары әлемнің таңдаулы деген жоғары оқу орындарында жүр. Соның бірі өзіңсің, ұлым. Иә, айта берсем егемендікке еріп келген игіліктер аз емес. Тек, қолда барда алтынның қадіріне жете білсек екен. Менің ойымша, ендігі гәп сендерге, яғни жастарға байланысты болса керек [2, 232], – деп халқымыздың басынан өткен тарихтан сабақ алуға, тәуелсіздігімізбен келген мүмкіншілікті ел мүддесіне жарата білуге шақырады.

Түйіндеп айтқанда, Н.Келімбетовтің «Ұлыма хат» эссесі оқырманын көне әдеби қазыналарымызбен, атап айтқанда Дана Қорқыт пен орта ғасыр ғұламалары Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Наср әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Бабыр, Хайдар Дулатиден қалған өсиет-нақылдармен таныстыратын тарихи танымдық мәні зор туынды.

Қазақ әдебиетінің көне бастауларының зерттелуі және аударылуы

Қазақ әдебиетіне тек көркем шығармалары, аудармаларымен ғана емес, ғылыми зерттеу жұмыстарымен де орасан зор үлес қосқан түркітанушы ғалым шартарапқа жайылған түркі халықтарының түп қазық әдеби мұраларының ортақ екендігін және қазақ әдебиетінің де тарихы сонау ескі замандардан бастау алатынын дәлелдеді. Ғалымның бұл ізденісі ешқашан толастаған емес. Ең алғаш 1986 жылы «Мектеп» баспасынан «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» [7] атты еңбек жарияланды. Бұл еңбек «VI-IX түркі әдебиет ескерткіштері», «X-XII ғасырлардағы әдебиет», «XIII-XV» ғасырлардағы әдебиет» деп аталатын үш бөлімге бөлінген болатын.

«VI-IX түркі әдебиет ескерткіштері» атты бірінші бөлімде «Тасқа жазылған дастандар», ««Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары», ««Қорқыт ата» кітабы», «Оғызнаме», «Әбу Насыр әл-Фараби», «Орта ғасыр ғалымдарының әл-Фараби туралы ой-пікірлері» атты тақырыптар қамтылса, «X-XII ғасырлардағы әдебиет» атты екінші бөлім «Махмұд Қашғари «Диуани лұғат ат-түрік»», «Жүсіп Баласағұн «Құтадғу біліг»», «Ахмед Йүгінеки «Хибатул-Хақайық»» шығармашылығын қамтыды, кітаптың «XIII-XV» ғасырлардағы әдебиет» атты үшінші бөлімінде «Хорезми «Мұхаббат-наме»», «Құтб «Хұсрау-Шырын»», «Сайф Сарай «Гүлстан бит-түрки»», «Тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер», «Захириддин Мұхаммед Бабыр «Бабыр-наме»» хақындағы мәліметтерден хабардар етеді.

Аз тиражбен шығып тез таралып кеткен оқулық 1991 жылы «Ежелгі дәуір әдебиеті» [8] деген атаумен толықтырылып «Ана тілі» баспасынан жарық көрді. Мұнда «X-XII ғасырлардағы әдебиет» атты екінші бөлім Ахмет Яссауидің «Диуани хикмат», Сүлеймен Бақырғанидың

«Бақырғани кітабымен», «XIII-XV» ғасырлардағы әдебиет» атты үшінші бөлімі «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ жыраулары» атты тақырыптармен толықтырылды.

1998 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті бастаулары» зерттеу еңбегінің ғылымға қосқан басты үлесі – «Ғұндардың қаһармандық дастандары және қазақтың ерлік эпосы» атты бірінші тарауда қарастырылған «Алып Ер Тоңға» дастаны, «Шу», «Оғыз-қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергөнекон» дастандары туралы зерттеулер болып табылады.

2005 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Ежелгі дәуір әдебиеті» [9] атты еңбек барынша толықтырыла түскен нұсқа. Оқулықтың бұдан бұрынғы басылымдарында бөлімдер атауы хронологиялық жүйелеу бойынша берілген болатын. Ғалым көне әдеби мұраларымыздың барлығының да бүгінгі кемелденген түркі әдебиетінің түп қазығы, қайнар бастауы деп қарастыра отырып, алғашқыда көне мұраларымызды дәуірлеу қағидасымен жүйелесе, кітаптың жаңа нұсқасында бұрынғы дәуірлеу қағидасын сақтай отырса да, «Тәңірлік дәуір әдебиеті», «Ислам дәуірі әдебиеті», «Алтын Орда дәуірі әдебиеті», «Тарихи шежіре және көркемдік дәстүр» атты төрт тарауға бөліп, ежелгі түрік тайпаларының әдебиетіндегі бетбұрысты кезеңдердің сол әдебиетті жасаушы халықтардың тарихы, этнографиясы, әлеуметтік жағдайы, наным-сенімдерімен тығыз байланысты екендігін ескергендігін байқаймыз. Еңбекте осы мәселелер төңірегіндегі мәліметтермен елеулі толықтырулар жасаған. Бірінші тарау «Тәңірлік дәуір әдебиеті» деп беріліп, «Сақтардың қаһармандық дастандары», «Ғұндардың батырлық жырлары», «Түркі жазба жәдігерліктері» атты үш тараушаға бөлінген. Алғашқы екі тарауша кітаптың алдыңғы нұсқаларынан гөрі кеңірек қамтылған. Бірінші тараушада біздің заманымыздан бұрынғы IX-III ғасырлардағы түркі әдебиеті нұсқалары «Алып Ер Тоңға» дастаны мен «Шу» дастанын қамтыса, екінші тарауша «Оғыз-қаған», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергөнекон» дастандары мен «Авеста» қасиетті жазбалар жинағынан тұрады. Ғалым жоғарыда аталған дастандардың фрагменттерін қайта құрастырып, ғылыми айналымға енгізді. Сонымен қатар сақтар туралы көне грек, қытай жазбаларындағы мәліметтерді тірілтіп, Геродот жазбаларында сақталып қалған сақ патшайымы Тұмар ханым (Томирис) туралы тарихи-қаһармандық дастанның сюжетімен, сондай-ақ «Тарих» атты кітабында сақталған Скифтің (Сақ) дүниеге келуі туралы аңыздармен, дастанның өзі сақталмағанымен сюжеті грек тарихшысы (б.з.д. II ғ.) Полиэннің «Соғыс тактикасы» атты кітабында проза күйінде берілетін «Шырақ батыр» дастанымен, қытай жиһангезі Мотязы (б.з.д.) қалдырып кеткен «Сақ-ана» жыры туралы мәліметтерімен таныстырады.

Екінші тараушада «Оғыз-қаған» дастанындағы «оғыз» сөзінің этимологиясына тоқтала келе, дастанның тарихи негіздері бар

болғанымен, Оғыз қағанның әдеби бейне ретінде прототипі жоқ жиынтық бейне екендігін айтады. «Оғыз-қаған» дастанының ескі әдебиет нұсқаларымен көркемдік, стильдік, образдық, тілдік ұқсастықтар тауып отырады, дастанның «Күлтегін» дастанына сюжеттік жағынан және композициялық құрылымы жағынан өте ұқсас екендігін, сондай-ақ «Манас», «Қобыланды» жырларындағы осы сияқты ұқсастықтарды дәлелдеп көрсетеді. Дастанды зерттеуге үлес қосқан ғалымдардың өлшеусіз еңбегін атап өтеді.

«Аттила» дастанының даңқты қолбасшы, ел билеуші Еділ туралы жыр екендігін, жырдың Еуропа әдебиетіне тигізген әсері мол екендігін нақты деректер келтіре отырып баяндайды. Аттиланың ерлігі скандинавия халықтарының «Нибелунга туралы жыр», «Алып қолды Вальтария», «Атли сөзі», «Атли туралы жыр», исланд халқының «Едда», «Үлкен Едда» жырлары, неміс халқының «Равен шайқасы», «Берндік Дитрих», «Зейнфрид батыр туралы жыр», «Хилдебранд туралы жыр», Норвегия халқының батырлар жырындағы «Тидрек туралы сага» сияқты жыр, дастандарының тууына себеп болса, орыс қаламгері Евгений Замятинге «Аттила» атты пьеса және «Құдайдың қамшысы» атты романын, француз драматургі Пьер Корнельге (XVII) «Аттила» трагедиялық пьесасын, неміс драматургі Вернер Цахариасқа (XVIII) «Аттила» атты романтикалық трагедиясын, Джузеппе Вердиге (XIX) «Аттила» атты операсын жазуға шабыт бергені туралы деректер келтіреді.

Соңғы кітап Қожа Ахмет Ясауидің «Мират-ул-Қулуб», Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырғани кітабы», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастаны аясындағы толықтыруларымен де ерекшеленеді.

«Қазақ әдебиеті бастаулары» (1998) атты зерттеу еңбегінде Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» атты дастаны туралы аз-кем мағлұмат қана бар болса, ол соңғы «Ежелгі дәуір әдебиеті» (2005) кітабында дастан жан-жақты зерттеліп, елеулі толықтыруларға ұшыраған.

Алғашқы еңбекте «Жүсіп-Зылиханың» 1409 жылы жазылғаны, дастанды парсы тілінде жырлаған Фирдоуси, Шерозий, Балхий сынды шығыс даласының танымал шайырларынан кейін, түрік (шағатай) тіліндегі нұсқасын алғашқы болып Дүрбектің жырлағандығы айтылады.

Дүрбек ақынның жырлаған осынау танымал дастанның басты идеясы да айтылып өтеді. Дастанның негізгі идеясы – ел билеушілер арасындағы бақталастықтың, билік жолындағы қатыгездіктің зардаптарын көрсету, ел басқарған жандардың қара қылды қақ жарған әділ, мейірбан болуын көксеу деп көрсетеді.

Алғашқы зерттеулерде ғалымның дастан төңірегіндегі тыңғылықты зерттеу нәтижелерінен бөлек, өзі нысан етіп алып отырған мәтін фрагменттерінің транскрипцияларын қазақша жолма-жол аудармасын жасап, көркем сөйлете білді.

Мысалы, алғашқы еңбекте:
Нәсір еді бұ қисс дағи фарси,
Еді әнгә жан кәзи наззораси.
Бар еді кәңгүлдә бұрундің бұ әзім,
Түрки тили бірләму қилсам бұ нәзім [10, 218], –
деп тек оның шағатайша кіріспесін ғана берген болатын. Ал толықтырылған нұсқасында:

Бұл қисса парсылардың тілінде еді,
Соны ойлап-ақ жүрегім тілімделді.
Жүсіпті мәңгі есте қалдырайын,
Түрікше сөзден сурет салдырайын.

Хикаясын Жүсіптің баяндайын,
Түрік тілі тұрғанда аянбайын.

Қолыма қағаз бенен қалам алдым,
Бейнебір кестешідей өрнек салдым [9, 279], –
деп өзбек тіліндегі нұсқасын қазақ тіліне тәржімалайды. Мұнда сондай-ақ дастанның идеялық-мазмұндық ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады. Әлемдік кітапхана қорларында, яғни Түркияның Топқапы кітапханасында, Париждің Ұлттық кітапханаларында бұл дастанның көшіріліп басылған нұсқаларының сақталғандығынан хабардар етеді. «Жүсіп-Зылиханың» түп-төркіні қасиетті Құран мен Інжіл мәтіндерінен алынғандығын тілге тиек ете отырып, дастанның Дүрбектен өзге нұсқаларына тоқталып өтеді. Дастанның өзбек зерттеушілері тарапынан С.Хайдаровтың, Ж.Лапасовтың, В.Валихожаевтың, түрік ғалымдары тарапынан Ф.Көпрүлүзаде, С.Н.Банарлы, т.б. тарапынан зерттелгендігін анықтап, Ә.Н.Нәжіп пен Ф.Сүлейменовалардың зерттеулерін аса құнды еңбектер екендігін атап көрсетеді.

1991 жылы «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулығының 1986 жылы жарық көрген қазақтың көне әдеби мұраларын, бүгінгі кемел әдебиеттің нәр алған терең тамырларын паш етуге арналған тұңғыш «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» атты оқулықтан басты ерекшелігі, ондағы Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығына орын берілуінде болып отыр. Ғылыми ортадағы қарсылықтар мен үкімет тарапынан салынған тыйымға қарамастан көне мұраларды тірілтіп оқырман қауыммен қауыштырып, ғылыми айналымға енгізуінің өзі үлкен ерлік болса, жариялылықтың ескен лебін пайдаланып, Ясауи мұрасын оқулыққа ендіріп, жариялауы «ясауитану» саласына қосқан мол үлес деп білеміз. Ғалым мұнда ақын өмірі, оның басты еңбегі «Диуани хикметтің» («Даналық кітабы») тілі, оның көшірмелері және зерттеушілері туралы жалпы мәліметтер береді. Сонымен бірге «Диуани хикмет» рисаласының негізгі тірегі шарифат,

тариқат, хақиқат, мағрифат ұғымдарына түсінік беріп өтеді. Оғыз-қыпшақ тіліндегі еңбектің қарапайым халыққа түсінікті тілмен жазылғандығын айта келіп, оны қайта көшіріп жазған Ясауи шәкірттері тарапынан көптеген араб-парсы сөздерінің еніп кеткендігінен де хабардар етеді.

2004 жылы жарық көрген «Әдеби жәдігерліктер» атты еңбекте Ясауи мұрасын зерттеу аясын кеңейте түседі. Ақын мұрасының мән-мағынасын терең түсіну үшін сопылық ілім және сопылық поэзия хақында кіріспе жазады. Қысқаша бірақ нақты жазылған бұл кіріспе бөлім, жалпы ислам, оның негізінде пайда болған сопылық пәлсапа, сопылық ілімнің бір тармағы ретінде таралған Ясауи ілімі туралы мәліметтерден тұрады. Қысқа берілгендігіне қарамастан бұл бөлім тек қана Ясауи мұрасын тануға ғана емес, атеистік танымнан кейін қайта оралған дінімізді, сондай-ақ осы күні түрлі пікірталас тудырып келе жатқан исламға негізделген дін тармақтарының басты ерекшеліктерін түсінуге және ХХІ ғасырда Ясауи мұрасын жалғастырушылар поэзиясын да пайымдауға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Бұл аталған сопылық пәлсапасы туралы қысқаша кіріспенің ар жағында ғалымның ақын поэзиясын пайымдауға бағытталған тыңғылықты еңбегі жатқандығын байқау қиын емес. Өйткені, мұнда ол ақын поэзиясына әдеби талдау жасап қана қоймай, ондағы философиялық категорияларға түсінік беріп отырады. Мысалы, ғалым шарифат, тариқат, хақиқат, мағрифат сияқты төрт асудың қырық мақамын игерген жан ғана «жәбәрут», «мәләкут», «лахут», «насут» деп аталатын рухани дүниенің сырын пайымдауға мүмкіндік алатындығын айта келе: «Жәбәрутты» түсіну адам үшін табиғатпен үйлесімділік табу деген сөз. «Мәләкут» әлеміне енген адам өмірдегі тіршіліктің мағынасына, адамның танып-білу күшіне қанық болады. Адам «лахутқа» жеткенде бұл жалғаннан безіп, рухани өмірге жететін құдіретті күшті меңгереді. Міне осы үш өлшемнің басын қосып тұрған әлем – «нәсут» болып табылады»[11, 261-262] – дейді.

Зерттеуші діни-философиялық категорияларды терең түсініп қана қоймай, ақынның поэзия тілімен берілген дидактикалық тұжырымдарының тәрбиелік мәніне де тоқталып өтеді. Сонымен қатар, ақын өлеңдерін Шортанбай Қанайұлы, Абай Құнанбайұлы, Үмбетей жырау поэзиясымен үндестік тауып жататындығын салыстырмалы әдеби талдау арқылы дәлелдеп береді.

2005 жылы жарық көрген «Ежелгі дәуір әдебиеті» Қожа Ахмет Ясауи өмірі, еңбектері туралы тың деректермен және Қазақстандағы ясауитанушы ғалымдар туралы мәліметтермен толықтырылғандығымен ерекшеленеді. Мұнда зерттеуші Қожа Ахмет Ясауидің «Мират-ул-Қулуб» («Көңілдің айнасы») еңбегі жөнінде біршама мәліметтер береді.

Ясауидың сопылық пәлсапасының бір қырын танытатын бұл трактатты терең зерттемесе де, бұл кітаптың шведиялық және алматылық түпнұсқадан жасалған көшірмелері жөнінде мәліметтер келтіреді. Сонымен бірге оның ғылымда толықтай зерттеле қоймаған алматылық нұсқасы жөнінде қазақстандық ғалымдар Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы және Мұхаммедрахым Жармұхамедұлы тарапынан бұл еңбекті жарыққа шығару, зерттеуге бағытталған талпыныстарын атап өтеді. Ғалым сопылық рисалада кездесетін ұғымдарға біршама түсініктер бере келіп, «Диуани хикмет» пен ««Мират-ул-Қулуб» еңбектерінің мазмұндық, тақырыптық айырмашылықтарына, басты идеясына тоқталып өтеді.

Сүлеймен Бақырғанидың шығармашылығы жөніндегі алғашқы беташар зерттеу 1991 жылғы «Ежелгі дәуір әдебиетінде» Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығы туралы бөлімге жалғастырыла беріледі. Ғалым Ясауидің дарынды шәкірттерінің бірі болған Бақырғандық Сүлейменнің «Бақырғани кітабы» тақырыбы, мазмұны, құрылысы жағынан «Диуани хикметке» аса жақындығын айтады. Мұнда бұл еңбектен басқа ақынның «Бибі Мариям кітабы», «Ақыр заман кітабы» атты екі дастаны барлығын айтып өтеді.

«Әдеби жәдігерліктер» (2004) еңбегінде «Бақырғани кітабын» кеңіте зерттейді. Алдыңғы еңбектердегі айтылған мәліметтерге аздаған толықтырулар енгізеді. Мысалы, «Бақырғани кітабының» құрылымы бес бөлімнен тұратындығын айта келе: «Бірінші бөлімді шартты түрде көңіл-күй жырлары деуге болар еді. Ал, екіншісі – сопылық идеясын насихаттауға арналған дидактикалық-философиялық хикмет-өлендері, үшіншісі – Алланы мадақтауға арналған жырлар («Меърож-наме»), төртіншісі – «Ақыр заман көріністері» дастаны, бесіншісі – «Бибі Мариям» толғауы» [11, 269], – деп жинақтағы жырлар топтамасын тақырыптық тұрғыдан жүйелейді. Пенденің, Абай атамыз айтқандай, «толық адам» дәрежесіне жетуі үшін Алланы танып білуі, сондай-ақ Ясауи хикметтеріндегі төрт асудан асуы керек деген сопылық танымды Бақырғани шығармаларының басты идеясы деп біледі.

Ғалымның үздіксіз ізденісінің тағы бір көрінісі «Бақырғани кітабының» жиналып басылған әрбір нұсқасының ізімен жүре отырып, танысып отыруы болып табылады. Мәселен, «Ежелгі дәуір әдебиетінде» (1991) жинақтың тек 1877 жылғы Қазан басылымы туралы ғана сөз етсе, «Әдеби жәдігерліктер» (2004) еңбегінде Қазан, Стамбул баспаларынан 1846, 1877, 1882, 1898 жылдары бірнеше рет басылып шыққан деген мәлімет келтіреді. «Ежелгі дәуір әдебиеті» (2005) оқулығында жоғарыда атап өткен басылымдарына қоса, 1991 жылы жарық көрген Ташкент нұсқасының бар екендігін жазады.

Ғалым осы оқулықта 1898 жылғы Қазан және 1991 жылғы Ташкент нұсқасы бойынша жолма-жол аударма жасап, қазақ тіліндегі өзі ұсынған

нұсқа бойынша «Ақыр заман көріністері» дастанынан, «Бибі Мариям» толғауынан үзінділер келтіріп, әдеби талдаулар жасайды.

Ғалым түркі халықтарының рухани мұрасын үздіксіз жинаумен, зерттеумен, түрлі түркі және басқа халықтар тілінде жарық көрген аудармалары мен зерттеу еңбектерін жіті қадағалап, ұдайы танысып отырған. Түпнұсқа мәтінді және аудармаларды негізге ала отырып өзі де аударма жасайды.

1991 жылғы «Ежелгі дәуір әдебиетінде» ғалым өз зерттеулері үшін түпнұсқа мәтіндерден бөлек Э.Н. Наджиптің (Хорезмидің «Мухаббатнаме»), әзірбайжан тіліндегі «Китәби дәдә Горгуд», Мырзатай Жолдасбековтің («Асыл арналар» «Күлтегін» жыры), А.Нысаналиннің («Әл-Фараби. Философиялық трактат және өлеңдер»), С.Муталлибовтың (М.Қошғарий «Девону луғотит турк»), Фариза Оңғарсынованың («Махмұд Қашғари. Жаз бен қыстың айтысы»), Асқар Егеубаевтың (Жүсіп Баласағұн «Құтты біліг»), Ә.Құрышжанов пен Б.Сағындықовтың (Ахмед Йүгінеки «Ақиқат сыйы»), С.Битенов пен А.Түгелбаевтың (Ясауи өлеңдерінің қазақшасын аудармалары) әзірбайжан, өзбек, орыс, қазақ тілдеріндегі аудармаларын және А.М. Щербактың («Огуз-наме. Мухаббат-наме») кирилл таңбасымен жасаған транскрипциясын пайдаланады.

«Қазақ әдебиеті бастаулары» (1998), «Әдеби жәдігерліктер» (2004) атты еңбектерде мұнан бұрынғы еңбектерге қарағанда түрік тіліндегі зерттеу еңбектері мен аудармаларды көбірек қарастырғанын байқауға болады. Мысалы, Бесим Аталайдың Қашқаридан аударған «Divan-i Lugat'it Turk», М.Ергиннің «Dede Korkut kitabı» атты еңбегіндегі аудармаларды пайдаланады.

Зерттеу барысында мәтіндер өзге тілдегі аударма нұсқасында берілсе, кейде қазақ тіліндегі аудармаларымен қатар беріледі.

Мысалы, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіне арналған зерттеуінде, Фариза Оңғарсынованың сөздікте кездесетін «Жаз бен қыстың айтысы» (1985) атты үзіндіні, мақал-мәтелдерді аударғандығын ескертіп өткенімен, тек өзбек тіліндегі аудармасы М.Қошғарий «Девону луғотит турк» мәтінін талдау нысаны етіп алады. Бірақ «Қазақ әдебиеті астаулары» (1998), «Әдеби жәдігерліктер» (2004) еңбегінде осы олқылықтың орнын толтырып, Ф.Оңғарсынованың аударуындағы мәтінді оқырманына толықтай ұсынады. Сөздіктің Батыс пен Шығыстың көптеген ғалымдары зерттеп, өз тілдеріне аудармасын жасағанын айта келе, қазақ тіліндегі аудармасының авторы А.Егеубай екендігін айтады. Алайда мәтінге талдау барысында мұнан бұрынғы өзбек тіліндегі аудармасын емес, түрік зерттеушісі Бесим Аталайдың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегіне жасаған түрік тіліндегі транскрипциясы мен аудармасын пайдаланады. Ғалым мұнда зерттеу көкжиегінің

кеңеюіне байланысты түрік ғалымының жасаған аудармасын берсе, екіншіден транскрипцияның дәлдігін, беретін мағынасының айқындығын да негізге алған секілді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейік:

С.Муталлибовтың өзбек тіліндегі аудармасында:

Йілкі йарым отланур,
Отлаб аннін этланур,
Бәклар саміз атланур,
Сауунуб угур асрішур, –

деп берілген. Мағынасын автор былай деп қазақшалайды: «Мен келгенде жылқылар жерден өздері шөп жейді. Шұрайлы шөптер жеп семіреді, бектер семіз аттарға мінеді, қуаныштан бірін-бірі қытықтап ойнайды» [8, 143].

Басым Аталай:

Yilki yazın atlanur
Otlar anın etlenür
Begler semüz atlanur
Sewnür öğür ısışur –

деп аударады. Бұл нұсқаның қазақшасы: Жылқы жазда семіреді, оналады, бектер семіз атқа мінеді, үйірде жылқы ойнақтап, бірін-бірін тістелеп ойнайды [11, 193].

Мұндағы екі аударма да түпнұсқаға жақын болғанымен өзбек тіліндегі «асрішур» сөзінен гөрі ескі османлы түріктерінің тіліне аударылған нұсқадағы «ısışur» - «тістелесер» сөзі мағынасы жағынан қисынды.

Ғалым жаңа мәліметтерге қол жеткізген сайын зерттеу сапасын жақсартып, тың деректер мен қолдағы бар деректерді, аудармалар мен транскрипцияларды жүйелі түрде салыстыра отырып дәлдікке ұмтылады.

Алғашқы зерттеу еңбектерінде өзі тарапынан аударылған мәтіндер аз кездесе, «Әдеби жәдігерліктерде» (2004) тек транскрипциясы мен өзге тілдердегі аудармаларын ғана қанағат тұтпай, қазақ тіліне аудару ісін тыңғылықты қолға алғандығын байқауға болады. Көрнекті түрколог Ә.Наджиптің жасаған Хорезмидің «Мухаббатнаме», Сайф Сараидың «Гүлістан» дастанының транскрипциясын, Хайдар Дулатидың өлеңдерінің, «Қорқыт ата кітабына» байланысты зерттеулерде эзирбайжан тіліндегі «Китәби дәдә Горгуд» жырларының қазақша жолма-жол тәржімасын жасайды.

Хорезмидің «Мұхаббат-наме» жөніндегі зерттеулерінде ғалым: ««Мұхаббат-наме» дастанында жігіттің қызға жазған әрбір хатынан кейін месневи (аралас келетін екі жол өлең) кейде ғаззал түріндегі жыр жолдары беріледі. Бұл ақынның өзіндік поэтикалық тәсілі. Сондай-ақ бұл дастан поэзияның фард (өз алдына ұйқасып, біртұтас түйінделген ойды білдіретін екі жолды өлең) деп аталатын түрлеріне де негізделіп

жазылған» [8, 211], – деп ары қарай дастандағы ұйқас түрлеріне тоқталып, өлең өлшемдері туралы біршама түсіндіріп өтеді. Алайда, автор «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991) еңбегіндегі дастанның аудармасында егіз ұйқасқа негізделген қос тармақты, бәйіт түрінде берілген өлең формасының қос тармақтылық қалпын сақтап бергенімен, өлеңнің ұйқасуына емес аударма мазмұнының дәлдігіне баса назар аударғандығын байқауға болады.

Мысалы:

Ә.Наджиптің Хорезмиден жасаған транскрипциясы:

Түн ақ шам ким кө рун ди бәйрам айы
Мұхаммәд-Хожа-бек дәвләт хумайы.

Буйурды өрга шадырван урулды,
Кәдәх келтурдилар мәжлис курулды.

Хусәйни пәрдәси узрә түзүб саз
Мугәнни буғәзәлни қылды *ағаз*.

Н. Келімбетов аудармасы :

Мейрам кешінде аспанда ай көрінгенде,
Мұхаммед Қожабек – мемлекет әміршісі:

«Төбеге шатыр тігілсін!» деп әмір етті,
Шарап әкелді, мәжіліс құрылды.

Аспаб пернесін «хұсайын» сазына келтіріп,
Әниі осы ғазалды әуендетіп *айтты*
[8, 283].

«Мұхаббат-наменің» 2005 жылғы «Ежелгі дәуір әдебиетіндегі» аудармасында түпнұсқаның транскрипциясымен қос тармақтылық өлшемін сақтай отырып, буын, бунақ санын да сәйкестендіруге тырысады.

Мысалы:

Түн¹ ақ²шам³ /ким⁴ кө⁵рун⁶ди⁷ /бәй⁸рам⁹ а¹⁰йы¹¹

Мұ¹хам²мәд³ -/Хо⁴жа⁵ -бек⁶/ дәв⁷ләт⁸ ху⁹ма¹⁰йы¹¹.

Бу¹йур²ды³ /өр⁴ға⁵ ша⁶дыр⁷ван⁸ /у⁹рул¹⁰ды¹¹,

Кә¹дәх² кел³тур⁴ди⁵лар⁶/ мәж⁷лис⁸/ку⁹рул¹⁰ды¹¹.

Ху¹сәй²ни³/пәр⁴дә⁵си⁶уз⁷рә⁸/тү⁹зүб¹⁰саз¹¹
Му¹гән²ни³/бу⁴ғә⁵зәл⁶ни⁷/кыл⁸ды⁹а¹⁰ғаз¹¹.

Келімбетов аудармасы:

Ақ¹шам²тү³ні⁴/кө⁵рін⁶ді⁷,/мей⁸рам⁹а¹⁰йы¹¹,
Мұ¹хам²мед³/Хо⁴жа⁵-бек⁶/– дәу⁷лет⁸кү⁹ма¹⁰йы¹¹

Бұ¹йыр²ды³(ол)⁴/– өр⁵ге⁶ша⁷тыр⁸/ті⁹гіл¹⁰ді¹¹,
Кө¹зе²лер³кө⁴те⁵рі⁶ліп⁷,/мә⁸жі⁹ліс¹⁰/құ¹¹рыл¹²ды¹³.

Хұ¹сай²ни³/пер⁴не⁵сі⁶не⁷/тү⁸сі⁹ріп¹⁰саз¹¹,
Жар¹шы²/бұл³ғә⁴зәл⁵ді⁶/кыл⁷ды⁸уа⁹ғыз¹⁰[9, 263].

Дегенмен, кей тұстарда дастанның транскрипциясында берілген 11 буынды 3 бунақтан тұратын өлең өлшемін аудармада қатаң ұстануға тілдік ерекшеліктер мен сөздердің аудармасындағы буын санының артуы не кемуі кедергі болып отырған. Осылайша келтіріліп отырған мысалдағы екінші бәйіттің екінші тармағы 13 буынға, үшінші бәйіттің екінші тармағы 10 буынға айналған. Екінші бәйіттің екінші тармағының 2 буыннан тұратын *кәдәх* сөзінің 3 буыннан тұратын *көзелер* сөзімен аударылуы және 2 буынды *мәжлис* сөзінің қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сай *мәжіліс* сөзімен берілуі арқылы буын саны 13-ке жетіп отыр. Ал үшінші бәйіттің екінші тармағы 3 буынды *мүгәнни* сөзінің 2 буынды *жаршы* сөзімен аударылуы арқылы 10 буын болып қысқарып отыр. Бұ¹йур²ды³/өр⁴ға⁵ша⁶дыр⁷ван⁸/у⁹рул¹⁰ды¹¹ деп келетін 11 буынды бәйіт тармағы, аудармасында да 11 буынмен берілген. Автор мұнда түпнұсқадағы *шадырван* сөзін *шатыр* деп аудару арқылы буын санының 10-ға кеміп кетуі мүмкіндігін аудармадағы *бұйырды* сөзіне *ол* сөзін тіркестіру арқылы алдын алған. Мұндағы *ол* сөзі аударманың түсінікті, қисынды болуына қызмет етіп қана қоймай, буын санын сақтап, түпнұсқадағы әуезділікті жоғалтпауға қызмет етіп тұр.

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, ғалымның «Мұхаббат-намені» әуезділігін сақтай отырып, мазмұндық және пішіндік жағынан түпнұсқаға өте жақын аударуға сіңірген еңбегін ерекше атап өту керек. Алайда аударманың осы нұсқасын түпнұсқамен салыстыра келе, кей тұстарда сәйкессіздікті байқаймыз. Мысалы, аудармада берілген *уағыз* сөзі түпнұсқадағы |عاز| [ағаз] [12, 268] сөзімен сәйкес келмейтінін анықтадық. Көне түркі тілдеріне араб, парсы тілдерінің ықпалы зор болған. Алайда, бұл кірме сөздер айтылуында фонетикалық өзгерістерге қанша ұшырағанымен көпшілігінің дерлік жазылу формасы өзгермейтін

болған. Сондықтан түпнұсқадағы زاع [ағаз] сөзі [13] көне түркі тілінде «*бастау*» мағынасын беретін парсы сөзі болуы мүмкін. Өлең жолдарын мағыналық жағынан алып қарағанда аспабын сазына, бабына келтіріп, ғазалды *бастаған* әншіні сипаттаған деп те айтуға болады. Бірақ ғалымның *уағыз* деп аударуына екі себеп түрткі болған секілді. Біріншісі, араб тіліндегі ظعو [уаъз] сөзінен алынып, түркі тілдеріне фонетикалық өзгеріске ұшырап «*ағыз*» түріне енген, насихат мағынасын беретін сөздің болуы. Екіншісі, түбі араб әдебиетінен бастау алатын ғазал жанрының тарихи дамуында ислам дінінің ықпалына байланысты кіріспе бөлімінің Алла мен пайғамбарларға мадақ, сүйіспеншілігін білдірумен бастау үрдісінің орнығуы. Ғалымның өзі де алғашқы нұсқада «Әнші осы ғазалды *әуендетіп* айтты» деп аударды. Өлең өлшемін сақтау мақсатында қолданылған «*уағыз*» сөзі жоғарыда келтірілген себептерге байланысты қисынды қолданылып тұрғанымен, түпнұсқадағы таңбалануын ескере отырып, мұнда «*бастау*» мағынасын қолданған дұрыс секілді.

Бір қатар еңбектерде көне мәтіндердің қазақ тіліндегі аудармасы бола отыра сол мәтіннің аудармасын өзі ұсынып отырады. Мысалы, «Оғызнама» дастанының қазақ тіліндегі Ә.Дербісәлин, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаевтар («Оғыз-наме. Мұхаббат-наме» (1986)) аудармасын жасағандығын ескере отырып, түпнұсқа мәтіннің астына өз нұсқасын қоя отырып мазмұндайды.

Мысалы:

Көне кунларда бір күн

Оғуз қаған бир иерда теңріні

Жалбарғуда ерді.

Қарағұлк келди.

Көктен бир көк йаруқ тушті.

Кундун айан, айдун куғулғулурак ерді.

Оғуз Қаған йуруді, көрді кім

Ошбу жарукнуң арасінда бір киз бар ерді.

Жалғыз ол туру ерді.

Жақшы көруклуғ бір киз ерді

Ануң башінда аташлуғ жаруклуғ бір меңі бар ерді

[14, 104-105], –

деп «Оғызнаманың» А.М. Щербак жасаған транскрипциясының мазмұнын Ә.Дербісәлин, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаевтар былай деп аударды:

Оғыз қаған бір жерде тәңірге

жалбарынды

Қараңғылық түсті

Көктен бір көк жарық түсті.

Күннен аян (жарық), айдан көгілдірірек еді.
Оғыз қаған оған келіп көрді.
Осы жарықтың арасында бір қыз бар еді.
Жалғыз отырар еді.
Жақсы көрікті бір қыз еді
Оның басында оттай жарқыраған меңі бар еді,
Алтын қазықтай еді [15, 307].

Алайда автор мәтінге талдау барысында өзі ұсынған аудармамен жұмыс жасайды. Жоғарыда келтірілген қазақ тіліндегі бірінші аударма «Оғызнаманы» аударудағы алғашқы тәжірибелердің бірі болғандықтан өте құнды еңбек және түпнұсқа мәтінге өте жақын жолма-жол, әрі сөзбе-сөз аударылғандығымен ерекшеленеді. Мұндай аудармалардың (түпнұсқа мәтінмен бірге беріле отырып) көне мәтіндерге лексикалық, салыстырмалы-грамматикалық, фонетикалық талдау жасауда, әдеби талдау тұрғысынан өлең өлшемдерін, бейнелеу құралдарын қарастырғанда маңызы зор. Ал Н.Келімбетовтің аударуындағы мәтін де түпнұсқадан алшақ кетпейді, алайда еркінрек, жатығырақ тәржімаланған. «Оғызнаманың» автордың аударуындағы нұсқасына назар аударалық:

Күндерде бір күн
Оғыз қаған Көк тәңірге жата жалбарынады.
(Сол сәтте) қараңғылық түсті.
Аспаннан бір көк нұр түсті.
Күннен де шұғылалы айдан да сәулелі екен.
Оғыз қаған (оған) жақын барып көрді:
Сол жарық сәуленің ішінде бір қыз отыр екен.
Жүзінде оттай алаулаған,
Бейне бір Алтын (Темір) қазық шоқ жұлдызындай
Жарқырап тұрған меңі бар екен [8, 105].

Мысалы, бірінші мәтіндегі «*Оғыз қаған бір жерде тәңірге жалбарынды*» тіркесінің орнына ғалым, «*Оғыз қаған Көк тәңірге жата жалбарынады*» деп аудару арқылы эмоциялық-экспрессивтік реңк қосады. Ал «Күннен аян (жарық), айдан көгілдірірек еді» деген тіркес орныны қолданылып отырған «*Күннен де шұғылалы айдан да сәулелі екен*» тіркесінде де түпнұсқада сын есімнің күшейтпелі шырайында берілген ай мен күннің сипатына *-да, -де* демеуліктерін, сондай-ақ түпнұсқадағыдан гөрі көркемдігі басым эпитеттер қолдану арқылы өлең өрнегін әдемі кестелейді.

Екі мәтінді салыстыра келе, автордың өлең жолдарының тілін жатық етіп тәржімалап, әрі бүгінгі әдеби тілімізге жақын аударманы ұсынуын зерттеудің құндылығын арттыруға бағытталған қадам деп білеміз.

Н.Келімбетов аудармалары ішінде, жоғары атап көрсеткеніміздей, өлең жолдарымен жасалған еркін аударма, жолма-жол мазмұндық аударма, сөзбе-сөз, ұйқасы ұйқасына, тармағы тармағына, бунағы бунағына сәйкес келетін аудармалар кездеседі екен. Ғалымның аудармашылығының тағы бір парасы қара сөзбен аударылған мазмұндық аудармалар екен. Әл-Фарабидің мұрасына жөнінде айтылған көптеген мәліметтер арасында кездесетін парсы тіліндегі оның өлеңдерін кирил таңбасына транскрипциялап, оны өлең жолдарына түсірмей-ақ мазмұнын аударған тұстары да кездеседі.

Мысалы:

Әсрари уәжуд хам уә напұхтә биманд,
Уан гауһари бәс шариф насуфтә биманд.
Хәр кәс бәдәлили ақил чизий гүфтәэд
Ан нүктәки әсіл бұд нагуфтә биманд. [11, 173]

Келімбетов аудармасының мазмұны: «Барлық ой-сырларым шикі күйінде, түйінделмей, пісіп-жетілмей қалып барады. Бұл қымбат гауһар өңделмеген (тесілмеген) күйінде, кәдемізге жаратылмай қала берді. Жүрек сыры жайында әркім өз ақыл-парасаты жеткенше бірдеме айтқан болды. Әйтсе де айтылуға тиіс ең басты пікір – айтылмай, нүкте қойылмай қалып барады» [11, 173]. Мұндағы өлең жолдарының қара сөзбен берілуіне оның парсы тілінде болуы кедергісін келтірген деп болжауға болады, алайда ғалым Әл-Фараби туралы таным көкжиегімізді кеңейтетін, оның философиялық толғамдарын жете түсінуге септігін тигізетін мәліметті айналып өте алмаған сыңайлы.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің әдеби маңызын жоғары бағалаған ғалым «Тарих-и Рашиди» еңбегінің 1996 жылы Ташкентте «Фан» баспасынан орыс тілінде басылып шыққан нұсқасынан алынған өлең жолдарының жолма-жол аудармасын жасап, өз зерттеуіне негіз етеді.

Мысалы орыс тіліндегі аудармада:
Весь этот мир станет небытием,
Все, на что ты смотришь, исчезнет,
Тот, кто существует вечно, – бог,
Тот, кто превращается в тлей, – человек
Все те, которые ушли и пропали,
Все они исчезли по дороге небытия,
Они были кувшином вина в собрании друзей.
На один миг раньше нас они опьянели.[16, 556]

Келімбетов аудармасы:

Бүкіл әлем бірден ғайып болады,	-а
Бар тіршілік күзгі гүлдей солады.	-а
Мәңгі ғұмыр – тек Аллаға жарасқан,	-б
Пенделері топырақ болып қалады.	-а
немесе:	
Бізден бұрын ғайып болып кеткендер,	-а
О дүниеге бізден бұрын жеткендер,	-а
Бір сәт қана бізден бұрын мас еді,	-б
Шарап болып қайта оралды, төкпендер!	-а [11, 341]

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, орыс тілінде берілген аудармадан түркі тілдес халықтардың өлең өрнегіне ұқсастық таба алмаймыз. Алайда автор оны 11 буынды қара өлең ұйқасымен аударды. Осы ұйқас түрін таңдап алуына себеп те жоқ емес, өйткені «Тарих-и Рашидиде» кездесетін түркі тіліндегі өлеңдердің бірсыпырасы буын саны әртүрлі болып келгенімен қара өлең ұйқасына негізделіп жазылған. Мысалы, жылнамашы автор Рашид ханның жауыздығынан түңілген сәттерінде түрікше жазған рубаиларынан мысал келтірейік :

Жәнәне жәфалар ке мәнга килмадингиз	-а
Бір зәрре мәнга рәһм нига килмадингиз	-а
Юз кәтәлә вәфа вәһде қилиб сиз амма	-б
Бир кәтәлә бу вәһдеге вәфа килмадингиз	-а [17, 298].

Мысалдан көріп отырғанымыздай, өлең жолдарының буын саны 13-12-13-14 болып келгенімен, ұйқас жағынан -а, -а, -б, -а өрнегімен келіп отырады.

Жоғарыда келтіріп отырған мысалдардан Н.Келімбетовтің түркі халықтарының барлығына ортақ көне әдебиетті барынша жан-жақты зерттеп, оның қазақ әдебиетінің ежелгі бастаулары екендігін дәлелдеудегі үздіксіз ізденіс жолдарын байқаймыз. Әрбір еңбекте түркітанудағы тілдік, тарихи, археология, т.б. салалардағы зерттеулер ескеріліп, мәліметтер толығып отырады. Осы орайда көне мұраларды ғылым игілігіне жарату мақсатында аудармаға сіңірген еңбегін де айрықша атап өтуіміз керек. Аударма барысында туыстас түркі халықтары – түрік, эзербайжан, өзбек тілдерінен, сондай-ақ парсы, орыс тілдерінен жасаған аудармалары қазақ әдебиеті үшін ғана емес тұтас түркітану ғылымы үшін де құнды, бағалы.

Түйіндей айтқанда Немат Келімбетов қалдырған мол мұра келешек ұрпаққа сан жылдар рухани азық болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Островский Н. Как закалялась сталь. Издательство ЦК ЛКСМУ «Молодь» 1954. 201 с. Royallib.ru
2. Келімбетов Н. Үміт үзгім келмейді: Хикаят-монолог. Эссе – Алматы: Раритет, 2005. -432 бет.
3. Әбдезұлы Қ. Профессор Немат Келімбетов және қазақ руханияты . ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №4 (134). 2011ж. 3-7
4. Қасқабасов С. Рух биіктігі <http://adebiportal.kz>
5. Пірәлиева. Г. «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері». (Түс көру, вивералды ишараттар заттық әлем) Алматы, «Алаш»,2003 ж.
6. Кейқаус. Қабуснама / Өзб. Ауд. Т.Айнабеков. –Алматы: Балауса, 1992. -160 бет
7. Келімбетов Н. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі», - Алматы: «Мектеп», 1986.
8. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті», Алматы: «Ана тілі», 1991.
9. Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті», Алматы: «Атамұра», 2005.
10. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. Алматы «Ана тілі», 1998, - 256 б.
11. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. -480 б.
12. Хорезми. Мухаббат-наме (Издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э.Н. Наджиба). М., 1961, с. 268 бетте
13. <http://obastan.com/az/dict/exp/word/428-A%C4%9EAEZ>
14. А.М. Щербак «Огуз-наме. Мухаббат-наме» (1959)
15. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. Құраст.: Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қорабай, Қ.Орынғали, Қ.Сартқожаұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. -504 бет.
16. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Ташкент, 1996
17. Мырза Хайдар Дұғлат. «Тарих-и Рашиди». Өзбекстан ғылым академиясы, Бируни атындағы Шығыстану институты, қолжазба қоры. №1430

Нұртас Исабаев шығармашылығындағы өнердің рөлі мен орны

Қазақстан Жазушылар одағының және Ораз Жандосов қоры сыйлығының иегері, халық арасында кең тараған танымал әндердің авторы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған танымал ақын, жазушы Нұртас Исабаевтың шығармаларындағы өнердің, соның ішінде сөз өнерінің рөлі мен орны ерекше екенін атап айту керек. Олай дейтін себебіміз, өнер атаулының ең құдыреттісі, ең сұлуы әрі кербезі – сөз өнері қасиетін ұғынған адамға әрі серігі, әрі ақылшысы, айнымас досы, сырласы. Нұртас Исабаев жан дүниесінің айқайын, ішіндегі мұңы мен қайғысын, қуанышы мен бақытын, үміті мен арманын сөз өнерімен өре білген шебер қаламгер. Осы тұста сөз өнерінің еркесі – өлеңтуралы даңқты ақын Ф.Оңғарсынованың мына жолдары еріксіз ойға оралады:

Дара күндерімнің,
нала түндерімнің
серігі болғаның үшін,
сенімі болғаның үшін
мен сені аялаймын.

Біреудің пасықтығынан,
біреудің жасып мұңынан,
жүрегім сыздаған кезде,
жаным мұздаған кезде
мен сені саялаймын.

Біреудің күлкісін көріп,
бақыттының түр-түсін көріп,
шаттанып қалған шағымда,
жеткендей арман-сағымға,
қуаныштан дірілдеп денем,
алдыға күлімдеп келем.

Ажалмен айқасқан сәтте
қыршын жас көз ілгенін көріп,
өткінші сезімдерді көріп,
кешегі «доспын» дегеннің
минутта жерінгенін көріп,
кімнен өшімді аларымды білмей,
кімдерге кінә тағарымды білмей,

алдына лапылдап келем,
жарылуға жақындап келем.

Өмірдің өткелдерінен
қиындық көп көргеніммен,
өртеңіп от басқаныммен,
өзіңмен қоштаспадым мен.
Күлкімді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
кәтем мен жеңістерім үшін
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін
Өлең, мен сені аялап өтем!

Қазақ поэзиясының падишасы Ф.Оңғарсынованың осынау өлең жолдары қасиетті сөз өнерінің адам жанының қандай жағдайға түспесін оның айнымас адал досы бола білетіндегін еске салып отыр.

Нұртас Исабаев та сөз өнерін жан жолдасына айналдырған қаламгерлердің бірі. 27 жасында автомобиль апатына түсіп, денсаулығына зақым келген ақын ішкі толқынысы мен тебіренісін, өкініші мен қайғысын беруде осы сөз өнерін ғана серік етеді.

Нұртас Исабаев шығармашылығымен танысу мақсатында автор өлеңдерінің мазмұндық, идеялық, тақырыптық аясын талдау жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, ақын лирикасындағы өмір мен өлім, тағдыр тақырыптары кеңінен ашылған «Ғашықпын өмір саған», «Үміт туралы», «Сабыр айту», «Өмірге наз», «Өмірмен сырласу», «Өмір», «Мейірім», «Өлең – менің сүйенерім», «Сырласым», «Адамдар-ай», «Аяулым - әнім», «Арманым, сағынышым», «Мақсат жайлы», «Үміт туралы», «Шаттық пен қайғы», «Елегізу», «Көңілдің қоңырқай күйлері», «Жырлайды жүрек», «Арпылыссыз бақыт жоқ...», «Шынымен өмір өткінші...», «Мен бақытты боламын», «Қазіргі байлық, бақытым...», «Еседі домбыраның қоңыр үні», «Жұбану», т.б. өлеңдерінде автор әркездердегі адам жанының түрлі күйлерін, қандай қиындыққа тап болса да, қандай биіктен құласа да адам қалпында қалу керек екендігін ескертеді. Қазіргі қуаныш пен бақыттың, тіпті қайғы мен қасіреттің де уақытша екенін ерекше атап өтеді. Терең философия мен ішкі монологқа құрылған ақын өлеңдерінде автордың ішкі концепциясы бірде монолог, бірде параллель, енді бірде ішкі «менімен» үндесе отырып суреттеледі. Бұл көрініс әсіресе, «Өмірмен сырласу», «Адамдар-ай», «Өмірге наз» өлеңдерінде айқын беріледі.

Ақын өлеңдерінің тағы бір тобы әйел затына, аналарға деген үлкен құрметтен туған туындылар. Атап айтсақ, «Апама», «Әйелдерге тарту»,

«Әйелдер», «Анама»сында ана тақырыбындағы өлеңдері кішкентайынан мепелеп өсірген, кейін апатқа тап болғаннан кейін де қамқорлығын аямаған анасына, кез келген адамның ең жақыны, ең асылы аналар қауымына арналған. Анасына деген құрметін, махаббатын ақын жүрегінің тереңінен бастау алатын балалық сезіммен төгеді.

Нұртас Исабаев та кез келген ақын сынды махаббаттың, сезімнің, ғашықтықтың ақыны. Оның дәлелі «Л-ға», «Кесте тікші маған арнап», «Ж-ға», «Сені іздедім», «Сүйемін сені», «Күнім, айым», «Сәулеге», «Әдемі қыз», т.б. өлеңдері. Әйел затының сымбаты мен сұлулығын, мүсінін суреттеуде ақын сезімге амалсыз ерік берген.

Нұртас Исабаевтың тағы бір үлкен қыры оның сөз өнерінің тағы бір үлкен саласы прозаға да қалам тербеуінде.

Автордың прозалық туындысы, басына түскен үлкен қиындықты айналасындағы адамдармен бірге мойымай жеңіп шыққан ақынның тағдыры, бүкіл өмірі, махаббаты жайлы баяндалатын «Өмірге құштарлық» атты романы жазушының өз өмірімен үндес жазылған туынды. Оқиға желісін оқи отырып, автордың ішкі дүниесі, бейнесі келеді көз алдыға. Апатқа тап болған сәттегі үзілген үміт, қираған арман, барлығы автордың жүрек сүзгісінен өтіп барып қағаз бетіне түссе керек.

Жазушы шығарма барысында әрбір детальға, көлікте отырған сәттегі жүргізушінің әрбір қимылына, әрекетіне үлкен сараптама жасаған:

«...Бұлар қалыпты жылдамдықпен кетіп бара жатқан бірнеше үлкен жүк машиналарын басып озып, бір ақшыл түсті, жәй маркалы «Жигули» машинасын қуып жетті. Су жаңа суперлюкске қарапайым «Жигули» бірден жол бере қоймаған соң, Еркебұлан бастырмалатып, сигнал беріп, өкшелеп жақындап қалды. «Жигулиді» айдап отырған орта жастағы қазақ жігіт сонда да жол шетіне ығыспай, біраз жер жүрді. Қасында ақ орамал тартқан екі әйел бар. Солардың алдында намысқа тырысып, қалып қойғысы келмей қасарысқан тәрізді. Еркебұлан да қалыспай сигналдатып, бастырмалатып келді де, соғатын болған соң, амалсыз, жолдың асфальтсіз шетіне шықты. Бұлар қатты жылдамдықпен кедір-бұдыр жерде селкілдеп, дірілдеп, ақ «Жигулидің» қасынан зулап өте бергенде, бір дөңгелегі ойыққа түсіп кетті ме, машина шайқатылып кетті. «Жигулиден» озған бетте, Еркебұлан жолдың ортасына түсу үшін рульді шұғыл қатты бұрып жіберді. Сол кезде бағытынан жаңылып, тепе-теңдігін жоғалтқан жеңіл, қара-көк түсті супер-люкс «Жигули» есінен ауысқандай бұлталақтап, ирелендеп кетті. Рульды оңды-солды бұрап, машинаны басқара алмай қалған Еркебұлан сасқанынан тежегішті оқыс қатты басып жіберді. Машина шиқылдап, біраз жерге дейін сырғанап, бір жағына жантайып, бұрылып барып, биік трассаның жиегінен төмен қарай аунап кетті. Бәрі де көзді ашып-жұмғанша, тез болды. Машина қалтаңдап билеп, ауытқып бара жатқан кезде, аударылатынын сезген Нұрлан,

қармайтын жер таппай, креслоның аркалығынан екі қолымен ұстаған күйі, бойын жиырып, шалқая берді. Есіктің төбе жағындағы тұтқадан ұстап, бұғып, жатып қалған ағасына жармасуға да дәті бармады. Оған жабыссам, екеуіміз бірдей өліп кетерміз деп қорықты. Соңғы сәтте: «Қалайша, осылай кездейсоқ, ақымақ өліммен өлеміз?! Өмір осыншалықты мәнсіз, баянсыз, тұрлаусыз, адамның ғұмыры түкке тұрғысыз болғаны ма?» –деп ойлап үлгерді. Одан арғысы есінде жоқ...»

Осы бір мәтіннің ішіне автор апат болатын күнгі оқиғаны сипаттауға тырысқан. Бүгінгі күні өкінішке қарай, көбейіп жатқан көлік апаттарының басты себептерінің бірін автор шынайы өмірден, өз өмірінен алып отыр. Шығарма сонысымен де нанымды. Одан әрі автор ауруханаға түскенін, ондағы ота жасау, алғашқы күйзелістерін баяндайды. Өмірбаяндық шығарма болғандықтан, басты кейіпкерлердің есімдері өзгеріспен берілгеніне қарамастан, оқиға желісін оқи отырып Нұртас Исабаевтың өз өмірін толықтай сезіне аламыз.

«...Міне, Нұрлан бүгін де күндіз үйдің алдындағы аула ішінде турниктің, темір брусның қасында отыр. Бағанадан бері соларға асылып, аяқтарын жерге тіреп, дене шынықтырумен айналысты. Айналасында Димаш пен басқа балалар, қыздар шулап ойнап жүр. Түнде ғана жаңбыр жауған. Ауа тұп-тұнық, таза. Күздің шуақты күні жадырап, дүниені нұрға бөлейді. Талдардың сарғайған жапырақтары тырсылдап жерге түсіп жатыр. Торғайлардың сайраған дыбыстары естіледі. «Жиырма бес жыл жүрдім, жиырма бес жыл отырдым, енді қалайда тұруым керек» деп Нұрлан өзін-өзі қайрап, екі темір трубадан ұстап қайтадан тұрып, арасымен жүре бастады. Қасында тәй-тәй басып жүрген сәбилерге, амандасып өтіп жатқан адамдарға қызыға, мейірлене қарап, мөлдір аспанға да құмарта көз тігеді. Кеудесін шаттық кернеп, жүрегі ән салады. Жарық дүние қандай тамаша! Өмір сүру неткен бақыт!

Мөлдір махаббат, адал достық, адамгершілік, өмірге деген құштарлық, шынайы оқиғалар *өмірмен сабақтастырыла берілген туындыдан автордың ішкі жан-дүниесінің күресі, өмір қиындықтарын үлкен шыдамдылықпен қабылдау сынды сезім иірімдері ерекше терең оймен, философиямен берілген.*

РЕЗЮМЕ

Проблема социальной адаптации инвалидов – проблема приспособленности инвалидов к полноценной жизни в обществе здоровых людей приобрела в последнее время особую важность. Творческая и общественная реабилитация инвалидов является одним из наиболее действенных способов восстановления и расширения духовного мира людей с ограничениями в здоровье. Именно в искусстве и в науке они на равных могут конкурировать со здоровыми людьми, проявлять в полной мере свои таланты.

Коллективная монография «Роль и место искусства в творчестве людей с ограниченными возможностями», подготовленная группой молодых ученых Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова посвящена раскрытию творчества людей с ограниченными возможностями в Казахстане, рассмотрены этика отношения в обществе к инвалидам через призму литературных, сценических и кинопроизведений. Показаны взаимосвязь отношения общества к инвалидам с официальным определением инвалидности.

Авторами монографии изучены история мировой культуры и искусства Казахстана, где немало примеров удачной адаптации и социальной реабилитации людей с отклонениями в развитии. На их примере можно видеть, что все они полноценные, самодостаточные, практически самостоятельные члены общества.

В разделах монографии проанализированы работы театров, актерами которых являются инвалиды. Изучено шығармашылық народного театра мимики и жеста при доме культуры глухих г.Караганды, своеобразие которого заключается в сценической выразительности яркого языка жестов и мимики, которые заменяют на сцене слово. Рассматривается шығармашылық казахских художников с ограниченными возможностями, которые работают в разных направлениях изобразительного искусство. У каждого художника свой неповторимый почерк, они создают картины всей душой, и отражает свое внутреннее состояние, свои взгляды на этот мир. В ходе анализа работ художников определены их стили, методы и технология.

ABSTRACT

The issue of social adaptation of disabled people – the problem of disabled people's adapting to a full life in the society of healthy people has recently acquired special importance. Creative and public rehabilitation of disabled people is one of the most effective ways to restore and expand the spiritual world of disabled people. Particularly in art and science they can compete on equal basis with healthy people, and show their talents at full extent.

The collective monograph "The role and place of art in creativity of disabled people", prepared by a group of young scientists of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, is devoted to the revealing of creativity of disabled people in Kazakhstan, the ethics of attitudes towards disabled people in the society through the prism of literary, theatre and film productions. The correlation of the attitude of the society to the disabled people with official definition of disability is shown.

The authors of the monograph explored the history of the world culture and art of Kazakhstan, which include many examples of successful adaptation and social rehabilitation of people with developmental disabilities. On their example, one can see that they are all full value, self-sufficient, almost independent members of society.

The sections of the monograph include the analysis of the work of the theaters, where the actors are disabled people. The work of the folk theater of mimicry and gesture at the house of culture of the deaf people in Karaganda has been studied. Its originality consists in the scenic expressiveness of the bright language of gestures and facial expressions that replace the word on the stage. The work of disabled Kazakh artists who work in different directions of fine arts, has been considered. Each artist has his own unique handwriting, they create pictures with all their heart, and reflect their inner state, and their views on this world. During the analysis of the artists' works their styles, methods and technology have been determined.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I-бөлім	
Театр мен кинодағы мүмкіндіктері шектеулі адамдардың орны	
Қазақстан мен шет елдердегі мүмкіндігі шектеулі жандардың мәдениет пен өнер арқылы ашық орталарда дамуы (<i>Еркебай А.С.</i>)	7
Мүмкіндігі шектеулі жандардың театр өнеріндегі ролі (<i>Еркебай А.С.</i>).....	29
Қазақстан театр сахнасындағы мүмкіндігі шектеулі жандар бейнесі (<i>Еркебай А.С.</i>).....	52
Мүмкіндігі шектеулі жандардың экрандағы бейнесі: рухани әлемнің жаңаруы (<i>Мұратқызы А.</i>).....	67
II-бөлім	
Мүмкіндігі шектеулі жандардың бейнелеу және қолданбалы өнері	
Бейнелеу өнеріндегі оңалту мүмкіндіктері немесе мүмкіндігі шектеулі жандардың өнердегі орыны (<i>Кенджакулова А.</i>).....	94
I-бөлім	
Мүмкіндігі шектеулі жандардың қолөнерді Бағындыруы (<i>Кенджакулова А.</i>).....	112
I-бөлім	
Қазақстан мүмкіндігі шектеулі суретшілерінің шығармашылығындағы әлемнің көркем бейнесі (<i>Еспенова Ә.</i>).....	129
II-бөлім	
Әдебиеттегі мүмкіндігі шектеулі жандар	
Әдебиеттегі мүмкіндігі шектеулі жандар (<i>Еркебай А.С.</i>).....	156
Немат Келімбетовтің әдеби мұрасы (<i>Сәулембек Г.</i>).....	162
Нұртас Исабаев шығармашылығындағы өнердің ролі мен орны (<i>Сұлтан Е.</i>).....	187
Резюме.....	191
Abstract.....	192

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БҒЛМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ
ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ӨНЕРДІҢ РОЛІ МЕН ОРНЫ**

Жалпы редакциясын басқарған:
Анар Еркебай – өнертану кандидаты

Беттеу, дизайн Рык Л.А.

Басуға қол қойылды
Офсетті қағаз 80 гр.,
Формат 60x84^{1/16}. Шартты баспа табак
Таралымы дана

PRINT
ИЗДАТЕЛЬСТВО
И ПОЛИГРАФИЯ **EXPRESS**

г. Алматы,
ул. Байтурсынова, 85, выше ул. Джамбула
тел.: 292-10-95, 292-14-28
e-mail: print_express@bk.ru